Табысты ғылыми, мемлекеттік және қоғамдық жұмыстары үшін академик Қ.Ү. Медеубеков «Парасат», «Октябрь революциясы», екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің, ВАСХНИЛ-дің Құрмет грамоталарымен, К. И. Тимирязевтің Алтын медалімен марапатталды, академик А.И. Бараев атындағы сыйлықтың лауреаты. Оның есімі 1991 жылы АҚШ-та жарық көрген «Кім кім» атты кітабына енгізілген.

Оның туылғанына 90 жыл толу қарсаңында дамуына академик Қилыбай Үсенұлы Медеубеков өзінің елеулі үлесін қосқан Қазақстанның аграрлық ғылымы әрі қарай дами берсін деп тілеймін!

АКАДЕМИК Қ.Ү. МЕДЕУБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ



(1929-2015 ж.)

ҚАЗАҚСТАНДА ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ ЖАҢА ҚОЙ ТҰҚЫМДАРЫН ЖАСАУ ІСІНІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫ

ТІЛЕКТЕС ЕСПОЛОВ
ҚазҰАУ РЕКТОРЫ, ҚР ҰҒА-ның АКАДЕМИГІ

Академик Қ.Ү. Медеубековтің ғылыми көзқарастарының қалыптасуы К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясынан бастау алады. Академияны, сонан соң аспирантураны үздік бітіріп, К.У. Медеубеков 1957 жылы Қазақстанға оралады.

Еңбек жолын Жамбыл облыстық биязы жүнді қой шаруашылығы тәжірибелік станциясының қызметкері болып бастаған. 1962 жылы Қ. Ү. Медеубеков Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалады.

Академиктің ең маңызды ғылыми жетістіктерінің бірі қой шаруашылығы институтында құрылған, соның атындағы «Қазақстанның жоғары өнімді жаңа қой тұқымдарын жасау» атты ғылыми мектебі болып табылады.

Мектеп В.А. Балмонт, М.А. Ермеков, А.Е. Елеманов, Д.Н. Пак, А.И. Петров, Б.М. Мусин сияқты және т.б. еліміздің белгілі селекционер-ғалымдар жинақтаған қой шаруашылығында тұқым қалыптастырудың мол тәжірибелеріне негізделді.

Қ.Ү. Медеубеков мал шаруашылығы институтының Алматы қаласынан Алматы облысының Жамбыл ауданы Мыңбаев аулына көшуіне көп еңбек сіңірді. Ғылыми, өндірістік және әлеуметтік салалардың барлық инфрақұрылымдары жасалды. Ғылыми кент одақтағы қала типтес кенттердің арасындағы ең үздігі болды, оған республика басшылары, және де шетелдік қонақтар жиі келетін болды. Кейіннен институттан 5 ғылыми мекеме бөлініп шықты.

Академик Қ.Ү. Медеубеков институтты басқарған жылдар ішінде 32 ғылыми қызметкер СССР мен ҚазССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауареаттары болды.

Қ.Ү. Медеубеков шынайы шығармашылық атмосфера орнаған керемет шығармашылық ұжымды топтастыра алды. Ол жаңа ғылыми нәтижелерді алу үшін жас зерттеушілерді мақсатты түрде қолдай білді әрі бағыттай алды. Қазақстанда қой шаруашылығын дамытудың «алтын дәуірі» XX ғасырдың жетпісінші жылдарына келуі кездейсоқтық емес, заңдылық болып табылады. Биязы жүнді, жартылай биязы, жартылай қылшықты және ірі қылшық жүнді жоғары өнімді қой отарлары құрылды.

Қойларды асыл тұқымдастыру мен өсіруді селекционер - академик Қ.Ү. Медеубековтің шәкірттері жүргізді, олардың арасында Т.К. Қасенов, А.Н. Нартбаев, Т.С. Қасымов, Ж. А. Карабаев, К. Қарымсақов,

Б.И. Мусабаев (жартылай биязы жүнді қой шаруашылығы), К.К. Қанапин, А. Ахатов, К. Жумаділлаев (жартылай қылшықты және ірі қылшық жүнді ет-май қой шаруашылығы).

Халық мақалында: «Үлкен алыстан көрінеді» дейді. Академик Қ.Ү. Медеубековтің ғылыми мектебінің қалыптасуы, аяққа түруы мен дамуы туралы елу жылдан асатын тарихын талдаған кезде таңғажайып қарапайымдылығы мен жоғары жұмыс қабілеті бір өзінен табылатын біліктілігі мол, энциклопедиялық білімі, ғылымды ұйымдастырушылық дарыны бар, сезімтал психолог, қызықты сұхбатшы ірі тұлғалы ғалым мен ұстаздың ерекше тұлғасы көз алдымызға келеді.

Академик Қ.Ү. Медеубеков өзінің шәкірттерімен бірге ағылшынның бағалы жартылай биязы жүнді ет-жүн қойының линкольн, ромни-марш, бордер-лейстер, гемпшир, суффолък, оксфорддаун, шевиот, саутдаун тұқымдарының климатқа бейімделуі мен пайдаланылуы бойынша ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізді.

Бұл жұмыстың нәтижесі көптеген жылдар бойы Қазақстанның түрлі аймақтарында кроссбредті қой шаруашылығын жасау үшін жүзеге асырылатын асыл тұқымды қойларды репродукциялауға қызмет еткен импорттық қойлардың бірегей табынын қалыптастыру болды.

Академик Қ.Ү.Медеубеков ғылымның жаңа озық жетістіктерін үдайы іздестіру үстінде болды. Оның ғылыми көзқарастарының ауқымдылығы мен зерделеу қабылетінің жоғарылығы, сирек кездесетін еңбекқорлығы оның шәкірттері мен әріптестеріне жаңа ғылыми бағыттарды дамытуға ықпал етті, ал олардың бастамаларына ұстазының толық қолдау көрсетуі, әдеттегідей, бәсекелестікке қабылетті жаңа нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Егізінен төлдейтін қойлардың жаңа тұқымын жасаған кезде (Қ. М. Қасымов, Б.И.Мусабаев), саланы басқаруға арналған жаңа технологияны әзірлеу кезінде (М.А. Абдуллаев, А. Дүйсембаев), ешкінің түбітті және жүнді табындарын жасаған кезде осылай болды (С.Ж. Арынғазиев, Б.С. Дәулетбаев).

Қойларды өнеркәсіптік бордақылау технологиясы тәжірибеге кеңінен енгізілді (А.Г. Племянников, Т.И. Сарбасов, Р.Я. Батькаев).

Қойларды өнеркәсіптік бордақылауды әзірлеу мен енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін жандандыруға қосқан үлесі үшін академик Қ.Ү. Медеубеков бастаған қой шаруашылығы институтының ғалымдар ұжымына Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын берілді.

Академик Қ.Ү. Медеубековке белгілі әрі танымал селекционер ретінде КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛ жоғары сеніммен қой шаруашылығы секциясын 14 жыл бойы (1978-1992 жж.) басқаруды тапсырды.

Ол «Қазақстанның ауыл шаруашылығы ғылымының жаршысы» және «Жаршы» ғылыми журналдарының редакциялық алқасының төрағасы, «Қой шаруашылығы» және «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені» журналдарының редакциялық алқасының мүшесі болды.

1979 жылы ВАСХНИЛ Шығыс филиалы Президиумының төрағасы, ВАСХНИЛ вице-президенті болып сайланды. 1972 жылдан бастап ол ВАСХНИЛ корреспондент-мүшесі, 1982 жылдан бастап ВАСХНИЛ академигі, ал 1996 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды.

1980-1990 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1989-1992 жылдары КСРО халық депутаты.

Өмірінің соңғы жылдарында академик Қ.Ү. Медеубеков Қазақ ұлттық аграрлық университетінің докторлық диссертацияларын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау бойынша жемісті ғылыми жұмыс жүргізді. Ол ғылыми қызметін атқарған осы бір кезеңде еліміздің ауыл шаруашылығы үшін жоғары білікті мамандар даярлау ісіне Қ.Ү. Медеубековтің айрықша ұқыптылықпен назар аударатынына мен өзім тікеей куә болдым. Оның ғылыми ортадағы кіршіксіз беделі, жоғары адамгергілік қасиеті мен баға жетпес тәжірибесі Диссертациялық кеңестің жұмысында шынайы шығармашылық атмосфераны қалыптастырған болатын. Әрі сол бір жылдары Қазақ Үлттық аграрлық университетінің диссертациялық кеңесі өзінің кадрларды сапалы даярлайтындығымен ерекшеленуі де кездейсоқтық емес еді. Ол сонымен қатар Университетің Ардагерлер кеңесінің құрамында болды.

Табысты ғылыми, мемлекеттік және қоғамдық жұмыстары үшін академик Қ.Ү. Медеубеков «Парасат», «Октябрь революциясы», екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің, ВАСХНИЛ-дің Құрмет грамоталарымен марапатталды, академик А.И. Бараев атындағы сыйлықтың лауреаты.


Ол туылғанына 85 жыл толуына орай К.И. Тимирязевтің Алтын медалімен марапатталды.

Қазақстанның аграрлық ғылымын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласының құрметті қызметкері» атағы берілді.

Академик Қилыбай Үсенұлы Медеубековтың есімі 1991 жылы АҚШ-та жарық көрген «Кім кім» атты кітабына кірген, онда әлемнің ең көрнекті ғалымдары, саяси және мемлекеттік қайраткерлері туралы мәліметтер берілген.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына зор үлес қосқан академик Қ.Ү. Медеубековтің туылғанына 90 жыл толу мерейтойы қарсаңында Университет кеңесі оқу озаттары үшін академик Қ.Ү. Медеубековтің атаулы шәкіртақысын, «академик Қ.Ү. Медеубеков» медалін белгілеу және оның есімімен аталатын дәрісхана ашу туралы қаулы қабылдады.

Ғұлама ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері
Қилыбай Үсенұлы Медеубеков ағамыздың 90-жасқа толу құрметіне



«ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ НҰРЫ ТАСЫСЫН...»

АБДУҒАЛИ БЕГМАНОВ
«Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық
іздестіру мемлекеттік институты (АШАІМИ)» РМК директоры, э. ғ. к,
ҚР Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі,
ҚазҰАУ Құрметті профессоры, «Құрмет» орденінің иегері

Адам дүниеден озғаннан кейін соңында қалдыратыны жақсы істері, үлгі-өнегесі және сондай жақсылықтарын еске алып айтып жүретін үрпақтары мен тәрбиелеген шәкірттері, іні-бауырлары, жақын жандары.

Мен де өзіме үлгі тұтқан, көптеген жақсылықтарын көріп өнеге алған ***«Жақсыдан шарапат ...»*** дегендей ағалық шарапатын көп көрген інісі ретінде Қилыбай ағамды ыстық ықыласпен, інілік сағынышпен еске алып, осы мақаламды арнап отырмын.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын...» дейді дана халқымыз. Кейінгі жаңа буын жас үрпақ тәрбиелеуде осындай ірі тұлға азаматтардың еткен еңбегін айтып, осындай жетістіктерге қалай жеткенін, тәжірибелік мән-мағынасын айтып беру, жеткізу сол ағалардың көзін көрген, тікелей тәлім-тәрбиесін алған мына біздерге парыз деп түсінемін өз басым.

«Адам баласының жақсы мінез-құлқы жаратылысынан емес өскен ортасында көрген үлгі-өнегеден» -дейді М.Әуезов.

Жаны жайсаң, жүрегі мейірімге толы, ер боп туған Қилыбай ағамның бүкіл ғұмыры мен атқарған еңбек жолы, оның ғылыми өмір мектебі мына біздер мен кейінгі буын жастар үшін тұнып тұрған өнеге дер едім. Бойындағы білімге деген құштарлығы мен барлық күш-қайратын, құлшынысы мен талпынысын өзіне бағындыра біліп, еліміздегі ауыл шаруашылығы саласының әлі де шешімін тапппай жатқан күрделі кезеңінде өз ғұмырын ғылым жолына арнауының өзі Қилыбай ағаның көрегендігі, әрі ел үшін пайдалы болатын жолды дәл тауып таңдауы деп білем. Әрине, ең алдымен, ағамыздың тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен өзінің туып өскен ортасы, отбасында алған тәрбиесі және оның өзінің жақсы адамдармен дос болуға деген зор құлшынысы деп ойлаймын.

Ағамыздың туған ауылы өскен ортасы Оңтүстік Қазақстан – қазіргі Түркістан облысындағы Қазығұрт ауданының Қызыл Дихан ауылы. Мақтанышпен айта кетейін, осы ағамыздың туып-өскен аулынан 20-дан аса ғылым докторлары мен кандидаттары шыққан! Және де аға өзінің өмірлік тәжірибесін, көрген білгендерін ізінен ерген біздерге үйретуден әсте жалыққан емес. Біз абзал ағаға қарап бой түзедік, өмірде өнегелі сабақ, тәлім-тәрбие алдық.

Қилыбай ағам аудандағы орта мектепті бірінші болып қызыл аттестатқа бітіреді де, сол жылы аудандық партия комитетінің жолдамасымен Мәскеу қаласына К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылығы академиясына зоотехник мамандығы бойынша оқуға түседі.

Оқуға ынтасы мен жігерлілігін, еңбекқорлығы мен ғылымға деген құштарлығын сезе білген аты әлемге әйгілі профессор-академик, қой шаруашылығы бойынша атақты ғалым Алексей Иванович Николаев академияны қызыл дипломмен бітіргенін ескеріп, сол жылы оны аспирантураға алып қалады. Ставрополь өлкесінің асыл тұқымды қой өсіру шаруашылықтарында жүріп кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Одан кейінгі өмір жолы туған елі Қазақстанда Жамбыл облыстық ауылшаруашылығы бойынша тәжірибе станциясында жалғасын тауып, аға қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, директор, Жамбыл облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары лауазымдық сатыларынан сүрінбей өтеді.

Бойында ғалымдық қабылетімен қатар басқарушылық, ұйымдастырушылық қарымы мол, өзін ісімен көрсете білген, отыздан енді асқан шағында 1962 жылы Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаровтың ұсынысымен Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметіне тағайындалады.

Қилыбай аға директорлыққа барған кезде институт қаладан шалғайда орналасқан Алматы облысының «Мыңбаев» аулына енді ғана көшірілген болатын және институттың ғимараты да, зертханасы да, тіпті қызметкерлер тұратын үйлері де жоқ, әрі бұдан басқа да көптеген шаруашылық, тұрмыстық-әлеуметтік мәселелер әлі шешілмеген еді. Барлық қызметкерлер жүруге онша жарамды емес жолдармен Алматы қаласынан қатынап жұмыс істеді. Осындай қиыншылыққа қарамастан үлкен ұйымдастырушылық еңбегімен санаулы жылдарда бүкіл кеңес одағына үлгі ретінде көрсететін ғылыми қалашыққа, жұмақ мекенге айналдырды, тұрғын үйлер салынып, зертханалары ең жаңа заманауи жабдықтармен жарақталып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізуге қолайлы жағдай толық жасалды.

Ауыл шаруашылығы ғылымының ірі ұйымдастырушы екенін бүкілодақтық және әлемдік ғылым саласында жүрген мыңдаған әріптестері мойындаған Қилыбай аға сол кездегі республиканың бірінші басшысы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен, жағында ҚазССР Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімовпен, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаровпен қызметтес болып, сондай алып тұлғалардың үлгі-өнегесін бойына сіңіре білген ағамыз өзі де қоғам, мемлекет қайраткер бола білді.

Ол он екі жыл бойы Қазақстан мен Қырғызстан бойынша ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесін үздіксіз басқарып, ВАСХНИЛ-дің вице-президенті болды, 1972 жылдан ВАСХНИЛ-дің корреспондент-мүшесі, 1982 жылдан академигі, ал 1996 жылдан Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі болып сайланды.

1978 жылдан бастап 1990 жылға дейін тұрақты түрде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңестің төрағасы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды.

Қилыбай ағам ВАСХНИЛ Шығыс бөлімшесінің төрағасы қызметін атқарған уағында институттар саны күрт көбейді, атап айтатын болсақ, Солтүстік мал шаруашылығы мен ветеринария ҒЗИ, Қазақ құс шаруашылығы Ғылыми-зерттеу институты, Қазақ мал азығы мен жайылымдары ҒЗИ, Қазақ мал шаруашылығы ҒЗТИ ұйымдастырылады. Бұлардың бәрі Мыңбаев аулындағы Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан бөлініп шыққан болатын. Барлық ғылыми-зерттеу институттарының материалдық және өндірістік базалары нығайтылды, ғылыми кадрлар мен ғылыми мектептер саны көбейтілді, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс нығая түсті, ғылыми зерттеулердің тиімділігі артты.

Ең алдымен ағамыз ірі ғалым, дарынды селекционер, практикалық мал шаруашылығының білікті басшысы болды. Қойды асыл тұқымдастыру мен селекциялаңдыру, оның ішінде шетелден әкелінген мал тұқымдарын жер жағдайына бейімдеу мен соның негізінде өнімділігі жоғары жаңа Қазақстандық қой тұқымын алу тәсілі зоотехникалық ғылымға қосқан баға жетпес үлесі болып табылады. Міне осындай жаңа тәсілмен алынған қой тұқымдары: қазақтың етті - биязы жүнді ақсеңгір типтес тұқымы мен ақжайық тұқымды қойлар. Ағамыздың шәкірттері оның басшылығымен әлемдік қой шаруашылығындағы алдыңғы орынға таласа алатын өнімділігі жоғары қой тұқымдарының 3 түрін және 7 түрлі тұқымдық топтар мен типтерді шығарды. Осындай ауыл шаруашылығы саласына сіңірген еңбегі, озық ғылыми ізденістері мен зерттеулері арқылы еліміздің экономикасын дамытуға айтарлықтай үлес қосқан халық қалаулысы десем артық болмас деймін.

Бүкіл саналы ғұмырын білім-ғылымның қыр-сырын терең меңгеруге арнаған және сол білімін іс-тәжірибесінде жүзеге асыра білген, қазақтың даласындай пейілі кең, жаны жомарт, жауапкершілігі мол еңбегінде толағай табыстарға қол жеткізіп қана қоймай, талай жастардың биік белес, заңғарлардан көрінуіне ұйытқы болып, қолдау көрсеткен өз заманының озық ойлы ірі тұлғасы бола білді.

Өзінің қарамағына дарынды ғалымдарды, аспиранттар мен тәжірибелі мамандарды біліктілікпен жинай білген Қилыбай ағам мамандардың, аспирант шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленген, сыйлы да беделді селекционер-ғалым болуымен қатар қамқоршы педагог та еді. Оның педагогикалық еңбегі жемісті болды. Ол 45 –тен аса ғылым кандидаттары мен 20-ға жуық ғылым докторын дайындады. 500-ден аса еңбегі жарық көрді, оның ішінде оннан аса монографиялары мен оқу құралдары да бар. Оның қазақ тілінде жазылған оқулықтары мен оқу құралдары бүгінгі күні студенттері мен ауылдағы мамандар және дәрісханалардағы шәкірттері үшін қолдан түспейтін кітап болып табылады («Қазақстан қой шаруашылығы», «Қой түрлері»). Ағамыздың шәкірттері бүгінгі таңда алыс-жақын шетелдерде – Ресейде, Моңғолияда, Қырғызстан мен Өзбекстанда, Түркіменстанда және тағы басқа елдер мен өз елімізде алуан түрлі лауазымды қызметтерінде дарынды ғалымдар мен тәжірибелі мамандар ретінде ел игілігін арттыру мен экономикасын дамыту жолында аянбай еңбек етіп жүр. Мұның бәрі Қилыбай ағаның салған сара жолының арқасы деп білемін.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Мал өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасында қызмет еткен жылдары өзінің мол өмірлік тәжірибесін жаңа бағыттағы қой тұқымдарын сұрыптық асылдандыру ісін зерттеуге арнаған Қилыбай аға, өмірінің соңғы жылдарында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің докторлық диссертацияларын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау бойынша жемісті ғылыми жұмыс жүргізді, сол университеттің шәкірттеріне ұзақ жылдар бойы сабақ берді. Ол сонымен қатар Университеттің Ардагерлер кеңесінің мүшесі болды.

«Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.» Леонардо Да Винчи

Ғылыми, Мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарды табысты жүргізіп, ел экономикасын дамытуға қосқан үлесі үшін ағамыз «Парасат», «Октябрь революциясы», екі рет «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальдармен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің, ВАСХНИЛ-дің Құрмет грамоталарымен марапатталды, ҚР Мемлекетік сыйлығының лауреаты, академик А.И. Бараев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Ресей мен Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орындарының академигі және құрметті профессоры атақтарын иеленген, сонымен қатар туылғанына 85 жыл толуына орай К. И. Тимирязевтің Алтын медалімен марапатталды.

Қазақстанның аграрлық ғылымын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін «Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласының құрметті қызметкері» атағы берілді.

Академик Қилыбай Үсенұлы Медеубековтың есімі 1991 жылы АҚШ-та жарық көрген, әлемнің ең көрнекті ғалымдары, саяси және мемлекеттік қайраткерлері туралы мәліметтер берілген «Кім кім» атты кітабына кірген, бұл да болса ғалымға көрсетілген үлкен құрмет, қазақ елі үшін үлкен абырой емес пе!?

Абырой мен бедел оңайлықпен келмейтінін білмейтін адам кемде-кем болар!

Ал өз еңбегімен осындай дәрежелерге жеткен Қилыбай ағамыз өмірде қандай адам еді деген сұраққа мен, ең алдымен, ол кісінің қарапайымдылығы, кеңпейілділігі, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті, ата-баба қанымен, анасының сүтімен бойына туа біткен жоғары адамгершілік қасиеті, еңбекқорлығы, іздемпаздығы, ұдайы жаңалықтарға деген талпынысы, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мен алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы дер едім.

Қилыбай ағам терең білімді, адамгершілігі мен адалдығы биік адам болатын. Адамдардың барлығын жылы лебізімен баурап алатын кішіпейіл, әңгіме айту, сыйласу, құрметтеу қасиеттерімен, мәдениеттілігімен ерекшеленетін. Ашулану, уәдесінен таю, нұқып сөйлеу, тәкәппарлық сияқты пендешілік қасиеттерден мүлдем алыс түратын еді. Бойындағы жақсылық қасиеттері үшін жалпы қауым мен ел-жұртының, ағайын-туыстарының құрметіне бөленген Қилыбай аға өз отбасында да бақытты ғұмыр кешті. Жеңгеміз Бақыт Адамқызы да ағамызға сай жаратылған, көпшіл, жайдары мінез, қолы ашық, дархан көңілді кісі еді. Балалары мен немерелеріне тамаша тәрбие берген, жақындары мен туыстарына қамқор болған азаматтар.

Әр қасиетіне жеке тоқталуыма да болады, алайда, шағын ғана қазақы ауылдан түлеп үшқан Қилыбай ағамыздың бойында осыншама ауқымды, республикалық деңгейдегі үлкен ғылыми және қоғамдық қызметтерді үйымдастыру мен өте жоғары дәрежеде қатар алып жүру қасиеті қайдан дарыған десеңізші?! Иә, таңдануға да қызығуға да тұрарлық қасиеттер бұлар! Әрине, мұның бәрі Қилыбай ағамызға Алла Тағаланың берген сыйы деп түсінемін. Ал Алланың сыйы тек лайықты жандарға ғана нәсіп болатынын бәріміз де ұғынамыз. Әрі мұндай ірі тұлғалардың осындай адамгершілік қасиеттерін әрдайым айтып отырса, өскелең ұрпаққа тамаша үлгі-өнеге болатыны сөзсіз.

Бір атақты ағылшын ғалымы **«Өз есіңді мәрмар тасқа емес, адамдардың жүрегіне жаз»** деген екен, айналасына мейірім сәулесін шашып, талай жандарды шуағына бөлеген Қилыбай ағаның есімі де жүректерде жазулы деп сенемін!

Ажалдан құтылатын пенде бар ма,
Өлмесе қайда кетті ата-бабаң?!
Болса да жігіт бағы маңдайында,
Ешкімге опа бермес мына жалған.
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Дарынды зерттеуші, дара туған ғалым және орны ерекше тұлға болған ағамыз 2015 жылғы 3 мамырда 86 жасқа қараған шағында дүниеден озды, ортамызда болғанда биыл 15 мамырда 90 жасқа толатын еді.

Қилыбай ағаның асыл бейнесі, ұлағатты өнегесі, ол кісінің бізге деген ағалық қамқорлығы біздің жадымызда мәңгілік сақталады.

АКАДЕМИК Қ.Ү. МЕДЕУБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ



ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АБЫЗЫ ЕДІ

ӘБДІРАХМАН ОМБАЕВ

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті ректорының кеңесшісі,
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру
технологиясы кафедрасының меңгерушісі,
ҰҒА корреспондент-мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы, нағыз зиялыларға тән парасаттылық, біліктілік, сыпайылық пен адамгершілік қасиеттер қатар дарыған, өмір жолы мен қызметі үрпаққа үлгі, елге мақтаныш болған, алыс, жақын шетелдерге кеңінен танымал түғырлы тұлға, Қазақстанның ғана емес кешегі Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы ғылымы мен өндірісіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, ғылыми-зерттеу жұмыстарының білікті ұйымдастырушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен Ресей ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Медеубеков Қилыбай Үсенұлы 2015 жылы 3 мамырда өмірден озды.

Өнегелі өмір жолы ғылым мен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің өлшеміндей болған кемеңгер ғалыммен алғаш рет 1974 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында аспирантурада оқып жүрген шағымда кездескен болатынмын. Сол кездің өзінде Кеңес одағына белгілі ғалымдар арасында зор беделге ие ағамен сәлемдесу, сөйлесу біздер үшін үлкен бақыт болатын. Кеңес одағы республикаларынан келген біз секілді аспиранттар «Медеубеков келд, біз онымен кесдесуге қатыстық»,– деп көпке дейін айтып жүретінбіз.

Қилыбай Үсенұлы 1929 жылы 15 мамырда Оңтүстік-Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Абай ауылында дүниеге келді. Балалық шағы Үлы Отан соғысының отты жылдарымен түспа-түс келген ол, еңбекке ерте араласты. Алты жасында анасынан айырылған Қилыбай Үсенұлының білімге құштар, қайырымды, турашыл және адал азамат болып өсуіне әжесі Балжанның ықпалы зор болғанға ұқсайды. Оны атақты академиктің өзекжарды сырларынан аңғарған едім.

Сол кезеңнің ауыртпалықтарына мойымай, болашағынан үлкен үміт күттірген ұлан 1947 жылы онжылдықты күміс медальмен бітіріп, Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясына оқуға түседі. Бұл іргелі білім ордасын ғалым-зоотехник мамандығы бойынша 1953 жылы үздік бітіріп, өзі ғылым-зерттеулеріне белсене араласқан, қой шаруашылығы кафедрасына жұмысқа қалдырылады.

Бір жылдан соң сынақтардан мүдірмей өтіп, осы кафедра бойынша аспирантураға оқуға түседі. Ол аспиранттық дайындық кезінде теориялық білімін көтеріп қана қоймай, қой өсірумен айналысатын Ставрополь өлкесінің ірі шаруашылықтары мен жүнді алғашқы өңдеуден өткізетін әйгілі Монинск комбинатында бай тәжірибе жинақтайды.

Қилыбай Үсенұлының ғылыми жетекшісі қой шаруашылығы бойынша әлемге әйгілі ғалым, ғаламдық зоотехния ғылымында айрықша орын алатын, жүн сапасын жақсартуға бағытталған бірегей еңбектердің авторы, академик Алексей Иванович Николаев болды. Жас ғалымды ғылымның қызық та өзекті бағытына жетелеген ол «Совет мериносы тұқымы қойларының тері қатпарлылығы мен өнімділігі арасындағы байланыс» тақырыбындағы кандидаттық диссертацияны дер кезінде – 1957 жылы ойдағыдай қорғап шығуына жол көрсетеді. Осы жылы елге, Жамбыл облыстық мемлекеттік тәжірибе стансасына жұмысқа жіберілген Қилыбай Үсенұлы 1957-63 жылдар аралығында аға ғылыми қызметкер, мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, директор, Жамбыл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін ойдағыдай атқарады.

1962 жылы сол кезеңдегі мал шаруашылығы саласындағы жетекші ғылыми мекеме – Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметіне тағайындалып, 1974 жылға дейін, ғылым ордасын мал және қой шаруашылығы бойынша екі ғылыми-зерттеу институтына бөлінгенге дейін басқарды.

Қилыбай Үсенұлы Қазақ қой шаруашылығы технологиясы ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаушы, оның ұйымдастырушысы және алғашқы директоры болды. Ол Қазақ мал шаруашылығы және Қазақ қой шаруашылығы технологиясы ғылыми-зерттеу инсититуттарын 36 жыл бойы біліктілікпен басқарып, өзін осы салалар ғылымының ірі ұйымдастырушысы ретінде танытты. Ұзақ жылдар бойына академик В.А. Бальмонт, профессорлар Д.Н. Пак, М.А. Ермеков, А.Е. Елеманов, А.К. Росляков, А.И. Петров, В.А. Абдуллин М.А. Кормановская, Қ.С.Сабденов т.б. көрнекті ғалымдармен бірлесе жемісті жұмыс істеді. Осының нәтижесінде Қазақстанда қой мен жылқының 8 тұқымы мен 10 тұқымдық және зауыттық сүлелері, көптеген желілері шығарылып, мал өсіру мен өнім өндірудің, оларды тиімді азықтандырудың ғылыми негізделген технологиялары игерілді. Ол еліміздегі ең ірі мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын басқара отырып, мал шаруашылығының барлық салаларының оның ішінде, мүйізді ірі қара мен құстың жаңа тұқымдары мен кростарын шығаруға, оларды жетілдіруге зор үлес қосты. Оның басшылығымен Қазақстан Республикасының мал шаруашылығы ғылыми негіздегі жаңа жүйеге көшіріліп, институттың бір топ ғалымы Кеңес Одағы, Қазақ КСР-інің ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атанды.

Оның ұйымдастырушылық таланты мен еселі еңбегі арқасында Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Мыңбаев атындағы ауылда, кейіннен Бүкілодақтық көрме-байқауда бірінші орынды жеңіп алған, республикадағы әдемі ауылдардың бірі–заманауи ғылыми қалашық бой көтерді. Қазақ қой шаруашылығы технологиясы ғылыми-зерттеу инситиуты Кеңес Одағы Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туын бірнеше мәрте жеңіп алып, ХШЖК (ВДНХ) құрмет тақтасына жазылды, 1983 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Оның ғылыми қызметі Қазақстанда мал шаруашылығын дамытудың өзекті мәселелерін шешуге, елдің түрлі аймақтарында ауыл шаруашылық малдарының жоғары өнімді жаңа тұқымдары, сүлелері мен желілерін шығаруға, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің өнеркәсіптік технологияларын игеруге бағытталды.

Қ.Ү.Медеубеков және институт ғалымдары жеңіл өнеркәсіп талаптарына барынша сай келетін, жоғары өнімді биязы жүнді қой шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты. 1975 жылы – қазақтың оңтүстік мериносы, 1976 жылы қазақтың солтүстік мериносы тұқымдары мемлекеттік сынақтан өтті.

Қилыбай Үсенұлының басшылығымен институт қызметкерлері ТМД елдері ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып етті-биязылау жүнді, тез жетілгіш ағылшын қой тұқымдары –линкольн, ромни-марш, бордер-лейстер, гемпшир, суффольк тағы басқаларды елімізде қой шаруашылығының жаңа бағытын қалыптастыруда пайдалану, сондай-ақ осы тұқымдардың отандық репродукторын құру жұмыстарын қолға алды. Нәтижесінде кроссбредті қой шаруашылығын қалыптастырудың әдістемелігі игеріліп, етті-биязылау жүнді ағылшын қой тұқымдарының отандық репродукторы құрылды, Қазақстанның әртүрлі аймақтарына осы репродукторда өсірілген 7 мыңнан аса жоғары өнімді қой сатылды. Осылардың бәрі Қазақстанда кроссбредті қой шаруашылығының берік негізін қалауға мүмкіндік берді. Осы жұмыстар бойынша Қилыбай Үсенұлы 1978 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық

мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында «Қазақстанның оңтүстігінде кроссбредті қой шаруашылығын қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертацияны зор табыспен қорғап шықты. Қилыбай Үсенұлының жетекшілігімен институт ғалымдары 1991 жылы қазақтың етті-биязылау жүнді, 1996 жылы ақжайық етті-жүнді қой тұқымдарын ойдағыдай сынақтан өткізіп, еліміздің халық шаруашылығында мәні зор, бағалы кроссбред жүн өндірісінің жолға қойылуын қамтамасыз етті.

Көрнекті ғалым және оның шәкірттері қазақтың биязылау жүнді қойларын фин ландрастарымен будандастыру негізінде еліміздің қой шаруашылығындағы тың бағыт – төлшең, биязылау жүнді, тезжетілгіш қойдың тектік қорын қалыптастыруда елеулі нәтижелерге қол жеткізіліп, қазақтың етті-биязылау жүнді қойларының төлшең тұқымдық сүлесі шығарылды.

Оның жетекшілігімен қой шаруашылығы саласында ондаған жылдар бойына жүргізілген қолданбалы және іргелі зерттеулер нәтижесінде қой тұқымдарын шығару және жетілдіру әдістерінің игерілуі зоотехния ғылымына қосылған сүбелі үлес болып табылады. Оның іскер басшылығы және тікелей қатысуымен игеріліп, өндіріске кеңінен енгізілген қойды өнеркәсіптік бордақылау әдісі ауыл шаруашылығы өндірісі қарқынын арттыру саласындағы ірі табыс ретінде жоғары бағаланып, бір топ ғалымға Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қыйлыбай Үсенұлының 60 жылдан аса шығармашылықпен жүргізген ізденістерінің нәтижелері теориялық және практикалық мәні зор 700-ге жуық ғылыми мақалалар, әдістемеліктер, кітаптар мен монографияларда жарыққа шығып, ауыл шаруашылығы өндірісінде, еліміздің ауылшаруашылық бағытындағы жоғары және арнайы оқу орындарында оқу құралы ретінде кеңінен қолданылып келеді.

Ол жоғары білікті мамандар дайындау ісінде де айрықша нәтижелерге қол жеткізіп, 50-ден аса ғылым кандидаттары мен докторларына ғылыми жетекшілік етті. Қазір еліміздің ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген 50 жастан асқан, зейнеткер жасына жеткен және одан да жас мөлшері жоғары, танымал ауыл шаруашылығы ғалымдарының көбі Қилыбай ағаның шәкірттері немесе оның тәрбиесін алған ғалымдар. Олар Қазақстанда ғана емес, алыс, жақын шетелдерде де жемісті еңбек етуде.



Мал шаруашылығы ғылымдарының Абызы, академик Қ.Ү. Медеубеков бастаған бір топ ғалымдар мен Мемлекеттік сыйлық иегерлерін құттықтау сәті (2005 ж)
Оңнан солға қарай: профессор Бәйдеш Әбішев, профессор Қалдыбек Сәбденов, академик Қилыбай Медеубеков, академик Мәкен Тойшыбеков, профессор Мамай Пірманшаев

Қилыбай Үсенұлы ғылыми ізденісті жауапты мемлекеттік және қоғамдық қызметтермен үштастыра атқарды. 1978-1992 жылдарда Кеңес Одағы бойынша Ленин атындағы Ауыл шаруашылығы академиясының (ВАСХНИЛ) қой шаруашылығы бөліміне басшылық етті. 1979 жылы Қазақстан және

Қырғызстан бойынша ВАСХНИЛ Шығыс бөлімінің Президиум төрағасы, ВАСХНИЛ төрағасының орынбасары қызметтеріне тағайындалып, бұл лауазымдарды КСРО ыдырап, ВАСХНИЛ орнында Ресей ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы үйымдастырылғанға дейін атқарды. 1986-90 жылдарда Қазақстан Агроөндірістік кешені төрағасының орынбасары қызметін де қоса орындады. 1972 жылдан ВАСХНИЛ мүше-корреспонденті, 1982 жылдан академигі, ал 1996 жылдан Қазақстан Республикасы ҮҒА академиктігіне сайланды. 1980-1990 жылдарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және осы Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, 1989-92 жылдарда КСРО Халық депутаты болып сайланды. Үзақ жылдар бойына ҚР АШМ мал шаруашылығы мен ветеринария салаларын дамыту бойынша Кеңестің, ҮҒА мен Ауыл шаруашылығы ғылым академияларының ауылшаруашылық бөлімінің мүшесі болды, Қазақ Үлттық аграрлық университеті мен Қазақ қой шаруашылығы технологиясы ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеген диссертациялық кеңестерге төрағалық етіп, еліміздің жоғары санатты ғалымдарын даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Ғылым мен ауыл шаруашылығы өндірісіндегі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі жемісті еңбегі лайықты бағаланып, Қилыбай Үсенұлы «Халықтар Достығы», «Қазан Революциясы», екі рет «Еңбек Қызыл ту» ордендерімен, т.б. ондаған медальдермен және көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен ауыл шаруашылығы ғылымы мен өндірісін дамытудағы зор үлесі үшін Қазақстанның ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді. Алматы облысы Жамбыл ауданы мен Оңтүстік-Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының құрметті азаматы.

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ
ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА
LAW SCIENCE

Agibayeva S.,
1st year master student
Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World languages

Mukhamedjanov E.,
Doctor of law,
Professor of International law department
Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World Languages

MODERN TRENDS OF TERRORIST AND EXTREMIST THREATS IN THE GLOBAL INFORMATION SOCIETY

Summary. *The author of this article examines the current trends in the global information society. In particular, the issues of information terrorism and extremism were touched upon. The analysis of international normative legal acts is carried out. The problems of application of some information technologies in modern society are noted.*

Key words: *crime, drug, psychotropic, police, law.*

Түйін. *Осы мақаланың авторы жаһандық ақпараттық қоғамдағы заманауи үрдістерді қарастырады. Атап айтқанда, ақпараттық терроризм мен экстремизм мәселелері қозғалды. Халықаралық нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізілді. Қазіргі қоғамда кейбір ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері атап өтілді.*

Түйін сөздер: *қылмыс, есірткі, психотроптық зат, полиция, заң.*

Резюме. *Автором данной статьи рассматриваются аспекты противодействия незаконному обороту наркотиков. В частности, затронуты вопросы современных видов наркотических средств и прекурсоров. Проведен анализ зарубежного опыта противодействия уголовным правонарушениям в сфере незаконного оборота наркотиков.*

Ключевые слова: *преступление, наркотик, психотропное вещество, полиция, закон.*

The development of computer technology in the last quarter of the twentieth century led to the development of a new post-industrial stage in the history of mankind and the formation of the information society. Moreover, they marked the beginning of the "information explosion", which acquired a large scale with the advent of new information and communication technologies (hereinafter – ICT) and technical means of communication in the late twentieth – early twenty-FIRST century.

As a result of the development of ICT, there have been fundamental changes in the basic parameters of the global information environment.

First, the barriers between different channels of information transmission and forms of its existence have been erased. Secondly, there is a possibility of global coverage of the audience with a single content. Third, the speed of passing information messages has increased significantly. Fourth, there is an intellectualization of the organization and functioning of the information infrastructure [1].

As you know, currently the catalyst in the field of communications is the Internet. Over the past 20-25 years, the Internet has become a key resource and an important factor in world politics, the economy and public life. According to The Miniwatts marketing group, the number of users

In the world of Internet by 30 June 2017 has already been 3.885.567.619, which is 51.7% of the world population [2].

Kazakhstan also notes the active use of the Internet. In accordance with the Concept of cybersecurity ("cyber Shield of Kazakhstan"), approved by the government Of the Republic of Kazakhstan dated June 30, 2017 № 407, "in the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2016, the density of Internet users increased from 36.1% to 75%, and the number of mobile Internet users from 3 million 694 thousand almost tripled and reached 10 million 567 thousand".

The global information network Internet is characterized by the following features:

– distribution of information databases, which include information objects of other databases, computer networks and can be managed by various entities;

– versatility and ease of access to information resources;

– possibility of self-identification;

– multimedia information resources: text, graphics, black and white and color images, audio and video information;

– polysreda – language, culture, age, nationality, belonging to a social group, ideology, religion, territory of residence, etc.;

– a hypertext structure of information and navigation;

– the ability to create a personal area for posting information on various services and social networks, providing universal access and dissemination;

– possibility of interactive communication in the form of conversation, audio and video conferences (Web-chats, communication on ISQ and IRC, teleconferences, forums, etc.) [3].

The increasing demand for the Internet is driven by the unique information and communication capabilities it provides. Initially, the network was considered primarily as a tool for information transfer (Web 1.0). In this sense, it continues to retain its importance now. On the technological basis of the Internet formed the World Wide Web (WorldWideWeb) – a distributed system that provides access to related documents located on different computers connected to the Internet. The World Wide Web is formed by millions of web servers on the Internet, located around the world.

Active development of resources of the World Wide Web, the physical core of which is the Internet, led to the emergence of cyberspace, understood as a virtual environment generated by computer technology "inside" computer networks. Cyberspace, constructed by millions of web servers located around the world, is physically "nowhere" – a kind of parallel virtual world, the entrance to which is possible at any point of physical space in the presence of communication and access devices.

Cyberspace does not have a single universally recognized legal definition at the international level. The International Telecommunication Union (ITU–international telecommunication Union – a specialized Agency of The United Nations in the field of telecommunications) defines cyberspace as the unity of physical and non-physical space, which includes computers and computer systems, networks, programs, computer data, content data and users [4].

The Internet – the World Wide Web – can be seen as a giant global data warehouse. In 2016, the data volume was measured at 16 ZB, and by 2025 it is projected that this figure will increase to 163 ZB [5].

The main tool for finding information online is Internet search engines such as Google, Yahoo, Yandex, etc. It is through them that users often have access to the right information or the web resource of the World Wide Web. However, there are also many web pages that are not indexed by search engines, and make up the so-called "invisible network" (eng. InvisibleWeb), also known as the "deep web" (eng. DeepWeb). To the invisible Internet, experts also include portals, sites, etc., access to which implies either a paid nature, or the presence of a special permission for the use of resources [6]

In the structure of the invisible web there are also "dark Internet" (eng. DarkNet), which combines information resources that are not available to ordinary Internet users. The information here is covered by specialized software that provides encryption and anonymity to users using protocols and domains that the average Internet user will never stumble upon. The term "DarkNet" refers to hidden web communications, most of which are associated with illegal activities. Bases' the segments of this web are Toga network payment system "Bitcoin" [7].

The communication capabilities of the Internet are largely provided by the second generation of Internet technologies, which are commonly referred to as web-2.0, the key of which are social networks. The hallmark of Web 2.0 is providing the opportunity to online users to spread via social network resources own content (usergenerated content). As a result, the source of the creation and broadcast of mass information on a global scale is potentially anyone with access to the Network.

As an example, well illustrating the scale of the phenomenon, we can cite the world's leading video hosting YouTube. According to its owner – Google, users download 300 hours of video every minute in the world, and in a month they view a total of 3.25 billion hours of video [8].

The number of active users of the world's most popular social network Facebook, According to its founder M. Zuckerberg, reached 2 billion people monthly [9]. In Kazakhstan, social networks are extremely popular – 70% of the population uses them. As the study showed conducted by the company "AST of Kazakhstan", the rating of popularity of social networks in Kazakhstan looks as follows (indicating the percentage of

users): Facebook–43%, Classmates -34%, Instagram–31%, My World -21%, Facebook 19% and Twitter 5% other -3% [10].

In recent years, the development of such a technological trend as the "Internet of things" (eng. InternetofThings), which is based on the use of Internet Protocol to combine different devices into a single computer network, within which they are able to exchange information among themselves. Wearable computer devices connected to the Internet, ranging from "smart TVs" (SmartTV) to Wearables, are increasingly used in everyday life computers (device Googleglassi etc.). According to analytical forecasts, by 2020 the number of devices connected to the network will be about 30 billion units [11].

The information society with the development of new information and communication technologies is becoming global and is associated with a number of essential parameters of the process of globalization, namely: the functioning of global financial communications, with capabilities of remote employment in the service sector and other sectors of "industry knowledge" with the emergence of the virtual network communities, cross-border access to information, etc.

It implies not only long distances, but also geographical ubiquity of the world coverage by telecommunication networks [12, p. 16]. Assessing the impact of the information phenomenon on society, most researchers say about its ambivalence: along with a number of undoubted positive socio-political consequences, the latest ICT carry certain risks and threats associated with the increasing vulnerability of social processes to information impact [13]. It should be considered as part of the group of risks of scientific and technological progress associated with the expansion of the force and scale of anthropogenic impact on the environment and society.

One of the negative consequences of the development of Informatization was the use of the information space for terrorist and extremist activities. This process developed gradually and correlated with the overall development of information and communication technologies. If at the end of the twentieth century it manifested itself mainly in the spread of the ideology of terrorism through the media (hereinafter – the media) and information products (video and audio cassettes, CDs, printed publications), the use of mobile phone technologies for communication between members of extremist groups, at the beginning

The Internet has become the most important network for terrorist and extremist activities in the twenty-FIRST century.

At the same time, the General trend of increasing the role of terrorist and extremist organizations in the information space has remained unchanged and has now reached its peak. As G. Shoikin correctly notes, "the use of information resources and the media to manipulate the consciousness and behavior of society is the most important feature of modern terrorism" [14].

A set of forms of activity of terrorist and extremist organizations in the information space was designated as "information terrorism". Its legal definition is enshrined in the Agreement between the governments of the member States of the Shanghai cooperation organization on cooperation in the field of international information security of 16 June 2009, according to which it is defined as the use of information resources and(or) the impact on them in the information space for terrorist purposes.

This definition identifies two components: a) the use of information resources for terrorist purposes; b) the impact on information resources for terrorist purposes.

Experts distinguish two types of information terrorism: information and psychological terrorism (control over the media in order to spread ideology, misinformation, rumors, demonstration of the power of terrorist organizations) and information and technical terrorism (damage to individual elements and the entire information environment of the enemy as a whole: the destruction of the element base, active suppression of communication lines, artificial overload of communication nodes, etc.) [15, p. 24].

However, it should be noted that the term "information terrorism" is not universally recognized and universal. For example, the phrase "use of ICT for terrorist purposes" in the activities of extremist organizations is often used in documents of the United Nations, foreign and domestic scientific research [16]. Thus, it emphasizes that it is not so much about some special kind of terrorism (extremism) as about the use of new tools for the implementation of quite "traditional" terrorist and extremist activities. Although there are innovative forms of terrorism, such as cyberterrorism, which have no analogues in history.

It is also necessary to provide some clarification of the differences in the concepts of terrorism and extremism in the context of their relationship with the use of ICT. In accordance with the Law of the Republic of Kazakhstan of 13 July 1999 No. 416 "On counter-terrorism" (Yes-Lee – the Law on the prevention of terrorism) terrorism is defined as "the ideology of violence and practice of influence on decision making by state

bodies, local self-government bodies or international organizations by making or threat of making violent and (or) other criminal acts, connected with intimidating the population and aimed at causing damage to the individual, society and the state" (PP. 1 article 1).

The key to our consideration in this definition is the ideological component of terrorism, which is put in the first place. The so-called "ideology of terrorism" is a separate contradictory borrowing from various radical ideological concepts – religious fundamentalism, nationalism and others, which are, as you know, the basis of various extremist ideological constructions of "left", "right", "religious", nationalist" and other things. Propaganda of the ideology of terrorism is one of the main activities of terrorist and extremist organizations, which actively use the capabilities of modern ICT.

Sub-paragraph 18 of article 1 of the Law on combating terrorism highlights the main directions of terrorist activity:

1) organization, planning, preparation, financing and implementation of an act of terrorism;

2) incitement to an act of terrorism;

3) organization of illegal paramilitary group, criminal community (criminal organization), organized group for the purpose of committing an act of terrorism, as well as participation in such structures;

4) recruitment, arming, training and use of terrorists;

5) information or other assistance in the organization, planning, preparation and Commission of an act of terrorism;

6) propaganda of terrorist ideas, dissemination of terrorist materials, including through the use of mass media or telecommunications networks;

7) providing financial, legal assistance or other assistance to terrorists, as well as organizations whose activities are recognized as terrorist in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan, with the understanding that these actions will be used to carry out terrorist activities or to support a terrorist organization.

Modern ICT is widely used in each of these areas of terrorist activity. At the same time, there are three main directions of using ICT in terrorist activities:

1) propaganda of the ideology of terrorism through the media, the Internet and other mass media;

2) terrorist attacks against information systems (cyber-terrorism);

3) use of ICT for terrorist activities (organization and planning of terrorist attacks, collection of funds, recruitment of new members, etc.).

With regard to extremism, sub-paragraph 1 of article 1 of the Law of the Republic of Kazakhstan of 18 February 2005 No. 31 "On countering extremism" defines it in an analytical way through the enumeration of forms of extremist activity. Among these, there are:

– violent change of the constitutional system;

– violation of the sovereignty of the Republic of Kazakhstan, integrity, inviolability and inviolability of its territory;

– undermining national security and national defense;

– forcible seizure of power or forcible retention of power;

– establishment, leadership and participation in illegal paramilitary activities;

– organization of armed rebellion and participation in it;

– incitement of social, class discord (political extremism);

– incitement to racial, ethnic and tribal discord, including connected with violence or calls for violence (national extremism);

– inciting religious enmity or discord, including connected with violence or calls to violence;

– the use of any religious practice that threatens the security, life, health, morals or the rights and freedoms of citizens (religious extremism).

Analysis of this definition shows that the concept of extremism legislator laid as a form of information impact on individual and social consciousness (inciting social, class hatred (political extremism), inciting racial, national and tribal hatred, including violence-related or prizes to violence (national extremism), inciting religious enmity or discord, including those related to violence or calls for violence, the use of any religious practice that poses a threat to the security, life, health, morality or the rights and freedoms of citizens (religious extremism)), and "material" actions (violent change of the constitutional system, violation of the sovereignty of the Republic of Kazakhstan, integrity, integrity and inviolability of its territory, undermining national secu-

Abstract: *In pedagogy, visibility has always been considered and is considered to be the most important principle of learning, the Foundation for the comprehensive development of the individual. The requirement of the need to enhance visibility in the pedagogical process remains in force today, despite the fact that the saturation of the educational process visual images close to sufficiency. However, this does not mean that the problem of pedagogical visibility in General will be exhausted. On the contrary, its relevance is increasing. This is the case when quantitative changes are accompanied by qualitative and the very achievement of the level of sufficiency in providing the educational process with visual materials raises fundamentally new questions about their use and exacerbates long-standing, but previously unobtrusive didactic problems in this area. For example, psychological and pedagogical problems that affect the essential mechanisms of knowledge formation in the educational process.*

Keywords: *Jan Amos Komensky, the principle of environmental compatibility.*

Аннотация: *педагогика көрнекілігі әрдайым саналып болып есептеледі маңызды қағидаты оқу, іргетасы жүзеге асыру үшін жан-жақты жеке тұлғаны дамыту. Педагогикалық үдерісте көрнекілікті күшейту қажеттілігінің талабы оқу процесінің көрнекі бейнелермен қанығуы жеткіліктілікке жақындағанына қарамастан, бүгінгі күні де күшінде қалады. Алайда, бұл жалпы педагогикалық көрнекілік проблемасы таусылып жатқанын білдірмейді. Керісінше, оның өзектілігі артады. Бұл сандық өзгерістер сапалы және оқу процесін көрнекі материалдармен қамтамасыз етуде жеткіліктілік деңгейіне қол жеткізудің өзі оларды пайдалану бойынша түбегейлі жаңа мәселелерді туындататын және осы саладағы бұрынғы, бірақ бұрын көрінбейтін дидактикалық проблемаларды ушықтыратын жағдай. Мысалы, оқу үрдісінде білімді қалыптастырудың маңызды тетіктерін қозғайтын психологиялық-педагогикалық мәселелер.*

Түйінді сөздер: *Ян Амос Коменский, табиғатабағаттылық принципі, дидактикалық принциптер, білім беру жүйесі.*

Сфера образования всегда являлась предметом пристального внимания общества, государства, ученых. В современных условиях модернизации образовательного процесса актуальным становится цели, приоритеты, содержание, эффективность, качество образования. Признание приоритетной задачей государства в области образования молодого поколения именно воспитание, в высшей школе в том числе, а также осознание необходимости уделять внимание духовно-нравственному воспитанию как направлению, являющемуся основой всего комплексного воспитательного воздействия на личность студента, явились причиной для обращения к педагогическому наследию великого чешского мыслителя Яна Амоса Коменского, который призывал развивать «благонравие и нравы в направлении всякой благопристойности согласно со всеми нравственными устоями» [1]. А также актуальность современного осмысления идей Я.А. Коменского обусловлена возвращением педагогики в русло развития европейской педагогической традиции.

Великий чешский педагог Я.А. Коменский прославился своими передовыми идеями о преобразовании педагогической системы, которые актуальны и посей день. Введение таких дидактических новаций как всеобщее обучение, понятие школьного года, классно-урочная система, дидактические

принципы природосообразности, наглядности, последовательности, посильности и другие до сих пор служат прочной основой для образования детей и юношества. Его педагогическое наследие значительно и обширно, оно существенно повлияло на всю мировую педагогику и практику работы в школах. Даже сейчас в современной теории обучения, мы находим немало его дидактических постулатов. Среди наиболее известных его произведений назовём такие, как «Дидактика», написанная им на чешском языке общая теория обучения, которая, будучи переведённой на латынь, получила международный статус, поскольку на тот момент, именно латинский язык, являлся общим языком учёных. В латинском варианте книга стала называться «Великой дидактикой».

Кроме этого им было написано первое в мире руководство по семейному воспитанию «Материнская школа». В качестве основной идеи здесь выступает мысль, что образование начинается не в школе, а в семье.

Значительную часть своей жизни он посвятил рассмотрению проблем воспитания, изложив основные положения своей педагогической концепции в обобщенном виде в труде, названном им «Всеобщий совет об исправлении дел человеческих».

Многое из того, что он ввёл в процесс обучения, используется и сейчас. Возьмём, к примеру, классно-урочную систему. Я.А. Коменский, исходя из тогдашнего понимания естественной природы человека, предложил утвердить в педагогике деление жизни подрастающего поколения на четыре возрастных периода, каждый из которых составляет шесть лет. Классно-урочная система себя не исчерпала до сегодняшнего дня.

Если до её введения ученики обучались чаще всего индивидуально, даже в классах, то Коменский, следуя опыту средневековых университетов и ряда школ эпохи Реформации и Контрреформации, собрал детей в классы для совместных занятий одним и тем же предметом, в определённый промежуток времени, именуемый уроком. Он ввёл не только коллективность обучения одному содержанию, он постулировал его целостность и педалировал систему общего образования для мальчиков и девочек.

Ему принадлежит введение понятия школьного года и связанного с ним понятия программы. Сам процесс учёбы делится на периоды, содержание которых зависит от возраста учеников, т.е. обращается внимание на доступность и восприятие материала. Коменский, исходя из того, что утром восприятие лучше, предложил все занятия начинать в одно и то же время в первой половине дня. Так появилось расписание, где время было строго распределено. Для наглядности материала основные идеи Я.А. Коменского указаны в ниже изложенной таблице 1.

Таблица 1

Основные идеи Я.А.Коменского

Основные труды	Дидактические идеи	Задачи воспитания	Принципы воспитания (принцип природосообразности)	Возрастная периодизация
«Великая дидактика»; «Пансофийская школа»; «Открытая дверь к языкам»; «Мир чувственных вещей в картинках»;	Принцип наглядности; Прочность усвоения; Сознательность учения; Систематичность обучения; Последовательность обучения; Посильность обучения; Разработка классно-урочной системы обучения Развитие познавательных способностей учащихся; Отказ от насилия принуждения, телесных наказаний в школе	Умственное –познание себя и окружающего; Нравственное –управление собой; Религиозное –стремление к богу	Автопсия (самостоятельное наблюдение); Автопраксия (практическое осуществление); Автохресия (применение полученных ЗУН в новых обстоятельствах); Автолексия (самостоятельное изложение результатов своей деятельности)	Материнская школа (от рождения до 6 лет); Школа родного языка (от 6 до 12 лет); Латинская школа / гимназия (от 12 до 18 лет); Академия или университет (от 18 до 24 лет)

Наиболее актуальной проблемой современности является возрождение духовных потребностей человека и общечеловеческих морально-этических традиций и устоев. Сегодня перед обществом ставится задача возрождения духовной составляющей жизнедеятельности человека. Этот призыв содержится в словах Президента РК Н.А.Назарбаева: «Мы должны построить общество, где ценятся честь, достоинство и репутация каждого, где присутствует высокая мораль, этические стандарты и духовные ценности. Всё это возможно только через постижение таких общечеловеческих ценностей, как любовь, добро, истина, красота, нравственность, духовность» [2]. Поэтому вопросы интеллектуального, эстетического, физического и нравственно-духовного воспитания приобретают особую актуальность. Именно нравственность должна выступать показателем общей культуры личности, ее достоинств, приверженности общечеловеческим ценностям.

Таким образом, одной из приоритетных задач образования и высшего профессионального образования, в том числе в современном обществе является воспитание личности, «обладающей высокой нравственностью» и «высокими нравственными принципами».

Если внимательно проанализировать идеи Коменского, изложенные в «Великой дидактике», можно увидеть, что автор, находясь на вершине своих творческих изысканий в области педагогики, системно, последовательно и всесторонне представляет многомерное явление именно воспитания, которое должно готовить юношество к будущему своему саморазвитию и самосовершенствованию.

Теория воспитания Я.А. Коменского представляет собой систему, основанную на гуманистических идеях всеобщего общечеловеческого воспитания, цель которой – воспитание целостной всесторонней личности. Я.А. Коменский в своей воспитательной системе провозглашает идею целостного развития личности, объединяя разум, волю и совесть, «так как они составляют единую душу, так не следует разрывать и три украшения души: образование, добродетель и благочестие» [3].

Необходимость воспитания подрастающего поколения наряду с обучением Коменский сформулировал в следующих строках «Великой Дидактики»: «Рожденным людьми, безусловно, необходимо воспитание для того, чтобы они были людьми, а не дикими животными, не бессмысленными зверями, не неподвижными чурбанами» [3].

Другими словами, в образованности человека, по мнению Коменского, сосредоточиваются обученность и воспитанность в их неразрывном единстве, что актуально для педагогики и сегодня. Воспитание в целостном образовательном процессе в высшей школе играет не менее важную роль, чем обучение для достижения главного результата – образованности личности [4].

Теория воспитания Я.А. Коменского (в своем единстве с обучением) четко представлена в качестве целостной законченной педагогической системы – «Пампедии», то есть универсальное воспитание всего человеческого рода, охватывающая всю жизнь человека, от рождения до смерти, подчеркивая тем самым непрерывность процесса воспитания, что является особенно ценным при воспитании нравственности. Итак, речь идет о том, чтобы обучались все, всему, все-сторонне». Особое значение в системе целостного образования человека Я.А. Коменский придавал воспитанию нравственности. Это отразилось на современном содержании образования, которая подразумевает, что духовно-нравственное образование призвано дать молодому поколению не только систему знаний, но и духовно-нравственные идеалы и ценности, а самое главное – сформировать способность противостоять злу и творить свою жизнь по законам добра. В качестве примера реализации этой идеи в одном из ведущих вузов нашей страны КазНУ имени аль-Фараби компонентом воспитательной концепции является нравственное и духовное воспитание студентов. Требованием к содержанию изучаемых предметов в университете относится формирование мировоззренческих позиций, нравственных идеалов, гуманистических ценностей, общечеловеческие нормы гуманистической морали. В университете на данный момент уделяется особое внимание ряду актуальных вопросов касающиеся интеграции науки и образования, совершенствования духовно-нравственной и интеллектуальной культуры современного общества, реализации задач Стратегии «Казахстан-2050» по построению общества, объединенного национальной идеей «Мәңгілік ел».

Создатель «Великой дидактики» заложил основы новый теории обучения и новых организационных форм обучения – в этом его величайшая заслуга [5]. «Великая дидактика» издана на многих языках мира, и по сей день является одним из главных руководств в педагогической науке. «Великая дидактика» одновременно является и философским сочинением, ибо педагогика Коменского своими корнями уходит в философию [6].

Методология Я.А. Коменского опирается, как на простой опыт, так и на исследование самих основ педагогики. Изучение основополагающих педагогических идей Коменского продолжается до сегодняшнего дня. В дидактическом учении Коменского одно из важных мест занимает вопрос об общих принципах обучения, которые обычно называют дидактическими принципами. Принципы обучения подразумевает те положения общеметодического характера, на которые опирается обучение и учение вообще. В педагогической литературе различают дидактические (общие) принципы обучения и методические (частные) принципы обучения.




Схема 1 – дидактические принципы (по Я.А. Коменскому)

Коменский впервые в истории дидактики не только указал на необходимость руководствоваться принципами в обучении, но раскрыл сущность этих принципов. Так, принцип сознательности и активности предполагает такой характер обучения, когда учащиеся не пассивно, путем зубрежки и механических упражнений, а осознанно, глубоко и основательно усваивают знания и навыки. Там, где отсутствует сознательность, обучение ведется догматически и в знании господствует формализм.

Принцип наглядности обучения предполагает, прежде всего, усвоение учащимися знаний путем непосредственных наблюдений над предметами и явлениями, путем их чувственного восприятия. Наглядность Коменский считает золотым правилом обучения.

Последовательное изучение основ наук и систематичность знаний Коменский считает обязательным принципом обучения. Этот принцип требует овладения учащимися систематизированным знанием в определенной логической и методической последовательности.

Следующий принцип упражнений и прочного овладения знания и навыками. Показателем полноценности знаний и навыков являются систематически проводимые упражнения и повторения. Коменский в понятия упражнения и повторения вложил новое содержание, он поставил перед ними новую задачу – глубокое усвоение знаний, основанное на сознательности и активности учащихся. По его мнению, упражнение должно служить не механическому запоминанию слов, а пониманию предметов и явлений, их сознательному усвоению использованию в практической деятельности.

И принцип доступности предполагает, что обучение соответствовало индивидуальным особенностям учащихся и уже накопленным знаниям. При этом обучение не должно быть легким, но его трудность должна быть оптимальной и учитывать интересы и жизненный опыт учеников. Я. А. Коменский настаивал на том, чтобы обучение шло от простого к сложному, от известного к неизвестному, от того, что близко, к тому, что далеко.

Мы видим, что все, перечисленные выше дидактические принципы Яна Амоса Коменского имеют место в современной педагогической практике. Я.А. Каменский не только качественный педагог своего времени, который заботился о совершенствовании школьного образования. Это педагог-философ, который смог увидеть в процессе воспитания подрастающих поколений предпосылку дальнейшего прогресса человечества.

Уровень значимости Я.А. Коменского очень высок, его работы актуальны. Особенно важно, что, не смотря на временную и историческую смену реалий, педагогические принципы Коменского гармонично вписываются, они постепенно совершенствуются и приспосабливаются к требованиям времени.

Применение педагогических идей Я.А. Коменского в инновационном обучении предполагает использование личностного подхода, творческого начала в человеке, синтеза двух культур (технической и гуманитарной). Также представляется необходимость особо подчеркнуть актуальной проблемой в стратегии цивилизационного развития является формирование личности, способной реализовать идеи выживания человечества. Для этого необходимы кардинальные изменения в духовной сфере и механизмах цивилизационного развития.

Как педагог и общественный деятель, Я.А. Коменский хорошо понимал, что по мере того, как гуманистические идеи все более проникали в общественную жизнь, они становились неотъемлемой чертой в сфере образования и воспитания. Великий педагог выступал сторонником обновления содержания вузовского образования на основе новейших научных знаний о природе, обществе, познании. Вместе с изменением содержания образования Я.А. Коменский высказывался за поиск новых форм и методов подготовки студентов. Через внедрение новых методов и методик обучения происходит реальное реформирование процесса обучения и образования в целом, которое может реализовать преподаватель на каждом конкретном занятии. Мы считаем, что методы обучения могут задавать темп развития дидактической системы, то есть обучение будет прогрессировать настолько быстро, насколько быстро позволяют ему двигаться вперед применяемые методы.

В общем, рассматривая процесс развития педагогической мысли, можно сделать достаточно обоснованный вывод, что Я.А. Коменский является не просто педагогом, заботившимся о совершенствовании образования. Он был и остается пока единственным педагогом-философом, увидевшим в воспитании подрастающих поколений предпосылку дальнейшего прогресса человечества. Традиционное сведение его заслуг к формулированию узко педагогических принципов и правил обучения не только принижает его значение в истории развития философско-педагогических идей как мыслителя, размышлявшего о судьбах человечества, но и принижает роль воспитания и науки о нем в жизни современного общества, значение истории педагогики в системе подготовки будущих учителей, преподавателей.

Таким образом рассмотрение педагогических идей о воспитании нравственности молодого поколения, идей и трудов в педагогическом пространстве и влияние на современную образовательную систему Я.А. Коменского совершенно оправданно и продуктивно с точки зрения обращения к исторической памяти общества, с одной стороны, и практики использования опыта человеческой деятельности в области образования и воспитания – с другой. Идеи, опыт и авторитет известного в педагогическом мире Я.А. Коменского являются важнейшими и действительно актуальными в контексте данной проблематики до сих пор, и не могут остаться невостребованными педагогическими работниками.

В заключение стоит отметить, что именно идеи Яна Амоса Коменского,

на наш взгляд, играют важнейшую роль в современной образовательной системе в целом. Описанные выше детерминанты всецело отражают громадный вклад учёного в теорию и практику педагогической мысли, которая и до сих пор является актуальнейшим направлением теоретико-практической деятельности. На наш взгляд, идеи выдающейся личности в лице Я.А. Коменского всецело отражают социообразовательный вес и значимость в организации обучения современных обучающихся.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Овинова Л.Н.,. Шрайбер Е.Г. Актуальность идей Я А. Коменского о воспитании нравственности для современной педагогики. Вестник ЮУрГУ. Серия «Образование. Педагогические науки». 9 2015. Т. 7, № 3. С. 8–15.
2. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: Модернизация общественное сознания. //Казахстанская правда.-2017.-№71 (13 апреля).
3. Коменский, Я.А. Великая Дидактика / Я.А. Коменский. – http://jorigami.ru/ PP_corner/Classics/Komensky/Komensky_Yan_Amos_Velikaya_didakt_izbr.htm
4. Сериков, Г.Н. Образование и развитие человека / Г.Н. Сериков. – М.: Мнемозина, 2002. – 416 с.
5. Г.Н.Джибладзе. философия Комеского. Изд. М. Педагогика. 1982 г., стр.10.
6. К. Маркс и Ф. Энгельс. Сочинения. Изд. 2. М., Госполитиздат, изд. с 1955 г., т. 7, стр. 360.

Медеубаева К.Т.,
п.ғ.к., қауымд. проф.м.а.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
medeubaeva_kt@mail.ru

Еркеқұл Ж.,
2-курс магистранты
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Резюме: *В статье рассмотрены различные аспекты и педагогические условия формирования и развития функциональной грамотности учащихся на основе обновленной образовательной программы. А также рассказывается актуальность роль и значение функциональной грамотности в формировании познавательной компетентности учащихся.*

Ключевые слова: *парадигма «жизненного воспитания», функциональная грамотность, компетентность, критическое мышление, когнитивная основа, образовательное пространство.*

Түйін. *Мақалада студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың әртүрлі аспектілері және педагогикалық шарттары талқыланып, жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделген. Сонымен қатар, ол студенттердің танымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы функционалдық сауаттылықтың рөлі мен маңыздылығының маңыздылығын сипаттайды.*

Кілт сөздер: *«Өмірлік білім» парадигмасы, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, сын тұрғысынан ойлау, танымдық негіз, білім беру кеңістігі.*

Abstract: *The article deals with various aspects and pedagogical conditions of formation and development of functional literacy of students on the basis of the updated educational program. It also describes the relevance of the role and importance of functional literacy in the formation of cognitive competence of students.*

Keywords: *Paradigm of "Life Education", functional literacy, competence, critical thinking, cognitive basis, educational space.*

Кіріспе. Қоғамда «өмірлік білім» парадигмасына көшу біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Білім беруді жаңғыртудағы мемлекеттің негізгі білім беру саясаты дайын өнімді алуға емес, құзыреттілік тәсіл негізінде алған білімді қабілеттерін және білім, білік дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазіргі қоғамға әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білетін адамдар қажет. Қазіргі кездегі объективтілік тарихи заңдылық пен уақыт талабына сай адамның білім деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру болып табылады. Жаңа жағдайларда оқыту процесі «өмірлік білім» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттілікті дамытуға бағытталуы тиіс. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты – функционалдық сауаттылықтың белгілі бір деңгейінің болуы.

XX ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық мәселесіне халықаралық ұйымдар назар аудара бастады, 1990 жылды ЮНЕСКО Халықаралық сауаттылық жылы деп жариялады, БҰҰ 2003-2012 жылдарды осы ұғымды кең түсіндіруде сауаттылықтың он жылдығы деп жариялады. Функционалдық сауаттылықтың шартты деңгейі: «Қазіргі азамат білуі және істей алуы тиіс...» деп тұжырымдалады және әрбір ел үшін мәдени және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып анықталады. Адамның функционалдық сауаттылық компоненттерін игеруінің хронологиялық аймағының кеңеюі салдарынан функционалдық сауаттылық шегі тұрақты түрде үлғаю үрдісінде болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру олардың құзыреттілігін одан әрі дамытудың негізі болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнының өзектілігі функционалдық сауаттылық деңгейін көтеру қажеттілігін сезінетін оқушыларды дайындаудың объективті қажеттілігімен яғни ақпаратты пайдалану, жалпылама мақсаттар мен міндеттерді өз бетінше шешу және қалыптасқан жүйеге тез бейімделуге қарым-қатынастар негізінде анықталады.

Негізгі бөлім. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы орта білім беру

мазмұнына функционалдық сауаттылықты енгізудің басым бағыттарын айқындап берді. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Құзыреттілік тәсіліне және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негізделген 12 жылдық білім берудің жаңа стандартын әзірлеу және енгізу жоспарлануда», – деп атап көрсете келе, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуына, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін негізгі орта және жалпы орта білім берудің құзыреттілік тәсілі негізінде оқу бағдарламаларын әзірлеуге баса назар аударылған [1].

«Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесуде (Астана қаласы, 2008 жылғы 30 қаңтар) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде қазақстандықтарды жаңа формацияда тәрбиелеуге және Қазақстанды адам капиталы бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал ететін интеллектуалды ұлтты дамытудың маңызды аспектілерін атап өтті. Әсіресе, білім беру жүйесін инновациялық дамыту қажеттілігіне ерекше тоқталды: «Жаңартылған білімнің легіне ілесіп отыру үшін қазіргі заман қызметкерлері жүйелі және сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі тиіс және үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Бұдан басқа, біздің жастарымыз тек білімді алып қана қоймай, жаңа білім беру жүйелерін құруға да күш салысулары керек. Бүгінгі таңда ең маңызды сапа креативті ойлау, білімді қайта өңдей білу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновациялардың пайда болуы болып табылады. Бұл үшін жаңа әдістер, оқытудың жаңа формалары, жаңа мамандар қажет» [2].

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» [3]. Жолдауындағы маңызды тапсырмасы бес жылға арналған Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу болып табылады. Осыған байланысты Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді, аталған жоспар шеңберінде функционалдық сауаттылық бойынша шетелдердің адыңғы қатарлы тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын әзірлеу міндеттері қойылды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында: «Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады», көрсетілген [4].

Қазіргі ұғым бойынша функционалдық сауаттылықты білімнің (бірінші кезекте, жалпы) көп жоспарлы адам әрекетімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу әрекеті ретінде түсінуге болады. Функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі – жылдам өзгеріп отыратын қоғамда барлығы үшін қажетті қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларында өмірлік мәселелерді шеше алуымен сипатталуы.

Ғылыми-әдістемелік зерттеулерде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі отандық және алыс-жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде атап айтқанда, Ж.Ж. Ордабаеваның, А.К. Рауандинаның, С.А. Тангянның, С.Г. Вершловскийдің, М.Д. Матюшкинаның, Б.С. Гершунскийдің, В.В. Мацкевичтің, С.А. Крупниктің, А.В. Хуторскийдің, Н.Н. Сметанниковаңың және т.б. әртүрлі аспектілерде қарастырылған.

Мектептегі білім беру жағдайындағы функционалдық сауаттылық соңғы жылдарда зерттеулер объектісіне айналды. Мысалы, Н.Н. Сметанникова [5] функционалдық сауаттылықты оқуға үйретудің стратегиялық тәсілдері шеңберінде зерттеді. Е.П. Лебедева [6] функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселелерін зерделей келе, мектептің кіші буын оқушыларын оқыту үдерісіндегі тиісті мазмұнды енгізудің перспективасын ашты. С.Г. Вершловский, М.Д. Матюшкин соцологиялық зерттеулерді жүргізудің негізінде қазіргі заманғы мектепті бітірушілердің функционалдық сауаттылық деңгейін талдайды. Дегенмен, жекелеген пәндерді оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі бойынша нәтижелері мектептегі білім берудің мазмұнына әлі жаппай енгізілмеген барыжоғы бірнеше ғана еңбектер бар. Оларды атап өтсек, қазақстандық зерттеушілер Ж.Ж. Ордабаева [7], А.Ж. Мұрзалинова [8], А.К. Рауадина [9] оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін қазақ тілінде оқытатын мектептерде физиканы, орыс тілін оқыту, орыс тілінде оқытатын

мектептерде қазақ тілін оқыту барысында қарастырады, ресейлік әдіскерлер Г.Д. Клок, В.И. Анурова функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын химия және шет тілі сабақтарында көрсетеді. Мұндай мектеп жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне қатысты аз көлемдегі жұмыстар оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде қалыптастырудың өзекті мәселелерін шеше алмайды.

П.Терешкович пен С. Крупниктің «Новый порог функциональной грамотности вызов 21 века» еңбегінде функционалдық сауаттылықты қоғамның негізгі даму тенденцияларымен байланыстырады. Біріншіден, бұл өндірістік және гуманитарлық қызмет аясын ерекше технологияландыру. Гуманитарлық саладағы технологияландыру (қызмет жүйелерінің элементтерін ұйымдастыру және реттеу) интеллектуалдық және ақпараттық шиеленістердің белгіленген өрісін жасайды. Сондықтан адамның білік қызметтері жүйесінде жұмыс істеуге қажетті біліктің ең төменгі деңгейі айтарлықтай артады. Бұл өз кезегінде, ақпараттар мен ақпараттық техникаларды шығару, қолдану, қызметтің жалпыланған мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше белгілей білу және қарым-қатынастардың қалыптасқан жүйеге жылдам бейімделуі. Екіншіден, геометриялық прогрессияда еселеніп отыратын ақпараттар ағыны. Осыған сәйкес, кез келген ақпарат мәдениетті ақпарат бола алмайтынын және оқу үдерісінде міндетті түрде меңгерілуі тиіс нормаға жатқызылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Ақпараттардың адамның өз қызметі үдерісінде алдына қойған міндеттеріне сәйкес түрлену қасиеттері болады. Үшіншіден, қызметтің шамадан тыс кәсібилілігі (кең ауқымда). Кеңес заманында қол жеткізген білімнің молдығы осы күнге дейін белгісіздік пен тұрақтылықтың жоқтығы, сондай-ақ, өмірлік белсенділіктің құлдырауы, жекелеген кәсіптік салалардың, негізінен өндірістік-техникалық салалардың жұмыс істеу деңгейінің тұрақты режиміне қатысты жеткілікті дәрежеде қолдау көрсету жағдайында мүмкіндік беріп отыр. Төртіншіден, өркениетті дамудың жаһандық мақсаттарының белгісіздігі (Хайек Поппер). Осының барлығы сауаттылық деңгейіне қойылатын белгіленген талаптарды және адамның қызметтер жүйесіндегі өндірістік және қоғамдық қарым-қатынастарға қатысты білімдерін де қалыптастырады. Функционалдық сауаттылық деңгейі елдегі нақты сол немесе өзге де технологиялардың даму деңгейімен бағаланады. Қазіргі таңда өркениетті дамытудың әлемдік үрдістерін есепке ала отырып, ең төменгі қажетті сауаттылық деңгейі: компьютерді пайдалана білуден, қызмет саласы үшін қажетт ақпараттар алудан және оны пысықтаудан, екі немесе одан да көп шет тілдерін меңгеруден (тілдік, бідімдік сауаттылыққ), көлікті басқаруды білуден, құқықтық және қаржылық қарым-қатынастарда білімді көрсетуден тұрады. Осыған сәйкес, зерттеушілер мынадай ұғымдарды айыру қажеттіліктерін атап көрсетеді: қарапайым сауаттылық (оқи, жаза, санай білу және т.б.); функционалдық сауаттылық (сауаттылық барлығы үшін немесе құқықтық және жалпы кәсіби сауаттылық қарым-қатынастарындағы білім); кәсіби сауаттылық (нақты сол немесе өзге де кәсіптік топтардың сауаттылығы); экологиялық сауаттылық (орта сипаттамаларын білу); жағдаяттың саяси және экономикалық-азаматтық сауаттылығын бағалау және әрекетке тиісті шешімдер қабылдау қабілеті.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» қазақстандық мектептік білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру шеңберінде негізгі құзыреттіліктер анықталған.

Тұлғалық құзыреттілік өзін-өзі тану қабілеттерінде, заманға сай адамның тұлғалық сапаларын қажетті дамытуда; қоғамдағы өз рөлін жете түсінуде; қалыптасқан жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдай білулерінде; өздігінен білім алуға, өзін-өзі іске асыруда және өздігінен дамуға деген талпынысында көрініс табады.

Азаматтық құзыреттілік белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруда, жоғары елжандылық сезімдерде; Отанға қызмет етуге деген дайындықта және оны қорғау мүдделерінде; жүргізіліп жатқан әлеуметтік оқиғаларға баға бере білуде, мемлекеттің мүдделерін есепке ала отырып, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білуде, қазақ халқы мен Қазақстан аумағында тұрып жатқан ұлыстардың тарихына, мәдениетіне және өзге де құндылықтарына деген сыйластықта көрінеді.

Басқарушылық құзыреттілік әртүрлі өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білуді, практикалық қызметте білімді пайдалануды, алынған ақпаратты шығармашылық қайта жөндеуді білдіреді.

Ақпараттық құзыреттілік ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, өңдеу, жіктеу, синтез жасау, қайта жөндеу, сақтау және бере білуінде, сондай-ақ оны оқу үдерісінде пайдалануда көрінеді.

Технологиялық құзыреттілік оқу және ғылыми-зерттеу қызметтерінің шеңберінде зерттеулерді жобалауда заманауи ақпараттық-қатысымдық технологияларды қолдана білуін білдіреді.

Функционалдық сауаттылық ұғымы. 1957 жылы ЮНЕСКО-ға енгізілген «сауаттылық» термині бастапқыда әлеуметтік контексте қолданылатын оқу мен жазуды қоса алғандағы біліктер жиынтығы

ретінде анықталған болатын. Басқа сөзбен айтқанда, сауаттылық – оқу мен жазудың дағдыларын меңгерудің анықталған деңгейі, яғни баспа сөздерімен жұмыс істеу қабілеті (неғұрлым заманауи мағынада – бұл оқу, жазу, есептеу дағдылары және құжаттармен жұмыс).

«Сауаттылықтың төменгі деңгейі» және «функционалдық сауаттылық» ұғымдары қатар енгізілген болатын. Біріншісі қарапайым хабарламаларды оқу және жазу қабілеттерін, ал екіншісі социуммен өзара әрекет ету жағдайында оқу мен жазу дағдыларын қолдану қабілеттерін сипаттайды (банкте шотты ресімдеу, сатып алынған музыкалық орталыққа қоса берілген нұсқаулықты оқу, сотқа талап-арыз жазуь және т.б.), яғни бұл индивидтің әлеуметтік қоршаған ортада толыққанды әрекетін ете алатындай сауаттылық деңгейі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықтың келесідей ерекше белгілерін атап өтуге болады:

1) түрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған;

2) өзін нақты әлеуметтік жағдайларда қалады деп есептейтін жеке тұлғаның жағдайлық сипаттамасы болып табылады;

3) стандартты, стереотипті мәселелерді шешумен байланысы;

4) бұл әрқашанда оқу мен жазу дағдыларының кейбір қарапайым деңгейі;

5) ең алдымен ересек түрғындарды бағалау ретінде қолданылады;

6) ең маңыздысы, сауатсыздықты жылдам жою тәсілдерін іздестіру контексіндегі мақсаттардың болуы.

Қазіргі қоғам өмірінің өзіндік ерекшелігі – қоршаған ортаның тез өсіп келе жатқан өзгергіштігі. Адамзат тарихында алғаш рет заттар, идеялар, технологиялар адамдарға қарағанда жылдам ауысуда. Мұндай қоғамдық өзгерістер ағымындағы қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім беру жүйесін дамыту, сонымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту, жаңа өмір мен кәсіби қызметтің жаңа жағдайларына уақытылы дайындау, оларды осы ортада өз бетінше әрекет етуге, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және жағымсыз әсерлерден қорғауға үйрету. Көптеген елдерде білім беру жағдайының ерекшеліктеріне халықтың қолда бар білім деңгейі функционалдық сауаттылықты қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. 1987 жылы Канадада жүргізілген зерттеудің қорытындыларына сәйкес 18 жастан және одан жоғары функционалдық сауатсыз 3 миллионға жуық канадалықтар халықтың 29,5%-ын құрайды. Функционалды сауатсыздардың арасында 50%-ы тоғыз сыныпты, үштен бірі толық орта мектепті бітірген, ал 8%-ында университет дипломы бар. Үқсас нәтижелер басқа елдерден де алынған. 1999 жылы Үлыбританияда Клаус Мозер тобы жүргізген зерттеу 7 миллион (олардың 5-тен 1-і ересектер) функционалдық сауатсыз британдықтарды анықтады. Функционалды сауатсыздық қатарына сондай-ақ, 3 миллионға жуық немістер кіреді. Мамандардың бағалауы бойынша, Батыс Еуропа елдерінің белсенді халқының 10%-ға жуығы функционалды сауатсыз. АҚШ-та бұл санатқа ондаған миллион адам жатады.

Көп жағдайда функционалдық сауаттылық проблемасы ғылыми және мағыналық мәселе ретінде емес, В.В. Мацкевич пен С.А. Крупник атап көрсеткендей, іс-әрекет мәселесі ретінде, сауатсыздықты жедел жою тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – бұл қатып қалған мәдениетті дамып келе жатқан мәдениетке шақыру білімі. Функционалдық сауаттылық деңгейі қоғамда қабылданған нормалар, ережелер, нұсқаулықтар бойынша әрекет ету біліктілігінің қалыптасуын көрсетеді, яғни еңбек, әлеуметтік-саяси, мәдени-бос уақыт, отбасылық-түрмыстық, білім беру қызметінің субъектісі ретінде адамның әлеуметтік функцияларын іске асыруға байланысты стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеттілігімен сипатталады. Функционалдық сауаттылық – қалыптасқан ережелер мен нормалар негізінде функционалдық проблемаларды шешу қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың әрбір элементі күрделі, көп қырлы білім болып табылады. Оның құрамына мыналар кіреді:

танымдық негіз – белгілі бір ережелерді, нормалар мен нұсқаулықтарды түсіну мен орындауды қамтамасыз ететін пәндік, пәнаралық, интегративті білімнің, іскерліктер мен дағдылардың органикалық бірлігі;

білім беру кеңістігі білім алушылар игеретін функционалдық проблемалардың мәні және оларды шешу тәсілдері туралы ақпарат көздерінің жиынтығын білдіреді; іс-әрекет барысында белсенді сұранысқа ие болатын функционалдық мәселелерді шешу әдістері.

О.Е.Лебедев функционалдық сауаттылық құрылымындағы жүйе құраушы өзекше ол білім алушының өзі үшін шешетін мәселенің маңыздылығын сезінуі екенін атап өтеді. Егер бұл жүйе құраушы

өзек болмаса және оқушы шешу үшін ұсынылған проблеманың жеке маңыздылығын түсінбесе, тіпті танымдық негізді, білім беру кеңістігін және проблемаларды шешу әдістерін пайдалануға қарамастан, зерттеушілер В.Г.Онушкин мен Е.И.Огарев «білімді адамның сауатсыздығы» деп атаған фрагменттік сауаттылықтың пайда болу қаупі зор.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына әртүрлі көзқарастарды қарастыра келе, ең маңыздысын кесте түріндегі түсіндірмелер арқылы бердік.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымының мазмұндық мәселесі бойынша ғалымдардың ұстанымдары.

Авторлар	«Функционалдық сауаттылық» ұғымының мазмұны
1	2
1978 жылы ЮНЕСКО ұсынған анықтама	Қызметтің барлық түрлеріне қатыса алатын адам функционалдық сауатты болып саналады, сауаттылық оның тобының тиімді жұмыс істеуі үшін қажет және ол сондай-ақ өзінің дамуы үшін және қоғамды дамыту үшін оқуды, жазуды және санауды пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік береді.
С.А. Тангян	Функционалдық сауаттылық-бұл қоғамның дамуына қарай білім мен іскерліктің, атап айтқанда, экономика саласына толық құқықты және тиімді қатысу үшін қажетті оқу мен жазу білігінің жоғарылатылған деңгейі, өз қоғамының және өз елінің саяси, азаматтық, қоғамдық және мәдени өмірі үшін, олардың ілгерілеуіне жәрдемдесу үшін және өз дамуы үшін жағдайлар жасау. Қазіргі тез өзгеретін әлемде функционалдық сауаттылық шын мәнінде үздіксіз білім беруді, оның деңгейін үнемі арттыруды және білімді жаңартуды білдіреді.
Б.С. Гершунский	Функционалдық сауаттылық феноменінің пайда болуы адамның сауаттылық компоненттерін: білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері, мінез-құлық және дүниетанымдық қасиеттерді меңгеруінің уақыт шеңберін едәуір кеңейтті. Функционалдық сауаттылық компоненттерін меңгеру процесі өмір бойы жүріп отырады. Сауатты – бұл әрі қарай өзінің білімдік әлеуетін байытуға және дамытуға дайындалған адам. Сауаттылық адамды белгілі бір бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Функционалдық мақсаты «сауаттылық» санатын мазмұндық және пәндік түрғыдан толықтыратын білім беру қызметінің нәтижелі компоненті болып табылады.
Г.П. Зинченко	Тек қызметтің тар кәсіби саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық істерде, өз отбасы өмірінде, өзінің жан-жақты даму мүддесінде өздігінен білім алу, түсіну және тиімді пайдалану қабілеті, сондай-ақ қалыптасқан қажеттілік және үздіксіз білім алуға дайындық, өздігінен білім алу дағдылары, практикалық қызметте меңгерілген және қолданылатын жүйеге жаңа білімді «кірістіру» дағдылары.
В.Г. Онушкин	Функционалдық сауаттылық – белсенді сауаттылық көріністерінің бірі. Термин «сауаттылық» феноменінің тар және кең түсінігіне сәйкес екі жақты түсіндіріледі: біріншіден, күнделікті практикалық міндеттерді шешу үшін жазу, оқу және есептеу біліктері мен дағдыларын қолдану қабілеті ретінде, екіншіден, тәжірибеде табиғи және жасанды тілдердің таңбалы жүйелерін қолдана білу керектігі ретінде.
И.А. Колесникова	Сауатты деп белгілі бір таңбалы немесе коммуникациялық жүйеде кодталған әлеуметтік-мәдени ақпараттың қажетті көлемін оқу, қабылдау және түсіну қабілетін көрсететін тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасы түсінеміз.
А.М. Новиков	Функционалдық сауаттылық кәсіби білімнің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады және кәсібилікті ауыстыратын құзыреттілік ұғымымен тікелей байланысты.
В.В. Мацкевич С.А. Крупник	Функционалдық сауаттылық – бұл адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және оған барынша тез бейімделіп, қызмет ету қабілеті. жеке тұлғаның оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтіндерді құрастыру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті ретіндегі қарапайым сауаттылыққа қарағанда, функционалдық сауаттылық барлық әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білімнің, іскерліктің және дағдылардың атомдық деңгейі, жеке адамның нақты мәдени ортада өмір сүруін жүзеге асыру үшін ең қажет деп саналады.

1	2
О.Е.Лебедев	Функционалдық сауаттылық – бұл нақты жағдайда ережелер мен нормаларды қолдану негізінде әлеуметтік бейімделу проблемаларын шешу мақсатында әртүрлі ақпарат көздерінен алынған білімді (мәліметтерді, ғылыми ұғымдарды, нүсқаулықтарды) пайдалану үшін белгілі бір ережелер мен нормаларға негізделген қызметтің әмбебап әдістерін қолдану қабілеті.
А.В.Хуторской	Оқу-танымдық құзыреттілік аясында келесідей функционалдық сауаттылық талаптары анықталады: фактілерді ойдан айыра білу, өлшеу дағдыларын меңгеру, танымның ықтималдық, статистикалық және басқа да әдістерін пайдалану.

Зерттеуші-ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, келесідей тұжырым жасауға болады: функционалдық сауаттылық – бұл мінездеме, ол білім берудің белгілі бір кезеңінен өткен адамға тіркеледі. Бұл ретте білім саласы сауаттылықтың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады. Дайындық, білім беру, тәрбиелеу және оқыту үдерістерінен айырмашылығы сауаттылық міндетті процесс және жаппай білім берудің сипаттамасы болып табылады. Функционалдық сауаттылық – бұл тек білім мен білім әлеміне кіру. Функционалдық сауаттылық – бұл адамдардың, бірінші кезекте, өзіне емес, басқаларға қоятын талабы. Функционалдық сауаттылық – ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени немесе гуманитарлық дамуының өлшемі, тек осы сапада сауаттылық жеке адамның даму өлшемі ретінде қолданылады.

Қорытынды. Білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері ретінде қарастырылған «функционалдық сауаттылық» ұғымына берілген түсіндірмелердің негізінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы туралы маңызды көзқарастарды қарастыра келе, келесідей тұжырым жасауға болады:

1) функционалдық сауаттылықты қазіргі оқушының білім деңгейінің бірі ретінде қарастыруға болады;

2) функционалдық сауаттылық – заманауи кәсіби білім берудің қажетті құрамдас бөлігі және құзыреттілік ұғымымен тікелей байланысты;

3) функционалдық сауаттылық – мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамыту негізі;

4) құзыреттілік тәсіл – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі;

5) функционалдық сауаттылық ақпаратты қабылдау, түрлендіру процесімен, көбінесе практикаға бағытталған білім негізінде тіршілік әрекетінің түрлі салаларындағы типтік міндеттерді шешуге қабілеттілігімен байланысты білім, білік, дағды, дербес қызмет тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы – бұл қазіргі білімнің қажетті құрамдас бөлігі, пәндік, пәнаралық, интегративті білімнің, іскерліктің, дағдылардың және функционалдық мәселелерді шешу тәсілдерінің жиынтығын білдіретін білім деңгейі, ақпаратты қабылдау, өзгерту, оқу міндеттерін шешу үдерісімен, сондай-ақ қоғаммен өзара іс-қимыл жасау міндеттеріне байланысты қызмет процесінде білім алушылар қолданатын оқу-әдістемелік құралдар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
2. Назарбаев Н. Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесу. Астана қаласы, 2008 ж.30 қаңтар.
3. Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана.
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.
5. Сметанникова, Н.Н. Стратегиальный подход к обучению чтению (междисциплинарные проблемы чтения и грамотности). Москва, 2005. – 512 с.
6. Лебедев, О.Е. Образованность учащихся как цель образования и образовательный результат. РГПУ им. А.И. Герцена, 2003. – С. 113–129.
7. Ордабаева Ж.Ж. Развитие функциональной грамотности одаренных учащихся в процессе обучения физике. //Педагогические науки/. Электронный ресурс: http://www.rusnauka.com/18_EN_2009.
8. Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: Автореферат дисс. д-ра пед.наук. – Алматы: 2003. – 47 с.
9. Раундина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары) п.ғ.к. дисс Автореферат.- Алматы, 2010.

Омаров Б.С.,
PhD, қауымдастырылған профессор м.а.
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы, Bahitzhan01@mail.ru

СПОРТТЫҢ ӘР ТҮРІНЕ БЕЙІМДЕЛГЕН МАМАН СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ АНАТОМИЯЛЫҚ ДЕНЕ БІТІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. *Спорттың әр түріне мамандanған спортшылардың дене бітімінің ерекшеліктері дененің дамуын, сондай-ақ дене құрылымы (конституциялық) ерекшеліктерін қалыптастырушы әсерлер көп. Олардың ішіндегі басшылары: әлеуметтік экономикалық жағдайлар, сыртқы орта, тамақтану ерекшеліктері, бастан кешкен аурулар, дене шынықтыру мен спорт. Әрине дене пішіні мен конституциялық ерекшеліктерді анықтайтын көрсеткіштердің ішінде тұқымқуалай берілетіндері де аз емес. Олар: бой ұзындығы, түлға мен аяқ-қол ұзындығы, олардың көлденең өлшемдері және т.б.*

Дененің дамуын, оның пішіні мен құрылымдық ерекшеліктерін қалыптастырушы себепшарттардың ішінде дене тәрбиесі мен спорттың орны ерекше. Жүйелі жаттығу барысында әр спорт түріне тиімді дене пішіні қалыптасатыны мәлім. Оған спорттық сұрыптау да әсер етеді. Осыған байланысты ғылыми мақалада баяндалған спорт түрлерінде қалыптасатын дене бітімінің ерекшеліктеріне әртүрлі әдебиеттерден мәліметтер жинап, ұсынып отырмыз және бұл мәліметтер спорттық іріктеу кезінде басты көрсеткіштер болып табылады. Сонымен қатар әр спорт түріне мамандanған спортшылардың құрылымдық және қызметтік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дұрыс және тиімді жаттығу жүйесін құру, олардың денсаулығына зиян келтірмей спорттағы жетістіктерін жаңарту жайында баяндалған.

Кілтті сөздер: *спортшылар, спорттың әр түрі, дене дамуы, дене пішіні, бұлшықеттер, буындар.*

ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕГО АНАТОМИЧЕСКОГО И ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СПОРТСМЕНОВ, ЗАНИМАЮЩИХСЯ РАЗЛИЧНЫМИ ВИДАМИ СПОРТА

Аннотация. *На физические характеристики спортсменов, специализирующихся в различных видах спорта, оказывают множество воздействий, которые определяют развитие тела, а также строение тела (конституцию). Они включают в себя: социальные и экономические условия, внешнюю среду, особенности питания, болезни, физкультуру и спорт. Есть ряд показателей которые определяют форму тела и конституциональные особенности. Они включают в себя: рост, вес, длину стопы и руки, горизонтальные размеры и т. д.*

Кроме того в статье говорится, что изменение подвижности суставов зависит от вида спорта, а также подвижность суставов имеет особенное развитие у высококвалифицированных спортсменов по сравнению с обычными людьми, особенно это видно при получении максимальной нагрузки на мышцы тела. Особенное место в формировании и развитии тела, его форм и структуры занимает физическая культура и спорт. В ходе регулярных занятий спортом, формируется определенная форма тела спортсмена в зависимости от вида спорта. На это также влияет спортивная квалификация. В связи с этим, в научной статье мы собрали и представили данные из различных литературных источников о физических характеристиках спорта и эти данные являются ключевыми показателями при спортивном отборе. Также в статье говорится о необходимости создания эффективной системы тренировок, учитывающей структурные и функциональные особенности спортсменов специализирующихся в каждом виде спорта, о повышении их спортивных достижений без ущерба для их здоровья.

Кілтті сөздер: *спортсменов, каждый вид спорта, физическое развитие, форма тела, мышцы, стыки.*

FEATURES OF THE GENERAL ANATOMIC AND PHYSICAL DEVELOPMENT OF THE ATHLETES WHO ARE ENGAGED DIFFERENT TYPES OF SPORT

Abstract. *On physical characteristics of the athletes specializing in different types of sport make a set of impacts which define development of body and also the structure of body (constitution). They include: social and economic conditions, external environment, features of food, disease, physical culture and sport. There is a number of indicators which define a shape of a body and constitutional features. They include: growth, weight, length of foot and hand, horizontal sizes, etc.*

Besides it is said in the article that change of mobility of joints depends on sport and also the mobility of joints has special development in highly skilled athletes in comparison with ordinary people, especially it is visible when receiving the maximum load on body muscles. The special place in formation and development of a body, its forms and structures is occupied by physical culture and sport. During regular trainings the sport, forms a certain shape of a body of the athlete depending on sport. It is also influenced by sports qualification. In this regard, in the scientific article we collected and submitted data from various references on physical characteristics of sport and these data are key indicators at sports selection. Also, it is told about the need of creation of the effective system of trainings considering structural and functional features of the athletes specializing in each sport about increase in their sporting achievements without prejudice to their health.

Keywords: *athletes, every sport, physical development, body shape, muscles, joints.*

Дененің дамуы деп әр адамның жұмыс қабілеті мен биологиялық жетілу сатысын сипаттайтын құрылымдық және қызметтік көрсеткіштердің жинағын айтады.

Дене дамуының көрсеткіштері ересек адамдар үшін де, балалар мен жасөспірімдер үшін де бірдей: бойдың ұзындығы, дененің салмағы, дененің әр бөлімінің шеңберлері мен диаметрлері, олардың бір-бірімен үйлесімділігі т.б. Бірақ дененің дамуы ересек адамдар организмінің күштілігін, жұмыс қабілетін анықтаса, балалар мен жасөспірімдердің онтогенез барысында өсіп, қалыптасу ерекшеліктерін сипаттайды. Дененің даму ережесі мен үйлесімділігі денсаулықтың басты көрсеткіштерінің бірі болып келеді.

Қазақ халқының ұғымында шымылдықтың алар орны ерекше. Оны екі жағдайда пайдаланады. Бірі – адам өмірден өткенде мәйітті оң жаққа қойып, бөтен адамдарға көрінбес үшін, екі ортаны шымылдықпен бөліп қояды. Мұндағы шымылдық – о дүниемен бү(л) дүниенің ара жігін ажыратып тұрған негізгі дүние. Яғни, адам фәни жалған дүниенің бар жамандық, кері әсерін тигізер сыртқы күштерден тазарып, оны тазалықта сақтап, о дүниеге бар күнәларынан арылып барсын деген ниетпен шымылдық пайдаланылады.

Ал екінші жағдайда жас келін бөтен үйге келін болып түскенде, табалдырықты оң аяғымен аттатқызып, құрылған шымылдық ішіне отырғызады. Екі жағдайда да шымылдық тазарту ғұрпын жасау үшін пайдаланылады. Сол секілді ақын да аққулар сезімінің пәктігінің куәсі ретінде шымылдықты алып отыр.

Сонымен, көптеген ақындарымыздың поэтикалық мифологемасына айналған аққу ұлттық дүниетанымымызда да қасиет пен киенің, тылсым күштің құс бейнесінде кейіптелуін қамтамасыз етті. Аққу орнитонимі махаббаттағы адалдықтың, сезім әлеміндегі тазалықтың және сұлулықтың стереотипі ретінде қалыптасып, тілдік ұжымның когнитивтік санасында біржолата орнықты. Асан Қайғының «Аққу – құстың төресі, ен жайлап көлді жүр еді...» деп толғануының философиялық-поэтикалық астары да осыған саяды. Рухтың азаттығы мен ғажап сырларын аққу, қаз, қыран, т.б. құстар арқылы ишаралау – жалпы әлемдік танымдағы тұрақты желі. Біз мақаламызда аққу орнитониміне байланысты тілдік деректерге тоқталдық, алайда қазақтың ұлттық танымында айрықша орын алатын басқа да құс атауларына байланысты тұрақты бірліктер көп. Оларды теолингвистикалық аспектіде қарастыруға арналған талпыныстар да жоқ емес [4]. Дегенмен ондай паремиологиялық қолданыстарды халқымыздың дәстүрімен, ырым-тыйымдарымен байланыстыра отырып, жан-жақты зерттеу қажет және оларға толыққанды лингвокогнитивтік талдау жүргізу келешек еншісінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-т. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. А.: Арыс, 2008. – 536 б.
2. Ай, заман-ай, заман-ай. А., 1991, 1-т. –384 б, 24 б.
3. Сейфуллин С. Екі томдық өлеңдер мен шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2004,280 б.
4. Сүйеркүл Б. М., Бигелдиева Н.Н. Орнитонимдердің қатысуымен жасалған тұрақты қолданыстарға теолингвистикалық талдау // С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №1, 2019, 79-83 бб.

Албатыр И.
І. Жансүгіров атындағы Жетысу мемлекеттік университеті
Azamat_520@mail.ru

Есенбек Ж.Б.
І. Жансүгіров атындағы Жетысу мемлекеттік университеті
yessenbek.zhumagali@gmail.com

Дүтбаева Н.С.
І. Жансүгіров атындағы Жетысу мемлекеттік университеті
nazym_ds@mail.ru

АҚПАРАТ АҒЫНЫ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ ҮРДІС

Аңдатпа: *Ақпарат жанры заман ағымына сай едәуір өзгеріске ұшырады. Кез-келген уақытта ғаламның әр түкпірінен тың және сенімді ақпарат алу бүгінгі адамдар үшін өте маңызды. Сол себепті бүгінгі мақалада ақпарат жанрының қыр-сырын ашып, анықтама беріп, еліміздің дамуына қосып жатқан үлесін айшықтауды мақсат етті к.*

Түйін сөздер: *Ақпарат, БАҚ, эволюция, жанр, репортаж, фельетон, эссе.*

Аннотация: *Информационные жанры сегодня претерпевают изменения. Получение новой и надежной информации из любой точки мира имеет важное значение для современного человечества. Вот поэтому наша главная цель-раскрыть особенности информационного жанра и подчеркнуть вклад в духовную жизнь страны.*

Ключевые слова: *Информация, СМИ, эволюция, жанр, репортаж, фельетон, эссе.*

Annotation: *Information genres today are changing. Receiving new and reliable information from anywhere in the world is essential for modern humanity. That is why our main goal is to reveal information of the genre, to emphasize the contribution to the spiritual life of the country.*

Keywords: *Information, media, evolution, genre, reporting, feuilleton, essay.*

«Жанр – газет, журнал материалының, радио және телевизия хабарларының өмір сүру және беру формасы», – деп қоғам қайраткері, зерделі зерттеуші Т. Қожакеев жанр эволюциясы ұғымына ғылыми түрғыда дәл және нақты баға беріпті [1]. Оны қайта айналып келмейтін, тура бағытталған тарихи даму үрдісі ретінде қарастырудың өзіндік маңызы бар. Кезінде яғни өткен ғасырда бұқаралық ақпарат беттерінде қарымды қаламгерлеріміз сілкінте, төгілте, нөсерлете жазып, елді елең еткізген памфлет, фельетон жанрын бүгінде емге таппаймыз. Жағаға соғылған сең сияқты репортаж, очерк, баспасөзге шолу қылаң береді. Барлығы жаһандану дейтін жаһандық тартылыс пен үрдістің үдесіне «ләппай» қызмет атқарып бара жатқандай. Дені айбары қайтқан арзан сөзге әуестеніп, ойы он саққа бөлінген эссе, ақпарат ағыны мен сұхбатқа құрылып барады. Осындайда сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың: «Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады», – деген түжырымы ойға оралады [1,2]. Біздіңше, қазіргі журналистиканың көріну қалыбы, нысаны замандық өзгерісте төрт тағандап, қайраткер айтпақшы тоқырау мен жоғалу үрдісіне дөп келіп отыр. Нақты болмыс-құбылысты жазып, суреттеп айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылым белгілеген, жүрт танығ ан формалары болады. Өзіндік сипаты, белгілері бар сол нысан өзіне ғана тән, құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік ерекшелігімен айқындалып, халықтың келешегіне жұмыс істесе құба-құп. Бұл жөнінде М. Барманқұлов жанрлар эволюциясы: а) жойылу (декрет, мәлімдеме, манифест, декларация), ә) қайта келу (репортаж, сұхбат), б) қайта түрлену және жаңа мазмұнмен толығу (публицистикалық шолу), в) дәстүрлі жанрлардағы өзгеріс; г) жанрдың басқаша мағынаға ие болуы», – деп айшықтап, кеңінен түсіндірді [1,3]. Жанр эволюциясын да біріншіден, уақытпен, екіншіден, бейнелеуші құралдармен, үшіншіден, жанрдың атқаратын функциясымен байланыстыра қарастыру керек деп байлам жасайды. Келешекке жасалған замандық пікір, толғамды ой. Айтқаны алдыңнан айнытпай шықса, келіспеске шараң қанша?!

Біз бұл бір ғана зерттеуде аталған барлық жанрлардың тарихын ашып, теориялық, практикалық мәселелерін шешіп бере қоюымыз мүмкін емес. Бұл істе басқа зерттеушілердің де үлесіне тиер сыбаға аз болмас. Келешекте олардың жанрлар проблемасы жөніндегі пікірді дамыта, толықтыра, орнықтыра

түсері даусыз. Әрбір болмыс-құбылыс үнемі дамуда, өзгеруде, жаңғыруда дейтін болсақ, журналистің ой-өріс көрінісі де, туындыларының жанрлық түрі де әрқашан жаңа қыр-сырмен ерекшеленіп отырады. Бұл үнемі жаңа зерттеу жүргізіп, тың пікір айтып түруда таптырмас алаң дер едік. Сондықтан да біз бұл жолғы зерттеу материалымызда жоғары да өзіміз тілге тиек етіп отырған ақпараттық жанрды елеп, екшеп кетуді жөн санадық. Әрине бұнымыз «Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» бағыт алғанымыз емес, жас ғалымының өз әлеміне ізденіс жасаған қадамы деп түсінген абзалырақ болар.

Ақпарат, яғни «информация» сөзі латын тіліндегі «informatio» – мәлімет, түсініктеме деген мағына береді. Аталмыш ұғым жайында барлық ғылым саласында жылдар бойы пікірталастар толастамаса да бәрі біркелкі мойындаған, бір ізді етіп белгіленген түжырымдама әзірше анықталған жоқ. Әркім айналысып жүрген саласы бойынша, қызмет түріне сәйкес «ақпаратты» өзінше ұғынып, өз қабылдауынша игілігіне жаратып келеді. Біз дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, белең алып келе жатқан жаһандану үдерістерінен ешбір елдің саяси өмірі мен бұқаралық ақпарат құралдары тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет келіп отырмыз. «... біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп те жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» жасыру мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария естілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде»,-дейді академик Ғ. Есім [2]. Орамды ой, қисынды пікір. XXI ғасырда өмір сүрып отырған адамзат баласы үшін тартымды, тағылымды, тұшымды уәж кестелеген. Бұған қоса ақпарат – материя, энергия сияқты ежелгі әрі іргелі ұғымдардың бірі деген де зерттеушілер пікірі бар. Оған сәл кейін тоқталамыз. Алдымен өзіміз зерттеп отырған осы тақырыпқа дәлме-дәл анықтама бере алмасақ та оның басты сипаттарын анықтап көрдік:

1. Ақпарат – қабылдаудан бұрын мүлде беймәлім болған жаңа мағлұмат.

2. Ақпарат – материалдық зат емес. Десекте, әрбір арнайы белгі, дыбыс сияқты материалдық тасымалдаушылар арқылы көрініс табады.

3. Аталмыш белгілер жеке дара және көптеген жиынтықтары арқылы да ақпаратты сақтай алады.

4. Қандай да бір белгі және дыбыс – тек оның мәнін ұғатын, түсінуге қабілеті жететін қабылдаушыға ғана ақпарат жеткізе алады.

Міне осылай өз әлімізше баламалап, бағдарлап, тізбектеп келе жатсақ, американдық заңгер Нейдердің: «Информация – основная валюта демократии»,-деген сөзі көлденеңдеді [3]. Демек, ақпарат бүгінде тек адамзат баласына ақпар беріп қана қоймай демократияландыру үрдісінің басты өлшемдерінің біріне айналған. Сонымен ақпарат – қоғамдық мәнге сай жаңа мағлұмат, білім. Қазіргі үшқан құстай дамыған қоғамда әрбір елдің ең негізгі ұлттық құндылығы – білім, білігі және ақпаратымен айқындалатынына ешкім күмән келтіре қоймас. Осыдан келіп-ақ, белгілі бір елде зайырлы қоғамның орнауының, материалдық өндірісінің қуаты, рухани ойының потенциалы сондағы айналымға енгізіліп отырған ақпараттың мөлшері мен сапасы арқылы бағаланатын үрдіс әлемде қалыптасқанын байқаймыз. Сондықтан да, «Ақпарат деген ұғымның мазмұны мен маңызы ерекше өсіп, материя, энергия секілді ғылымның іргелі ұғымдарымен тең дәрежеге жетті»,-деген филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ. Шамахайұлы мен орыс ғалымы, техника ғылымдарының докторы В. Плыкиннің: «Разум вселенной – первичен, информация – вторична, энергия третична, а материя и сознание – произведены от первых трех» (Ғаламның санасы, ақыл-ойы – алғашқы, ақпарат – екінші, энергия – үшінші кезекте пайда болса, ал материя мен таным осы үшеуінен бастау алады) деген түжырымдарының бір-біріне жақындығына көз жеткіземіз [4]. Батыс философы Роберт А.Уилсонның «Новая инквизиция» еңбегіндегі: «Информация: степень непредсказуемости сообщения; грубо говоря, информация – это то, что вы не ожидаете услышать. Информация в этом смысле может быть «истиной» или «ложной», но всегеда непредсказуемой»,-деген пікірі де жоғарыда айтылған ақпараттың сипаттамаларына сайып келеді [5].

Масс-медиа саласында да ақпарат деген ұғым әрдайым басты назарда. Мұнда негізінен екі түрлі бағыт үстану бар. Бірінші бағыт бойынша, ақпарат дегеніміз – әр түрлі хабарламалардың жиынтығы деп анықталады. 1999 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында «ақпаратқа» мынадай анықтама берілген: «Бұқаралық ақпарат – тұлғалардың шектеулі топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары» [6]. Масс-медиадағы

екінші бағыт – ақпаратты журналистиканың белгілі бір жанры деп біледі. Журналистика жанрларының ең негізгісі әрі атасы ақпараттық жанрлар. Ақпараттық жанрдағы материалдар субъективтік көзқарастан, жеке тұлғаның қорытындысынан ада болатындықтан әлем журналистикасын зерттеушілер оны жарияланымның жоғары формасы деп атап жүр. Өзге жанрлардан гөрі ақпараттық жанр түрі артық шеберлікті, нақтылықты, жинақтылықты талап етеді. Ақпараттық хабарда әсіресе қызыл сөздермен тіл безеудің де, өте қара байыр тілмен түрпайы жазудың да зияны бірдей болғандықтан, жалпы және кәсіби шектеу ақпарат жазушының іс-әрекетін ретсіздіктен, жүйесіздіктен сақтап, нағыз іскер, әрі шығармашылық түрғыдан тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды. Сондықтан да ақпараттық жанр – ең өнімді жанр деуге негіз бар. Қоғамдық-саяси мазмұнына сай әркімге ең жақын әрі тартымды жанр болып табылатындықтан ақпарат құралдары, соның ішінде мерзімді басылымдардың онсыз күні қараң деуге болады. Газеттер мен электрондық ақпарат құралдарындағы барлық жарияланымдардың 50 пайызға жуығы ақпараттық туындылар иеленіп жатқаны бұл сөзіміздің айғағы.

Шынымен де ақпараттық жанрдың баспасөзде ерекше ойып алар орны бар. Ол – газет тілшілерінің болған оқиғаның ізін суытпай, жеңіл де ыңғайлы жаза қоятын жанры. Ол – бүгінгі өмір тынысын, шетелдегі түрмыс шындығын жан-жақты көрсетеді. Ақпараттық жанрды баспасөзбен эфирде орынды пайдалана білсе, оның мүмкіндігі шексіз. Сондықтан бүгінгі өскелең өмірдің мәні мен сәнін келтіріп жүрген аталмыш эволюция жаңалықтың хабаршысы болуы көңілге сияды. Ендеше, ақпара айдынындағы желкеніміз төмен түспесін демекпіз!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Астана ақшамында мәдениет тақырыбының көтерілуі»//https://el.kz/en/amp-news, 17.09.2017.
2. Молдахметұлы Ж. Екінші сыныптан күнделік жазған жазушы//Айқын, 30 шілде 2008.
3. Белинский В.Г. Сто русских литераторов//ПСС. Т. V. – М.: АН СССР, 1954.
4. Дүйсембекова Л. Қазақты намысы қамшыласын//Ана тілі, 17 сәуір 2008. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М.: Аспект Пресс, 1996.
5. Штейнгольд А.М. Сюжет в критической статье (К постановке проблемы). – Сюжет и художественная система. – Даугавпилс: ДПИ, 1983.
6. Ссылка: http://adilet.zan.kz/kaz

МРНТИ 11.25.41

Әділбаева Ұ.Б.,
ф.ғ.к., доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., Jalgas.biken@mail.ru

Гайипова Г.А.,
Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., gaiipova.gulipa@gmail.com

КЫРГЫЗ ЖАНА КАЗАК ТИЛДЕРИНИН ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫН ЛЕКСИКАЛЫК ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ

Аннотация. *Бул макалада биз казак-кыргыз тилдериндеги фразеологизмдердин колдонулушу, жасалышы семантикалык топтору, грамматикалык өзгөчөлүктөрү, ошону мене катар лексикалык курамы боюнча айрым өзгөчөлүктөрдү эске албаганда, аталган тилдерде фразеологизм проблемасынын калыптанышы жана тектеш тилдеги айырмачылыктарды көрсөтүү туралуу айтмакчабыз.*

Түйүн сөздөр: *тил, классификация, фразеологиялык ширешме, семантикалык топтор, салт-санаа, түп нуска.*

Аннотация. *Мақалада қазақ және қырғыз тілдеріндегі фразеологиялық бірліктерді, семантикалық топтарды пайдалану мәселесі қарастырылады, сондай-ақ, егер жоғарыда аталған тілдердегі лексикалық құрамы бойынша кейбір айырмашылықтарды ескермесе, фразеологизмдерді қалыптастыру мәселесі және осы туыстық тілдердің айырмашылықтарын сипаттау қарастырылады.*

Түйінді сөздер: *тіл, классификация, фразеологиялық айналым, семантикалық топтар, салт-дәстүрлер, түпнұсқа.*

Аннотация. *В статье рассматривается вопрос использования фразеологических единц в казахском и кыргызском языках, семантические группы, а также, если не учитывать некоторые различия по лексическому составу в вышеуказанных языках рассматривается проблема формирования фразеологизмов и описание различий этих родственных языков.*

Ключевые слова: *язык, классификация, фразеологический оборот, семантические группы, обычаи и традиции, оригинал.*

Abstract. *The use of phraseological units in the Kazakh and Kyrgyz languages, semantic groups, and also, if some differences in lexical composition are not taken into account, the problem of forming phraseological units and a description of the differences of these related languages are considered in this article.*

Key words: *language, classification, phraseology, semantic groups, customs and traditions, original.*

1. Киришүү. Азыркы кезде кыргыз жана казак тилдери мамлекеттик тил статусуна ээ болуп, ушул эки тилде сүйлөөчү боордош кыргыз жана казак калкы өз тилдеринин кылымдарды карыткан тарыхын терең билип, ооз эки адабияттын, которулган башка элдин адабиятынын тил аркылуу тартууланган көркөм образдарын, жеткиликтүү кылып андан да көркөмдүүрөөк кылып жеткизген эне тилдеринин касиет баалуулуктарын билүү азыркы күндө өзгөчө мааниге ээ болуп олтурат.

Ар бир тилдин тилдик образдары ошол тилде сүйлөгөн калктын дүнүйөтанымынын, маданиятынын көрсөткүчү, ошондуктан кандай тил болбосун улуттук сапаты басымдуураак болот. Ушул себептен, фразеологизмдерди изилдөөчүлөр илимдин маданият таануу бөлүгүнө көбүрөөк токтолушу кажетүүрөөк деп санайбыз. Себеби салт-санаасы, маданияты, курчаган ортосу, тили жана менталитети, жашоо-шарты окшош элдердин тилдик образдарында улуттар аралык окшоштуктар өтө көп кездешет. Улуттар аралык көркөм образды талдоо үчүн биз эзелтеден тарыхындагы, турмуш тирилчилигиндеги, жашоо шартындагы, тилиндеги окшоштуктары жакын казак жана кыргыз тилдерин алдык. Бул макалада биз Муктар Ауезовдун «Абай жолу» роман эпопеясындагы фразеологиялык бирдиктердин түп нуска казак тилинен кыргыз тилине которулушу тууралуу сөз козгомокпуз. Башкача айтканда, фразалык тиркештердин маанисн менен тилдик көрүнүштүн окшоштуктарына жана өзгөчөлүктөрүнө токтолобуз. «Абай жолу» роман эпопеясынын казакча түп нускасы жана кыргызча котормосу биздин негизги объектибиз болуп саналат.

Дүйнөлүк тилдерде котормо аркылуу рухий-маданий байланыштар жогорку деңгээлде жолго коюлуп, котормонун теориясы жана практикасы боюнча жүздөгөн илимий жана практикалык эмгектер жарык көргөн. Бул багыттагы иш аракеттер бүгүнкү күндө да улантылууда. Мындай алгылыктуу иш-чаралар, ар бир элдин, улуттун тилинин жана маданиятынын өркүндөп өсүшүнө өбөлгө түзүп, дүйнөлүк маданиятты байытып келе жаткандыгын да баса белгилей кеткибиз келет.

Ал эми түрк тилдериндеги бул багытта жүргүзүлүп жаткан иштердин абалы башкачараак. Котормо боюнча аздыр-көптүр изилдөөлөр жүргүзүлүп жаткандыгына карабастан алдыда али лингвистикалык-теориялык, практикалык жактан ыкчам чечүүнү талап кылган маселелер арбын. Ошол эле учурда түрк тилдеринде, анын ичинде азыркы казак жана кыргыз тилдеринде жарык көргөн лингвистикалык сөздүктөр, аталган тилдердин фразеологиясы боюнча корголуп жаткан диссертациялык иштер, монографиялык эмгектер аталган тектеш тилдердин фразеологизмдердин салыштырып изилдөөгө обьект, предмет жана факты-материал боло алат.

Түрк тилдеринин фразеологиялык өзгөчөлүктөрүн изилдеген окумуштуулардын ичинде алгач аларды классификациялоо маселесин колго алган казак окумуштууларына:

А.Т. Кайдаров, Р.Е. Жайсакова, С.Т. Наурызбаева жана Ш.У. Рахматуллаевдерди ж.б. кошууга болот. Р.Е. Жайсакова кандидаттык диссертациясынын экинчи бөлүмүн казак тилинин фразеологиясын лексикалык-семантикалык жактан классификациялоо маселесине арнаган. Изилдөөдө туруктуу сөз айкаштарындагы компоненттердин өз-ара байланышына карай үч топко бөлүп караган. Биринчи, жалпы мааниси сөз айкашына кирип турган компоненттердин мазмуну менен байланышсыз фразеологизмдер, маселен, таш боор, жүрөк жуткан; экинчи, маанилери далилденген фразеологизмдер (значение которые мотивированы) мисалы кулак угуп көз көргөн, жер тееп ыйлоо; үчүнчү, сөз айкашына кирген компоненттердин кээ бирөөлөрүнүн мааниси өзгөчөлөнүп келген фразеологизмдер, мисалы чалкыган көл, аскар тоо ж.б. деп бөлгөн. Окумуштуу казак тилинин фразеологиясын түзүлүшү жагынан эки компоненттен тартып беш компонентке чейин түрлөрүн морфологиялык жагынан адвербиалдуулук, атоочтук, адьективтүүлүк, этиштик формалары, сүйлөө (речевые) штамптары деп топтоштурган. Ал эми синтаксистик өзгөчөлүгү жагынан: фразеологизмдерди-сүйлөмчөлөр жана синтаксистик кызматы жагынан айрымалана турган фразеологизмдер деп топтоштурган. Ошону менен бирге Р.Е. Жайсакова казак тилиндеги фразеологизмдерди заттык-тематикалык топторго: зоонимдик, өсүмдүк атоолору менен келе турган, астрономиялык түшүнүктөрдү бере турган, диний мифологиялык ишенимдерге байланыштуу, сан аточтор менен келе турган, адамдын кулк-мүнөзүн башка да өзгөчөлүктөрүн билдире турган фразеологизмдерди белгилейт. Ал эми М.М. Копыленко тилдердеги фразеологизмдерди топтоштурууда жогоруда айтылган пикирлерге карама-каршы өзүнүн ой-пикирин сунуш кылат. Ал фразеологизмди айырып көрсөтүүдө даяр калыбында колдонуу белгисин сунуш кыла отуруп, тилде белгилүү бир лексема менен бирге (туташ) лексемалар категориясы да даяр калыбында колдонуу касиетине ээ дей отуруп, орус тилиндеги «будить» (ойготуу) этишин жандуу заттарды билдире турган жана ойлоо, сезүү касиеттерин билдирүүчү лексемаларга кошуп аны фразеологиянын катарында караштыруу керек деген. (97). Биздин изилдөө жумушубуздун объектисине тилдеги фразеологизмдерди топтоштуруу маселеси кирбейт. Анткен менен, кыргыз жана казак тилдеринин фразеологиясынын курулумдук-семантикалык жүйөсүнө жана тематикалык топторго талдоо жүргүзүү үчүн эки тилдин фразеологиялык корундагы белгилүү бир орток касиетке ээ фразологизмдерди тандап алууга тура келди. Биз ушул кыргыз жана казак тилдеринин фразеологизмдерин айырмалап көрсөтүүдө жалпы тил илиминде С.И. Ожегов, В.П. Жуков, А.И. Молотковдун сунуш кылган багыттарды колдонобуз. Салыштырмалуу талдоо жасала турган кыргыз жана казак тилдеринин фразеологизмдери образдуулукка, тыянактуулукка, маани туташтыгына жана даяр калыбында колдонуу касиетине ээ.

2. Ыкмалар жана натыйжа. Тилдердеги фразеологизмдер эркин айкаштардын маанилеринен тыянакталып, айкашка кирген компоненттердин лексикалык маанисинин алсырап кээде такыр маанисинен четтеп калуунун натыйжасында жасалат. Демек, эркин айкаштардын курамындагы лексикалык бирдиктердин бири-бири менен байланышуу амалдары-туруктуу айкашка, анын ичинде фразеологизмге ылайыктуу. Фразеологизмдин образдуулугу, улуттук өң, семантикалык өзгөчөлүк, өзгө тилге сөзмө-сөз которулбоосу, компонентарлык байланыштардын жоголушу, кыскача айтканда идиомалуулугу-

көптөгөн изилдөөчүлөрдүн фразеологиялык бирдиктерди моделдөөгө болбой тургандыгы тууралуу тыянак жасоого алып келет. Салыштырып жаткан тилдердин экөө бири-бирине тектеш болгондуктан, алгач, бул эки тилдин (казак жана кыргыз) материалында фразеологизмдердин жасалышындагы жалпы мыйзам ченемдүүлүктөрдү белгилөө менен, алардын окшоштук жана айырмачылык жактарын белгилеп кетмекчибиз.

Казак жана кыргыз элдери коңшу жашап, турмуш-тиричилик, кесип, дүйнө таануусу, коомдук-социалдык абалдары, экономикалык байланыштары кылымдар бою өтө тыгыз болгондуктан, тил жагынан болсун, турмуш шарттары жагынан болсун, бири-бирине жакын элдер экендиги белгилүү.

Фразеологизмдердин колдонулушу, жасалышы семантикалык топтору, грамматикалык өзгөчөлүктөрү да бул тилдерде, негизинен, бирдей лексикалык курамы боюнча айрым өзгөчөлүктөрдү эске албаганда, аталган тилдерде фразеологизм проблемасы, анын калыптаныш, өнүгүш булактарынан өтө кескин айырмачылыктарды көрсөтүү да кыйын. Фразеологизм жүйөсүндө мындай өзгөчөлүктөрдү башка түрк тилдери менен салыштырууда деле байкоого болот. Бирок бул маселени нагыз илимий бүтүм катары кароо да тура эместей сезилет. Анткени тектеш тилдер бири-бирине кандай деңгээлде жакын болгондугуна карабастан, лексикалык өзгөчөлүктөр, сөздөрдүн колдонулуш даражасы, өзгөчө фразеологизмдердин компоненттеринин колдонулуш жагын изилдөөгө алган учурда, сөзсүз, белгилүү айырмачылыктарды учуратабыз.

Фразеологизмдер кепте даяр бир бүтүн бирдик катары анын курамындагы сөздөр алган ордун анчейин өзгөртпөй, бирдиктүү тартипте жайгашкандыгы менен эркин сөз айкаштарынан, макал-лакаптардан ой-корутунду чыгарылып, окуяны кыска, так таамай түшүндүргөндүгү менен айырмаланса, татаал сөздөрдөн курамындагы компоненттеринин саны өзгөрүү даражалары, маанилик катыштары аркылуу айырмаланып турат.

Кыргыз тили боюнча соңку чыккан эмгекте фразеологизмдердин семантикалык мүнөздөмөсү төмөнкү маселелер менен бирге чечилиши баса белгиленет:

а) фразеологизмдердин бир бүтүндүк жана өтмө мааниси;

б) фразеологизмдердин семантикалык топтору;

в) фразеологизмдердин көп маанилүүлүгү жана омонимдер;

г) фразеологизмдердин синонимдери;

д) фразеологизмдердин варианттары;

ж) фразеологиялык антонимдер, (4,73б).

Фразеологизмдердин бир бүтүндүк мааниси өзүнүн курамындагы ар бир сөздүн тике маанисинин өтө эле күңүрттөп, жоголуп кетиши менен пайда болсо, эркин сөз тизмегиндеги өтмө маани андагы сөздөрдүн башка бир нерселерге колдонулушунан келип чыккандыгы белгиленип, тиешелүү мисалдар аркылуу далилденет (сайраган булбул, жайнаган билим). Ал эми фразеологизмдер бир бүтүндүк ширелишкен маанини билдирүү үчүн жалпы эл тарабынан салттуу колдонулуп, эркин сөз тизмектериндеги өтмө маанини фразеологизмдер менен чаташтырбоо керектиги, анткени фразеологизмдердин бир бүтүндүк мааниси салтту мүнөзгө ээ болуп, эл тарабынан даяр кептик материал катары колдонулушу белгиленген. (4,111б). Өтмө маани көбүнчө көркөм чыгармаларда автордук-жеке өзгөчөлүктө пайдаланылат.

Биз өз изилдөөбүздө да Ж. Осмонованын берген фразеологизмдердин негизги семантикалык топторун жетекчилике алып, анын айрым элементтерин колдонобуз. Анткени биздин изилдөө көбүнчө тектеш тилдердеги фразеологизмдерди салыштыруу иретинде болмокчу.

3. Талкулоо. Казак жана кыргыз тилдеринин фразеологиялык өзгөчөлүктөрүн салыштырганда, негизинен, төрт өзгөчөлүккө көңүл буруу зарыл.

I. Казак жана кыргыз тилиндеги эч өзгөрүүгө учурабай колдонулган фразеологизмдер.

II. Айрым компоненттери башка сөздөр менен алмаштырылып колдонулган фразеологизмдер.

III. Ар бир тилде өз алдынча колдонушка ээ болгон фразеологизмдер.

IV. Алкыш, наалат, каргыш түрүндөгү фразеологизмдер.

Биринчи өзгөчөлүктөр боюнча төмөнкү семантикалык топторду бөлүп көрсөтүүгө болот:

1. Мезгил, өлчөм, мейкиндик, орун, жаш куракты билдирген фразеологизмдер:

№	Кыргызча	Казакча	Түшүндүрмө мааниси
1	Атам замандан бери	атам заманнан бері	небак мурда, илгертеден, көп мезгил мурун
			болжол менен 1,5 – 2 саатча убакыт, элдик убакыт
2	бээ саам убакыт	бие саумдай уақыт	өлчөмүн аныктоо моделинде пайда болгон *өтмө мааниде* – адамдын жүрүм-турумунда, чечимдеринде өзгөрүлүп турууну сыпаттайт
3	бир күнү-бээ бир күнү төө	бір күн-бие, бір күн-түйе	анчалык узак эмес убакыт
		шай қайнатым уақыт	бул да, тигил да дүйнөдө «вовеки веков тынчтык бейпилдик өкүм сүрүү
4	чай кайнам убакыт	екі дүниеде	өтө тез
5	эки дүйнөдө	ел аяғы басылғанда	жыргал заман орноо
6	эл аягы басылганда	қас қағым	
7	каш какканча	қой үстіне боз торғай	
8	кой үстүнө торгой жумурткалаган (уялаган) заман	жұмыртқалаған кез	жапжаш, жаштык курагы эми эле башталган
		он екіде бір гүлі ашылмаған	ат чабылчу жердей аралык
			өлүм алдында
9	он гүлүнүн бири ачыла элек	ат шаптырым жер	
		бір аяғы жерде, бір аяғы көрде	байыртадан, атам замандан
10	ат чаптырым жер		түпкү теги, ата-бабалары
11	бир буту жерде, бир буту көрдө	әлімсақтан-бері	дүйнө жүзү
		жеті ата	алыс адам жете албаган аралык ченеми
12	ал мустактан бери	жеті әлем	тез жете турган аралык ченеми
13	жети ата	ит өлген жер	карылыгы жеткен, өлөрүнө жакын калган
14	жети аалам	тай шаптырым жер	кыйынчылык, кысталыш мезгилде көрүшүү
15	ит өлгөн жер	төрінен көрі жақын	
16	тай чаптырым		
17	төрүнөн көрү жакын канжыгада көрүшүү	қанжығада көрісу	
18			

2. Адамдардын сыпаттык белгилерин билдирген фразеологизмдер:

№	Кыргызча	Казакча	Түшүндүрмө мааниси
1	ағы-ак, қызылы-қызыл	ағы-ақ, қызылы-қызыл	татынакай, бардыгы келишкен
2	ак көңүл	ақкөңіл	көңүлүндө кири жок
3	эгиз козудай	егіз қозыдай	жаны окшош бирге
4	эгиздин сыңары	егіздің сыңары	ынак жакын
5	эки бакыр, бир-тукур	екі бақыр, бір-түқыр	ынтымакташуу, баш кошуу
6	замзам суусундай	зәмзәм суындай	ыйык суудай, өтмө мааниде
7	колоң чач	қолаң шаш	калың,узун чач
8	коен жүрөк	қоян жүрек	өтө эле коркок, өтүмү жок
9	оймок ооз	оймақ ауыз	жакшынакай ооз
10	шалпаң кулак	салпаң құлақ	тыңчы
11	сары ооз	сары ауыз	акыл эси толо элек
12	сегиз кырдуу, бир сырдуу	сегіз қырлы, бір сырлы	акылман адам
	сүттөн ак, суудан таза тиш		
13	каккан	сүттен ақ, судан таза	таза эч күнөөсүз
14	таш боор	тіс қаққан	көптү көргөн такшалган
15	узун кулак	тас бауыр	ырайымсыз
16		ұзын құлақ	көп нерседен кабардар

Адамдардын сапаттык белгилерин сыпаттаган фразеологизмдер. Бул топ эки түрдүү өзгөчөлүктү өзүнө камтып турат алар: оң жана терс сапатты билдирген фразеологизмдер .

а) Оң сапатты билдирген фразеологизмдер:

№	Кыргызча	Казакча	Түшүндүрмө мааниси
а) Турмуштагы ынтымак, үмүттөнүүнү, эскертүүнү, жетишүүнү, иши оңунан чыгуун у туюндурган фразеологизмдер:			
1	чүкөсү айкур алчы түшүү	асығы алшысынан түсу	иши оңунан чыгуу, оңолуу
	ат жалын тартып минүү	ат жалын тартып міну	
2	колго да карга чычаар	біздің де қолга қарға тышар	эресеге жетүү
3		дәм-тұзы жарасу	биздин үйдө да майрам болоор
	даам-тузу жарашуу	делебесі қозу	
4	делебеси козголуу	жүлдызы жарасу	ынтымакта жашоо
5	жылдызы жарашуу		ыракаттануу
6		құлағына алтын сырға	бейпил жашоо, бири-бирине төп
	кулагына алтын сырга	ләм демеу	келишүү
7	лам дебөө		кыйытып айтуу
8			эч кандай сөз чыгарбоо, макул болуу
б) Калыстыкты, адилеттүлүктү, момундукту, берилгендикти билдирген фразеологизмдер:			
1	кара кылды как жарган	қара қылды қақжарған	адилеттү
2	кой оозунан чөп албаган	қой аузынан шөп алмайтын	эч кимге зыяны жок
	чөп башын сындырбаган	шөп басын сындырмайтын	
3	ысыгына күйүп, сугууна тоңуу	ыстығына күйіп, суығына тоңу	момун адам
4			кубанычты жана жамандыкты тең бөлүшкөн, берилген
в) Адамдардагы достук, туганчылык, жакынчылыктын белгилерин көрсөткөн фразеологизмдер:			
1	карыш-карыш, сөөм-сөөм	қарыс-қарыс,сүйем-сүйем	адамдардын жакынчылык мамилелери
2	үзөнгүлөш дос	үзеңгілес дос	замандаш дос, бир курак курдаш
г) Кара санабоо, жамандык кылбоо, бири-бирине карата актык бектикти билдирүүчү фразеологизмдер:			
1	ала жипти аттабоо	ала жібін аттамау	жубайдык турмушта бири-бирине ак, бек болуу
2	каш-кабагына кароо	қас-қабығына қарау	көңүлүн калтырбай мамиле кылуу
д) Шарттуу белги, болорун болгондугун, жашырын иштер жүргүзүлгөндүккө байланыштуу колдонулган фразеологизмдер:			
1	бармак басты, көз кысты	бармақ басты, көз қысты	жашыруун иш
		бастан құлақ садаға	
2	баштан кулак садага	болары болды, бояуы сіңді	аман болсок болду
3	болору болду, боёсу канды		кылган иш бүтүү, өзгөртүүгө мүмкүн эмес
ж) Бийлик жөнүндө айтылган фразеологизмдер:			
1	эки тизгин, бир чылбыр	екі тізгін, бір шылбыр	толук бийликти колго алуу
2	ай дээр ожо, кой дээр кожо жок	әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ	бийликтеги башаламандык, тартипсиздик
з) Баатырдык кайраттулукту билдирген фразеологизмдер:			
1	жүрөгүндө оту бар. жүрөгүндө	жүрегінде оты бар жүрегінде	эр жүрөк
2	жалы бар	түгі бар	
и) Уялуу, сагынуу, күтүү, ашкерелөө, уяткарууну билдирген фразеологизмдер:			
1	бет мончогу төгүлүү, бетинен оту чыгуу	бет моншағы үзіліп, бетінен оты шығу	өтө уялуу
2	эки көзү төрт болуу	екі көзі төрт болу	узак убакыт күтүү, сагынуу
3	кебез менен мууздоо	мақтамен бауыздау	бычаксыз мууздоо
к) Илим, билим, этнографиялык фразеологизмдер			
1	ийне менен кудук казгандай	инемен құдық қазғандай	өтө оор эмгек, акыл эмгеги
	өз үйүм, өлөң төшөгүм	өз үйім, өлең төсегім	
2	соогат суроо	сауға сұрау	өз үйүм, өз бешигим
3	сөөк жаңыртуу	сүйек жаңғырту	азаттык (боштондук) суроо
4			туугандык мамилени кудалашуу аркылуу кайра түзүү
5	таарынсаң таласка бар	тарынсаң таласқа бар	бири-бири менен түшүнүшү

b) Терс сапатты билдирген фразеологизмдер

№	Кыргызча	Казакча
1	оозу алты карыш	ауызы алты қарыс
2	оозу менен орок оруу	аузумен орақ ору
3	оозуна кум куюу	ауызына күм кую
4	оозунан ак ит кирип, кара ит чыгуу	ауызынан ақ ит кіріп, қара (көк) ит шығу
	ооздууга сөз, буттууга жол бербөө	ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеу
5	оозун куу чөп менен сүртүү	ауызын қушөппен сүрту
6	сөзгө конок бербөө	сөзге қонақ бермеу
7		
8	айдаганы беш эчки, ышкырыгы таш жарат	айдағаны бес ешкі – ысқырығы жер жарады
	ачкадан өлүп, көчтөн калбоо	аштан өліп, көштен қалмау
9	куюшканга кыстырылуу	құйысқанға қыстырылу
10	чычкан мурдун канатпаган	тышқан мүрнын қанатпаған
11	чөп башын сындырбоо	шөп басын сындырмау
12		
13	башына кара жамынуу	басына қара жамылу
14	бөдөнөдө уя жок, кайда барса бытпылдык	бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық
	көңүл айтуу	көңіл айту
15	кара басуу	қара басу
16	кара кагаз	қара қағаз
17		
18	жер жебирине жетүү	жер жебіріне жету
19	зыгарданы кайноо	зығарданы қайнау
20	колтугуна суу бүркүү	қолтыққа су бүрку
21	төө чечкендей кылуу	түйе шешкендей қылу
22	акесин таанытуу	әкесін таныту
23	эшектин мээсин жеген	есектің миын жеген
24	бөйрөктөн шыйрак чыгаруу	бүйректен сирақ шығару
25	жумурткадан кыр чыгаруу	жұмыртқадан қыр шығару

Казак жана кыргыз тилдеринде ар бир тилге карата колдолунган фразеологизмдердин тобу да кездешет. Бул өзгөчөлүктө салыштырылган тилдерден синоним, варианттарды табууга мүмкүн болгон материалдар караштырылды. Мындай фразеологизмдер эки элдин каада-салты, үрп-адаты, турмуштиричилигинде, маданияты, чарбачылыгындагы айрым өзгөчөлүктө жасалып, лексикалык курамы жагынан да башка сөздөр аркылуу уюшулгандыгын аңдоого болот. Мындай туруктуу сөз айкаштары эки тилде тең кеңири кездешип, бирок алардын синонимдерин табу оңой.

Төмөндө биз талдоого алган материалдардан алардын вариант, синонимдерин табууга аракет кылып көрөлү.

Казакча: Ағаш атқа мінгізу «сделать посмещищем» – кыргыз тилинде стилистикалык синоним катары, «абийирин айрандай төгүү» деген фразеологизмди берүүгө болот. Казакча басынан күс үшырмау «не позволять никакого произвола и насилий», бодам болу «быть в зависимом положении», бүйымтайым сұрау- «узнать желание гостя», бұралқы сөз- «несерезное слово, пустые разговоры», бір тарының қауызына сыйгызу «согнуть дугу (в три дуги)», бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай «словно сговорились» дәулетіне – сәулеті сай – «богатая, комфортная жизнь», дәті шыдамау «не выдерживать», діңкесі күру «выбиться из сил» сыяктуу туруктуу сөз айкаштары ушул лексикалык курумда кыргыз тилинде колдонулбаса да, мааниси жагынан шайкеш келген фразеологизмдерди табууга болот: баш көтөртпөө – «көз ачырбай үстөмдүк кылуу», кууп салуу – «бирөөнүн көзүн кароо», конок каадасын суроо – « келген меймандардын ал – жайын билүү», тили суук, керооз – « оозуна алы жетпеген», акесин таанытуу – « теске салу», тилин табуу – «сүйлөшүп алгандай макул кылуу», жайыл дасторкон – « дүйнөдө батырап бай жашоо».

Ал эми, дөнен қымыз – «четырехдневный кымыз», төрт күн туруп ачыган кымыз, шикі өкпе «недоросль», отыршағы шыққан кедей – «беден как лазарь» деген атоочтук фразеологизмдер казак тилине гана тиешелүү колдонулуп, кыргыз тилинде бул варианттар сөзмө-сөз кездешпейт. Бирок айрым-

дарынын синонимдерин табууга болот. Алгачкы үч туруктуу сөз айкаштарына колдогу сөздүктөрдөн синонимдеш жана вариантташ эквивалент кезиктире албадык. Кийинки материалдарга «кесип алса кан чыкпаган», «битин сыгып кан жалаган, чычкан мурдун канатпаган», «колу кууш», «аягы суюк», «өзөк жалгоо», «таш кулак», «койдон жоош», «кой оозунан чөп албаган» сыяктуу фразелогизмдер маанисин жагынан жакын турат.

Казак тилинде: бес аспап «мастер на все руки, золотые руки», көк бака «худой», қоқан лоқы – «ложная угроза», от ауызды, орақ тілді – «остер на язык», сөзі мірдің (тілдің) оғындай – «с острым языком, не в бровь а в глаз», сұлу пышақ, қу табақ «все красиво, но бедно» деген сыяктуу фразеологизмдер менен кыргыз тилиндеги «колунан көөрү төгүлгөн», «жез оймок», «Ормон опуза», «кара кылды как жарган», «тили буудай кууруган», «таңдайынан чаң чыгуу», «тилинен бал тамган», «тилинде мөөрү бар», «куу казан» сыяктуу туруктуу сөз айкаштары маанилеш колдонулгандыгын байкайбыз.

Казак тилиндеги төмөнкү етиштик фразеологизмдер кыргыз тилинде лексикалык жактан шайкеш колдонулбагандыгын белгилеп кетүүгө болот: бетегеден биік, жусаннан аласа, «тише воды, ниже травь», бет пердесін ашу «разоблочать в чем либо», додага түсу «вступить в жаркий спор», дінкесі құру «взбиться из сил», екі езуі екі құлағында «рот до ушей», екі иығына екі кісі мінгендей «косая сажень в плечах», екі сартқа – бір тартар «двум сартам одна птица», екі шоқып, бір қарау «быть крайне осторожным, с оглядкой», жайылып жастык, иіліп төсек болу «усюждать кому-либо», жалғанды жалпағынан басу «жить в свое удовольствие», жанын шүберекке түю «рисковать жизнью», жар құлағы жастыққа тимеу «не знать покоя», жерден жеті қоян тапқандай қуану «прийти телячий восторг, вне себя (от радости)», жыпасы жығылу «терпеть поражение», жынын алдырған бақсыдай болу «потерять высокий дух», зым-зия болу «исчезнуть бесследно, ни слуху, ни духу», кеудесіне нан піскен «считающий себя важным человеком, смотрет сверху вниз», көзіне көк шыбын үймелету «показать ему, где раки зимуют», көк іненің көтіне түртпеген «лозырь», қақырғаны-құйма алтын, түкіргені түйме алтын «все сказонное ни дорого и ценна», мал құлағы саңырау «уши животных глухи к речам, шито-крыто», Сырдың (дария) суы сирағынан келмеу «море по колено». Бирок бул фразеологизмдерин айрымдарына-бети ачылуу, эки тиштеп, бир жутуу, жанын тиштөө, жаны жай албоо, кубанычы койнуна батпоо, жер жуткандай, ай тийген жердин күкүгү ж.б.

4. Корутунду. Казак жана кыргыз тилдеринде фразеологизмди жасаган компененттер жан – жаныбарлар, үй жаныбарлар менен байланыштуу түзүлгөндүгүн байкоо кыйын эмес.

Алсак, казак тилинде: теке тірес, «беспочвенные препирательство», тұлыпқа мөңіреген сиырдай «верить обману», түйедей жасты «ровесник», түйені түгімен, биені жүгімен жұтқан «жадная натура, ненасытная утроба», түйе үстінен сирақ үйіту «делать что-либо спустя рукава», түлкі бұлаңға салу «вертеть хвостом, водить за нос», ит арқасы қиянда «на краю света», көзіне көк шыбын үймелету «показать где раки зимуют», ағаш атқа мінгізу «сделать посмещищем», басынан құс ұшырмау «не позволять никакого произвола», қозы көш жер «не большая расстояние, рукой подать», сөзі түйеден түскендей «бросать в лицо, нетактичный разговор». Бул өзгөчөлүктөгү фразеологизмдер кыргыз тилинде да арбын кездешет: ажыдаардын куйругун басуу «каарына калу», ак койдон аңкоо, боз койдон момун «куу, митаам», ак төөнүн карды жарылган «бышыкчылык, кененчилик», ала койду бөлө кыркуу «бөлүп-жарып мамиле жасоо», аттын кулагы менен тең ойноо «атка мыкты жүрүү», ач кенедей асылуу «суранып артынан калбоо», балыкка тил, дөңгөчкө жан киргизүү «эпчилдигин көрсөтүү», бөкөн желиш «тез жүрүш», бөрүгө кой кайтартуу «ишенүү», жыландын уюгуна тийүү «бир нерсеге катылуу», жылаңач тоону бучкакка чапкандай «шыдыр, шар», төө чечкендей болуу «уят болуу, төөнүн куйругу жерге тийгенде «кеч калуу», түлөгөн тайлактай «кейпи кетүү», түлкү тиштемей «алдоо» ж.б.

Казак жана кыргыз тилдеринин фразеологиялык бирдиктерин кыргыз, казак элдеринин дүйнө таанымы, үрп-адаты, салт-санаасы, турмуш-тиричилик шарты, ой-жүгүртүүсү менен бирдикте караган учурда жасалган корутундулар тил илимине айрым маселелерди тактоодо белгилүү бир даражада пайдаланылса болот. Ушул мезгилге чейин лексикалык, грамматикалык салыштыруулардын негизинде изилденип келген түрк (кыргыз, казак) тилдеринин өз ара карым-катышын фразеологиялык деңгээлде изилдөө теориялык жаңы натыйжаларды бербей койбойт. Изилдөөнүн кээ бир натыйжаларын кыргыз жана казак илимдеринин фразеология багытында айрым маселелерди чечүүдө негиз кылып алууга болот.

Ар бир улуттун эне тили көркөм адабий чыгармаларда образдуу эстетикалык функцияны аткарып жазуучуга улуттук мүнөздө жана да ошол элдин ойлоо, салт – санаа, турмуш-тирилчилигин ар тараптуу кылып көрсөтүүсүнө жардам берет. Бул жагынан алып караганда улуу тарыхый чыгарманын автору

Муктар Ауезов казак калкынын тилдик-лексикалык байлыгын, көркөм образдарын толугу менен ачып көрсөтүүгө жетишкен. Автор өзүнүн жазуучулук чеберчилигин колдоно олтуруп фразеология жана сөз айкаштары аркылуу казак тилинин стилистикалык жана лексикалык байлыгын кеңинен пайдаланган.

Корутундулап айта турган болсок байыртадан коюн-колтук алышып келе жаткан казак жана кыргыз элинин маданиятындагы, тилиндеги жана да башка өзгөчөлүктөрү анча байкалбаган менен али да болсо терең изилдөөгө жата турган тема деп эсептейбиз жана келечекте изилдене турган маселелери жеткиликтүү деп санайбыз. Бул теманы бир гана макала көлөмүндө изилдөө мүмкүн эмес ошондуктан казак-кыргыз тилдеринин фразеологиясы мындан ары дагы көптөгөн илимий изилдөөлөрдүн темасы болушуна ишиенимибиз мол. Биздин жалпы котормо маселесин козгоп олтурганыбыздын бирден бир себеби, ушул эки калктын көрүнүктүү көркөм чыгармалары мындан ары да көбүрөөк которулуп, келечектеги жаш окмуштууларга изилдөө үчүн илимий темалар болоорун сунуш кылабыз.

КОЛДОНУЛГАН АДАБИЯТТАР:

1. Ожегов С. И. О структуре фразеологии // Ожегов С. И. Лексикология. Лексикография. Культура речи. – М.: Высшая школа, 1974, 182 с.
2. Жуков В.П. Семантика фразеологических оборотов. – М., 1978, 219 с.
3. Молотков А.И. Фразеологизмы русского языка и принципы их лексикографического описания. ФСРЯ. – М., 1967, 341с.
4. Осмонова Ж. Кыргыз тилиндеги идиомалар. – Ф: Мектеп, 1972, 161 б.
5. Осмонова Ж., Конкобаев К., Жапаров Ш. Кыргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү. – Бишкек: КТМУ, 2001, 518 б.
6. Ауезов М. Абай жолы. I-II кітап. – Алматы, 1961.
7. Ауезов М. Абай жолу. I-II китеп. – Фрунзе, Кыргызмамбас, 1963.
8. Ауезов М. Путь Абая. Т. I-II. – М., 1971.

ӘОЖ 821.112.28

Әділбекова Л.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а.

Копесбаева М.Б.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

Темирешова Н.Н.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

АСҚАР СҰЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Түйін: *Мақалада жазушы, драматург, аудармашы Асқар Сүлейменовтің шығармаларындағы қанатты сөздердің көркемдік ерекшеліктері, құрылымы мен ой қуаттылығы қарастырылады.*

Кілт сөздер: *Қазақ қанатты сөздері, драматург, Асқар Сүлейменов, көркемдік қуаты, жанр.*

Резюме: *В статье рассматривается художественная сила и особенности афоризмов видного казахского писателя, драматурга и переводчика Аскара Сулейменова.*

Ключевые слова: *Казахские афоризмы, драматург, Аскар Сулейменов, художественная сила, жанр.*

Summary: *The article considers the artistic power and peculiarities of the aphorisms of the prominent Kazakh writer, playwright and translator Askar Suleimenov.*

Keywords: *Казахские афоризмы, драматург, Аскар Сулейменов, художественная сила, жанр.*

Асқар Сүлейменов шығармаларындағы әдеби-эстетикалық мәселелер туралы сөз қозғағанда, жазушының әдеби-мәдени өмірімізде тарыдай шашылып тараған сұңғыла ойлары, пікірлері, грегерийлері, сентенциялары мен қанатты сөздері оралары анық. Әлем әдебиеті бойынша қарастырғанның өзінде қанатты сөздерге берілген нақты түжырым әзірге жоқ. Ой тереңдігі мен кемелдігіне қатысты философтар, тілдік бірлік ретінде лингвистер, поэтикалық сұлу, әрі ықшам көркем сөз тіркесі ретінде әдебиетшілер қанатты сөздерді өз аясына тартып, өз түрғысынан бағалауға тырысып келген, әрі бұл үрдіс жалғасуда [1]. Әйтсе де, қанатты сөздерді, ең алдымен, әдеби жанр екендігін мойындауымыз керек. Қалай десек те, қанатты сөздердің ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдермен құрылымы жөнінен ұқсастығы болғанмен, қанатты сөздердің қай жағынан да аясы кеңірек. Негізгі энциклопедиялық жинақтарда қанатты сөздерге, немесе, афоризмдерге апофегмаларды, максималарды, сентенцияларды т.б. [2, 64] жатқызады. Егесі бар, авторы анық бұл сөздердің ортақ ерекшеліктеріне: ақиқатқа ұмтылған терең ойы, көлемінің қысқалығы, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» екендігі, қосымша түсініктемені қажет етпейтіндей, аяқталған ой екендігі, айтылған ойдың анықтығы, дәлдігі, ойының көркемдігі, сыртқы сұлу сымбаты, эстетикалық тартымдылығы жатады. Яғни, нақылдардан, мақалдардан қанатты сөздер түр пішінімен де, шығу тегімен ажыратылады. Айтар ойы толық аяқталғанған қанатты сөз эпиграммадан үлкен тематикалық тереңдігімен, парадокстан – ой ақиқатына жету құштарлығымен, эсседен – кішігірім көлемімен, лаконизмімен ерекшеленеді. Жоғарыда көрсетілген басты айқындауыштық құрамы – ақиқатқа жеткісі келетін терең ой болса, ондағы басты мақсат – автордың күрделі мәселені айта отырып, оның көзқарасы бойынша адамдарға ең дұрыс жолды жеткізгісі келуі. Қанатты сөздер көптеген деректер мен сана-сезімнің синтезінен туады және оны түжырым, ереже, ұстаным, қорытынды деп санауға болады. Сонымен қатар, ықшамдылық – қанатты сөздің ең байыпты өзгешілігі әрі бұл ерекшеліктер оқушыға ойда жақсы жатталынып қалатындай әсер етеді. Ойдың аяқталғандығы – қанатты сөздердің дербес тіршілік ете алатындығын көрсетеді. Бейнелілік, кемелділік, үшқыр ой, нақтылық – оқырманды өзіне тартатын қанатты сөздің қасиеті десек те болғандай.

Қанатты сөздердің стилистикасы туралы айтпас бұрын, алдымен композициялық ерекшеліктерін қарастыру керек. Қанатты сөздер негізінен екі бөлімнен тұрады: нақты ой және түйінделген түжырым. Кейде бұл сыңарларды бөліп қарастыра алмайсың. Алайда, олар әрқашан көрініс тауып отырады. Түжырымда, әдетте афоризмнің «сөлі» – бірінші бөлімге деген авторлық баға мазмұндалады. Қанатты

сөздерге өзара жиі қарама-қайшылықта келетін екі аспекті тән. Мысал келтірсек, А.Сүлейменовтің [3] «Ай айнасын бұлт басса, жан айнасын шаң басқан», «Өтірікті кешіруге болады – тек ақтауға емес» сөздерін алып қарастырайық. Айды бұлт басқанынан жан айнасын шаң басқаны қауіптірек, өтірікті ақтауға болмайды кешіруге болса да. О.Уайльдтің: «Көңіл толмау – адамның да, ұлттың да алға жылжудағы (прогресс) алғашқы қадамы», – деген қанатты сөзін [4] алар болсақ, «көңіл толмау – әрекетке итермелейді» деп жеңіл түсіндіруге де болар еді. Қанатты сөздердегі қарама-қайшылықтар оларды парадокстерге айналдырмайды. Парадокстер жалпылай пікірге қарама-қарсы тұрады. Ал қанатты сөздердің қарама-қайшылығы олардың өз ішінде түйықталады.

Қанатты сөздер әрқашан да қос аспектілі, бірақ олардағы қарама-қайшылықтар үнемі байқала бермейді. Мына қанатты сөздерді алып қарастырайық: «Келер қазақтың да ішетін уы мен балы – Абай», «Қазақтың екі «жауы» бар. Бірі, дос-жауы – Абай, қалғандары – қас жауы», «Кемталант мүмкіндігінше, шын талант қалағанынша жазады» [3] (Асқар Сүлейменовтен). Қанатты сөздердің композициялық-стилистикалық қасиеттерін осы түрғыдан анықтай отырып, олардың көркемдік-стильдік ерекшеліктерін қарастыруға болады. Ойының дәлдігі мен тапқырлығы түрғысынан, көркемдігі түрғысынан, қанатты сөздерді шешендік тапқырлыққа жатқызу да орынды. Енді осы түрғыдан, көлемділеу болса да белгілі бір ырғақты сақтаған Асқар Сүлейменов айтқан пікірлерге жол берейік. «Әр сөздің өз ұяты бар. Жақсы кітап – ұяттың антологиясы. Жақсы кітапта ұят сөз де ұятын төкпей көрінеді», «Дін құрыса тіл сақтайды, тіл құрыса үн сақтайды, бәрі құрыса діл сақтайды (иahуди-еврейлер мысалы). Дін, тіл, діл тізе қосқанда оны оқ қана жеңеді», «Ажал келмейді, ажалға барасың. Барған бетте аудиенция береді», «Радловтың: «қазақтар – шығыстың француздары» дегенін «француздар – еуропаның қазақтары» деп қисындауға болады», «Цивилизация сияқты мың сан үйірден тұратын ұлы ұғымның ішіндегі алмауыты – ойлана білу, оның мәдениеті. Бұл болмайынша ұлттық сананың ілгерілеуі қиын», «Елдің, жұрттың, ұлттың құруы, алдымен, интеллигенцияның иттігінен, сатымпаздығынан басталады».

Қанатты сөздің қасиеті туралы XVII ғасырда әдеби афоризмдің бірінші теоретигі Бальтасар Грасиан [5] өзінің үшқыр ойлар туралы трактатында жазған болатын. «Шешендік тапқырлық» дегеніміз, Грасиан бойынша, бұл – ақылдың үшқырлығы, өткір ойлау, ол өз ішіне логика мен эстетиканың қасиеттерін жинай отырып, олардан асып түседі. «Үшқыр ойлау шеберлігі, – деп жазады ол – сананың бір актісі арқылы байланысқан екі немесе алыс түсініктерді үйлесімді салыстырған нәзік үндестіктен тұрады». Бұл анықтаманың дәлдігі қазір де айқын. Б.Грасианның трактатында, әсіресе үшқыр ойдың әсемдігіне баса назар аударылады. Ол: «Үшқыр ой топшылауға қарағанда бір ғана шындықты қанағат тұтпайды, әсемдікке ұмтылады», – деп жазады [6]. Ой мен оның мәніндегі әсемдікті өте маңызды қасиет деп санайды және әсемділікке түрлі көркемдік құралдарды қолдану жолы арқылы жетуге болады. «Трактаттар мен шешендік фигуралар – үшқыр ойдың өзіндік әсемдігін құрайтын материал және негіз болып табылады. Сөз неғұрлым аз болса, оның мәні соғұрлым терең болады», – деп жазады ол. Б.Грасиан өз трактатында өткір ойларды беруде даналық пен әсемдіктен басқа дәлдік қасиетін атап көрсетеді, әрі қанатты сөздердің анықтамалық және парадокстік, антитезалық, градациялық, риторикалық сұрақ, эллипсис сияқты құралдарды қолданған кезде жеткен нәтижелеріне талдау жүргізеді. Сондықтан да, ұлы ойшыл ғалым өзінің трактаты арқылы көркем әдебиеттегі қанатты сөздердің теориялық негізін қалады. Әлемдік әдебиетте стилистикалық фигуралар мен троптар сияқты көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар арқылы қанатты сөздердің көркемдік қырын анықтаған ғалым өз тұжырымдарын «Қалталы оракул» сияқты маңдайалды шығармаларымен дәлелдеді. Зерттеушілер қанатты сөздердің көркемдеуіш құралдарын бірнеше топқа бөһліп қарастырады. Антитеза – әсерді күшейту үшін қарама-қайшы образдар мен түсініктерден құрау: «Сенімсіздік философтарға жарасқанмен, солдаттарға қауіпті» (Н.Грибачев). Параллелизм – екі үшты ойды бір арнаға тоғыстырып, образ құрайтын құрал: «Жастық білгенде ғой, қарттық қолынан келгенде ғой» (А.Этьен). Хиазм – негізгі ұғымдарды білдіретін біркелкі екі сөз тіркесінің қарама-қарсы мәнде жұмсалуы: «Адамдардың санасы тұрмысын анықтамайды, керісінше, қоғамдық тұрмысы санасын анықтайды» (К.Маркс); «Тірілер өлгендерді оқыта алмайды, ал өлгендер тірілерге сабақ бола алады» (Шатобриан); «Күште шындық жоқ, шындықта күш бар» (В.Кубанев). Риторикалық сұрақ – белгілі бір сұраққа жауап алу үшін емес, қайта белгілі бір жауапты бекіту үшін қолданылады. Бұл қанатты сөздерге көтеріңкі леп береді: «Көшпенді, көшпенді, көшпенді – сонда Сауран, Саудакент, Созақ, Түркістан, Шымкент, Ташкент, Тараз, Алматыдағы біздің дәуірге дейін қазылған су жүйелері қайда қалады? Осы біз көрген дихандар, біздің көкпар тартып жүріп мираб болған, торлама қауынды құранды ердің алғы қасына ұрып жеген жеті аталарымыз қайда қалады?

Арқа көшті екен деп тозып кетеміз бе?! Оратын жерін орған, егетін жеріне еккен, жайлайтын жерін жайлаған жұрт болмай ма? Бицивилизация дегенді естіп пе едіңіз?»(А.Сүлейменов) [7]. Градация – мағыналы ойдың мазмұнын күшейтетін (түсіретін) біркелкі сөздердің орналасуы: «Өмір – тән, өнер – жан, тән түншыққанда – жан шыңғырады» (А.Сүлейменов). Анафора – бастапқы сөздердің қайталанып жұмсалуы. Бұл эмоциялық реңкті күшейту мақсатында қолданылады: «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, қараңғыны кім жояд?» (Назым Хикмет). «Мүсіреповті мадақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» (З.Қабдолов) [8].

Осындай әр түрлі стилистикалық фигуралардың қолданысы арқылы қанатты сөздердің мағыналық сипаты мен эмоциялық күші арттыруға болады. Сы ерекшеліктерге тоқтала отыра, қанатты сөздерді көркем әдебиеттің бір жанры ретінде есептеуге болады.

Қорыта айтатын болсақ, сұңғыла ой иесі Асқар Сүлейменов қанатты сөздерінің тақырыбы адамзаттық, ғаламдық, адам өмірінің ең байыпты жақтары мен адами қоғамға, адамдарды мазалайтын басты мәселелерге бағытталған. Жазушының әдеби-эстетикалық ойларынан түратын қанатты сөздері қазақ әдебиетіндегі сентенциялық әдеби жанр дамуының үдерісінің көрсеткіші болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Толковый словарь иностранных слов, пословиц и поговорок. Москва: Транзиткнига. – 2006, 1119 стр.
2. Литературная энциклопедия терминов и понятий. Под ред. А.Н.Николкин. Москва: Интелвак.-2001, 1596 стр.
3. Сүлейменов А. Шашылып түскен тіркестер.- Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы.- Алматы:Қазығұрт.I-II-III-IV Т.- 2006.
4. Энциклопедия афоризмов. Мысль в слове. Борхов Э. – Москва:издательство АСТ.- 2001, 711 стр.
5. Грасиан Бальтасар Карманный оракул. Пер. Е. М. Лысенко. Москва, «Астрель: Полиграфиздат», 2012 (серия «Philosophy»).
6. Оганисьян М.Ю. Творчество Бальтасара Грасиана в контексте барочной риторической традиции // Сервантесовские чтения. 1988, Л., с.224–228.
7. Бөпежанова Ә. Асқар Сүлейменов: Шашылып түскен тіркестер. Түркістан газеті. 16.05.2017. Үлт тәуелсіз интернет басылымы. http://ult.kz/post/askar-suleymenov-shashylyp-tusken-tirkester
8. «Ана тілі» газеті. №50. желтоқсанның 14-і, 2006 ж., 6-бетте.

ӘОЖ 821.112.31

Әділбекова Л.М.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а.

Темирешова Н.Н.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

Копесбаева М.Б.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

АҚЫН ӘЙЕЛДЕР МҰРАСЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТҰРҒЫСЫНАН

Түйін. *Мақалада қазақ халқының ұлттық айтыс өнерінің маңызы мен айтыс өнеріндегі әйел ақындардың алатын орны сөз болады. Жұмыс тақырыбы әнші ақын әйелдер мұрасына қатысты болғандықтан, ұлы даланың «жеті қырының бірі» саналатын айтыс өнерінде өзіндік із қалдырған, әуелетіп ән салған әншілігімен қоса суырып салма ақындығымен айтыс майданында сайысқан қыз-келіншектердің ерекше өнерінің қазақ руханияты мен әдебиетіндегі орнын анықтау. Мақалада XIX-XX ғасырлардағы айтыс өнеріне қатысқан ақын әйелдердің шығармашылық мұрасы арнайы қарастырылып, даму, өркендеу кезеңдері бағамдалады.*

Кілт сөздер: *Әйелдер мұрасы, рухани жаңғыру, ақын-әйелдер, айтыс өнері, импровизатор.*

Резюме. *В статье затронуты вопросы о роли женщин-поэтесс в народном искусстве айтыс. Искусство айтыс является «одним из семи грани великой степи». Женщины участвовавшие в айтысах искусно владели и импровизаторским талантом, и приятным голосом. В статье анализируется творческое наследие женщин-поэтесс. Казахская импровизаторская литература женщин-поэтесс до сих пор является одной из сфер литературы, требующей специальных исследований, экспертиз. В данном исследовании рассматриваются этапы развития и возрождения казахской женской импровизаторской литературы XIX-XX веков.*

Ключевые слова: *Женское наследие, духовное обновление, женщины-поэтессы, искусство айтыс, импровизатор.*

Summary. *The article describes the important role of the national aitys art of the Kazakh people, as well as the role of female poetess in aytys. The art of aitys is "one of the seven facets of the great steppe." The women participating in the Aitys skillfully owned both improvisational talent and a pleasant voice. The creative heritage of female poetess is analyzed in the dress. The Kazakh improvisatory literature of female poetess is still one of the spheres of literature requiring special studies and expertise. This article examines the stages of development and revival of the Kazakh female improvisational literature of the nineteenth and twentieth centuries.*

Keywords: *Female heritage, spiritual renewal, female poetess, art of aytys, improviser.*

Ұлтымыздың ұлттық брендтерінің бірі айтыс өнері болып табылады. Дүние есігін ашқаннан ертеңгі ел анасы ретінде төріне отырғызып, дәмдісін беріп, жақсысын кигізіп, өнегелі істер мен сөздерге үйреткен қазақ қыздары суырып салма айтыс өнеріне де еркін қатысып, қыз бен жігіт, жеңге мен қайны, әкпе мен іні болып айтыса отырып, жауһар жыр мен өркенді ойға толы жыр жолдарын халқына тарту өткен. Жаһандану дәуіріндегі әлем ағысында әр ұлттың өзіндік үнін сақтап қалудың бірден бір жолы, әлбетте, ұлттық құндылықтарды сақтау, заманауи зерделеу және өркендету болып табылатындығы ақиқат. Бұл үрдіс ұлт болып ұлттық құндылықтарымызды рухани жаңғырту негізінде нәтижелі болмақ. Мақала тақырыбы әнші ақын әйелдер мұрасына қатысты болғандықтан, аталмыш жұмыста дархан даламыздың «жеті қырының бірі» саналатын айтыс өнерінде өзіндік із қалдырған, әрі әуелетіп ән салған әнші, әрі суырып салма ақындығымен жай оғындай жарқылдап, сөз семсерін айтыс майданында жұмсаған нәзік жандылардың ерлікке татитын өнерінің қазақ руханияты мен әдебиетіндегі орнын анықтауға тырыстық. Айтыс тақырыбына зерттеу жұмыстардың әдебиетімізде кемшін еместігін ескергенмен, сол айтыс өнерімен тарихта қалған ақын қыздарымыздың әдебиеттен алар орны қандай, қосқан үлесі қандай деген сұрақтарға келер болсақ, бұл туралы күні бүгінге дейін арнайы зерделенген жұмыстың жоқтығын байқаймыз. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен, «тамағында құс сайраған» Үлбике ақыннан бастап, күні бүгінгі айтыс жеңімпазы Жансая қызға дейінгі аралықтағы әнші ақын әйелдер мұрасын рухани жаңғыру тұрғысынан зерделеп шығуға тырыстық.

Бүгінде әлемнің алдыңғы қатарлы отыз мемлекетінің қатарынан орын алуға ұмтылған егемен еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық, әлеуметтік мәселелермен қатар, рухани салаға да бет бұрып, игілікті істер жүзеге асырылып жатқандығы анық. Әр ұлттың бірінші белгісі – тілі екендігін ескерсек, бай да құнарлы, әуезді қазақ тілінің алтын діңгегінің бір тамыры суырып салма айтыс өнері болып табылады. Бүгінде мәдени мұра, рухани жаңғыру, даланың жеті қыры сынды ұлттық бағдарламалар [1] негізінде ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала бастағандығы ақиқат. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылатын Президентіміздің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұратыны белгілі. Президент ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқтала отырып, әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігін баса айта отырып, біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар екендігін тілге тиек етті. «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді» – деп түжырымдайды ойын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев[1, 1 б.]. Бұл бағдарламалар аясында ұлттық бренд деуге лайықты айтыс өнері де жандануда. Әдебиет – өмір айнасы деген сөзге тоқталар болсақ, соның ішіндегі айтыс өнері, талассыз халықтың тұрмыс-тіршілігінің, қуанышы мен ренішінің көрінісі болмақ. Аталмыш жұмыс та қазақ халқының сан ғасырлық тұрмысымен, салт-дәстүрімен бірге жасасып келе жатқан айтыс өнеріндегі әйелдер шығармашылығын арнайы қарастыру арқылы, ғылыми тұрғыдан бағалау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде белең алған «100 жаңа есім», «100 жаңа оқулық», «100 мектеп», «100 аурухана» сынды игілікті бағдарламалар аясында есімдері мұқым елге, тіпті әлемге танымал дала аруларын арнайы жинақтау жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі, «Ұлы дала арулары» топтамасымен жарық көріп жатқан Сүйінбике, Бозоқ аруы, Бегім сұлу, Үкөк ханшайымы, Үржар айымы, Лалабибі, Әнуар ана, Гауһар ана, Домалақ ана, Айша бибі, Ақбикеш, Қарашаш, Үлбике ақын туралы тұшымды мәліметтерге толы жинақтарды атауға болады [2]. Бұл тізімге Тұмар, Зарина, Теркен хатун сынды тарихи есімдер туралы да [3] бірқатар мәліметтер енгізілген Түрсын Жұртбаев еңбектерін атау да орынды. Қысқарта айтсақ, ана тілдің уызын қанып ішкен ақындардың шығармашылығы кестелі сөз өрнегіне бай болумен қатар, өз кезеңінің, өз дәуірінің айқын көрсеткіші. Олжас ақын айтқандай: «Тілдер – бұл... тарихи мәліметтердің қоймасы, ...өртенбейтін, жанбайтын, шайылмайтын, идеология ықпалына берілмейтін мұрағат. Ата-бабалардың сансыз үрпақ алмасуларынан бізге қалған басты зияткерлік мұра» [4, 204 б.]. Осы зияткерлік мұраның негізгі өзектерінің бірі, әлбетте, айтыс өнері. Айтыс өнерінің ғасырлар қойнауындағы халық бейнесін, оның өмірлік таным-түйсіктерін, дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын, әдебиеті мен мәдениетінің айқын көрсеткіші екендігін ескерсек, бүгінгі рухани жаңғыру тұрғысынан сарапталатын әнші ақын әйелдер мұрасы, қазақ руханияты мен әдебиетімізден алатын орны мен маңызын көрсету арқылы өзіндік қырларын анықтау болып табылады.

Бүгінгідей интернет желісінің өріс алып, телеарналардың айтыс өнеріне қатысты бағдарламаларды кеңінен таратуына байланысты, өткен ғасырдың сексенінші жылдары басталған бұл үрдіс бүгінде көрермен аудиториясын тұтас қамтыған десек те болады. Бұл айтыскер ақындарымыздың есімдері мен өнерін кеңінен танымал етумен бірге, екінші жағынан, кемшін тұстарын да көрсетіп, халықтың ой-пікірін де тікелей білуге жағдай туғызды. Бұл тақырыпқа байланысты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Қазіргі айтыс: дәстүрлі келешегі. Көкейкесті мәселелер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында да белгілі ғалымдар тұшымды баяндамалар жасағанын айту орынды. С. Қирабаев қазіргі айтыс бағыты турасында, Р. Нұрғали айтыстың драмалық сипаты турасында, Ж. Жақыпов айтыстың диалогтік сипатын, Ш. Керім жұмбақ айтыс сырлары туралы, Б. Омарұлы айтыстағы зарзаман көрінісі туралы, Б. Рақымов жанрлық тұрғыдан, М. Серғалиев, Ж. Асылбекова тілдік тұрғыдан өзекті ойларымен бөліскен-ді. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», – дейтін халқымыз жүйелі сөз жүйесін табатынын, жүйесіз сөз иесін табатынын ертеден түсінген. Алқа топта сөз бастаған оңай ма, қан майданда қол бастаған оңай ма? Жауабы белгілі, алқа

топта сөз бастап, ойын жүйелі жеткізе білу – батырлықты, тапқырлықты, терең білімді қажет ететін өнер атаулының төресі десек те шындыққа жанасатын болар. Халық арасында «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» сертімен турасын айтып, ақиқатын ақтарып, әділдігімен, сөз көркімен ел аузында жатталған сөздер көп. Төле бидің, Әйтеке бидің, Қаз дауысты Қазыбектің шешендік сөздері бұған дәлел болса керек. Өздері өмір сүрген қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайын тіліне ту еткен би шешендер сөздері қашан да халық жүрегінен орын алған. Бұл түрғыдан, жиналған әлеуметтің алдына шығып, суырып салып айтысатын айтыс өнерін де шешендік өнердің бір саласы ретінде қарастыруға да болғандай. Айтыс жанрына қатысты соңғы жылдары жарық көрген К. Сейдехановтың «Күрес пен жеңіс жырлары: (Халық ақындарының творчествосындағы тарихи жырлар)»[5], М. Жармұхамедұлының «Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы»[6], К. Асановтың «Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты»[7] т.б. көптеген монографиялық еңбектерді атаса болар еді. Алаш ардақтысы, ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері туралы теориялық тұжырымдар да күні бүгін де өзектілігін жойған жоқ. «Күлтегін», «Тонықөк» жазбаларынан бастап орта ғасырлық Йассауи, Йүгнеки жазбаларына дейін поэтикалық көркем шығармалар болумен қатар, философиялық ой шыңының биік мұнаралары болып табылады. Ақыл-нақыл, ғибрат сөз сыпатында келетін дидактикалық шығармалар да айтыс өнерінің азығы болғандығы белгілі. Мысалы, Үлбике ақынмен айтысқысы келген бір ақынға әкесі «үш жылдық білімің кем» деп рұқсат бермеген екен. Демек, топты жарып шырқап ән салу, суырып салып сөзін құрастыру табиғи талантпен бірге телегей-теңіз білімді де қажет еткен. Бұл ретте, қазақ поэзиясының аса құнарлы саласы – жыраулар поэзиясының жанрлық спецификасы да ақындық, әншілік, суырып-салма импровизаторлық өнермен тығыз астасып жатыр. Қазақ поэзиясының Гомері атанған, жүз жасаған Жамбыл қарт та бірнеше жыр-аңыздарды жатқа айтумен қатар, халық арасына кең тараған айтыс жырларының авторы. Сұрапыл соғыс жылдарында да Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Ж.Молдағалиев, Ғ.Орманов сияқты ақындармен қатар Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев сияқты халық ақындарының творчествосы қазақ әдебиеті мен мәдениетінен лайықты орын алды. Айтыс жырлары қай уақытта болмасын, күллі поэзияға тән адамның үлкен сезім дүниесінің әр алуан қырларын бейнелегенін көруге болады. Бұл пікірімізге дәлел болу үшін 1966 жылы жарық көрген «Айтыс» жинағының алғы сөзін келтіруге болады. Аталмыш жинақтың екінші бөлімі тұтастай Үлы Отан соғысы жылдарының тақырыбына (1941-1945) арналған және осыған байланысты жинақта: «қазақ кеңес айтысының, нағыз творчестволық өрлеу кезеңі 1940 жылдардан басталады. Осы отты жылдар ішінде облыстық, республикалық ақындар айтысының (1941,1943,1945) негізгі нысанасы: «Бәрі де – майдан үшін! Бәрі де Отан үшін!» деген патриоттық ұран, үндеу түрінде халықты достық-ынтымаққа, жеңіске шақырса, тылдағы еңбекк ерлерін майданға көмектесуге жұмылдырды. ... Идеяға толы, психологиялық, эмоцияға құрылған бұл айтыстар – маңызын әлі де жоймаған, ... адамдарды патриоттық сезімге тәрбиелейтін мәні үлкен туындылар» [8] деп баға берген. Сонымен қатар: «Қазақ ауыз әдебиетінің үлкен саласының бірі – айтыс өлеңдерінің де өзіне лайық үлесі, алатын орны, өсу, даму тарихы бар. Әлем әдебиеті тарихына үңілсек, революцияға дейінгі айтыс дәстүрінің әр халықта әр түрлі дәрежеде дамығанын байқаймыз. Көне Шығыс (Үнді, Иран, Араб) елдерінде, Орта Азия халықтарында және ортағасырлық Еуропа (француз, герман, славян) мемлекеттерінде өзіндік айтыс ділмарлық (шешендік) бәсекесі болғаны мәлім. Айтыстың өткендегі эволюциялық ұзақ сүрлеу жолын іздеу, оның даму процесін зерттеу өз алдына үлкен бір мәселе. Ол жөнінде нақтылы пікір айту, ой түю, топшылау, талдау жасау бір күннің, не бір жылдың жұмысы емес» [8, 3 б.] – деп көрсеткен.

Бүгінгідей қоғамның рухани жаңғыру тетіктерін қарастыру кезеңінде қашан да ел айнасы бола білген айтыс жанрының белді өзегі әнші ақын әйелдер шығармашылығын жеке қарастыру да уақыт талабы болса керек. Әйел ақын қатысқан айтыс біткенді қыз бен жігіт айтысына жатқыза салу да, біздіңше, дұрыс шешім дей алмаспыз. Әлеуметтік, елдік мәселені көтерген айтыс жырларын, мүмкін, қыз бен жігіттен гөрі, жалпы айтыс жырларына жатқызып, қарастырса да, айтыс аулынан алысқа ұзамайтыны шындық. Бір жағынан ақынның шығармашылық, орындаушылық қабілетін, ал екінші жағынан ақындық дарынын, көркем ой өрісін анықтайтын айтыс өнерінің майталмандары басым жағдайда ұлттық музыкалық аспаптарда да еркін ойнағанын еске ұстағанымыз абзал. Жыр айту, сөзді әуенді етіп айту қай халықта болмасын саз аспаптарымен сүйемелденгендігі белгілі. Домбыра, қобыз, жетіген, сырнай, сыбызғы сияқты саз аспаптарымыз қай дәуірде дүниеге келсе, ән-күй, айтыс сияқты төл өнер түрлері де бірге өмірге келіп, өркендегендей. Біз қарастырған айтыскер қыз-келіншектер өз айтыстарында негізінен домбыра аспабын қолданған. Әйтсе де, танымал әнші Майра Уәлиқызының

сырнаймен ән салғаны белгілі. Зерттеуші К.Д.Асанов «қобыз сүйемелдеуімен айтысқан немесе толғаужыр айтқан ақындарды да («Кетбұғы», «Қодан», бертіректе Жанақ, Түбек) тарихтан кездестіруге» [7, 29 б.], болатынын арнайы атап өткен. Көнеден келе жатқан ауыз әдебиеті саласының үлкен үлгілерінің бірі ретінде айтыс өнері күні бүгінгідей жаһандану заманында да, компьютерлік технология өркендеген, интернет заманы болғанына қарамастан, ұлттың өзіндік бренді, тұрмыс-тіршілігі мен дәстүрінің бір көрінісі іспетті халықпен бірге жасасып келеді. Демек, ұлттың тілімен бірге, айтыс өнері де өсіп-өркендей бермек десек қателеспеспіз. Әдебиеттің өмір айнасы екендігі қандай ақиқат болса, сол әдебиеттің алтын өзектерінің бірі айтыс өнері де халық тұрмысының айнасы. Ел тарихындағы елеулі оқиғалар, халық сүйген батырлар, батыр сүйген арулар, әділдігімен қара тасты қақ жарған бишешендер т.б. айтулы жайттар айтыс тақырыбына да өзек болған. Сонымен қатар, «ұл туса – ұрпағың, қыз туса – ұлтыңның өскені» деп бағалайтын қазақ халқының арулары айтыс өнеріне де белсене қатысып, ізін қалдырған. Демек, әйел ақындардың, оның ішінде алқа топта әуелетіп ән салған айтыс ақын қыздарының жырларына ғылыми тұрғыдан баға беріп, бағамдау – бүгінгі уақыт талабы.

«Жазушы» баспасынан 1965 жылы жарық көрген «Айтыс» кітабының бірінші томында «салт-дәстүр» топтамасымен 6 айтыс жарияланса, барлығы дерлік қыз баласының қатысуымен келтірілген. Олар: «Бәдік», «Жар-жар», «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ», «Аймаңдай мен Бабас», «Бабас пен қыз» айтыстары. «Бәдік» айтысында кездесетін қыз бен жігіттің әзіл айтысы тауып айтылған әдемі әзілге толы. Мысалы:

Жігіт:

Қаратауым дегенге Қаратауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

Қыз:

Бәдік кетіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпен араласып.
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын құмардан шығайық, сабаласып.

Жігіт:

Темір бәдік дегенге темір бәдік,
Қу қыздардың шекесін кемір, бәдік.
Семіз қыздың, ішіне кіріп кетіп,
Бүйрек майын же-дағы семір бәдік.

Қыз:

Бәдік кетіп барады Мекесіне,
Ешкі арығын білдірмес текесіне.
Онан кешер жайыңды мен айтайын,
Бар да жабыс жігіттің шекесіне. [9, 40 б.]

Сонымен қатар, осы жыр жинаққа келтірілген жар-жар әндерінің үлгісі ретінде берілген жігіт пен қыз айтысы да әдемі өрілген жыр иірімдеріне толы. Елі, туған жерінен кеткелі жатқан қызға айтқан жігіттің басуы, ақ қоянның жоталап қашуымен, ақ тайлақтың боталап өсуімен теңестіріле отырып, «Артыңнан інің барар «апалап», жылама» сынды жауабына, ұзатылар қыздың текеметтің шет бауын оя түрсын, той басына ту бие соя түрсын, «мен шешеме айтайын «Әкеме айт» деп, жар-жар-ау! Мені десе – биылша, қоя түрсын, жар-жар-ау!» сынды жауабы өскен ұясын қимаған қыздың анасы арқылы әкесіне қимастық назын білдіруі ерекше түсінікті, ерекше нәзік, ерекше қимастық сезімінен сыр шертеді.

Жігіт:

Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау!
Ақ тайлақ өсер боталап, жар-жар-ау!
Мұнша неге жылайсың!
Артыңнан інің барар «апалап», жар-жар-ау!

Қыз:

Текеметтің шет бауын
Оя түрсын, жар-жар-ау!
Той басына ту бие
Соя түрсын, жар-жар-ау!
Мен шешеме айтайын
«Әкеме айт» деп, жар-жар-ау!
Мені десе – биылша
Қоя түрсын, жар-жар-ау!

Қыз назына жігіттің берген жауабы да орынды. «Жол мұраты жету, қыз мұраты кету» демекші, туғаннан жат жұрттық, қонақ саналатын қыз баласы кезі келгенде ұядан құстай ұшары анық. Қайымдасудың қайталанатын осы бір жеріндегі тармақ та сәтті алынған. «Қызыл қыршын замандас, қызыл қыршын, қызыл қыршын ішінен қырғи үшсын, жар-жар-ау!» деп басталатын жігіт сөзі өмір заңына мойынсынуға шақырғандай.

Жігіт:

Қызыл қыршын замандас,
Қызыл қыршын, жар-жар-ау!
Қызыл қыршын ішінен
Қырғи үшсын, жар-жар-ау!
«Әкем бар»,— деп, арқаға
Медеу қылма, жар-жар-ау!
Алып кетер мал берген
Сен бір құссың, жар-жар-ау!

Қыз:

Түндігімнің төрт бауы —
Бас бауымды, жар-жар-ау!
Алты жеңгем сұрайды
Шаш бауымды, жар-жар-ау!
Алты жеңгем сұраса,
Аласын да жар-жар-ау!
Айналайын, жан әкем,
Қаласың да жар-жар-ау!

Үзатылып бара жатқан қызды жұбату үшін келесі бір кезекте бұл сәттің тым ауыр еместігін, анасының ертіп баратынын айтып жұбатқан жігіт сөзіне, қыз баласының туғаннан мәпелеп өсірген шешесін де тастап, жатқа кететіндігін айта отырып, өмір заңына көну бар. «Он екі айда айналып, бір келермін жар-жар-ау! Сары інгеннің ботасын, сақта, шеше, жар-жар-ау!» сынды қыз жауабы өзін де, өзгені де жұбатқандай әсер қалдырады.

Қыз:

Түндігімнің төрт бауы —
Мақта, шеше, жар-жар-ау!
Қызың кетіп барады,—

Жатқа шеше, жар-жар-ау!
Он екі айда айналып
Бір келермін жар-жар-ау!
Сары інгеннің ботасын
Сақта, шеше, жар-жар-ау! [9, 43-44-б.]

Айтыстағы тіл құрылымы, оқиға мәні мен жыр мазмұны еш қиындықсыз-ақ ақындардың өмір сүрген уақытын, қоғамдық ортасын тануға жақсы мүмкіндіктер бере отырып, қазақ дәстүрінен көрініс береді.

Қай айтыста болмасын қыз бен жігіт айтысы қашан да құнарлы, қызықты болып отырғандығына көз жеткізу қиын емес. Айтыс өнеріне қатысты сөз қозғаған зерттеушілердің бірде бірі он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Үлбике ақын айтыстарына тоқтамай өтпейді. Әрі қыз бен жігіт айтысының бастау бұлағында «тамағына құс жұмыртқалаған» Үлбике ақын түрғандығын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен бастап, барша жұрт мойындаған. Аталмыш жинақта Үлбикенің Күдерімен, Сараның Біржанмен айтыстарынан бастап, Күйкентайдың Оспантаймен, Дәменің Мансұрмен, Шәріпжамалдың Әжекпен, Тыныштықтың Мұратпен, Шөкейдің Жүсіпбекпен, Қадишаның Ысқақпен, Ақсұлудың Кеншімбаймен, Манаттың Шәдімен, Рысжанның Әсетпен, Ақбаланың Боздақпен, Айқынның Жарылғасынмен, Болықтың Елентаймен, Тәбияның Омаркүлменмен, Ажардың Уақатпен, Меңештің Әжініязбен, Айманның Майлықожамен, Гүлханымның Майлықожамен, Бибісарының Нүржанмен, Ырыстының Оңғар жырау және он алты ақынмен, Жекейдің Қарасақал Ерімбетпен айтыстары жинақталған. Бір бойында табиғи дарын мен нәзіктікті, ақыл-ой мен суырып салма шешендікті сіңірген айтыскер қыздарымыз көп жерде жеңбесе жеңіле қоймағандығы ақиқат. Демек, ұлт руханиятының бір саласы, ұлы даланың жеті қырының бір саналатын айтыс өнеріндегі әрі әнші, әрі суырып-салма ақын қыз-келіншектер мұрасын арнайы бағамдау да кезегі келген керекті жұмыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры / «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 2018 жыл.
2. Ұлы дала арулары. Сүйінбике. Құрастырушы Ш.Б.Бейсенова. – Астана: 2018, 233 б.
3. Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы: Жалын, 1994, 477б.
4. Сулейменов О. Язык письма. – Алматы-Рим: San Paolo, 1998. – 497 с.
5. Сейдеханов К. Күрес пен жеңіс жырлары: (Халық ақындарының творчествосындағы тарихи жырлар). – Алматы: Рауан, 1991, 184 б.
6. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы: Мұраттас, 2001, 293 б.
7. Асанов К. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты. Электрондық оқулық. –Алматы: – 280 б.
8. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1966. – 3 т. – 620 б.
9. Айтыс. – Алматы: Жазушы, 1965. – 1т. – 383 б.

ӘОЖ 37.016:811.512.122’1

Әнепияева А.М.
Сулейман Демирел университетінің 2 курс магистранты
ai_kerim_95@mail.ru

Нұржанова А.Б.
Сулейман Демирел университетінің қауымд. профессоры, ф.ғ.к.
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін. *Мақалада «Тіл» және «мәдениет» ұғымдары қарастырылады, оның бір бөлігі ретінде халық мәдениеті мен тілдің өзара іс-қимыл тәсілдері анықталады, лингвомәдени құзіреттілікті анықтау мәселесі қойылады, лингвомәдени құзіреттілікті анықтаудың әртүрлі тәсілдері анықталады.*

Түйінді сөздер: *тіл; мәдениет; лингвомәдени құзыреттілік..*

Резюме. *В статье рассматриваются понятия «язык» и «культура», выявляются способы взаимодействия культуры народа и языка как ее части, ставится вопрос об определении лингвокультурологической компетенции, выявляются разные подходы к определению лингвокультурологической компетенции.*

Ключевые слова: *язык; культура; лингвокультурологическая компетенция.*

Summary. *This article is devoted to the review of the notions “language” and “culture”. The author tries to reveal the processes of the interrelation of the national culture and the language as its part. The question is posed about different approaches to the definition of lingua-culturological competence.*

Keywords: *language; culture; lingua-culturological competence.*

Лингвомәдени зерттеулердің бұрыннан келе жатқан дәстүрі бар және Еуропалық лингвомәдени дәстүр Ф. де Соссюр, Р. Якобсон, Р. Барт, Т. ван Дейктің есімдерімен байланысты. Мәдени-ахуалдық үлгілердің лингвистикалық теориясына Л. Витгенштейн, Г. Гадамер, Г. Гийом, М. Хайдеггер, Н. Хомский, К. Ясперс елеулі үлес қосты. Халықтардың дүниетанымын олардың тілдері арқылы анықтаудың бастауында В. Гумбольдт түрды. Оның идеялары А.А. Потебня, сондай-ақ А. Мейе, Ж. Вандериес, Э. Бенвенист еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Олардың әрқайсысында тіл мен мәдениет байланыстарын түсіну қалыптасқан: антрополингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика және т. б.

Лингвомәдениеттану – бұл лингвистика мен мәдениеттану тоғысында пайда болған және тілде көрініс тапқан, халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым. Сонымен қатар, жаңа ғылымның «түйісу» сипатына назар аудару қажет емес, өйткені бұл екі байланыстағы ғылымның мүмкіндіктерін «қосу» оңай емес, атап айтқанда фактілерді зерделеудің шектеулігін еңсеруге қабілетті жаңа ғылыми бағытты әзірлеу және сол арқылы олардың жаңа көзқарасы мен түсіндірілуін қамтамасыз ету.

Нақты және қарама-қайшы емес өлшемдер негізінде оның қалыптасуын кезеңдеуді беруге талпыныстар табысты бола ма: біріншіден, уақыт өте аз өтті, екіншіден, белгілі бір кезеңдегі ғылымның өмір сүру қорытындыларын бағалау Р.М. Фрумкинаның әділ ескертуі бойынша объективті бола алмайды, өйткені олар белгілі бір ғылыми салада жұмыс істейтін зерттеушінің субъективті пікірін көрсетеді.

Лингвомәдениеттану дамуындағы екі кезеңді бөліп көрсету тиімді болып табылады: бірінші кезең – ғылымның дамуының алғышарттары – В. Гумбольдт, А.А. Потебня, Э. Сепир және т.б. еңбектері және екінші кезең – лингвомәдениеттануды зерттеудің дербес саласы ретінде ресімдеу. Ғылымның даму қарқыны тағы бір – үшінші кезеңді болжауға мүмкіндік береді.

Қазіргі лингвомәдениеттану пәні екі түрлі кодтардың – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі кезінде қалыптасатын тілдік белгілердің мәдени семантикасын зерттеу болып табылады,өйткені әрбір тілдік тұлға бір мезгілде мәдени тұлға болып табылады. Сондықтан тіл белгілері «мәдениет тілі» функциясын орындауға қабілетті, бұл тілдің оны тасымалдаушылардың мәдени-ұлттық менталдығын көрсету қабілеттілігінен көрінеді. Осыған байланысты барлық тілдік нормаларды сақтаған жағдайда да туындауы мүмкін «мәдени кедергі» туралы айтуға болады. Мысал ретінде А Вежбицкая сипаттап

берген неміс оркестрін басқаруға шақырған кездегі ағылшын дирижерімен болған сыпайы оқиғаны келтіруге болады. Жұмыс жақсы болған жоқ. Дирижер ағылшын тілінде сөйлеуіне байланысты музыканттар оны «өзім» деп қабылдамайтынын шешті. Ол неміс тілімен айналыса бастады және алғаш рет мұғалімнен неміс тілінде «тыңдаңдар, меніңше, егер біз осылай ойнасақ жақсы болар еді» деген сөздерді қалай айтылатынын сұрады. Мұғалім ойланып қалды, содан кейін былай деді: «Әрине, фразаны осылай құруға да болады, бірақ «Осылай ойнау керек» деп айтқан дұрыс [1, 147]. Осы жерден шығатын қорытынды: мәдени кедергі тілдік мінез-құлықтың нормаларындағы айырмашылықтармен, сонымен қатар қарым-қатынас қатысушыларының сол бір сөздерге, фондық білімге және т.б. сәйкес келмейтін мәндермен байланысты.

Біз тіл фактілерін түсіну үшін Мәдениет туралы білу үшін осы тілді тартуға болатын жағдайларды әрқашанда ажыратып отырдық. Ғасырлар тоғысында тіл туралы қазіргі ғылымда – ең алдымен когнитивті семантикада мәдениеттанулық дәлелдің орны мен салмағы өзгерді. Мәдениет контекстіндегі тілдік бірліктерді талдау лингвистика үшін жаңа бірқатар мәселелерді қоюға алып келді. Лингвомәдениеттану білімнің дербес саласы ретінде өзінің ерекше міндеттерін шешуі тиіс және бұл ретте ең алдымен жалпы түрде осылай тұжырымдауға болатын бірқатар мәселелерге жауабын былай көрсетуге болады:

– мәдениет тіл тұжырымдамаларын құруға қалай қатысады;

– «мәдени мағыналар» тілдік белгі мәнінің қай бөлігіне жатады;

– бұл мағыналар сөйлеушілерге және тыңдаушыларға түсінікті ме және олар сөйлеу стратегияларына қалай әсер етеді;

– шын мәнінде мәтіндерде жүзеге асырылатын және тіл тасымалдаушылармен мәдени мағыналарды танитын тіл тасымалдаушысының лингвомәдени құзыреттілігі бар ма?

– қандай концептосфера (осы мәдениеттің негізгі тұжырымдамаларының жиынтығы), сондай-ақ бір мәдениетті, көптеген мәдениетті тасымалдаушылардың репрезентациясына бағдарланған мәдениет дискурстары; екі түрлі пәндік саланың – тіл мен мәдениеттің өзара іс-қимылы негізінде қалыптасатын тілдік белгілер деректерінің мәдени семантикасы;

– осы ғылымның негізгі ұғымдарын қалай жүйелеу керек, яғни тіл мен мәдениеттің динамикадағы өзара іс-қимыл мәселесін талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, осы ғылыми парадигма – антропологиялық немесе антропоцентрикалық шегінде өзара түсіністікті қамтамасыз ететін ұғымдық аппарат құру.

Берілген міндеттер тізімін аяқталған деп санауға болмайды, өйткені оларды шешуде алға жылжу келесі міндеттер топтамасын және т.б. тудырады.

Бұл Р.М. Фрумкина барлық ғылымдар үшін ортақ деп санайтын жоғары немесе жалпы эпистемологиялық міндеттер, бірақ мәдени ақпарат, т.б. есепке алынатын аударма, тілді оқыту, сөздіктерді құрастыру мәселелеріне байланысты жеке тапсырмалар бар [2, 21]. Олар тек «жоғары» міндеттерді шешкеннен кейін немесе эпистемологиялық міндеттерді шешуден біршама озған кезде ғана шешілуі мүмкін деп ойлайды.

Осы міндеттерді шешу кезінде осы мәселені зерделеуде қосымша қиындық тудыратын бір аса маңызды ерекшелікті ескеру қажет: тілдік белгілердің мәдени ақпараты артықшылығы бойынша имплициттік сипатқа ие, ол тілдік мағынаның артына жасырынып тұрғандай көрінеді.

В.Н. Телия тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени мағынасын интерпретациялаудың өз тәсілін ұсынады – тілдің «ішінен», ішкі бақылаушы ретінде.

Біздің тұжырымдамамыз шеңберінде В.Н. Телия ұсынған интерпретациялау тәсілінен басқа сыртқы бақылаушы тұрғысынан тілдік фактілерді талдау қажет деп тану керек.

Бүгінгі таңда лингвомәдениеттану жоқ секілді кейіп танытып, лингвистикада жұмыс істеуге болмайды. Оны елемеу ғылыми қауымдастықтың этносын бұзады, онда базалық пайымдаулардың бірі сабақтастық талабы болып табылады (тіпті ол дәлелсіз теріске шығару түрінде болса да). Мәдени факторлармен түсіндірілетін ұлттың өмірі мен беталысында көптеген нәрселер бар екенін көрмеуге болмайды.

Лингвомәдениеттану әдістері – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын талдау кезінде қолданылатын аналитикалық тәсілдер мен шаралар жиынтығы. Лингвомәдениеттану – мәдениеттану мен тіл білімінде, этнолингвистика мен мәдени антропологиядағы зерттеу нәтижелерін қамтитын білімнің интегративті саласы болғандықтан, мұнда «тіл және мәдениет» мағыналық орталығының айналасында

топтастырылған танымдық әдістер мен қондырғылар кешені қолданылады. Лингвомәдени талдау барысында мәдениеттану және лингвистика әдістері іріктеп қолданылады.

Ғылыми зерттеудің кез келген нақты әдісі өзінің қолдану шеңберіне ие, яғни қазіргі ғылымның аксиомасы кез келген әдістің шектеулілігі туралы тезис болып табылады. Өзара әрекеттесетін тіл мен мәдениет соншалықты көпаспектілі, бұл олардың табиғатын, қызметін, генезисін бір әдістің көмегімен тану мүмкін емес. Сонымен қатар, өзара қосымша қатынастардағы бірқатар әдістердің болуы түсіндіріледі.

Лингвомәдениетте лингвистикалық, сондай-ақ мәдениеттанушылық және әлеуметтанулық әдістерді – контент-талдау әдістемесін, фреймдік талдау, нарративті талдау, далалық этнография әдістерін (сипаттама, жіктеу және т.б.), психология мен әлеуметтануда қолданылатын ашық сұхбаттарды, мәдениетті лингвистикалық қайта құру әдісін қолдануға болады, материалды этнографияның дәстүрлі әдістерімен қатар эксперименталды-когнитивті лингвистика әдістерімен де зерттеуге болады. Бұл әдістер өзара толықтырушылыққа, әртүрлі танымдық принциптермен, талдау тәсілдерімен ерекше үштасушылыққа қатысты болады, бұл лингвомәдениеттану өзінің күрделі объектісін – тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді.

Дж. Лакофф ұсынған метафораны талдау аппаратының үлкен түсіндіру күші бар және тіл мен мәдениет мәселелерін шешу үшін маңызды нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Мысалы, метафораның когнитивті теориясы кейбір шеттілді идиомалардың оңай түсіндіретілінін және басқа тілден енгізуге болатынын, ал кейбіріне бұл мүмкін емес екенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс салыстырмалы тілдердің арасында когнитивті негізделген сәйкессіздіктерді орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай айырмашылықтар кездейсоқ емес және сол немесе басқа халықтың әлем фрагменттерін ұғыну ерекшелігі туралы куәландырады.

Зерттеудің ерекше саласы – мәдениеттің шынайы сақтаушысы болып табылатын мәтіндерді лингвомәдени талдау. Адамды мәдениетке баулу оларға «өзге» мәтіндерді беру арқылы жүргізіледі. Әлемнің кіші элементі бола тұра, мәтін (кітап) әлемді таңдайды, бүкіл әлем болып, оқырман үшін бүкіл әлемді алмастырады. Сондықтан герменевтикалық парадигма аясында мәтіндерді талдау маңызды (герменевтика – түсіну ғылымы). Мұнда интерпретациядан психолингвистикаға дейінгі зерттеудің түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылады.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы тұлғаның өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға қажетті жаңа әлеуметтік талаптарды анықтайды. Білім беру нәтижелерін бағалауды «дайындық», «оқыту», «тәрбиелілік» ұғымдарынан «құзыреттілік», білім алушылардың «құзыреттілігі» ұғымдарына қайта бағдарлау жүргізіледі.

«Құзыреттілік» ұғымы латынның «compete» сөзінен шыққан, «қол жеткіземін», «сәйкес келемін», «үйлесемін» деп аударылады, бұл ұғым психологиялық және педагогикалық әдебиетте бұрыннан қолданылады, алайда оған деген жоғары қызығушылық тек соңғы уақытта ғана пайда болды. Мүмкін, бұл біздің жылдам өзгеретін шындығымыздың қыры көрінуіне байланысты.

Бүгінгі күні құзыреттілік оқушының алған білімдеріне, оның зияткерлік және өмірлік тәжірибесіне, танымдық іс-әрекеті мен білім беру тәжірибесі нәтижесінде дамыған құндылықтар мен бейімділікке негізделген өз бетінше жүзеге асырылатын қабілет ретінде қарастырылады.

Құзыреттілік – бұл адамның білімі мен практикалық қызметі арасындағы қатынастар саласына тиесілі санат. Б.Ю. Эльконинның анықтамасы бойынша, құзыреттілік – ол қызметке қосылу кезінде алынған индивидтің біліктілік сипаттамасы [3, 87].

«Құзыреттілік – іс-әрекет атқаруға қабілеттілікті білдіретін жалпы балама термин. Әдетте, белгілі бір әлеуметтік-кәсіби біліктілігі бар адамдарға қатысты қолданылады, оның орындайтын міндеттері мен шешетін күрделі проблемаларының нақты деңгейіне сай білім мөлшерін анықтайды» [4, 54].

Құзыреттілік – (лат. competentis – қабілетті) шет тілін оқыту процесінде қалыптасатын білім, дағды, іскерліктер жиынтығы. Демек, «тіл» – адамды қоршаған әлем ғана емес, оның менталитеті, ұлттық сипаты, өмір салты, салт-дәстүрлері мен әлем көрінісі көрініс беретін мәдениет айнасы болып табылады. Тіл лексика, грамматика, фольклор, жазбаша және ауызша сөйлеу түрінде мәдени құндылықтардың сақтаушысы болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттіліктегі жетекші компонент сөйлеу (коммуникативтік) біліктері болып табылады.:

– тілдік дағдылар;

– лингвоелтанушылық және елтанушылық білім.

Коммуникативтік құзыреттілікке келесі маңызды біліктер кіреді:

– күрделі емес, дәлме-дәл мәтіндерді оқу және түсіну (негізгі мазмұнды түсінумен және толық түсінумен));

– оқу-еңбек, мәдени, тұрмыстық салада стандартты жағдайларда ауызша қарым-қатынас жасау;

– ауызша түрде өзі, ортасы туралы қысқаша айту, пікір білдіру, баға беру;

– қарапайым ақпаратты (хат) жазбаша рәсімдеп бере білу.

Шет тілдері бойынша мемлекеттік білім беру стандартында коммуникативтік құзыреттіліктің ең төменгі деңгейі анықталады [5, 62].

Қазақ тілі жоғары оқу орындарының барлық факультеттерінде оқылады. Бұл курсты оқып үйрену студенттерге қазақ тілінде оның даму барысында орын алған өзгерістер туралы анық түсінік беріп, тілге дұрыс ғылыми көзқарас қалыптастыруға көмектесу керек.

Тіл – бұл қоғамдық құбылыс. Демек, тілге барлық қоғамдық құбылысқа тән даму тән.

Ал сөзде халықтың мыңдаған жылдар бойы сақталған рухани қазынасы қарапайым адамның санасына бекіп, сол халықтың өзіне тән мінез-құлқын, философиясын, өмірлік қағидаларын айқындайды. «Қоғамдық сана мен жаңа бағыттағы зерттеулер деңгейі контексінде ұлттық болмысын дәлелдейтін күшті құрал ұлттық тіл екенін сезіну зерттеу мәселесіне бұрынғыдан басқаша келу талабын қойып отыр: атап айтқанда, ұлттық тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын сол тілде сөйлеуші ұлт өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік, т.б. сипаттарымен біртұтастыққа зерттеу» деп атап көрсетеді профессор Ж.А. Манкеева [6, 75].

Бірақ кез келген қоғамдық құбылыс белгілі бір заң бойынша дамиды. Тіл, ерекше қоғамдық құбылыс ретінде белгілі бір заңдар бойынша дамиды, олар тек тілге тән және тілді дамытудың ішкі заңдары деп аталады.

ЖОО-да студенттерді кәсіби тәрбиелеудің мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және кәсіби мансапты құруда табысты білікті маман дайындау болып табылады. Екінші жағынан, кәсіби қызметтің кез келген саласы саланың корпоративтік мәдениетінің негізін меңгерген ЖОО түлегі – маманды алғысы келеді, өйткені бұл оны жұмысқа жылдам қосуға мүмкіндік береді, ал бейімделу кезеңі айтарлықтай қысқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание: Пер. с англ. – М.: Рус. словари, 1996.
2. Астапова Н.О. Лингвистические аспекты межкультурной коммуникации. – Барнаул, 2007.
3. Асеев В.Г. Возрастная психология [Текст] / В.Г. Асеев. – Иркутск: Издательство ИГПИ, 1989.
4. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Монография. – Астана. 2001.
5. Гальскова, Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам: пособие для учителя / Н. Д. Гальскова. – М.: АРКТИ, 2003.
6. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.

УДК 81’25

Bayekeyeva A.T.
MA, PhD Student
L.N. Gumilyov Eurasian National University

Tazhibayeva S. Zh.,
doctor of Philological sciences, professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University

TERM BUILDING IN ENGLISH LANGUAGE: EXAMPLES OF MINING TERMINOLOGY

Summary. *The article deals with the English scientific and technical terminology, the ways of term building. The author of the article considers the term building based on the terminological system of mining terminology.*
Keywords: *term, terminology, technical term, term building.*

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ТЕРМИНЖАСАМЫ: ТАУ-КЕН ІСІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ МЫСАЛЫНДА

Түйін. *Берілген мақалада ағылшын тілінің ғылыми техникалық терминологиясы мен олардың жасалу жолдары қарастырылады. Автор техникалық терминдердің жасалу жолдарын тау-кен ісі терминологиялық базасы негізінде зерттейді.*
Түйін сөздер: *термин, терминология, техникалық термин, терминжасам.*

ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЕ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ: НА ПРИМЕРЕ ГОРНОРУДНЫХ ТЕРМИНОВ

Резюме. *В данной статье рассматриваются вопросы английской научно-технической терминологии и их способы образования. Автор рассматривает способы формирования технических терминов на примере терминологической базы горнорудной отрасли.*
Ключевые слова: *термин, терминология, технические термины, терминообразование.*

Introduction

The world is facing with the ‘fourth industrial revolution’ [1] and the President of Kazakhstan also mentioned the fourth industrial revolution in his annual address to the people of Kazakhstan [2] and noted this process as the major trend in developing the country’s economy.

The middle of the XXth century was marked by the development of new fields in industry, science, and technology. This progress, in its turn, led to a sharp increase in the interest of linguists and specialists in various branches of industry, science, and technology to the problems of creating relevant scientific and technical terms, which is explained by the increasing flow of scientific and technical information, integration processes and proper links of sciences. The scientific and technical terminology of the English language is traditionally considered as a priority for international vocabulary as a result of a shift in the English language as a source of this vocabulary and under the influence of the intensive development of industry and technology, scientific and technical terminology is enriched with units of English origin.

The terms express special scientific and technical concepts: these are the names of special objects, instruments of labour, various phenomena, processes, qualities characteristic of a particular field of industry, science and technology. [3] The specific use of terms as a special lexical category of words is that they are created in the process of production and research activities and therefore function only among people with relevant industrial and scientific realities, and remain incomprehensible to people who are not engaged in this field.

Every technical document may contain narrow technical area specific to any field, the number of terms does not exceed 150-200 units and can be both highly specialized and comprehensible, understood and used not only by specialists in this field. The boundaries between highly specialized and commonly understood terms are variable. In connection with the spread of culture and the development of industry, science and technology, some terms become widely known, gradually spreading in the language of everyday communication, although they are most often used in the speech of professionals.

Term Building Peculiarities of the English Technical Language

The terms should provide a clear and accurate reference to real objects and phenomena; establish an unequivocal understanding of the transmitted information by professionals. Therefore, a special requirement is imposed on this type of words. While considering the terms, we have to bear in mind the following facts: First of all, the term has the exact meaning in each field of study, i.e. to have a strictly defined meaning, which can be revealed by a logical definition, establishing the place of the concept designated by the term in the system of concepts of a certain industry, science or technology. [4,5,6,8]

The set of terms of a particular field of industry, science and technology is called professional terminology, and each field has its own terminology in accordance with the subject and method of its work. Terminology is the core of the scientific style. It can be said that the term embodies the main features of the scientific style and is extremely consistent with the tasks of scientific communication.

In English, there are unambiguous terms, such that express only one concept in any branch of industry, science or technology. Along with them, there are both homonymous and synonymous terms that completely coinciding with each other in external form, call different objects in different branches of industry, science and technology, or having one and the same meaning with various terms: enrichment and beneficiation has the same meaning of treating the ore in order to get various types of metals.

Gradually, the content of technical knowledge of the source language (SL) begins to penetrate the signs of the other language, enrich the vocabulary of the target language (TL). In any language, the word or the phrase is already inseparable from their meaning, and here the content of technical knowledge becomes an element of the language in a certain field, in our case the mining industry. The technical knowledge, which has found its expression in a word, in a term of SL, passes into a qualitatively new stage, joining the semantic structure of TL, becoming a component of the terminological system of the given language.

The processes of formation of new terms in modern English technical and scientific communication are associated with the emergence of new industrial, technical and scientific ideas and research fields, the development of new technology, the creation of new technological processes. For this reason, the new terms absent in the dictionaries of TL are usually carriers of the most important information for the recipient of the message, in order to extract which they are processed and studied. Much attention is paid to the systematic nature of the newly created terms. In many areas, special rules have been developed for the formation of terms for concepts or objects of a particular class. According to the classification of term building in English, the most intensive way of enriching the terminological composition of the word occurs via the following processes:

1. Affixation, i.e. the formation of new single-word terms by adding prefixes and suffixes borrowed from Greek and Latin languages to the roots. In English, the addition of the prefix pre is used to convey the idea of advancing in time or position: predesign is a draft design or Pre-FS (Pre-Feasibility Study) is a draft or primary Feasibility Study of any project. The prefix inter is derived from the Latin word inter, meaning between, among interchangeability. The prefix trans means through, beyond transition. The suffixes have a broader meaning, indicating the category to which the term is being defined. For example, using the suffixes -er, -or, -ist, nouns are formed to indicate a specialist worker: steelworker, metallurgist, as well as machines, tools and instruments: cutter, jaw crusher, dozer, pressure filter, rock-breaker, cornish feeder. With the help of suffixation, new terms and words can be formed that fulfill the role of a noun, adverb or verb in a sentence.

The suffixes and prefixes used in the English term formation system are mainly borrowed from common word-forming means of the English language. For the formation of terms with the help of suffixes and prefixes, the choice of the number of derivational elements is those that are acceptable for the construction of terms. Specific to special terminology is the desire to assign certain terminological meanings to certain suffixes. This is especially characteristic of metallurgical, chemical and geological terminology, where the specialization of suffixes is most fully studied. In English, the following are formed: the names of basic organic compounds and halogens formed with the suffix -ine [en] (amine, oxygen); names of non-basic organic compounds formed with the suffix -ine [in], -yne (alcaline, propyne). English prefixes dis-, en- are widely used in the formation of

mining terms: dislocation, enrichment.

2. Conversion of a word or term, with the help of which a new term is derived from an existing word or term relating to another part of speech, for example: to know+how=know how (know-how production technology). In English, in many cases, new terms are formed from words already existing in the language without any change in their spelling or pronunciation. The most common type of conversion is the formation of verbs from nouns, so from the noun generator the verb to generator (to work in the generator mode). In modern English, the formation of verbs from nouns is widespread and serves as one of the sources of the appearance of neologisms.

3. Direct borrowing of terms from Greek and Latin languages, for example, locus (geometric location of points); versus (depending on how the function of any argument).

4. Formation of complex terminological groups by adding various definitions to the original term: evaporation system. This term is highly specialized and unambiguous, as it is used only in metallurgy and enrichment and has no homonyms. It should be noted that this prevailing method of term formation by adding definitions to a term in the industrial, scientific and technical literature is explained by the tendency of modern science and technology to create complex systems and objects, which in turn consist of sets of constituent elements.

5. Shortening and blending the words or phrases in the specific field. Recently, the tendency to form new terms by shortening existing words and phrases has intensified. The growth of abbreviations and acronyms is explained by the fact that complex words and phrases are inconvenient in professional use and, naturally, there appears a desire to convey them briefly. Abbreviations and acronyms are both shortened versions of word combinations and expressions where both can often be represented as a series of letters. An abbreviation is any shortened or contracted form of a word or phrase: Mon. (Monday), Jan. (January), TechSpec (Technical Specification), etc. An acronym is a specific type of abbreviation formed from the first letters of a multi-word term, name, or phrase, with those letters pronounced together as one term: FS (Feasibility Study), JORC (Joint Ore Reserves Committee), MPP (Mining and Processing Plant), etc. [9]

In many industrial areas, special rules for the formation of terms for concepts or objects of a certain class have been developed: the names of various types of rocks and minerals are created by analogy with the suffix -ite, indicating the origin of the materials: andesite, dacite, diorite, pegmatite, peridotite, quartzite, and etc.

Conclusion

Based on the foregoing, it can be concluded that the scientific and technical terminology in English has evolved over a long time and has now been formed into a strict terminological system. Within this system, certain forms of term building have been formed, the degree of productivity of which makes it possible to determine the dynamics of growth of terms and further ways of their development. In connection with the progress of industry, science and technology, where new concepts are constantly being opened, for the designation of which it is necessary to use more and more new terms in the English language, the formation of terminology takes place both at the expense of the resources of the English language itself and by borrowing from other languages. This process lets the language develop, makes the terminology international, which allows scientists and professionals to understand better each other. In addition, the growing number of abbreviations and acronyms indicates a tendency to save language means and simplify the language.

REFERENCES:

1. The Fourth Industrial Revolution: what it means and how to respond. World Economic Forum. Retrieved 2018-03-20.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
3. Manerko L.A., Klaus-Dieter Baumann, Hartwig Kalverkämper. Terminology Science in Russia today: From the Past to the Future. Frank&Timme, 2014.
4. M. Teresa Cabrė, Terminology: Theory, Methods and Applications. John Benjamins Publishing Company, Amsterdam/Philadephia, 1998.
5. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: Филол.ғыл.докторы дис. Автореферaты. – Алматы, 1997.

7. Бейсенова Ж.С. Отраслевая терминология: системность, типология, функционирование. Монография, издание второе. Астана, 2011.
8. Ermakova O. P. Irony and its role in life language. – M.: FLINT, 2012. 190 p.
9. Erofeev V. V. Moscow-Petushki. The preview: https://mybook.ru/author/venedikt-erofeev/moskva-petushki/read/
10. Yerofeyev V. Moscow-Petushki with the comments by Eduard Vlasov. The preview: http://loveread.me/read_book.php?id=58164&p=93
11. Likhachev D. S. Laughter in Ancient Russia. Selected works in 3 vol., L., 1987. Vol. 2 P. 343
12. Savelyeva V. V. Stories in modern prose of Kazakhstan: criticism and actualization of the genre. – Neva. -2015. – №12. The preview: http://magazines.russ.ru/neva/2015/12/21s.html
13. Sternin I. A. Problems of analysis the structure of the word meaning. – Voronezh: Voronezh state University publ., 1979. 122 p.
14. Tolstaya T. N. Night: stories. M., 2002
15. Voinovich V. N. By mutual correspondence. The preview: https://ru.bookmate.com/books/LuOLk5s0

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Белокурова С. П. Әдебиет терминдерінің сөздігі // Gramma.ru. – Танысу режимі: http: // gramma. Ru / LIT /?id=3 .0&page= 1&wrd=% C8 %D%.
2. Войнович В.Н. Арқылы өзара хат-хабар алмасу. Танысу режимі:https://ru.bookmate.com/books/LuOLk5s0
3. Давлетшина С.Р. С. Д. Довлатов прозасындағы ирония функциясы. Танысу режимі:
4. Довлатов С. Д. Қорық.– СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2013. – 110 б.
5. Довлатов С. Д. Біздің– СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2013. – 160 б.
6. Довлатов С. Д. Көрінбейтін газет.– СПб.: Азбука, 2000. – 232 б.
7. Довлатов С. Д. Ундервудта соло. – СПб.: Азбука, Азбука- Аттикус, 2013. – 256 б.
8. Ду Жуй. Татьяна Толстаядың прозасындағы фольклорлық комизм. ТГУ хабаршысы. 11-шығарылым (79), 2009.
9. Ермакова О. П. Ирония және оның тіл өміріндегі рөлі.– М.: ФЛИНТА, 2012. – 190 б.
10. Ерофеев В.В. Мәскеу-Петушки. Танысу режимі: https://mybook.ru/author/venedikt-erofeev/moskva-petushki/read/
11. Ерофеев В.В. Мәскеу-Петушки Эдуард Власовтың түсіндірмесімен. Танысу режимі:http://loveread.me/read_book.php?id=58164&p=93
12. Лихачев Д.С. Ежелгі Ресейде күлкі. 3 т. таңдаулы жұмыстар, Л., 1987. Т.2 Б.343
13. Толстая Т.Н. Түн: әңгімелер.М., 2002.
14. Стернин И. А. Талдау мәселелері сөз мәнінің құрылымы. – Воронеж: Воронеж университетінің баспасы,1979. – 122 б.
15. Савельева В.В. Қазақстанның қазіргі прозасындағы әңгімелер: жанрды сын және өзектендіру.– Нева. -2015. – №12. Танысу режимі:http://magazines.russ.ru/neva/2015/12/21s.html

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Белокурова С. П. Словарь литературоведческих терминов // Gramma.ru. – Режим доступа: http:// gramma.ru/LIT/?id=3.0&page=1&wrd=%C8%D0%.
2. Войнович В.Н. Путем взаимной переписки. Режим ознакомления: https://ru.bookmate.com/books/LuOLk5s0
3. Давлетшина С.Р. Функция иронии в прозе С.Д.Довлатова. Режим ознакомления: http://journals.uspu.ru/attachments/article/1760/9.pdf
4. Довлатов С. Д. Заповедник. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2013. – 110 с.
5. Довлатов С. Д. Наши. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2013. – 160 с.
6. Довлатов С. Д. Невидимая газета. – СПб.: Азбука, 2000. – 232 с.
7. Довлатов С. Д. Соло на ундервуде. – СПб.: Азбука, Азбука- Аттикус, 2013. – 256 с.
8. Ду Жуй. Фольклорный комизм в прозе Татьяны Толстой. Вестник ТГУ. Выпуск 11 (79), 2009.
9. Ермакова О. П. Ирония и ее роль в жизни языка. – М.: ФЛИНТА, 2012. – 190 с.
10.. Ерофеев В.В. Москва-Петушки. Режим ознакомления: https://mybook.ru/author/venedikt-erofeev/moskva-petushki/read/
11. Ерофеев В.В. Москва-Петушки с комментариями Эдуарда Власова. Режим ознакомления: http://loveread.me/read_book.php?id=58164&p=93

12. Лихачев Д.С. Смех в Древней Руси. Избранные работы в 3 т., Л., 1987. Т.2 С.343
13. Толстая Т.Н. Ночь: рассказы. М., 2002.
14. Стернин И. А. Проблемы анализа структура значения слова. – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1979. – 122 с.
15. Савельева В.В. Рассказы в современной прозе Казахстана: критика и актуализация жанра. – Нева. -2015. – №12. Режим ознакомления: http://magazines.russ.ru/neva/2015/12/21s.html

ҒТАХР 17.01.09

Доскеева Ш.А.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Қазақстан, Семей, shaizaasanovna_68@mail.ru

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗАМАН ЖӘНЕ АДАМ ҚАТЫНАСЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУІ: ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ

Түйін. *Зерттеу жұмысында – Қазақстанның халық жазушысы, майдангер-қаламгер Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесі нақтылы туындылар арқылы қарастырылады. Жазушының шығармашылық зертханасы, терең философиялық өлшемі мен өмірлік тәжірибесі, көркемдік арнасы мен стиль даралығы да тиісті тұстарда сөз етіледі. Сыр-сипаттары сараланады.*

Әдебиеттегі замандас бейнесі теориялық тұрғыда сараланып, Әзілхан Нұршайықов туындыларындағы замандас келбетінің шынайы бейнесі, түпкі арнасы, заманауи қырлары, жан әлемі және психологиялық, ішкі моральдық келбеті, мінез пайымы, көңіл толқыныстарының суреттелу ерекшелігі шығармалардың композициялық-сюжеттік құрылымдарымен бірлікте алынып талданды. Сондай-ақ, жазушы туындылары әдеби жанрлардың естелік, хат, күнделік, мақала, очерк, әңгіме, повесть, роман сынды мол түрлерін қамтитыны, олардың замандастар образдарын сомдаудағы әсер-ықпалы көрсетіледі. Сонымен бірге жазушының заман мен замандас бейнесін ашудағы көркемдік тәсілдері, стильдік тіл айшығы, тағылымдық, мазмұндық мәндері де арнайы сөз етілді.

Қысқасы, Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесін жасау жолындағы ізденіс мұраттары, өзіндік өзгешеліктері әр алуан жанрдағы еңбектері негізінде қарастырылды.

Түйін сөздер: *кейіпкер, замандас бейнесі, суреткер, туынды.*

Доскеева Ш.А.
кандидат филологических наук,
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет
Казахстан, Семей, shaizaasanovna_68@mail.ru

ОПИСАНИЕ ОТНОШЕНИИ ЭПОХИ И ЧЕЛОВЕКА В ИСТОРИИ ЛИТЕРАТУРЫ: ОБЫЧАЙ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

Резюме. *В исследовательской работе рассматривается образ современника в творчестве народного писателя Казахстана, фронтовика-писателя Азильхана Нуршаихова при помощи точных произведении.*

В соответствующих моментах обсуждаются творческая лаборатория писателя, глубокая философская мера и жизненный опыт, художественное русло и стилистическая индивидуальность. Анализируются черты.

Настоящий образ, основное русло, современные грани, духовный мир и психологический, внутренний моральный облик, соображения характера, особенности описывания волнении облика современника в произведениях Азильхана Нуршаихова разбираются в единстве с композиционно-сюжетными структурами произведении, анализируя образ современника с теоретической точки зрения. А также, видно то, что произведения писателя охватывают множество видов литературного жанра, такие как воспоминания, письмо, дневник, статья, очерк, повесть, роман, и их влияние в изображении образов современников. Вместе с этим специально обсуждались художественные приемы, языковой стиль, влиятельность, смысловое значение в раскрытии образов эпохи и современника.

Короче говоря, поисковые цели, собственные особенности на пути составления образа современника в творчестве А.Нуршаихова рассматривались на основе работ в разных жанрах.

Ключевые слова: *персонаж, образ современника, художник, произведение.*

Doskeyeva Sh.A.
Candidate of Philological sciences,
Kazakh humanitarian-juridical innovative university
Kazakhstan, Semey
shaizaasanovna_68@mail.ru

DESCRIPTION OF EPOCH AND MAN RELATIONSHIPS IN LITERATURE HISTORY: CUSTOM AND CONTINUITY

Summary. *In the research work considered the image of a contemporary in the works of the national writer of Kazakhstan, the veteran writer Azilkhan Nurshaikhov with the help of exact works.*

The writer's creative laboratory, a profound philosophical measure and life experience, an artistic stream and stylistic individuality are discussed at appropriate points. Analyzed the traits.

The real image, mainstream, modern facets, spiritual world and psychological, internal moral character, considerations of nature, features of describing the excitement of the appearance of a contemporary in the works of Azilhan Nurshaikhov are analyzed in unity with the compositional and plot structures of the work, analyzing the image of the contemporary from a theoretical point of view. And also, it is clear that the writer's works encompass many types of literary genre, such as memoirs, writing, diary, article, essay, story, novel, and their influence in depicting images of contemporaries. At the same time, artistic techniques, language style, influence, meaning in the disclosure of images of the epoch and contemporaries were specially discussed.

In short, the search goals, their own peculiarities on the way of composing the image of a contemporary in the works of A.Nurshaikhov were considered on the basis of works in different genres.

Key words: *character, image of contemporary, artist, work.*

Кіріспе

Әдебиетте замандас бейнесін суреттеу – әдебиет тарихында көне дәуірлерден келе жатқан әдеби-эстетикалық үрдіс. Әр дәуірдің әдеби даму ерекшеліктеріне, әр халықтың ұлттық нақышына, сондай-ақ заман мен қоғамның саяси-әлеуметтік ұстанымдарына қарай әдеби-көркем шығармалардағы замандас бейнелері авторлардың өмірлік дүниетанымдары мен көзқарастарына сай әр алуан мазмұнда бейнеленді.

Кеңес дәуіріндегі социалистік реализм әдісінің қасаң қағидалары құрсауындағы социалистік қоғам мен социализм құрылысшыларының образдарын жасаған әдеби туындылардың ішінде, сол қоғамның ішкі қайшылықтарын шығармалар сюжеттеріндегі образдар тартысы арқылы ашық та астарлы түрде суреттеген Ә.Нұршайықовтың шығармашылық мұраларындағы замандастар образдары – жеке зерттеудің жүйесін құрайды. Өйткені, ұлттық мұрат орнына – интернационализм танымы, ұлттық құндылықтарды – социалистік қоғам идеалдары, адамзаттық мораль мен гуманизмді – таптық, социалистік идеялар, әдебиет дәстүрінен нәр алған көркем образдарды – саяси-идеологиялық бейне алмастырған Кеңес дәуірі әдебиетіндегі замандастар образдарының галереясын жасаушы көркемсөз шеберінің туындылары жеке зерттеуді қажет етері даусыз. Оған қоса, публицистика және эпика жанрының сан алуан үлгілерінде ұлттық әдебиеттің көркемдік деңгейін көтеріп, оның сапалық биігін танытуда зор еңбек сіңірген, бүгінде тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің ұлттық өрнегін өрістетуге ерен еңбек етіп жүрген қаламгер шығармашылығы жаңаша ғылыми танымның өзегіне айналуы ұнамды құбылыстардың бірі.

Сөз өнеріндегі Ә. Нұршайықовтың табыстарын жоғары бағалаған мақалалар мен жарық көрген еңбектер баршылық. Алайда, Ә. Нұршайықов шығармаларындағы қоғам мен адам, замандастар образын суреттеудегі шығармашылық зертханасының қыр-сырын, осы жолдағы суреткерлік қалам қарымын дәйектеу түрғысында арналы қарастырылған еңбектердің әдебиеттану ғылымында бола қоймауы – зерттеудің қажеттілігін, яғни тақырыптың өзекті мәселеге айналғанын айқындай түседі. Ең негізгісі, зерттеу тақырыбы – өмір-уақыт шындықтарын арқау етеді, әрі ондағы замандастар бейнесінің көркемдік-рухани құндылықтарын, басты ұстанымын жан-жақты ашуымен де өзекті, мәнді болып табылады.

Негізгі бөлім

Адам тұжырымдамасы – көркем шығармашылық пен эстетикалық ой үшін де ең басты мәселе. Көркем әдебиеттегі әр суреткердің бейне жасаудағы әдіс-тәсілдері өнердегі адам тұжырымдамасынан туындайды, содан бағыт-бағдар алады. Өйткені, адам қоғамның негізгі қозғаушы күшінің әдебиеттегі коннотациялық жиынының көрсеткіші бола алады. Қоғамдағы адамның жекелік қасиеті, рөлі турасында әр заманда түрліше пікір, пайымдар болды. Біздің мәселе қылып отырған тұлға – жеке адам ғана емес, сонымен қатар ол әлеуметтік тип. Оның бойынан, қасиетінен күресуші таптың идеологиясы, психологиясы, сайып келгенде оның мақсат-мүддесі айқындалып түруы тиіс. Сондықтан ғылыми

жұмыс барысында Ә.Нұршайықовтың шығармашылығындағы замандас бейнесінің жасалу жолдары мен маңызды түстарына, басқа да кейбір мәселелеріне тоқталамыз.

Тақырыпқа қатысты кеңестік кезеңнің әдеби-қоғамдық сипатын нақтылау, қайсыбір түстарына ден қою артық емес. Реализммен сусындаған кеңес суретшілері өмірді өз қалпында суреттеуді, күнбе-күн көріп жүрген нәрсенің көшірмесін жасауды емес, өмірді терең зерттеп көрсетуді реализм деп ұғынды. Сондықтан кеңестік қоғам адамының өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, өзгешелігі бар.

Жеке адам жөнінде әр түрлі анықтамалар сол кездің өзінде өріс алды. Солардың ішінде бір-біріне қарама-қарсы мынадай екі түрлі түжырым болды: «Бірінші көзқарас бойынша – тұлға деп тек өзіндік ерекше ойлау қабілеті, сезім тереңдігі бар адамдарды атайды. Екінші көзқарас бойынша – кез келген әлеуметтік маңызды сипаты бар әр адам тұлға деп есептеледі» [29,1971].

Кеңес адамы жөніндегі бұл екі көзқарастың көріністері көпшілік әдебиеттерде көрініс тауып, қолданысқа енген. Ол социалистік қоғам адамы туралы жақсы түсінікті қалыптастырды. Осыған байланысты социализм адамының бойында мынадай қасиеттер мен қағидалар орын алды:

1. Басқаларға қарағанда ой тереңдігінің үшқыр болуы;
2. Әр нәрсеге көзқарас ерекшелігі;
3. Өзіндік сезім мен түйсіктің жарасым табуы;
4. Күші, еркі болуы;
5. Ішкі рухани жинақылық;
6. Өзіндік құмарлығы, ынтықтығы;
7. Өзіндік түсінігі мен түйсігі;
8. Философиялық тереңдік;
9. Эстетикалық талғам;
10. Эмоциялық толғаныстар, т.т.

Бұл қасиеттерді өн бойына жинақтаған кеңес адамының бейнесі сол заман шындығының ең жарқын көрінісі болды. Кеңес дәуірі әдебиетінде осы қасиеттер барынша әспеттеліп, жинақталып, дараланған жазушы туындысы эстетикалық, эмоциялық, әдеби көркем шығармалар қатарына жатқызылды. Бұдан басқа, атап айтқанда, адам мен оның өмірі, кезең-қызметтері, қоғамдық һәм шығармашылық іс-әрекеттері де тиісінше бағалануы тиіс. Демек: «Адам қашанда әдебиеттің басты кейіпкері болып қалады. Бірақ, Адам адам болғаны үшін ғана емес, қоғамға, елге пайдалы күресімен, еңбегімен көрінсе құба-құп. Адам тұлғасын биіктететін де оның күрескерлігі, еңбекшілдігі. Ал өмір шындығын бір жақты, оның күнгей бетін ғана көрсету, шынында кеңес әдебиетін сыңаржақтыққа ұрындырды. Өмір шындығы екі жақты суреттелсе, социализм ұрандап жатқан жаңа құбылыстар мен соның құрбаны боп жатқан халық трагедиясы қатар суреттелсе, біз өмір шындығын әдебиеттен-ақ танып болар едік. Сорымызға қарай, әдебиет ол тақырыпқа бара алмай, біз шындықты бүгінгі тарихтан ғана танып отырмыз. Социалистік реализмнің сыңаржақтығын да осыдан деп түсінуіміз керек... Әдебиеттің өзіндік заңдылығымен өмір сүруі, көркемдік ерекшеліктері басты назарда болуы керек. Әдебиет адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндетін орындағаны. Кеңес тұсында да осы міндетті атқаруға тиіс еді, бірақ белгілі ықпалдың күшімен таза идеологияға көбірек бой алдырды. Көркемдікпен ұғылатын дүниелер тікелей үгітпен жасалды» [16, 1998]. Өкініштісі де сол, бірнеше буын кеңестік жүйенің әсер-ықпалымен өмір сүрді, еңбек етті. Көркемөнер, шығармашылық жұмыстар осы бағытта өріс алды. Адам мұраты мен құндылықтары (жастық, достық, ізгілік, игілікті істер т.с.с.) әдебиетте көркем шығармалардан көрініс тапты. Осы орайда, жастықтың жаршысы болған Ә.Нұршайықов шығармаларындағы адал, пәк, махаббатқа берік кейіпкерлер ибалық пен адамгершілікті, қазақылық пен мінезділікті бойына жинақтаған замандастардың жинақты бейнелерін құрады. Оның өз замандасының қайсысын алсақ та, биік пафоспен, ұлы сыршылдықпен, философиялық мәнермен, психологиялық пайыммен ерекшеленетін бейнелер болды. Жазушы өз кезегінде «замана махаббатының» ардақты бейнесін жасады. Әдебиеттегі махаббат мәселесі турасында Қ.Мәшһүр-Жүсіпов «Өлең – сөздің патшасы» деген еңбегінде былай дейді: «Бүгінгі жастар поэзиясында махаббат – кең жырланып жүрген мәнді тақырыптың бірі. ...Махаббатты жырлау сонау көне заманнан, ауыз әдебиетінен басталатыны белгілі. Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында ғашығын іздемек болған баласына анасы: «Сансыз жылқың, сан қойың қалды артыңда, Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?» – десе, ұлы: «Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда, Бір күнде қырылса да керек емес» – деп жауап қатады. Міне, мұнда Қозының махаббат үшін ештеңеден тартынбауы, дүние

бетіне қарамауы, бірбеткейлігі біршама ашылған. Сондай-ақ Қозының одан әрі жол азабына шыдауы, қауіп-қатерден сескенбеуі – бәрі де махаббатқа деген шексіз құштарлықты танытады. Осы орайда, ұнамды қаһарманның сүйгеніне деген шексіз құштарлығы, асқан төзімділігі, ерен ерлігі ерте заманда шығыс елдеріне кең тараған. «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зуһра», «Жүсіп-Зылиха», т.б. хикая-дастандарына өзек болғанын еске алу орынды. Сөз жоқ, бұл туындыларда қиындықты беруде де, қаһармандардың сол кедергілерді жеңу процесін бейнелеуде де әсірелеу, шарттылық орын алады» [21, 1991]. Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы махаббат мәселесін суреттеуде де осындай әуезділікке, саздылық пен наздылыққа, шарттылық сюжеттерге құрылған әдеби көріктеу тәсілдері мол. Бастысы, әрине өмір шындығын көркем бейнелер – замандастар арқылы жүйелі жеткізді.

Әдебиетте жеке адам бейнесін жасау және сол бейненің қоғам дамуына тигізетін әсерін реализм тұрғысынан суреттеу – 1960-1980 жылдардағы қазақ жазушыларының алдарына қойған күрделі мәселелердің бірі болды.

Жеке адам мен қоғам мәселесі тек арнаулы құжаттарда ғана емес, күнделікті әдебиет пен өнерде, баспасөзде жан-жақты бейнеленіп, суреттеліп келеді. Бірақ, оның біз біліп болмаған қырлары мен сырлары көп. «Литературная газетада» «жеке адам және қоғам» туралы 1978-1979 жылдары өткен дискуссия осының айғағы. Мұнда әдебиетшілер мен сыншылар, ғалымдар мен суретшілер және басқа да мамандық иелері болашақ адамының қасиеттерін, ішкі жан-дүниесін, характерін ашудың сан қилы мәселелеріне үңіледі. Адам мұраты мен еңбегі, кезеңі алдыңғы кезекте көрінеді.

Міне, мұның өзі қоғамымыздағы адамның, соның ішінде жеке адамның ерекшелігін, оның қоғаммен, қоршаған ортамен қатынасын аша түсу, байыпты көрсету дәуіріміздегі ең күрделі мәселелердің бірі екендігін көрсетеді.

Бұл мәселе төңірегінде ғалымдар, зерттеушілер тарапынан жасалып келе жатқан тұжырымдар, болжамдар, ой түйіндері аз емес. Мәселен, бір топ автор жазған «Коммунизм и личность» деген еңбекте социалистік қоғам кезінде барлық тап және әлеуметтік топ мүшелеріне ортақ әлеуметтік атрибуттар болатындығы айтылған [11, 1964]. С.С.Батенин «Критерий прогресса личности» атты мақаласында («Книга личность при социализме») «социалистік қоғам адамының коллективизм, қоғам алдындағы жауапкершілік, саналылық және қоғамдағы белсенділік» [5, 1968] сияқты белгілері болуы қажет екендігін жазады. Ал осы кітапта Л.М.Архангельский жаңа адамға: «біріншіден, еңбекке деген қалтқысыз қатынас, екіншіден, социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау жөнінде қамқорлық, үшіншіден, коллективизм, төртіншіден, гуманизм» [2, 1968], міндетті түрде керек деп ой түйеді. Әрине, бұл көзқарастың бәрі түгелдей дұрыс деп айта алмаймыз. Онда біріншіден, жаңа адам қасиеттерін бір жүйеге келтіру жетіспесе, екіншіден, мәселенің ішіне үңілмей, сыртқы пішінін баса айтушылық сарыны бар.

Қоғамды алға апарушы жеке адам бейнесінен түлғалы тип жасау, олардың басқа қоғам адамдарынан айырмашылығын, ішкі жан дүниесін, психологиясын терең ашып суреттеу – әдебиеттің басты шарты. Сол батырлардың, адамдардың басқаларға үлгі-өнеге боларлық қасиеттерін, жан сұлулығын, рухани байлығын жарқырата ашып, көпшілік қауымға көрсете білу де – қаламгер атаулының абыройлы борышы.

Әдебиет пен өнер – қоғамдық өмірдің айнасы екені мәлім. Ол да әр тарихи дәуір шындығын басшылыққа ала отырып, сол кезеңнің идеалы, мұраты болғандай бейнелерді тудыруды мақсат етеді. Заман рухынан туып, белгілі кезеңнің келелі мәселелерін көтерген сом бейнелер ғана өнегелі, өміршең болмақ. Және сол бейнелер өз кезеңіндегі әдебиеттің тағылымды қаһармандары бола отырып, кейінгі әдебиетке өз ізі мен таңбасын үлгі ретінде қалдырады. Сөйтіп, тарихи шындық пен көркемдік шындықтың тоғысқан жерінен жеке тұлға бейнесі шығады. Ол көркем бейненің заманауи сипаты мен келісті сом тұлғасын құрайды.

Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы кейіпкерлердің дені кеңестік дәуірдің табиғатынан

нәр алған жиынтық бейнелер. Ербол мен Меңтай – замана тудырған махаббаттың символы болса, Бауыржан – Ұлы Отан соғысының батыры ретінде көрінген халықтың қалаулы азаматы, ер жүрек, өжет ретінде көрініс береді. Сол сияқты жазушы сол орта мен қоғамның небір жағымды әрі жағымсыз бейнелерін нақышына келтіріп сомдады. Сол арқылы Кеңес дәуірінің психологиялық ортасын, қоғамдық-саяси ахуалын суреттеді. Әдебиет зерттеушісі Гүлзия Пірәлиева әдебиеттегі психологизм, көркемдік тұрғыдан алғандағы бейненің психологиялық қырына мынадай тұжырымдама жасайды: «Психологиялық роман жанрының табиғатына тән көркемдік қасиеттің бірі – адамзаттың

табиғи жаратылысын танытатын: бәрі адамтануды тереңдеп зерттеуге өзіндік үлесін қосатын қосалқы көмекші құралдар. Олардың түп тамыры тереңде, халықтың салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпында жатқанын да атап өткен жөн» [28, 2003].

Біз Ә. Нұршайықов шығармаларын таза психологиялық туындылар деп айта алмаймыз. Бұл шығармалар – реалистік, романтикалық, философиялық тұрғыда келістіріліп жазыла келе, өн бойына ұлттық, яки қазақы психология, жеке тұлғалық (индивидтік) қасиеттер, адами болмыс пен табиғи мінездеулерді жинақтаған синкретті көркемөнер туындылары. Жазушы шеберлігі сол – ол шығармаларын әр тарап бойынша келістіріп, жан-жақты қоғами, адами, саяси мәселелерді адам психологиясының түп қазығымен байланыстыра бейнелейді.

Заманның есте қаларлық жағымды тұлғасының келісті бейнесін өз шығармаларында үлкен шабытпен бейнелей алған үздік суреткерлеріміз, сол әдеби кейіпкерлер ғұмыры мен халқымыздың қажырлы күрес тарихын өзара байланыста ала отырып, еліміздің жаңару, өзгеру, ілгері даму шежіресін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келді.

Суреткер алдына бүгінгі күн міндеті ретінде қойылып отырған заманымыздың ұлылығына сәйкес замандас бейнесін жасаудағы шеберлікті арттыра түсу мәселесінің арғы төркіні 20-30 жылдармен сабақтасады. Демек, бұл саладағы дәстүр бастамасы жаңа кеңестік реализм әдебиетінің қалыптасу дәуірінде-ақ бой көрсеткен болатын. Осы тұста қоғамдық өмірмен ілгері қадам басқан жаңа тұрпатты кейіпкерлер бейнесін сипаттауда озықтық көрсеткен жазушыларымыздың бірі – Әзілхан Нұршайықов.

Әдебиетімізде заман тынысы мен замандас бейнесі жаңа қырларымен бейнеленіп көрініс тапты. Прозаиктердің 60-70 жылдары жарияланған роман, повестерінде, әсіресе, Ұлы Отан соғысы оқиғаларының фонында ауыл өміріндегі елеулі өзгерістер мен замандас бейнелерін бейнелеуге бетбұрыс айқын байқалады.

Бұл – кездейсоқ құбылыс емес. Соғыс адамдардың ар-ұждан тазалығына қатал сын болды. Соғыстан кейінгі халық тұрмысы, ауыл адамдары, хал-ахуал, жастар мәселесі, қоғамдық-саяси түстар, өмір, тіршілік харекеттері жазушылардың сынына түсті. Қатерлі сынға біреу төтеп беріп, төзіп, шыңдалып, құрыштай шыныға түссе, біреулердің моральдық дүниесіндегі сызаттар, бітеу жара үлғая келе дертке айналып, адамдық қасиеттен жұрдай етті. Бірақ ауылдағы шешуші күш мұндайлар емес, жаны, ары таза, шын патриот, еңбекші халық еді. Осындай негізгі идеялық-эстетикалық тұжырымдамаға құрылған шығармалардың әрқайсысында өзіндік бояу-өрнегімен заман және адам мәселесі толғанады. Ә.Нұршайықов өз туындыларында замандас келбеті мен жеке адам тұлғасын әр түрлі бояу-нақыштармен бейнелеп, кестеледі. Бұл тұста, сөз жоқ басты бағыт: «Жеке адам мен коллектив, көпшілік, басшы мен оған ерген халық – совет әдебиетінің алғашқы күнінен бастап батыл және көп көтерген тақырыбының бірі. Бұл, әсіресе, жаңа қоғамдық жағдайларда, әлеуметтік күрес жолында көбірек көрсетіледі. Көркем әдебиет сол арқылы жаңа жағдайларда, коллективтік ортада жеке адамның өсу, жетілу жолдарын көрсетуге тырысады» [15, 1976].

Шынында, жазушы өзі өмір сүрген ортаның жырлаушысы десек, сол заман бейнесі оның шығармаларында өз көрінісін берері айқын. Ә.Нұршайықов туындылары осындай заманның көркемөнердегі суретін нәзік лиризм мен гуманистік идея бесігіне бөлеп бейнелеген туындылар болды.

Тақырып өзегі әдебиеттану ғылымындағы көркем бейне, бейне болғандықтан, зерттеуімізде айтылып отырғандай, көркем бейне немесе бейне – әдебиеттің, яғни көркем шығарманың басты нысаны ретінде қаралады.

Мұның өзі, сайып келгенде көркемділік, көркемдік шындық пен көркем бейнеге алып келеді. Демек: «Көркемдік шындық – өмір шындығынан, жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шығарма өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады». Ал «Көркемділік – өнер шығармаларынан өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы – дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік» болса, онда: «Көркем бейне – көркем бейне, ... әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған тұлға-бейнесі» [14, 2005].

С.Қирабаевтың «Әдебиет және дәуір талабы» атты еңбегінде әдебиеттегі адам бейнесіне мынадай тұжырым жасаған: «Әдебиеттің негізгі зерттейтіні – Адам мен оның өмірі, еңбегі екені жалпыға мәлім. Алайда, оны көркем бейнелеудің жолы алуан түрлі. Біреу адам өмірін оның нақты іс-әрекетін

суреттеу арқылы көрсетуге тырысса, біреулер оның ойын, айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға көңіл бөледі. Осындайда адаммен қарым-қатынаста болатын өмір құбылыстарының ешқайсысы да сырт қалмайды. Адам сезімін, ой-дүниесін тереңірек бейнелеуге табиғат та, оның маңындағы жан-жануарлар тіршілігі де қатыса алады. Өйткені, Адам – жалпы тіршіліктегі ең биік сапалы, саналы өмір иесі, қалған тіршілік құбылыстары оны толықтыруға, оның реніште-қуанышты сезімдерін ашуға көмектеседі, оның жанын, ұғымын байытады» [15, 1976]. Расында, адамның жаны – түпсіз терең тұңғиық, өз алдына ұлы әлем. Оның тылсым сырын ашып суреттеу, сөз зергерінің негізгі нысаны. Э.Межелайтис айтқандай: «Адамның ішкі дүниесіне тереңірек үңілген сайын оның анағұрлым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. Адам жаны неғұрлым тереңірек суреттелсе, шығарма да күрделі болады» [22, 1972]. Бұл жердегі тереңірек суреттелу деген сөз – бар ынта-ықыласпен, күш-жігермен нанымды әрі сенімді, әр оқырманды тебірентетіндей, сол оқиғамен иландыратындай халге жеткізу. Яки, адам жанын, әрі адам өмір сүрген қоғамды, уақытты, қысқасы заман һәм замандастар туралы суреттеу – жазушының шығармашылық кредосы.

Табиғат тепе-теңдігін сақтаушы, өмір өткеліндегі ең саналы, биік дәрежелі тіршілік иесі – адамзат баласы. Сол адамзат баласы қарапайым өмірде жекелік, жалғыздық сипатқа ие болады. Ал көркемөнерде бейне жинақталады, дараланады, сараланып, салмақталады. Академик З.Қабдоловша айтсақ: «Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амалы алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады» [13, 1992]. Шынына келсек, бейне жасау – жазушының ең бір шығармашылық ізденісінің, қалам қуатының танылар қыры. Өйткені, қаламгер бейне жасауда материалдарды алдымен жинақтайды, тақырып пен идеяны айқындайды, одан соң шығарманың композициясы мен пішінін жасайды. Мұның бәрі жазушының шеберлігіне, жазушылық зертханасына, өмірді танып, ғұмырды бастан кешіріп, замана сазымен ілесе алатын жаңашылдығына байланысты. Әдебиет теориясындағы көркем бейне ұғымына орыстың белгілі ғалымы Л.И.Тимофеев мынадай баға береді: «Бейне – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» [30, 1971]. Шынында, бейне – бір жағынан қиялдан туып, фантазиямен жалғастық тауып жатса, екінші жағынан өмірдің өзінен табылып жатады.

Жазушының махаббат тақырыбындағы туындыларының жазылу әдістерінің өзі – ерекше әдеби-көркем түрде құралған. Мәселен, сұхбат (ауызша) түріндегі берілетін үлгілерге «Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажайып адам» секілді шығармалары жатса, қолжазба, естелік, хат түрінде (жазбаша) жазылған туындыларға «Ботагөз», «Ескі дәптер» секілділері жатады. Бұл шығармалардың ортақ негізі – жастардың арман-тілегі, асқақ рухы, болашақ аңсарлары, биік мақсаты мен мәртебелі мұраттары, олардың бойындағы шынайы қасиеттері мен нәзік сезімді сырлары, адалдығы мен ар-ұяттылығы. Бұл жерде жазушы қоғам, заман шындығын, адамдар іс-әрекеттерін терең, нанымды ашады. Замандас бейнесін әр қырынан көрсетеді. Алайда, бұл туындыларда кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайтын дара қасиеттерімен ерекшеленеді. Әр кейіпкер – жеке тұлға, әркімнің өмірі әртүрліше өрбиді. Сондықтан өнердің даралық сипаты, құдіреті – бейнеде. Ғылымның бүгінгі даму сатысында бейне термині әр түрлі қырынан қаралады:

1. философиялық ұғымда
2. психологиялық ұғымда
3. өнердегі ұғымда.

Ең алдымен терминдер арасындағы шекараны айырып алмай, олардың мәнін анықтамай, біз көркем бейненің, оның ішінде әдебиеттің табиғатын түсіне алмаймыз. Сондықтан бейненің жеке-дара тармақтарын саралау шарт.

Философиялық ұғымындағы бейне – объективті болмыстағы құбылыс атаулының санадағы көрінісі. Бұл ретте түйсік, сезім, ұғым, жеке фактілердің адам санасындағы сәулесі – бейне. Оларды біріне – бірін қарсы қоюға, шатыстыруға болмайды. Жалпы бейненің ең кең мағынасы философиялық ыңғайда түсіндіріледі.

Психологиялық бейне – сезімге, адам есіне қатысты бейнелер. Бұл философиялық ұғымға қарағанда аясы тар, шеңбері шағын термин.

«Өнердегі бейне – өзіне ғана тән пәні, объектісі бар, болмысты бейнелеудің, танудың айрықша мағыналы құрамы» [23, 1986], – деген Р.Нұрғалиевтің пікіріне сүйенсек, жазушы туындыларындағы кейіпкерлер әлемі жоғарыда аталған үш бейнеге тиесілі. Жазушы шығармашылығындағы бейнелер

бірде ойшыл, өзіндік пікір-пайымы бар, даналы жас болса, енді бірде жан-дүниесі бай, ішкі сарайын толқынды әлем кернеген мінезді болады. Ал енді бірде әр оқырманның идеалына татыр бейнеде кескінделеді. Ә.Нұршайықовтың шығармашылық зертханасының бір керемет түсы – оның кейіпкерлері жағымды немесе жағымсыз болсын, бәрібір жасық, қорқақ, өмірден өз орнын таба алмайтын дәрменсіз, күйрек емес, тек өзіне сеніп, болашақты жұмақтай көретін оптимист тұлғалар түрінде суреттеледі. «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы бейнелер осылай суреттеліп, романтикалық және реалистік шеберлікпен тұлғаланған. Жазушы өз шығармашылығы арқылы өз дәуірінің, өз замандастарының бейнесін өшпес көркем мұраға айналдырды. Қаламгер туындыларындағы замандастар өз дәуірлері құбылыстарына ой көзімен қарап, өткен шаққа салауат айтып, болашақпен тілдеседі. Біз бұл шығарманы бүгінгі күн талабы бойынша саралап, сараптауымыз қажет. Романға жазушы өз басынан өткен махаббат сезімін арқау еткен. Сөйтіп, өмір мен өнер егіз, қатар ұғым дейтін болсақ, өз өмірін сөз өнерімен сабақтастыра білген жазушының қаламынан қымбат та асыл дүние шыққан. Тағы бір елеулі нәрсе – Ә.Нұршайықов туындылары өте бай тіл бедерімен, стиль ерекшелігімен, көркемдік арнасымен тоғысқаны бір бөлек, оның шығармашылығы аса бай әрі таза өмірден, табиғи түрмыстан алынған оқиғалылығында. Маңыздысы сол, Ә.Нұршайықов қайсібір туындысында да заман, адам мұратын айқын көрсетіп, соған сай бейнелерді жүйелі, нақты суреттейді. Замандас бейнесін толық, нанымды ашады. Оның қоғамдағы орнын, көркемдік-эстетикалық тұғырын анық айқындайды.

Жеке тұлға – тек психологияның нысаны ғана емес. Ол – әдебиеттің ең басты предметі. Бірақ әдебиеттің өзі жеке-дара ғылым саласы болғанымен, басқа да ғылым түрлерімен байланыс таппаса, онда әдебиет ғылымы дамымай қалар еді. Әдебиеттің өз арнасында көркемдік психологизмнің ұлттық сипатының алар орны зор. Қай халық болса да, оның өзіне тән мінезі мен ерекшелігі болады. Қоғам байлығы – адам дейтін болсақ, ал адамның бәрін бір нүктеге бойлататын қазық – ұлт. Ал ұлттың мінез-құлқы мен бояу-өрнектері қаламгерлер шығармашылығынан орын тепсе, ол – заңдылық.

Жалпы көркем бейненің өзі әдебиеттану ғылымында мынадай сипатқа ие: «Бейне – өнерді қайта құру және игеру тәсіліне тән ерекше мінезделетін, эстетикалық категория» [19, 1987]. Осы пікірді негізге ұстанар болсақ, әдебиеттегі көркем бейне – өзіндік эстетикалық және тарихи шындықты бойына жинақтаған образ.

Ал қазақ әдебиеті тарихында көркем образға мынадай анықтама берілген. «Көркем бейне дегеніміз – көркемөнерде, соның ішінде әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс қалпы, кейіпкердің көркем ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасаған тұлға бейнесі» [3, 1998]. Осындай анықтамаларды басшылыққа алсақ, біз айтып отырған көркем бейненің заманалық сипаты мен көркемдік маңызын терең жүйелей аламыз.

Жазушының «Махаббат қызық мол жылдар» романдағы Меңтай образы қазақтың қарапайым қазақ қызының типтік бейнесі ретінде көрініс табады. «Көркем туындыдағы адам образын сомдау, мүсіндеу үшін бірнеше көркемдік тәсілдердің қатысатыны аян. Әрқайсысы суреткер көздеген ойды, алдына қойған мақсатты жеткізуде өзіндік қызметке ие» [8, 2002], – деген ғалым А.Жаманғараеваның пікірін алға жетелер болсақ, психологиялық тұрғыдан алғандағы ең көркем әрі қуатты тәсіл – портрет болып табылады.

Портрет арқылы ғана адамның болмыс-бітімін танып біліп, ішкі сезімін айқындауға болады. Мәселен, Меңтай портреті лирикалық қаһарманның шегінісінен бастау алады. Яғни Ерболдың Меңтайды алғаш көрген сәттегі суреттеп-сипаттауларынан басталады. «Өзге қыздар күлгенмен, ақ қыз әсем ернін қытықтай бастаған күлкіні кері қайырып жіберді. Мұнысымен ол барша ұстамды қыздың бетінен еш нәрсені білдіртпейтін, жақсы иә жек көргенін ешқашан аңғартпайтын ең үлкен өнерін танытқан еді. ...Осы кездегі оның ризалық, биязылық, сыпайылық, сүйкімділігін көргенде менің жүрегім бұрынғыдан бетер дүбірлеп, дүрсілдеп кетті» [24, 1992], – деген жолдардағы Меңтай образы шығарманың идеясын, тақырыбын айқындап тұрғандай. Осы ретте орыс ғалымы Л.И.Кричевскаяның: «Портреттің ең қиын міндеттерінің бірі – адамның сырт келбеті арқылы тұлғаның психологиялық сипатын, адамзат өмірінің ішкі өмірін айқындау» [10,1994], – деген пікірін келтіре кету орынды. Өйткені, онда қазақ қызына тән сыпайылық, қарапайымдылық, нәзіктік сияқты қасиеттерді қаламгер түрлі әдеби тәсілдер, нақты мысалдармен дәлелдеген. Мәселен, жаңадан келген Ерболды аға деп сыйлап, оны майдан шебіндегі өз ағасына ұқсатып, көп қамқор болады. Жаңа ортаға келген Ерболға барлық қолдан келген көмегін аямайды.

Жазушы бүгінгі қоғамда әлі күнге дейін неше түрлі Тұмажандардың жүргендігін айтып, олардың қазіргі кезде іші өзгермеген, түсі өзгерген, өйткені олар қара костюм, ақ көйлек киіп, екі

беттері шиқандай болып, менменсіп мейманханалардың маңында жүретіндерін ашына суреттейді. Жазушы озбыр бейнені лас іс-әрекеттері арқылы аямай әшкерелейді. Ал оны ұғынып, өз бағасын беру – оқырманның билігінде. Ғалым М.И.Андроникованың: «Суретші тек қана үлгінің көшірмесін, тек қана оның сұлбасын жасамайды – ол арқылы өз әсерін, ол туралы өз ойын білдіреді» [1, 1974], – деген сөзін қостар болсақ, онда авторлық позицияның образды айқындау сәтінде бейнені жандандыру мәселесінің тереңдігін мойындау керек. Өмірдің диалектикалық заңы деген осы. Әрқашан да жақсы мен жаман, әділеттілік пен әділетсіздік, ақ пен қара, әлсіз бен әлді, кішіпейілділік пен озбырлық қатар жүретін тағдырдың, өмірдің заңы – әр адамның басында болар іс. Қаламгер осы тұста да қыздарды осындай жел өкпелерден сақ болып, махаббатына берік тұра білуге, озбырлардың қармағына түсіп қалмай, әдемі өмір сүруге шақырады. Тұмажан образы арқылы мынадай қағиданы ұсынуға болады. Қыз намысын қорлау, оның абыройына, пәктігіне дақ келтіру – жазасы ешқашан өтелмес, күнәсі ауыр қылмыс жасағанмен бірдей. Адам бойындағы ең бір ізгі де ардақты қасиеттердің асылы – адамгершілік. Барлық адам бойындағы жақсы қасиеттерді өрбітіп, дамыта отырып, қаламгер өз замандастары мен келешек ұрпаққа тағылымды ой тастайды. Өйткені, адам бойындағы адамгершілік махаббатпен, патриоттықпен, адалдықпен, адамдықпен, кішіпейілдікпен, ұлағаттылықпен, сүйіспеншілікпен ұласады, сонымен сабақтасады. Осындай бойында адамгершілік нұры төгіліп тұрған Ә.Нұршайықов жасаған бейнелердің бірі – «Махаббат жыры» повесіндегі Әділжан бейнесі. Бұл повесть әдемі лиризмге, сұлу да бай мінезге құрылған. Әдетте әдебиетте, көркем шығармада мінез болмайтыны ақиқат.

Өйткені, өткен күн, болған нәрсе сол қоғамға, келер ұрпаққа сәулесін түсіріп тұруы, өз көлеңкесін көрсетуі – заңды құбылыс. Осы жерде орыстың көрнекті ғалымы А.Ф.Лосевтің мынадай терең пікірін келтірсек: «әрбір адамға тән келбеті, жүрісі, киім киісі, тіпті тамақ ішісіне дейін қатаң қадағалау арқылы оның ішкі өміріне ене аламыз. Олардың өзін қоршаған ортаға, затқа т.б. деген көзқарастары ішкі әлемді танытар бірден-бір көркемдік кілт» [17, 1991]. Қаламгер бірде-бір қимылды қалт жібермей, әр іс-әрекетті байыппен суреттейді. Өйткені, әр қимыл, әр ишарат, әр әрекет – образдың жаңашыл түсын тануға көмектесер сюжет құрылымы. Бұған белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабековтің журналист сауалына берген мына жауабын дәйек ретінде алуға болады: «Кеңес өкіметі кезінде де бүгінгі тақырып жазылмай жатыр деген әңгіме болып тұратын. Жоқ деп айтуға болмас, қазір де азды-көпті жазылып жатыр. Кейіпкер жайлы айтсақ, адамның бәлкім ішкі жан-дүниесі, мінез-құлқы өзгермесе, адам қашанда адам ғой. Жазушы пікірін алға тартатын болсақ, шындығында, заман кейіпкерді жасайды деген тоқтамға келуіміз заңды. Бейне жасау – жеке-даралық сипатқа ие бірнегізді нәрсе емес, ол – өз арнасына бірнеше факторларды біріктіретін кешенді құбылыс. Сол себептен де әдебиеттегі замана көрінісі мен замандас бейнесі – бірін-бірі толықтырып тұратын, бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын дихотомиялық процесс. «Әдебиет пен өнерде жай зат жоқ. Олар міндетті түрде өз иелеріне қызмет етуі тиіс» [18, 1595], – деп көркем өнердегі адам, табиғат, заттар әлемінің орны мен көркемдік қызметін зерттеген Б.Е.Галанов айтқандай, қаламгер де шығарма сюжетіне сәйкес адам мен оның табиғаты, адам және оның заты секілді жайларды қатар қоя отырып, салғастыра бейнелейді.

Әдебиет – қазынасы мол, ауқымы кең, тереңі таусылмас мұхит. Әдебиеттің жырламайтын, қарастырмайтын тақырыбы жоқ. Әдебиеттің құдіреттілігі сонда, өмірдің сан алуан қыр-сырын егжей-тегжейіне жетіп, толыққанды жүйемен қамтамасыз етіп, уақыт пен кеңістікке төтеп бере алады. Литвалық әдебиетші Ян Парандовскийдің сөзіне сүйенсек: «Әрбір жазушының жаны – бейне бір толғаныс, күйзеліс тағы басқа да толып жатқан сезімдер қоймасы іспетті» [27, 1990], – дейді. Сонда, әдебиет – жазушы – кейіпкер деген үштік әрқашан бірлікте өмір сүреді дейміз. Өйткені, әдебиеттің өзінде бірнеше категория жатыр, олар: шығарма, оның тақырыбы, идеясы, сюжеті, композициясы. Ал жазушы – әдебиет пен кейіпкерді өз сезімінің, өз жүрегінің қоймасынан, яки шығармашылық қиял мен өмірлік шындық байланысынан тудырады.

Қаламгер Ә.Нұршайықовтың қаламынан туған образдардың келесі легі – қаламгерлер бейнелері. Әдебиеттің түріне қарап саралар болсақ, жазушының бұл саладағы шығармаларын тарихи негізді шығармалар деп атау орынды. Өйткені, ешбір қоспасыз, бәрін қаз-қалпында баяндаған бәрімізге белгілі тұлғаларды жырлаған шығармалары тарихи және көркемдік шындықпен астасып келген.

Жазушының жанын тек жазушы түсінеді. Өйткені, олардың ішкі дүниесіндегі жалғастық, өтетін процесс біркелкі. Мәселен, белгілі бір образ жасау үшін жазушы алдымен сезімін сол бейнеге теліп, өзін бір сәт кейіпкер орнына қояды. Өзінің «Борис Полевой туралы әңгіме» атты естелігіндегі қаламгердің бейнесін жазушы оның түрлі қимылдары мен әрекеттері арқылы береді. Экскаваторшы Дмитрий Слепуханың қазіргі өмірі мен Отан соғысы кезіндегі ерліктерін сипаттау үшін әңгіме

жазады. Б.Полевой егер Д.Слепуханың айтқанын көркем әңгіме етіп жаза қойса, онда шығарманың түк дәмі болмас еді. Өйткені оқиғаны айтушы жазушыға түсінікті тілмен жеткізе алмауы мүмкін, өз басындағы өткен жағдайды ашық айта алмаған болар еді. Ал қаламгер болса, образдың нанымды шығуы үшін еңбектенді. Ә.Нұршайықов оны былай суреттейді: «Құрылыс жаңа басталып жатқан болатын. Шын мәнінде онда әлі айта қоятын да еш нәрсе жоқ сияқты еді. Осылай ойлаған өзге жұрт жайбарақат жүргенде Борис Полевой таяуда жер қазып жатқан экскаватордың болат тістері жерден тот басқан зеңбіректі жоғары қарай көтере берді. Бұл кешегі өткен соғыстың өшпеген ізі еді. Борис Полевой көзін сығырайтып, аспанда бақадай тырбаңдап түрған зеңбірекке ұзақ қарап қалды. Содан соң, қабағын сәл шытып, қойын дәптеріне бірдеңелерді тез-тез түртіп алды. Келесі сәтте оның темір сатымен өрлеп, экскаваторшының кабинасына қарай көтеріліп бара жатқанын көрдік. Полевой биіктен кезегін аяқтаған экскаваторшы Слепухамен бірге түсті. Онымен ілесіп, үйіне дейін барды. Кешке жазушы мен экскаваторшы бірге клубта болды. Ертеңгі күнді ол тағы да соның қасында өткізді. Слепуха мен Полевой жарыса жұмыс істеді. Бірі тарихты болат шөміштің жүзімен, екіншісі болат қаламның ұшымен жазып жатты» [25, 1992]. Қаламгер осылайша ғажап портрет, портрет болғанда жанды сурет жасаған. Екеуінің қатар түрып, бірінің тарихқа, бірінің әдебиетке қосқан үлестерін шығармашылық параллель көркем тәсілмен береді. Қаламгер осылайша жазушылық ізденістің, жазушылық зерттеудің белгісі ретінде Б.Полевой әрекетін көрсете білді.

Жазушы Б.Полевойдың жазушылық, азаматтық келбетін жырлай отырып, оның бойындағы қарапайымдылық, еңбексүйгіштік, ізденімпаздық деген сияқты қасиеттерді де алға тартып, үлгі етті. Қандай нәрсе болса да, еңбекпен келеді. Сондықтан Ә.Нұршайықов алып отырған тақырыпты көбелекше шыр айналдырып, идеяны жарқ еткізіп көрсетудің басты бір қағидасы ретінде еңбекшілдікті зор бағалайды. Б.Полевой – заман адамы, ол өз дәуірінің жыршысы. Шынында да, қаламгер өз дәуірінің барлық қыртысын жазып, бүкпесін ашып кетуі тиіс. Арғы тарихқа көп қалам тербемесе де болады. Өйткені әр дәуірдің өз жырлаушысы болуы тиіс.

Ә.Нұршайықов жазушының ерлікті зор қолпаштап, елі үшін отқа түскен есіл ердің еңбегін бағалап, оған деген борыштық сезімін алға тартып, бас игендей көзқарас танытатын ең бір керемет түсы – оның «Нағыз адам туралы аңыз» романы. Біз адам табиғатын танытатын ғылымды адамтану (антропология) ғылымы дейміз. Бірақ әлемдік аренада ең бір адамтанудың ізгілендіру саласындағы пәні – әдебиет болып саналады. Сол себепті адам табиғатына тән тылсым жаратылысты, ой мен сезім ара жігін, іс-әрекеттер легін жіті қадағалай зерттеу – кез келген емес, психолог жазушының міндеті. Әдебиеттанушы-ғалым А.Байтұрсынов сөз өнері ғылымы 3 негізге сүйенеді:«1. Ақылға. 2. Қиялға. 3. Көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің түрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, толғау» [4, 2002], – дейді. Сонда, жоғарыда аталған үш негіз – әр қаламгердің көңілге бойтұмардай етіп ұстар негізгі объектісі. Бұл объект – образ жасауда көмекке келер негізгі құрылғылардың бірі деуге болады. Борис Полевойдың ақыл ісі, қиял ісі, көңіл ісінің көмегімен өз шығармасының кейіпкерін толық сомдап, оқырманға жеткізе білуі содан. Бұл турасында Ә.Нұршайықов былай дейді: «...Оның қарапайымдылығы мен еңбек сүйгіштігіне қызығамын. Бәсе, «Нағыз адам туралы аңыздың» авторы осылай болуға тиіс деймін. Осы тамаша шығарманы оның қалай жазғанын есіме аламын... Атақты Орел шайқасы аяқталып қалған кезде Полевой «Правдаға» очерк жазу үшін самолетпен ұшып, сол маңдағы үздік авиация бөлімдерінің біріне барды. Мұнда ол ұшқыш Алексей Маресьевпен кездесті. Алғашында жазушы ұшқыштың екі аяғы бірдей протез екенін де білмеді. Оны тек түнде, жатарда ғана аңғарды... Сөйтіп, жазушы керемет көрініске тап болды. Ол екі аяғы бірдей жоқ адамның аспанда самғағанына сүйсінді. Жай ғана самғау емес, жау самолеттерін қарғадай қалбаңдатып құлатқанына таңқалды. Осындай ғаламат үлдар өсірген халыққа ғажап таңанды. Ол таң атқанша отырып, ақсақ ұшқыштың әңгімесін тыңдады. Жан жүрегі елжіреп, шынайы ерлікке егіле отырып, түні бойы көз ілместен ұшқыш баяндаған жалынды жырды дәптеріне көшірумен болды» [25, 1992]. Қаламгер Ә.Нұршайықов Б.Полевойдың адамгершілік мұраты мен қаламгерлік қуатын, бейне жасаудағы ерлік пен елдік мәселесін биік қоятындығын әсерелей көрсетті. Сонымен, Б.Полевойдың бейнесі – еңбексүйгіштігімен, адамгершілігімен, әдебиетті үлкен-кіші деп бөлмей, адами түрғыда нағыз шығармашылықтың жанашыры ретінде биік талғаммен сомдалған кесек тұлға.

Орыс әдебиеттану ғылымында лирикалық қаһарман немесе лирикалық образ – жеке тұлғаны танытуда ерекше рольге ие. Лирикалық қаһарман замандас келбетін толық аша алады және ол автор ойымен

өзектес, бір арналы болады. В.П.Крючков атты орыс ғалымы оған мынадай түсінік береді: «Лирикалық кейіпкер лирик-ақынның кез-келген шығармасында кездесе бермейді, лирикалық кейіпкерді бір өлең арқылы талдауға болмайды, лирикалық кейіпкер туралы ой бір ақынның өлеңдер циклы арқылы немесе оның бүкіл ақындық жолы арқылы қалыптасады. Бұл – автор түсінігін айқындаудың ерекше түрі:

1. Лирикалық кейіпкер – бұл сөз иесі, кескін бөлігі. Ол автор мен бейнеленген әлем арасында тұрады; біз лирикалық кейіпкерге не жақын екенін, неге қарсы тұратынын, ол әлемді және әлемдегі өз орнын қалай қабылдайтынын т.б. талдай аламыз.

2. Лирикалық кейіпкерге ішкі идеялық-психологиялық бірлік тән; бірдей өлеңдерде тұтасқан азаматтық тұлға әлемге және өз-өзіне қатысты ашылады.

3. Ішкі сұлба бірлігімен биографиялық бірлік сәйкесуі мүмкін. Мұндай жағдайда әр түрлі өлеңдер бір адам өмірінің өмір белестері болып бірігуі ықтимал» [12, 1997].

Жазушының қиял әлемі, қалам қарымы, оның идеялық-психологиялық қалпы өз бейнесін, өз кейіпкерін жасауда көрінеді. Бейне жазушының қолынан түптеліп, жинақталып шығатын болғандықтан, ол жазушыға тәуелді.

Ақын Әбділда Тәжібаев, жазушы-майдангер Тахауи Ахтанов турасындағы естеліктерінде олардың бейнесі заманауи, әдеби мәнде жан-жақты және толық сомдалған. Оларға тоқталмас бұрын образдарды ашу барысында қолданылатын көркем әдебиеттегі психологиялық талдау мәселесіне байланысты сөз қозғасақ. Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Б.Майтанов: «...психологизм сөз өнерінің тектік белгісі ... қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдердің жиынтығы...» [20, 1987], -дегендей, сөз өнері атты ғылымның аясында психологизм зор орын алатын категория екенін жоғарыда айттық. Ал Ә.Нұршайықов – бернелеу және баяндау құралдары арқылы бейненің сезімін, ойын, толғанысын тереңдетіп, жан-жақты суреттеп, эстетикалық деңгейге жеткізуші тұлға.

Осы жерде психологиялық шығарма деген ұғым туады. Бірақ, шығарманы психологиялық талдаудың астарында әдеби-көркемдік талдау ұғымы жатыр. Көркем шығарманы психологиялық талдау мен жалпы психологиялық талдаудың арасы жер мен көктей. Бұл турасында К.Г.Юнг адамды психология ғылымы мен көркем әдебиет екі түрлі бағытта және екі түрлі мақсатта зерттейтінін, әдеби шығармаға психологиялық әдістемемен келу бір басқа да әдеби-көркемдік түрғыдан талдау мүлдем өзге өрнекте өрістейтінін ескертеді [31, 1991]. Шынында, әрбір нәрсенің, әр құбылыстың, жаратылыстың мазмұн-мәнін идеялық-әсерлілік негізін қайталанбас қадір-қасиеті түрғысынан бағалау – көркемдік тану көкжиегінде өзіндік орны бар дара ұғым. Шын суреткердің көркем бейне тудыруы – қашан да адам қатынасымен, қайғы-мұң, қуаныш-сүйініш сияқты көңіл-күй әсерімен қанаттанған шынайы өнер туындысы дейміз. Қандай суреткер болмасын, оның қиялынан туған ой, ұғым, бейне қай жанрда да бағалы, көрнекті болады. Қаламгердің рухани жан байлығы, ойшылдығы, тереңдігі қоршаған орта, дүниені, жаратылыс мәнін ойнақыландыра ашуға жан-жақты көмегін тигізеді.

Көркем туынды – белгілі бір тарихи дәуірдің, қоғамдық жағдайдың, заман шындығының жемісі. Ал замандас келбеті – осы жемістің негізгі дәні. Әрбір көркем дүниенің ұлттық сипаты болады. Әйтпесе оның еш құндылығы қалмақ емес. Ұлы философ Гегель: «Әрбір көркем шығарма халқына, өз уақыты мен ортасына тән және ерекше тарихи, басқа да мақсат-мүдделерге бағынышты» [7, 1938], – дегендей, көркемөнер туындысы белгілі уақыт пен көркем бейнеге телінеді. Ә.Нұршайықов жасаған көркем дәуір мен көркем бейне – ұлттық сипатқа негізделіп жасалған модель.

Қаламгер шығармашылығының көпшілігі кеңес дәуірінде дүниеге келді. Оның кейбір туындыларында кеңестік саясаттың басым бағыттары жылт етіп көрініп қалады. Зерттеуші П.С.Выходцевтің: «Әдебиеттің ұлттық негізі, ұлттық дәстүрінің социалистік реализмнің ең күрделі мәселелерінің бірі күйінде әлі де қала беретіндігін ешбір әсірелеусіз-ақ айтуға болады» [6, 1973], – дегеніндей, бір кездері ұлттық әдебиетіміздің арнасы социалистік реализмнің сағасына барып тоғысты. Бірақ социалистік реализм жалпы адамзаттық мәселелерді, ұлттық сипатты шешіп бере алған жоқ. Осы ретте кеңес дәуірінде болған мынадай пікірталасты келтіріп кеткен жөн. Кеңес әдебиетінің ұлттық сипаты жөнінде пікір айтушылардың басты назар аударғаны – әдебиет кейіпкерлерінің мінезіне әдебиеттің ұлттық сипаты түрғысынан талдау жасау. В.Освоцкий бастаған ғалымдар тобы көркемөнердің жалпы адамзаттық, жалпы ұлттық сипатын жалқы ретінде қарастырып, олардың ара жігін жалпы мен жалқы ұғымдарының аясына сыйғызды. Жалпының бірте-бірте жалқыны ығыстыратынын айта келе, «ұлттық мінезді» «советтік мінез» деп атауымыз керек деп түсіндірді [26,1957]. Бірақ көркемөнердің ұлттық сипаты – қай халықта болса да алдыңғы шепте тұратын болмыстық құбылыс. Ол талай ғасырдың арнасынан өткен ұлттық

категория болғандықтан, оны күштеп жою, басқа бір идеологиямен араластыру еш мүмкін емес жайт. Бұл ретте ғалым Бағдат Кәрібозұлының мына пікірі айтылған ойымызды айқындай түседі: «ұлттық араласу, жақындасулардың совет үкіметіндегі 70 жылдан аса тарихи тәжірибесі көрсеткеніндей, көркемөнердің, сондай-ақ, әдебиеттің қандай жағдай болса да ұлттық сипатының жойылмайтындығы, керісінше, бұндай сын сағатта өміршеңдік танытқандығы деп айтуға болады» [9, 2005]. Шындығында, көркемөнердің ұлттық сипаты – ұлт бар жерде, оны жасаушы халық бар жерде, халықтың болмысы, мінез-бітімі бар жерде мәңгілік жасай беретін құбылыс. Ұлттық психология – ұлттық дәстүрдің ерекше түрі. Түрі ғана емес, ұлттық дәстүрді қалыптастырушы басты фактор.

Қорытынды

Жазушы туындыларының тақырып ауқымы кең. Соның бірі – заман және адам тақырыбы. Ол өз шығармалары арқылы оқырмандарын қадірлеп, сүюге, оны бағалауға шақырады. Ербол, Меңтай, Әділжан, Ләйла мен Ермек, Ақан мен Әсет, Еркеш пен Ботагөз, Қабира бейнелері арқылы заман жастарының толық түлғасын жасап шығарды.

Қаламгер шығармаларындағы бейнелер – өзіндік мінезге, болмысқа ие қаһармандар. Олардың әрқайсының мінезі, істер қимылы мен әрекеті сан алуан. Өйткені, қаламгер бұлар арқылы замана тудырған бейнелердің галереясын жасады деуге болады. Осы галереяға қарап отырып, әр адам өзінің идеалын немесе антиидеалын табады. Және сол жастықтың адами, арда қасиеттерін, рухани қазынасын, жалынды құлшынысын, табиғи таңғажайыптарды бойға сіңіріп алуды көздеп, оқырманды жан тереңінің түкпіріне бойлатып, әдемілікке құштар еткізіп, шынайы сүйіспеншілікті насихаттайды. Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы кейіпкерлер сомдаудағы басты ерекшелігі – кейіпкерлерінің жастықты жалау еткен жастар немесе келбеті кәрі болғанмен, көңілі, жүрегі жас жандар екендігінде. Оның қай шығармасын алсақ та, қай кейіпкерін алсақ та жастық туралы әңгіме айтады, өзі де жас болып көрінеді. Сонда жазушы шығармашылығының басты өзегі – жастық дейтін болсақ, замандас келбеті өте үлкен пафоспен жырланады. Өйткені, жастық тақырыбы – мәңгілік тақырып екені ежелден белгілі. Жазушы жастар бейнесін сомдай отырып, кейде лирикалық шегіністер арқылы өткенге шолу жасайды. Кеше мен бүгінді өзара салыстыра отырып, әдеби-эстетикалық көркем бейне сомдайды. Жазушы жастар арқылы көптеген мәселелердің басын ашады. Жетімханадағы жастардың арман-тілегі, студент жастардың аяулы махаббаты, Ұлы Отан соғысы кезіндегі жастардың Отанға деген махаббаты, жастардың жақсы білім мен тәрбие алып, елге, халыққа қызмет етіп, пайда келтіруі деген тақырыптарды жазушы кеңінен ашып, өмірмен өзектестіреді. Алынып отырған кейіпкерлер жай образдар емес, олар – типтік образдар. Қаламгер бұл образдар арқылы замандастар бейнесінің кең ауқымды панорамасын туғызған.

Демек, Ә.Нұршайықов шығармаларындағы замандас бейнесі – өмір шындығы алға тартқан, уақыт үнімен сабақтастық тапқан, әр буын өкілдерін де табиғилығымен, қарапайым да көкейкестілігімен бағалап, болашаққа үмітін үлғайта түседі. Жазушы шығармаларының өміршеңдігі мен рухани байлығы осы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Андроникова М.И. От прототипа к образу. – Москва, 1974.
2. Архангельский Л.М. Личность при социализме. – Москва: Наука, 1968.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құрастырғандар: Ахметов З., Шаңбаев Т. – Алматы: Ана тілі, 1998.
4. Байтұрсынов А. Әдебитет танытқыш. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208 бет.
5. Батенин С.С. Личность при социализме. «Критерий прогресса личности»– Москва: Наука, 1968.
6. Выходцев П.С. Национальное и интернациональное в эстетике социалистического реализма // «Курс лекций по теории социалистического реализма. – Москва: Высшая школа, 1973. – 100 с.
7. Гегель Г.В. Лекции по эстетике. Соч., Т.12. – Москва, 1938.
8. Жаманғараева А. Ғ.Қайырбековтың «Дала қоңырауы» поэмасындағы портрет. Әдебиет және өнер мәселелері. Ғылыми мақалалар шығарылымы. 4-шығ. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2002. – 214 б.
9. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 бет.
10. Кричевская Л.И. Портрет героя. АО Аспект Пресс, – Москва, 1994.
11. Коммунизм и личность. – Москва: Политиздат, 1964.
12. Крючков В.П. Русская поэзия XX века: Очерки поэтики. Анализ текстов. В 2-х ч. Ч.1. – Москва: Просвещение, 1997. – 278 с.

13. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
14. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
15. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы.– Алматы: Жазушы, 1976. –300 б.
16. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998.–224 бет
17. Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура. – Москва: Политиздат, 1991. – 525 с.
18. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: НПК «Интелвак», 2001. – 1595 с.
19. Литературный энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1987.
20. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 бет.
21. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Өлең – сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. –216 б.
22. Межелайтис Э. Контрапункт. – Москва: Известия, 1972.
23. Нұрғалиев Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
24. Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1992. – 430 б.
25. Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. II том.- Алматы: Жазушы, 1992.–436 б.
26. Оскоцкий В. Литературный герой и его национальный характер // Дружба народов, 1957. №1.
27. Парандовский Ян. Алхимия слова. – Москва: Правда, 1990. – 656 с.
28. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы:Алаш, 2003. – 328 б.
29. Смирнов Г.Л. Советский человек. – Москва: Издательство «Политической литературы», 1971.
30. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – Москва: Просвещение, 1971.
31. Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество // Самосознание Европейской культуры XX века. – Москва: Политиздат, 1991. – 448 с.

REFERENCES:

1. Andronikova M.I. Ot prototipa k obrazu. [From prototype to image] – Moskva, 1974.
2. Arhangelski L.M. Lichnost pri sotsialzme. [Personality in socialism] – Moskva, Наука, 1968.
3. Ahmetov Z., Shanbaev T. Adebiettanu terminder sozdigi. [Term vocabulary of literary criticism] – Almaty: Ana tili, 1998.
4. Baitursunov A. Adebiet tanytqysh. [Literary recognizer] – Almaty: Jibek joly, 2002. – 208 bet.
5. Batenin S.S. Lichnost pri sotsialzme «Kriterii progressa lichnosti» [Personality in socialism «personality progressing criterias»] – Moskva: Nauka, 1968.
6. Bychodzev P.S. Natsionalnoe i internatsionalnoe v estetike sotsialisticheskogo realizma // «Kurs lekcii po teorii sotsialisticheskogo realizma [National and international in social realism easthetics // «Lectures course on theory of socialistic realism»]. – Moskva: Vysshaya shkola, 1973. – 100 s.
7. Gegel G.V. Lektsii po estetike. Soch., T.12 [Lectures on easthetics. Comp., V.12]. – Moskva, 1938.
8. Jamangaraeva A. G. Qaiyrbekovtyn «Dala qonyrauy» poemasyndagy portret. Adebiet jane oner maseleleri [Portreit in Kayirbekov's poem «Dala qonyrau». Problems of literature and art].– Almaty: Adebiet jane oner instituty, 2002. – 214 b.
9. Karibozuly B. Betalys [Direction]. – Almaty: Arys, 2005. – 200 b..
10. Krichevskaia L.I Portret geroya [Hero's portrait]. A.O. Aspekt Press, – Moskva, 1994.
11. Kommunizm i lichnost [Communism and personality] – Moskva: Politizdat, 1964.
12. Kriuchkov V.P. Russkaia poezia XX veka [Russian poesy of XX century]: Ocherki poetiki. Analiz tekstov. V 2-x ch. Ch.1. – Moskva,: Prosveshenie, 1997. – 278 s.
13. Qabdolov Z. Soz oneri [Word art]. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 352 b.
14. Qazaq adebieti. Entsiklopedialyq anyqtamalyq [Encyclopedial directory].– Almaty: Aruna, 2005. – 576 b.
15. Qirabaev S. Adebiet jane dauyr talaby [Literature and epoch demand]. Almaty: Jazushy, 1976.–300 b.
16. Qirabaev S. Kenes dauyryndegi qazaq adebiety [Kazakh literature in Soviet epoch].– Almaty: Bylym, 1998.– 224 b.
17. Losev A.F. Filosofia. Mifologia. Kultura [Philosophy. Mythology. Culture]. – Moskva: Politizdat, 1991. – 525 s.
18. Literaturnaya entsiklopedia terminov i ponyatii [Literary encyclopedia of tems and concepts]. – Moskva: NPK «Intelvak», 2001. –1595 s.
19. Literaturnyi entsiklopedicheskii slovar [Literary encyclopedic vocabulary. – Moskva: Sovetskaya encyklopedia, 1987.
20. Maitanov B. Qacharmannyn ruhani alemi [Hero's spiritual world].– Almaty: Jazushy, 1987. – 232 b.
21. Mashhur-Shusupov Q. Olen – sozdin patshasy: Zertteuler [Poem-lord of word: researches]. – Almaty: Jazushy, 1991. –216 b.
22. Mejelaitis E. Kontrapunkt [Counterpoint].– Moskva: Izvestia, 1972.
23. Nurgaliev R. Telagys [Telagys]. – Almaty: Jazushy, 1986. – 440 b.

24. Nurshaiykov A. Tort tomdyq shygarmalar jinagy. I tom [Four volume works digest. I volume]. – Almaty: Jazushy, 1992. – 430 b.
25. Нүршайықов Ә. Tort tomdyq shygarmalar jinagy. II tom [Four volume works digest. II volume]. – Almaty: Jazushy, 1992. – 43+6 b.
26. Oskotskii B. Literaturnyi geroi i ego natsionalnyi harakter // Drujba narodov [Literary character and his national nature // People's friendship], 1957. №1.
27. Parandovskii Ian. Alhimia slova [Word's alchemy]. – Moskva: Pravda, 1990. – 656 s.
28. Pyralieva G. Korkem prozadagy psihologizmnyn keibyr maselelery [Some problems of psychologism in artistic prose].–Almaty:Alash, 2003.–328 b.
29. Smirnov G.L. Sovetskii chelovek [Soviet man].– Moskva: Izdatelstvo «Politicheskoi literatury», 1971.
30. Timofeev L.I. Osnovy teorii literatury [Literature theory bases]. – Moskva: Prosveshenie, 1971.
31. Iung K,G. Юнг К.Г. Psihologia i poeticheskoe tvorchestvo // Samosoznanie Evropeiskoi kultury XX veka [Psychology and poetic creation // Consciousness of XX century European culture].– Moskva: Politizdat, 1991. – 448 s.

ӘӨЖ81'44

Есеналиева Ж.Ж.
филология ғылымдарының докторы,
Абылай хан атындағы КазХҚжӘТУ доценті,
Алматы қаласы, Казақстан
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Аққожина Б.Қ.
филология ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы КазХҚжӘТУ доценті,
Алматы қаласы, Казақстан

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТУАЛДЫ МЕТАФОРА

Аннотация. *Когнитивтік лингвистикадағы метафора теориясы тіл білімі ғылымының ең танымал жетістіктеріне жатады. Оның негізі Калифорния (Беркли) университетінің профессоры Джордж Лакофф пен философ Марк Джонсонның (Стэнфорд университеті) «Біз өмір сүріп жатқан метафоралар» (1980) – жақында толығымен орыс тіліне аударылған әлемдегі шоқтығы биік ғылыми бестселлер кітабында ұсынылған [Лакофф, Джонсон 2004].*

Тірек сөздер: *когнитивтік лингвистика, концептуалды метафора, танымдық ерекшелік, концепт, Лакофф, Марк Джонсон Н.Хомский.*

Есеналиева Ж.Ж.
доктор филологических наук,
доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
город Алматы, Казахстан
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Аққожина Б.Қ.
кандидат филологических наук,
доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
город Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МЕТАФОРА В КОГНИТИВНОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

Аннотация. *Теория концептуальной метафоры принадлежит к наиболее известным достижениям когнитивной лингвистики. Ее основы изложены в книге лингвиста-теоретика, профессора Калифорнийского университета (Беркли) Джорджа Лакоффа и философа Марка Джонсона (Стэнфордский университет) «Метафоры, которыми мы живем» (1980) – мировом научном бестселлере, лишь недавно полностью переведенном на русский язык [Лакофф, Джонсон 2004].*

Ключевые слова: *когнитивная лингвистика, концептуальная метафора, когнитивная особенность, концепт, Лакофф, Марк Джонсон, Н. Хомский.*

Esenalieva Zh.Zh.
doctor of philology,
docent of Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages,
Almaty city, Kazakhstan
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Akkozhina B.K
doctor of philology,
docent of Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages,
Almaty city, Kazakhstan

CONCEPTUAL METAPHOR IN COGNITIVE LINGUISTICS

Summary. *The theory of conceptual metaphor belongs to the most famous achievements of cognitive linguistics. Its foundations are presented in the book of the linguist theorist, professor at the University of California (Berkeley) George Lakoff and philosopher Mark Johnson (Stanford University) "The Metaphors We Live With" (1980) – the world's scientific bestseller, only recently fully translated into Russian [Lakoff, Johnson 2004].*

Keywords: *cognitive linguistics, conceptual metaphor, cognitive feature, concept, Lakoff, Mark Johnson, N. Chomsky.*

Тіл білімінде «Метафора» ұғымын әдетте әдебиетпен байланысты қолданамыз. Көркем әдебиетте тілді ерекшелендіріп айшықтау, әсерлеп, әсемдеу, құбылту үшін қолданамыз және ассоциациялаймыз. Алайда метафоралардың когнитивтік және танымдық қызметіне көп көңіл бөлмейміз. Шын мәнінде, метафораларды адамдар ғасырлар бойы, ұзақ жасайды. Метафораларды жасағанда адам санасы үлкен танымдық, концептуалдық әрекетті іске асырады. Бір нәрсені өзге бір нәрсеге ұқсату үшін алдымен осы нәрсені тану керек, ол заттың тілдік бейнесін жасау қажет. Қоршаған ортаны танудың, әлемді концептуализациялаудың ең ауқымды тараған түрлерінің бірі – концептуалды метафора. Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті, бейнені категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге, ол жиналған білімді еске сақтауды да қамтамасыз етеді. Қазіргі қазақ тілінде метафоралардың зерттелу бағыттарын былайша саралауға болады:

– қазіргі метафоралардың тілдік табиғатын ашу, оған қазіргі тілге сай ғылыми анықтама беру;
– метафораның түрлерін айқындау;
– жаңа мағына жасаудағы метафораның танымдық рөлін көрсету;
– әлемнің тілдегі көрінісін танып білуде метафораның қызметін көрсету;
– көркем мәтіндегі ұлттық еркешелікті көрсетудегі метафораның маңызы;
– метафораның концептуалдық қызметі, номинативті мағына жасау қызметі.

Қазақ тіл білімінде метафораны ұзақ уақыт бір жақты түсіну орын алып келгенін жоғарыда айттық. Метафора – тек көркем шығармадағы көріктеу амал-тәсілдерінің бірі ретінде, бұған дейінгі жазылып, зерттеліп жүрген дүниелердің барлығында көркем шығарманың тілдік аспектісінде ғана троптың түрі ретінде, стильдік ыңғайда сөз етіліп келді. Қазақ ғалымдары да метафораны тек осы тұрғыдан қарастырып, зерттеді.

Тіл – қоғаммен, оның ой-санасы, қоғамдағы таным-біліммен бірге өзгеріп, бірге дамып келе жатқан, бірінен бірі ажырамас құбылыс. Тілдің лексикалық құрамының үнемі жаңа сөздермен қоғамдық диалектілермен өзгеріп, толығып, дамып отыруы заңдылық. Қазіргі заманда қазақ халқының саяси, әлеуметтік мәдени өміріне, ғылым-біліміне көптеген жаңа технологиялар мен жаңалықтар енді. Жаңа бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарында метафораның түрлеріне, өзіндік жасалу жолдарына және олардың қолдану ерекшеліктеріне қатысты соны пікірлер пайда болды.

Ең алдымен біз метафораларды жаңа, тың қырынан зерттеген Джордж Лакофф туралы және оның метафоралар мен әлем туралы ойларына тоқталған абзал. Джордж Лакофф (George Lakoff) – американдық лингвист, Калифорнияның Беркли университетінің профессоры. Ғалым ндивидтің ойлауындағы метафораның басым рөлі туралы еңбектерімен белгілі болған. Лакофф кейін Хомскийдің трансформациялық грамматика бағытын жалғастырған. Еңбектері: "Women, fire, and dangerous things". («Әйелдер, от және қатерлі заттар») 1987; "A field guide to poetic metaphor" («Поэтикалық метафораға бастаушы») 1989; "Philosophy of the flesh: the embodied mind" («Тән философиясы: денелік сана») 1999; "Metaphors we live by" («Біз метафоралармен өмір сүреміз») 2003 (1980).

Соңғы еңбегінде ғалым метафоралар туралы іргелі ойларын білдірген және сол зерттеуінде ол ерекше ғылыми пайымдауларыарқылы өзін когнитивист ғалым ретінде танытқан. «Metaphors we live

by” еңбегін Джордж Лакофф 1980 жылы Марк Джонсонмен бірігіп жазды. Орыс ғылыми әдебиетінде бұл еңбек «Метафоры, которыми мы живем» болып аударылып жүр, кейбір қазақ аудармашылары еңбектің атын «Біз метафоралардың арасында өмір сүреміз» [1] деп көрсетеді. Дегенмен бұл еңбекті, дәлме-дәл, сөзбе сөз «Біз метафоралармен өмір сүреміз», аударса дұрыс болар ма еді? Метафоралар әлемді тану, білім жинау, ақпарат алу, өңдеу, ақпарат алмасу, тілдік қарым-қатынас жасау үшін маңызды рөл атқарады.

Американдық тіл білімінде Джордж Лакоффқа дейінгі ғалымдар метафораларды тек тілдік құбылыс, троптың ерекше түрі деп есептеді де, көркем-әдеби түрғыдан ғана зерттеді. Лакофф алғаш рет метафораларды когнитивтік, танымдық түрғыдан зерттеп, үлкен жаңалық ашты. Кітапта тек метафоралар мен олардың жасалу жолдары туралы ғана емес, концептілер, концептілердің метафораларда көрініс табуы, метафоралардың бірізділігі, субъективизм және объективизм туралы да жазылған. Автордың өзі «кітапта тек тілге деген жаңаша көзқарас қана емес, өмірдің өзіне, адамның жинаған өмірлік тәжірибесіне деген тың көзқарас көрініс табады» деп көрсеткен.

«Біз өмір сүретін концептілер» бөлімінде Лакофф мынадай негізгі постулаттарды атайды:

– Метафорасыз өмір жоқ, өмірдің өзі метафоралық құбылыс

– Концепт (Лакофф «концепт» және «ұғым» сөздерін синоним ретінде қолданады) метафоралар арқылы жүйеленеді

– Метафоралар адамның өмірлік тәжірибесін бір жүйеге түсіруге көмектеседі

– Концепт метафоралық түрғыдан жүйеленген, әрекет метафоралық түрғыдан жүйеленген, сәйкесінше, тіл метафоралық түрғыдан жүйеленген

Мысал ретінде «дау деген – соғыс» концептуалды метафорасын талдайық. Бұл ретте дау мен соғысты бір нәрсе деп түрғанымыз жоқ, дауды соғысқа теңеу орын алып түр. Бұл метафорадан мынадай метафоралық бірліктер келіп шығады:

Ағылшын тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
To demolish the arguments – to demolish the opponent in the war	Разбить аргументацию – разбить противника на войне	Дауда қарсыласты тас-талқан ету – соғыста қарсыласты тас-талқан ету
His words were right on target – his arrow was right on target	Его слова били точно в цель – его стрела била точно в цель	Сөзі дөп тиді – оғы дөп тиді. Айтылған сөз – атылған оқ.
To win the argument – to win the war	Выиграть спор – выиграть войну	Дауда жеңіп шығу – соғыста жеңіп шығу

Демек, бір ұғым туралы екінші бір ұғымның терминдерін қолданып сөз етеміз де, екі ұғымды да бір метафора арқылы бейнелейміз.

Ағылшын тіліндегі «time is money» (уақыт деген – ақша) метафорасы.

Ағылшын тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
To spend time – to spend money	Тратить время – тратить деньги	Ақша жұмсау – уақыт жұмсау
To spare money – to spare time	Выделять деньги – выделять время	Ақша бөлу – уақыт бөлу
Don’t waste your money – don’t waste your time	Не трать деньги зря – не трать время зря	Ақшаны босқа құртпа – уақытыңды зая кетірме

Екі концептіні біріне бірін теңеуді күшейту үшін, бірдей тілдік бірліктерді пайдаланамыз. Қазақ тіліндегі «қымбат уақыт», «алтын уақыт» деген секілді метафоралар да «уақыт деген – ақша» метафорасымен салғастырылады. Дегенмен, қазақи менталитет пен ұлтымыздың психологиясына, тарихымыз бен географиямызға байланысты біз Батыстан гөрі кішкене жайбасарлау халықпыз, оны мойындау қажет. Сол үшін уақытты ақшаға теңеу, одан пайда табуды көздеу, үнемі асығу қазақ халқына тән емес.

Сонымен, концептілер мен ұғымдар метафоралар арқылы жүйеленеді. Бірақ егер екі ұғым метафоралар арқылы толығымен жүйеленсе, бұл екі ұғым бір-біріне тең болар еді. Тілде олай емес.

Мысалға, соғыстың мақсаты – жауды жою, қыру, өлтіру болса, даудың мақсаты – келісімге келу. Кейбір мәдениеттерде дау соғыспен емес, бимен салыстырылуы мүмкін, себебі дауда екі жақ та бірдей маңызды.

«Уақыт деген – ақша» метафорасын алар болсақ, тағы да уақыт пен шын ақшаның, яки материалды құндылықтың арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Уақытты банктен ала алмаймыз. Уақыт қарызға берілмейді. Зая кеткен уақыт қайта келмейді. «Мен сізге уақыт жұмсасам, сіз маған ол уақытты қайтарып бере алмайсыз, бірақ маған дәл сондай уақыт жұмсай аласыз» (Дж.Лакофф).

Демек, метафора арқылы ұғымдар бір-біріне толығымен теңестірілмейді, тек осы ұғымдардың неғұрлым анық, ұқсас аспектілері салыстырылады. «Өмір – өзен» десек, өмір де, өзен сияқты тез ағып өтетіні, яғни жылдамдық екеуіне ортақ ұқсастық болса, ал өзеннің жағасының болуы, өмір жағалауынаың шығу мүмкін емес.

Біз көрсеткен Дж.Лакоффтың философ М. Джонсонмен бірлесіп жазған «Біз метафорлармен бірге өмір сүреміз» атты еңбегінде метафораны тілде көрініс табатын жаңа когнитивтік ұғымдарды қалыптастырудың құралы ретінде сипаттайды.

А.Ченки «метафора – өнім, метафора – процесс» деп, мәтіндегі метафора мен концептуалды метафораның ара жігін ажыратады.

Тілдегі метафоралық құбылыстарды зерттеумен концептуалды метафора теориясы (conceptual metaphor theory) айналысады.

Концептуалды метафора ұғымды, түсінікті категоризациялап қана қоймайды, сонымен бірге, ол жинақталған білімді еске сақтауды қамтамасыз етеді.

Когнитивтік лингвистикаға когнитивтік ғылымының көрнекі өкілдері психологтар – Э.Рош, Д.Слобин, С.Палмер; философтар – М.Джонсон, ДЖ.Серл, П.Черчланд; жасанды интелект бойынша мамандар, нейрофизиологтар – П.Черчланд және А.Дамасио өздерінің іргелі зерттеулерімен үлестерін қосты.

Тарихи түрғыда когнититивтік лингвистика Н.Хомскийдің генеративизиміне альтернатив ретінде пайда болды. Қазіргі когнитивтік лингвистика да екі теориялық бағытқа жіктеліп отыр. Бірі ол теорияны қабылдаса, екіншісі Хомскийдің теориялық ұстанымын мүлде қолдамайды.

Қазіргі таңда когнитивтік лингвистиканың басты орталығы Калифорния университетінің Беркли және Сан-Диего бөлімдері, сондай-ақ, Буффалодағы Нью-Йорк университетінің Когнитивті ғылымдар орталығы. Европада когнитивті лингвистика әсіресе Голландияда, Германияда ерекше дамуда.

Ресейде когнитивтік лингвистика бағыты бойынша А.Н. Баранов, Е.С.Кубрякова, В.И.Карасик, Н.Н. Болдырев т.б. ғалымдар аса маңызды зерттеулер жүргізуде және бүгінгі таңда «когнитивтік лингвистика» лингвистиканың ерекше бағытының біріне айналды. Қазақ тіл білімінде профессор Б.Қалиевтің еңбектерін атап өтуге болады [2, 2008, 91 б.], [3, 2012, 232 б.]

Концептуалды анализдің негізгі тәсілдерінің бірі – концептінің концептуалды белгілерін анықтау арқылы оны сипаттау. Концептінің құрылымын қалыптастыратын белгілерді анықтау арқылы оны сипаттау әдістемесі осы не өзге мәдениеттегі тіл иелерінің білімі мен тәжірибесінің бейнеленуінің этноспецификасы туралы мәлімет алуға көмектеседі. Осы әдістемеге байланысты зерттеу мынадай кезеңдерден тұрады [4, 2002,62 б]:

1.Атау-сөз концептінің этимологиясы зерттеледі, сөз мағынасының тарихы қарастырылады, концептінің уәжді белгілері анықталады.

2.Компонентті анализ әдісі арқылы атау – сөздің сөздіктегі дефинициясы және синонимиялық қатардағы сөздердің дефинициясы зерттеледі, нәтижесінде түсіндірмелі белгілері анықталады.

3.Метафоралық үйлесімділігі зерттеліп, нәтижесінде концептің бейнелі белгілері анықталады.

4.Зерттеудің барлық кезеңдерінде концептің анықталған белгілері топтастырылады. Бұл топтар род немесе түр мінезі негізінде бірігіп концептуализацияның осы не өзге тәсілін сипаттайтын белгілердің жиынтығынан құралады. Осы не өзге топтың белгілерінің сандық көрінісі негізінде Әлемнің тілдік бейнесінде концептіні танудағы белгілі бір когнитивті белгілерінің маңыздылығы туралы қорытындылар жасалады.

Сенсорика деп аталатын осы сезім мүшелерінің жүйесі арқылы біз қоршаған ортаның жылы не суық, шулы не тыныш, жарық не қараңғы, тәтті не ащы екенін біле аламыз.

Алайда қоршаған ортада естуге, көруге, дәмін татуға болмайтын абстракт ұғымдар мен концептілер бар. Адам барлық ақпаратты өз денесі арқылы қабылдайтындықтан, осы абстракт

ұғымдарды материалды заттарға теңей бастайды. Бұл осы абстракт ұғымдарды тереңірек тану үшін жасалады. Сөйтіп ерекше ориентациялық, «денелік» метафоралар пайда болады.

Ориентациялық метафоралар. Жоғары мен төменді қарсы қою.

Happy is up, sad is down. (Бақыт – жоғары, қайғы – төмен)

Сонымен, Джордж Лакофф келтірілген мысалдар арқылы мынадай постулаттарды дәлелдей түседі:

– Әрбір метафора түрлі метафоралық тіркестер арқылы жүйеленеді

– Метафоралар да, метонимиялар да адамның ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесі негізінде пайда болады

– Метафоралар, әсіресе онтологиялық (денелік) метафоралар әлемді жақсырақ тануға көмектеседі

– Бұдан бөлек когнитивті лингвистика аясында «концептіні концепт ететін бірліктердің бірі – метафора» деген түжырым жасауға болады.

Метафора мен метонимия Джордж Лакоффтың зерттеуіне дейін тек әдеби тілді айшықтау құралдары ретінде зерттеліп келді. Көбінесе авторлық, «әдемі» метафоралар зерттеу объектісі болды. Джордж Лакофф болса, дәстүрлі, «өлі», тіпті біз метафора деп қабылдамайтын үйреншікті тіркестерді зерттеп, метафораның адамның әлемді тану әрекетінің бір бөлшегі екенін дәлелдеді. Адам когнитивтік процесте алған білімін метафоралар мен метонимияларға балайды да, осы білімді жеткізеді. Сол себепті метафора тек троптың түрі ғана емес, сонымен бірге – әлемді тану құралы, әлемнің тілдік бейнесін жасау құралы.

Концептуалды метафора – тілдің атауыштық, ұғымдық және семантикалық аппаратын байыту құралы. Ол тілде адамның танымдық процесіне байланысты туып, ғылыми ұғымның атауы ретінде қолданады. Концептуалды метафорадағы бейнелілік тілдік және поэтикалық метафораға қарағанда бәсеңдеу, алайда оларда міндетті түрде азды-көпті бейнелілік болуға тиісті дейді, профессор Б.Қ.Қалиев. Әйтпесе ол концептуалды метафора деп аталмас еді.

Бұл ұстанымның мақсаты – дүниетану кезінде тікелей танылуы өте қиын немесе күрделі нәрсені метафора арқылы танылуы оңай, қарапайым және нақтылы нәрсеге теңеу, болмаса ұқсату. Ол сайып келгенде когнитивтік тіл білімінде анология бойынша бейнелеу (кескіндеу,кейіптеу) деп аталатын іс-әрекет (процесс) болып табылады. Алайда бұл іс-әрекеттің мәнін түсіну- когнитивтік модельдер мен құрылымдардың қатысуынсыз мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Лакофф Джордж, Джонсон Марк. Метафоры, которыми мы живем. А.Н. Баранов аудармасы. -Мәскеу, 2004.
2. Қалиұлы Б. Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі. – Алматы, 2008. – 91 б.
3. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. Алматы, 2012.- 232б.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 162 б.

ӘӨЖ81'44

Есеналиева Ж.Ж.
филология ғылымдарының докторы,
Абылай хан атындағы КазХҚжӘТУ доценті,
Алматы қаласы, Казақстан
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Қожабекова Ш.Б.
филология ғылымдарының кандидаты,
Абылай хан атындағы КазХҚжӘТУ доценті,
Алматы қаласы, Казақстан
e-mail: Sholpan200965@mail.ru

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БІР-БІРІНЕ ӘСЕРІ

Аннотация. *Тіл және мәдениет байланысы көлеміне, сипатына, өзара әрекеттесу дәрежесіне және қарым-қатынастарына байланысты бүгінгі күні тіл білімінің, мәдениеттанудың, семиотика мен философияның ең күрделі және қарама-қайшы мәселелерінің бірі болып табылады. Мәселенің қиындығы оның көп өлшемділігімен, үлкен хронологиялық өлшемнің болуымен, тіл мен мәдениеттің байланысы үлкен формальды, құрылымдық, функционалдық әртүрлілігімен анықталады.*

Тірек сөздер: *тіл, мәдениет, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, жеке тұлға, индивид, қоғам, дүниетаным.*

Есеналиева Ж.Ж.
доктор филологических наук,
доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
город Алматы, Казахстан
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Кожабекова Ш.Б.
кандидат филологических наук,
доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
город Алматы, Казахстан
e-mail: Sholpan200965@mail.ru

ВЗАИМОВЛИЯНИЕ ЯЗЫКА И КУЛЬТУРЫ

Аннотация. *Проблема, связанная с объемом, характером, степенью взаимодействия и взаимоотношения языка и культуры, является на сегодняшний день одной из самых сложных и спорных в лингвистике, культурологии, семиотики и философии. Сложность проблемы определяется её многоаспектностью, колоссальной хронологической протяжённостью, огромным формальным, структурным, функциональным разнообразием того, что относится к языку и к культуре.*

Ключевые слова: *язык, культура, культурология, лингвокультурология, личность, индивид, общество, мировоззрение.*

Esenalieva Zh.Zh.
doctor of philology,
docent of Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages,
Almaty city, Kazakhstan
e-mail: prof.esenalieva@mail.ru

Kozhabekova Sh.B.
kandidat of philology,
docent of Kazakh Ablai Khan University
of International Relations and World Languages,
Almaty city, Kazakhstan
e-mail: Sholpan200965@mail.ru

THE INTERACTION OF LANGUAGE AND CULTURE

Summary. *The problem associated with the volume, character, degree of interaction and interrelationships of language and culture is today one of the most complex and controversial in linguistics, cultural studies, semiotics, and philosophy. The complexity of the problem is determined by its multidimensionality, colossal chronological extent, a huge formal, structural, functional diversity of what is related to language and culture.*

Keywords: *language, culture, cultural studies, cultural linguistics, personality, individual, society, worldview.*

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты десек те, ол әлі күнге дейін бірізді шешімін таппаған мәселе. Заманауй тіл білімі мен лингвомәдениет тарапынан жасалған болжамдардың бәрі екі түрлі гипотезаға алып келеді:

1. Тіл мен мәдениет бір-бірімен байланысты емес;
2. Тіл мен мәдениет бір-бірімен байланысты.

Лингвистика мен философиядағы тіл мен мәдениеттің бір-біріне тәуелсіздігі туралы гипотезаға байланысты концепциялар кейде қарама-қайшы келеді. Кейбір зерттеушілер тіл мен мәдениет мазмұны жағынан да, қызметі жағынан да ұқсамайды дегенді айтады. Мәселен, мәдениетті адамзаттың жетістігі десек, тіл олай емес. Бұл бағытты ұстанатын зерттеушілер тіл қоғамдық, мәдени және басқа жағдайларға тәуелді емес, тек өз ішкі заңдарына ғана бағынатын имманенттік жүйе деген постулатқа жүгінеді. «Тіл тек өзінің тәртібіне ғана бағынатын жүйе»[1, 1977, с.66].

Солай бола түрса да, қазіргі таңда тіл білімі мен философияда зерттеушілердің көпшілігі тіл мен мәдениеттің байланыстылығы туралы гипотезаны қолдайды. Тіл мен мәдениеттің байланысын ең алғашқылардың бірі болып В. фон Гумбольдт өз зерттеулерінде қарастырады. Ғалым әлемді ерекше танудың негізінде тілде көрініс табатын ұлттық нақыштағы мәдениет идеясының негізін салды.Тіл мен мәдениет бір-бірімен тілдік бірліктер арқылы байланысқан, тіл мен мәдениеттің онтологиялық бірлігін қамтамасыз ететін, әрқайсысы жеке дара феномен болып табылады.

Тіл арқылы адами мәдениеттің сабақтастығы, бұрын қалыптасқан тәжірибенің игерілуі мен жинаталуы атадан балаға берілуі арқылы іске асады. Тіл идеологияны, ұлттық характерді, өмір сүру салтын, мінез-құлықты, адамды қалыптастырады.

Тіл мен мәдениет әртүрлі семиотикалық жүйеге енеді, оларды қарастырғанда осыны ескеру қажет.Тіл мен мәдениеттің ұқсас жақтары да айырмашылықтары да бар.

Тіл мен мәдениеттің айырмашылықтары:

1. Мәдениетте элитарлық қатынас орын алса, тілде адресат бұқара болып табылады;
2. Мәдениет те тіл секілді таңбалар жүйесі болса да, өзінен-өзі пайда болмайды.

В.А. Маслова тіл мен мәдениеттің ұқсас жақтарын лингвомәдениеттануда қалыптасқан дәстүр бойынша былай көрсетеді [2, 2001, 208 с.]:

1. Мәдениет, тіл сияқты, адамның дүниетанымын көрсететін сананың бір формасы;
2. Мәдениет және тіл өзара қарым-қатынаста, диалогта өмір сүреді;
3. Мәдениет пен тілдің субьектісі,- бұл әрқашан жеке тұлға, индивид және қоғам.

Бұған қарап, тіл мен мәдениеттің коммуникация кезінде, тілдік қарым-қатынас процесінде, онтогенезде (тілдік қабілеттіліктің пайда болуы), филогенезде (қоғам адамының қалыптасуы) бір-бірімен тығыз байланыста болатынын көреміз.

Тіл және мәдениет арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын маңызды ерекшеліктерді анықтай отырып, біз олардың арасындағы өзара әсер ету деңгейін анықтауға тырыстық: мәдениет қандай дәрежеде тілді анықтайды, қалай оған әсер етеді және тіл мен мәдениеттің бір-біріне әсер ету шегі қандай?

Лингвистиканың, мәдениеттанудың қазіргі заманғы зерттеушілерінің көпшілігі мәдениеттің тілге әсері айқын екендігі туралы пікірді айтады. Тілдер бір-бірінен өте ерекшеленеді және бұл тілдік айырмашылықтар ол тілдердегі дамыған мәдениеттің маңызды айырмашылықтармен және үйрену тәсілдерімен байланысты болса керек.

Мәдениеттердегі айырмашылықтар әртүрлі тілдерде сөздердің семантикасы ерекшеленуі мүмкін. Орысша «күн» деген сөз өзбек тіліндегі «куешь» және тәжіктің «офтоб» деген сөзінен ерекшеленеді. Фон айырмашылықтарына байланысты, көптеген сөздер толығымен трансляцияланбайды; барлық фразеологиялық сөздер іс жүзінде аударылмайды. Кез келген сөздіктен біз басқа тілдерде біркелкі аудармалары жоқ сөздерді таба аламыз. Бұл эквивалентсіз сөздік деп аталады – және ол жергілікті мәдениеттің ерекше құбылыстарының белгілері. Мысалы, Эскимос тілінде ағылшын тілімен салыстырғанда қарды сипаттайтын сөздер өте көп.

Мәдениеттің тілге әсері әртүрлі мәдениеттердегі қарым-қатынас процесінің бірегейлігімен ерекшеленеді, бұл лексика мен грамматиканың кейбір ерекшеліктеріне, сондай-ақ тілдің нормативтік-стилистикалық әдістерінің ерекшеліктеріне әсер етеді. Сөйлеу – рөлдік ойын тәрізді, адам мінезінің маңызды құрамдас бөлігі: «Әртүрлі халықтарда сөйлеу барысында (мысалы, ерлі-зайыптылар, әке мен ұл арасындағы, танымайтын адамдар арасындағы сөйлеу) әртүрлі стилистикалық тоналдылықта болады» [4, 2004, С. 72].

Мәдениеттің тілге әсері айқын, біз осы фактіні дәлелдейтін маңызды аспектілерді көрсетуге тырыстық. Дегенмен, тілдің мәдениетке кері әсері туралы мәселе бүгінгі күнге дейін ғылымда шешуін таппаған мәселе дейді кейбір ғалымдар.

Зерттеушілер мәдениетке тілдің әсер ету дәрежесі туралы әртүрлі жорамал айтады. В.А. Маслова, Л.С. Касьяненко қазіргі заманғы лингвистикада, философияда, антропологияда және этнографияда осы мәселені шешудің бірнеше жолы бар екенін атап өтеді.

Бірінші тәсілді қолдаған ресейлік философтар С.А Атановский, Г.А.Брутян, Э.И.Кукушкин, Е.М. Маркарян. Мұндай көзқарастың негізгі ұстанымы – тілге «мәдениет айнасы» ретінде қарау. Мұндай көзқараспен қарым-қатынас «тіл мәдениеті» бір бағытта сипатталады. Мәселенің бұл көзқарасы бізге «бір жақты» сияқты көрінеді, өйткені бұл жағдайда тілдің рөлі пассивті болып көрінеді, мәдениет фактілерінің ресми көрінісіне түседі, тіл тек қана өз тәуелсіздігінің құралы ретінде көрінеді.

Екінші тәсілдің өкілдері ойлау үрдісінде тіл белсенді рөл атқаратынын алға тартады, тілдің тікелей мәдениетке әсерін таниды. Лингвистикалық салыстырмалық гипотезасын әзірлеген американдық зерттеушілер Е. Сепир мен Б. Уорф тіл мен мәдениет арасындағы себеп-салдардың байланысын және әлеуметтік шындықты қабылдаудың негізі ретінде тіл басым, шешуші рөл атқаратынын айтты. Мәдениет және тіл, олардың ойынша, тұтастықтың бір түрі болып табылады: тіл мәдениетке «ұласады, өседі», тұтастай алғанда бүкіл мәдениетті дамытудың міндетті шарты тіл болып табылады.

Адам өмір сүретін нақты әлем белгілі бір қоғамның тілдік нормаларына сәйкес пайда болады. Әр түрлі қоғамдар өмір сүретін әлем әртүрлі тілдерді қолданатын бір әлем емес, бірнеше әлемді құрайды. Бұл гипотезаға сәйкес, адамдар өздерінің ана тілі арқылы әлемді қабылдайды, әр тіл әлемдік шындықты өзінше көрсетеді: «Біз кез келген құбылыстарды әр түрлі көреміз, естиміз және қабылдаймыз, негізінен, біздің қоғамдағы лингвистикалық нормаларға сәйкес қабылдаймыз» [3, 1993, С. 261]. Мұндай идеялар лингвистикада көптеген қайшылықтар туғызды.

Дегенмен, тіл адамның ойлау мен танымдық белсенділігіне белгілі бір әсер ету фактісі жоққа шығарылмайды, өйткені ойлау мен таным тек тіл негізінде ғана іске асуы мүмкін, когнитивті әрекеттің нәтижелері алдыңғы үрпақтар тілінде көрініс табады, яғни тіл – эмоционалдық әсер ету құралы болып та табылады [5, 1965, 111 с.].

Ең дұрыс деп саналатын үшінші тәсілдің мәні – бұл тіл мен мәдениет диалектикалық бірлікте екенін көрсетеді. Олар автономды тілдік таңбалар жүйесі бола тұра, бір-біріне тәуелді және бір-бірімен үнемі өзара әрекетте болады.

Тіл мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі құралы – біздің рухымыздың шындығы. Тіл ұлттық ой-сананың ерекшеліктерін көрсетеді. Тіл – адам алдында сананы ашатын механизм. Екінші жағынан, мәдениет те тілдің құрамына кіреді, себебі мәдениет мәтінде көрініс табады.

Бұл көзқарасты қазіргі заманғы лингвисттердің көпшілігі құптайды. Бұл бағыт лингвомәдени теорияның кілті болып табылады.

Бұл теорияда тіл әлемнің алғашқы концептуализациясының әмбебап нысаны ретінде қарастырылады; ата-бабаларынан мұраға қалған мәдениеттің бір бөлігі; мәдениетті игеретін құрал;

қабылдаушы, ақпаратты сақтаушы және тасымалдаушы және білімді, бүкіл әлем туралы ақпаратты жеткізуші құрал болып табылады.

Сонымен қатар, тіл тек мәдениеттегі нәрсені атап ғана қоймайды, оны («тілдің пассивті функциясын») көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, мәдениетті қалыптастырады, (тілдің белсенді рөлін) «қалыптастырып қана қоймайды», сонымен қатар мәдениетте тілдің өзі де дамиды.

Лингвистикалық-мәдени түрғыдан алғанда, мәдениет ең алдымен, көп үрпақ жинақтаған ұлттың шексіз тәжірибесі ретінде түсіндіріледі. Алайда, мәдениет генетикалық мұра болып табылмайды сондықтан оны болашақ үрпаққа жеткізу үшін, беру үшін тасымалдаушы керек, ол тіл болып табылады. Мәдениет болмаса, тілдің болмауы сияқты, тілдің де мәденниетсіз өмір сүруі мүмкін емес.

Мәдениет – халық дамуындағы үрпақтан-үрпаққа беріліп отыратын ұлттық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни, мәдениеті көрініс табады. Тіл мен мәдениет-қоғам дамуының әлеуметтік азығы. Тілдің әлеуметтік маңызы тіл мен мәдениетті, тіл мен қоғамды бірге алып қарағанда ғана ашылады. Адамның жан дүниесі мен болмысының, мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосатын халықтың баға жетпес байлығы – оның тілі. Тіл – мәдениеттің көзі, ұлт өмірінің айнасы. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, себебі ол мәдениеттің бір көрінісі. Ал, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы үрпақтан-үрпаққа жеткізіледі.

Сонымен, тіл – халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Мәдениет – адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік түрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациалау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С. Кубрякова, Ю.Д. Апресян, В.З. Демьянков, В.В. Колесов, Е.В. Рахилина, В.Б. Касевич, Ю.С. Степанов және т.б.).

Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды.

Кез келген қарым-қатынас, коммуникация тіл арқылы жүзеге асады. Бұдан барып мәдениетаралық коммуникация теориясы да «адам – тіл – мәдениет» үштігіне (триадасына) сүйенеді. Осыған орай алдымен коммуникация, тіл және мәдениет деген ұғымдарға түсінік берілген жөн.

Коммуникация – өзара түсінікті мақсат етіп қойған және түрлі құралдардың көмегі арқылы берілетін түрлі сипаттағы және мазмұндағы ақпарат алмасудың әлеуметтік шартты үрдісі.Коммуникация – ой алмасу.

Тіл – адамзат болмысы, адамзат жаратылысының негізгі қасиеті. Оның дамуы – қоғамның дамуымен бірге жүретін егіз құбылыс. Тіл халықтың танымы мен бүкіл түрмыс – тіршілігін суреттейтін қатынас құралы, құндылығы. Қай халықтың тілін алмайық, сол халықтың тұнып түрған түрмысынан, тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан хабар береді. Тіл құдіреті сөз мағынасында. Сөз мағыналарына үңіле отырып, жан-жақты өмір саласынан мағлұмат алуға болады. Тіл – адамдардың қарым-қатынас, коммуникация құралы. Коммуникация мәдениетаралық түрғыдан түрлі мәдениет иелерінің арасындағы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл коммуникация үрдісіне мәдениеттанулық көзқарас түрғысынан қарауды қажет етеді. Коммуникация тіл арқылы (вербалды немесе вербалды емес) іске асады. Ендеше тіл мен мәдениет өзара тығыз байланысты.

Мәдениетаралық коммуникация өзінің мазмұны жағынан бірнеше ғылым саласымен тығыз байланысты. Қарым-қатынастың негізгі кейіпкері-адам. Ендеше адам табиғатын, әлемдегі құбылыстарға адамның қатынасын, әсерін зерттейтін ғылым саласы – антропология. Мәдениетаралық коммуникацияда ұлт өкілдерінің мінез-құлқы – психология, әр адам белгілі бір қоғамның, ұлттың, топтың т.б. мүшесі – социология, тіл мен тіл иесі адам санасының тұтастықта қарастырып, тілді адам дүниетанымының кілті, адам санасында әлем туралы түсінікті құраушы, сана қызметінің нәтижесі деп қарайтын-когнитивтік лингвистикамен тікелей байланысты.

Мәдениетаралық коммуникация кең көлемді ұғым. Әр ғылым саласы мәдениет ұғымын қалай қарастырса, мәдениетаралық коммуникация да солай қарастырады. Олардың ішінде мәдениетаралық

коммуникация теориясын психологиялық, әлеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан зерттеу ерекше орынға ие. Мәдениетаралық коммуникация теориясы сөйлеу қатынасы мен жалпы коммуникация теориясының жеке дара көрінісі. Мәдениетаралық ерекшеліктерінің психологиясы – әртүрлі этникалық топтарға жататын индивидтердің психологиясындағы ерекшеліктерді, мәдениет арасындағы ерекшеліктерді зерттейді. мәдениетаралық коммуникация теориясының социологиялық тұрғыдан зерттеудің мәні ерекше. Негізгі ұғымдары тіл және қоғам. Адам, тіл және мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Қазіргі тіл білімінде қандай жаңа бағыттар болса, мәдениетаралық коммуникация теориясында зерттеудің де сондай бағыттары бар: этнолингвистикалық сипаттағы бағыт, когнитивтік бағыт, лингвомәдени бағыт т.б.

Мәдениетаралық коммуникация – әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас. Қай ұлт болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн көріс, тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, мәдениеті бар. Осылардың бәрін зерттеп білу, оларды өз мәдениетіндегі жағдаяттармен салыстыра бағалай білу, ондағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды коммуникация кезінде дұрыс пайдалана білу керек. Белгілі бір концепт төңірегіндегі тіл бірліктерін дұрыс түсініп қолдана білу мәдениетаралық коммуникацияда ерекше мәнге ие.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – В кн.: Ф. Соссюр Труды по языкознанию. – М., 1977. – С. 66
2. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
3. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – С. 261.
4. Тимашева О.В. Введение в теорию межкультурной коммуникации. – М.: УРАО, 2004. – С. 72.
5. Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение и обозначение. – М – Л: Наука, 1965. – 111 с.



Жақсылықбаева Р.С.
Филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
Алматы қаласы, e-mail: jak-rimma@mail.ru

ҒЫЛЫМНАМАЛЫҚ ЕҢБЕКТІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Түйін. *Ғылым тақырыбы – бүгінгі қазақ журналистикасы теориясында там-тұмдап қана қарастырылып отырғаны белгілі. Өйткені, қазіргі ақпарат тасқындаған дәуірде ғылыми құндылықтарға назар аудару саябырсып қалғаны жасырын емес. Автор мақалада V-VI ғасыр бұрын өмір сүрген ғұлама ғалым, шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегіне талдау жасай отырып, бүгінгі ғылымға да өз бағасын береді. Ғылыми еңбектің сонылығына жан-жақты пікір, нақты дәйек, ой айтады.*

Автор ғылыми мақалада сондай-ақ, ғылыми еңбекке қойылатын талаптар мен міндеттерді зерделей отырып, ғылыми тұрғыда тұщымды ой мен пайымды пікір білдіреді.

Кілт сөздер: *ғылым, білім, журнал, мақала, дерек, дәйек, ғұлама, жұлдыз, ғылыми әдіс, ғылыми мәселе, тәжірибе.*

Резюме. *Тема науки сегодня широко известен в теории казахской журналистики. Не секрет, что в эпоху современной информации внимание к научным ценностям уменьшилось. В статье автор анализирует работу великого ученого, целителя Отейбойдака Тлеукабылулы «Шипагерлік баян», жившего в V-VI веке до нашей эры, и дает оценку научную точку зрения. На оригинальность труда выражается разностороннее мнение, реальная цитата, мысль.*

В научной статье автор также дает научно обоснованные мысли и суждения, изучая требования и задачи научной работы.

Ключевые слова: *наука, образование, журнал, статья, источник, цитата, мыслитель, звезда, научный метод, научная проблема, практика.*

Summary. *The theme of science today is widely regarded in the theory of Kazakh journalism. It does not matter what the current knowledge of the epoch has changed in science value. In the article the author analyzes the work of the great, studied Otoobodak Tleukeley "Healer Story", live in V-VI to the present, and gives a look at the scientific point of view. The originality of the work is disconnected from the difference, the actual quote.*

The author of the scientific article also teaches scientifically illustrated essays and essays, the demand of which is the subject of the research work.

Keywords: *science, education, journal, article, data, clause, science, star, scientific method, scientific problem, practice.*

Ғылым (араб.: عِلْم (ілім) – білім, тану; лат. scientia – білім) – ақиқат жайлы объективті білімдерді жетілдіру мен жүйелеуге бағытталған адам іс-әрекетінің саласы. Жалпы мағынасы: жүйелік білім мен тәжірибе. Арнайы мағынасы – ғылыми жолмен жинақталған білім жүйесі, сонымен қатар зерттеумен келген ретті білім жинағы [1].

Ғылым – қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес түріне айналады. Себебі, қоғамдағы сан-салалы мәселелер көп жағдайда ғылымның араласуымен шешіледі. Ең алдымен, ғылымтанушылардың назар аударған мәселесі – латынша «Scieniia» сөзінің этимологиясы болды, оның мағынасы «білім» дегенді білдіреді. Ал кез келген білімнің ғылым емес екендігі белгілі. «Білім – адамзаттың әр қилы тіршілік ету сферасынан: қарапайым өмірден, саясаттан, экономикадан, өнерден тағы басқа жағдайлардан алынады. Ғылым – тәжірибе жүзінде анықталған нақты дәлелдемелер мен логикалық заңдарға сүйенетін қорытындылардың негізінде білім әлемін жасайды» [2].

«Тарихшылар атасы» атанған грек ғалымы Геродот Египетте Ніл өзенінің тасуы салдарынан дүркін-дүркін су басқан егістік жерлерді дәл өлшеп отыру мүқтаждығы геометрияны туғызды, ол кейіннен Грецияға ауысты десе, Демокрит жер бетінде түзу сызық жүргізуде өзінің Египет жер өлшеулерінен тіпті кем түспейтінін айтып мақтаныш еткен. Египеттіктер жаратылыстану ілімдерін меңгеруде де көрнекті табыстарға жетті. Астрономияда олар жұлдыздар картасын жасады. Сүмбіле жұлдызының орнын, батып-тууын зерттей келе бір жылда 365 күн бар екенін білді. Осы негізде Египет календары құрастырылды. Астрономия мүддесі уақытты дәл білуді талап етіп, олар Күн сағатын, кейіннен Су сағатын (клепсидра) жасап шығарды [3].

Қазақтың ұлы ақыны Абай өзінің отыз сегізінші қарасөзінде: «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады»,-деп жазады [4]. Абай ақынның ұғымынша Адам ғылымы Алла ғылымы емес, бар нәрселер хикметін анық білетін ғылым – Алла ғылымы. Адам ғылымы осы Алла ғылымына ынтықтықты білдіреді. Осы ынтықтықтың өзі адам ғылымына мазмұн болады. Абай қарасөзінің мәні: ғылым жолына түскен адамды ақиқат жолына, яғни Алла тағала жолына түскен жан деп санау. Адам баласын қор қылатын надандық білімсіздікке, жігерсіздікке алып баратын қасиеттер екендігін шегелеп көрсетеді.

Осыдан V-VI ғасыр бұрын ғұлама ғалым, қараүзген шипагер бабамыз Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының өз басынан өткізген төл тәжірибелерінен тұратын, медицина жөніндегі үлкен ғылымнамалық «Шипагерлік баян» атты еңбегінде тек қана шипагерліктің шын мәніне жету үшін оған астрономияны, философияны, психологияны, этнографияны, ұлттық салт-сананы, тарихты тығыз ұштастыра білді. Бұл кітап 1994 жылы араб қарпімен Үрімжіде басылып шықты. «Түрлаулар», «Қанықталғы», «Көз мұрын дестір», «Нарықталғы», «Оң қол дестір», «Дарымдалғы», «Қол көз дестір», «Тектелгі» сынды сегіз бөлімнен тұратын «Шипагерлік баян» – медициналық еңбек. Өзінің жүйелілігі, ғылымилығы жағынан осы заманғы медициналық ғылыми еңбектердің қай-қайсысынан еркін теңесе алатын кітаптың авторы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы – Жетісуда туып, Жиренше шешеннің жан досы, Жәнібек хан тұсында өмір сүрген ғұлама адам. Жиреншенің ертуімен Ақордаға барған ғалым ойламаған жерден Жәнібек ханмен жолығады. Осы ғылымнамалық ұлы еңбегінің жазуына себепші болған сол Жәнібек хан: «Үлгіңді титтей де қалдырмай, жасырып-жаппай, бүкпесіз, толық ашық жазып шық. Болғаннан соң ордаға келіп жеке өзіме оқып бер. Қазынада сақтатамын. Қасырқағаңа қарай сыйыңды алып, мәртебеңді иелейсің»,-деген екен [5]. Жетпіс жасында «Шипагерлік баянды» жазуды қолға алған ғұлама еңбектің алғашқы нұсқасын аяқтап, ханға енді тапсырамын дегенде, Темір хан түтқиылдан шабуыл бастап, Жәнібек хан қаза табады. Сөйтіп, ғұламаның шипагерлік кітап қазақ халқына таралып, жас жеткіншектерді шипагерлік өнерге баулып, халықтың ауру-сырқау бейнеті жеңілдей ме деген арман, үміті жүзеге аспай қалады. Өйткені, Жәнібек ханға үлкен үміт артқан еді. Бүкіл өмірін ғылымға арнаған ғұлама:

Ой, дүние-ай!
Іске аспады арманым, қараң қалды,
Шың басына шығарда арандалды.
Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,
Жаман ат, жаман ырым мазамды алды.
Қалмады үрпақ, Өтейбойдақ аяндалды,
Мені өшірмес «Шипалық баян» қалды.
Бұ да менің үрпағым жөн білгенге,
Тілкімменен жалғасқан аян қалды, – деп жазады [5, 34 б.].

Енді еңбектің оқырманға қажетті тұстарынан үзінді келтірсек. «Шипагерлік баянда» бүгінгі күн аттарының басқаша атауларымен танысамыз, олар: «Алла тағала он сегіз мың ғаламды алты-ақ күнде жаратқан, ол күн аттары: Бақтал (сенбі), Баттал (жексенбі), Сақтал (дүйсенбі), Жақтал (сейсенбі), Ат-

тал (сәрсенбі), Ғаттал (бейсенбі), Мереке (жұма). Жұма – он сегіз мың ғаламның жаралып біту мереке күні»,-дейді. Діни сауаты өте жоғары Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы бабамыз еңбегінде: «Алла алты күнде жаратқан күллі әлемнің жаны да, тағдыры да Алланың ғана қолында. Басқасы адамзат мінсіз бітісі мен мінді бітістілігі және оның несібелік, несіптік ризығында. Соның үшін бұл – шипагерлік өзегі. Бұл өзек түғыр жинамасы алты, сондықтан алты түғыр делінбегі шарт. Алла адамды топырақтан жаратқан. Алдымен илеген балшықтан адамзат бейнесін келтіріп, ішін қуыстап, онан соң тоңазытқан. Сырты ортасына дейін қатып, іші жібу түрғанда Күн нұрын түсіріп, алла оған жан енгізген кезде, тоңы жібіп жұмсап, суы шып-шып шығып, бірте-бірте кепкен... Жартқан Алла өзі адамды көріп түру үшін, сол кезде Айды жаратқан. Сондықтан тумақ Айдың әр айда толысып, он бесіне толған күні адамзат ата-анасы Хауата мен Хаувананы жаратып, жан енгізген мерейлі түн болып саналымдық бермек...»,-деп жазады [5, 45-46 бб.].

Ғылыми еңбекте көктегі жұлдыздардың өзіндік сырына да қанықты біршама ойлар айтылады. Мәселен, «Дүниеге іңгәлап бір нәресте туылса, бір жұлдыз сол қолтуманың жұлдызы ретінде жарық көрген нәрестемен бір мезгілде, ұқсас уақпен жарқырап көктен туылады». «Бір адам өлсе, оның жұлдызы жаны шығысымен тең ағып түспек». «Жұлдыздың күндіз көрінбеуі жердегі адамның сорын жасырып, сездіргісі келмегендігі айқын ұғыныс». «Жұлдыздың түнде көрінуі «Бағың жанады, деміңді ал» деп пендесіне дем бергендігі ұғыным айқындығы». «Тақ жылдың тақ айының тақ күні туылғандар жұлдызы қыбылада – маңлай жұлдызды; Жұп жылдың жұп айының жұп күні туылғандар жұлдызы артта – шүйде жұлдызды». «Күндіз дәл түсте туылған кімде-кім болса да ел билейді. Қара қылды қақ жаратын әділ болмақ. Майқы би осы уақта туылыпты»,-деген тәрізді қызықты мәліметтерді көптеп кезіктіруге болады [5, 107-108 бб.].

Еңбекте әр адамның туылған күні мен айына байланысты мінездеме беріліп, жұлдыздар арқылы ауа райына қатысты болжам ойлары айталады. Қазақи ырым, тиымдар жоралғысына да ғылыми түжырымдар жасалғандығы таңғалдырады. «Ауыз саналғы: Жетіге тиіспеу: 1. Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу. 2. Көктемде көбеймелі жорғамаларға тиіспеу. 3.Көктемде көрінген қорғалағыштарға тиіспеу. 4. Көктемде көз ашпаған шикілікке тиіспеу. 5. Қай-қашанда қонжатқа тиіспеу. 6. Қай-қашанда көршіге тиіспеу. 7. Қай-қашанда елшіге тиіспеу» [5, 113 б.]. Бұдан ары қарай «Көз саналғы. Қырық бірге жүғыспау», «Көз мұрын саналғы. Он екіден айрылмау», «Кектеніс», «Сескеніс», «Жиіркеніс», «Шошыныс», «Күйіктеніс», «Торығыс», «Үрейленіс», «Өкініс», «Түршігіс», «Атпалы үшық» т.с.с. адам бойында кездесетін түрлі қасиеттердің себеп-салдарын ғылыми тәжірибесі арқылы баяндап өтеді.

Ғұлама еңбегінің бір жерінде «Сегіз ат сабылтқыны» ауызға алады. Қазір «Сегіз ат сабылтқы» дәстүрі күңгірттеніп, тілімізде тек «ат сабылту» дейтін сөз тіркесі ғана сақталғанымен, кезінде қазақтың ат міну мәдениетінің өзі үлкен бір ғылым, атқа қалай жүруде де өзіндік өре, мән болғаны байқалады. «Сегіз ат сабылтқы» – аса бір шұғыл жағдайды білдіретін асығыс та қатты суыт жүріс [5, 145 б.].

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» ай аттары: Ергеу (наурыз); Көктеу (көкек); Мезгеу (мамыр); Көзгеу (маусым); Шілдеу (шілде); Тамызық (тамыз); Дәндеу (мизам); Соқтау (қазан); Күйек (қараша); Қауыс (ықтырғы); Ығыс (желтоқсан); Қаңтар (қаңтар) деп берілсе, ал жыл атаулары: Сумақы (тышқан); Маңғаз (сиыр); Айбар (барыс); Секем (қоян); Сумаң (жылан); Түлпар (жылқы); Иртек (ұлу); Шопан (қой); Мешін (мешін); Айтақ (ит); Шақырауық (тауық); Қорысқы (доңыз) деп ескіше жазылған екен [5, 166 б.].

Ғылымнамалық еңбек ертеректе жазылғандықтан, бізге түсініксіздеу сөздер мен сөз тіркестері өте көп кездеседі. Тек мұқият оқу барысында ғана мағынасын ұғынуға болады. Қаншама ғасыр өтсе де өз тәжірибесі арқылы дәлелденген бұл дүние әлі де өзінің жоғары бағасын алып отыр.

Өзбек халқының данышпан перзенті – астроном, математик, географ, геолог, философ, филолог, тарихшы және этнограф, дәрігер және ақын Әбурайхан Мұхаммед ибн Ахмед Бирунидің ғылыми-зерттеуге қоятын сегіз міндетті атап өтеді, олар:

Зерттеуші ескі әдістерден бақталастардан олжа түсіру мақсаттарынан арылу керек. Табиғат құбылыстарын түсіндіргенде табиғаттағы заңдылықтарға, анық деректерге, тәжірибелерге ғана жүгінуі керек.

Мәселені зерттеуді сол мәселені құрастыратын білімдерден бастау керек. Зерттеу жұмыстарында дедкуцияға сүйену керек. Оған сезім арқылы алынған деректерді арқау ету керек.

1. Ғылыми қорытындылар жасау үшін асықпай әбден ойлану керек.

2. Құбылыстарды бақылай білу керек. Ол жөніндегі әртүрлі пікірлерді салыстыру керек.

3. Әртүрлі құбылыстарды зерттегенде белгіліден белгісізге қарай, нақтыдан жалпыға қарай аттанып отыру керек.

4. Ертеде болған құбылыстарды зерттеуде олардың тарихын біліп алу керек [6]. Бұл міндеттердің әрқайсысы күні бүгінге дейін өз мәнін жоя қоймағандығы таңғалдырады.

«Ғылыми әдіс – бұл автордың шындықты бейнелеуге деген көзқарасына жауап беретін және оқырманды қабылдау шегінен тыс қалған тәсілдердің жиынтығы. Әдіс қандай да бір түрдегі міндеттерді шешу үшін қажетті ақыл-ой және тәжірибелік сипаттағы ғылыми негізделген іс-әрекеттердің дәйектілігі болады» [7]. 1960-жылдардың басында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде терең білімді публицист Камал Смайылов идеясымен туындаған «Бәрін білгім келеді» (ББК) атты ғылыми бағыттағы тұрақты айдардың болғандығын білеміз. Қалың оқырманға ғылымның қыр-сырын таныта отырып, кейіннен қарымды публицист «XXI ғасырға саяхат» атты туындысын өмірге әкелді. Бүгінде қазақ журналистикасында ғылым тақырыбын терең меңгерген Камал Смайылов ізбасарлары, ғылым тақырыбына сауатты қалам тербеп жүрген журналистер тым аз. Өйткені, ғылыми-техникалық дамудың қазіргі жағдайында ғылыми мәселені көтеру үлкен күш-жігерді талап етеді. Ғылым тақырыбында зерттеу жүргізуде ерік-жігері мықты, ғылыми ақиқатқа жету үшін мақсатты болуың қажет.

«Ғылыми мәселе – теориялық немесе тәжірибелік мәселелерді, ғылымдағы білімге немесе қолданбалы әдістемелерге қайшы келетін, ғылыми зерттеулерді жаңаша жолымен шешуді талап ететін жиынтық» [8]. Сондықтан да, зерттеуші ғылыми мәселе тақырыбын өзі таңдап, зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығының негіздемесін жасауы тиіс. Болжанатын зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әзірлемелердің жай-күйін зерделеу кезінде бар білімдерді топтастыру мынадай түрде жүргізілуі қажет:

а) ғылыми жұртшылықты жалпыға бірдей мойындаған және тәжірибеде қолданылатын білім;

б) ғылыми негіздемені қажет ететін және жеткілікті әзірленген пікірталас сұрақтары;

в) күн тәртібіне қойылған немесе аз қамтылған, тәжірибемен ұсынылған тақырыпты таңдау. Осы талаптарға сай бағытталған ғылыми еңбектің де нәтижесі анық болады.

Қорыта келгенде, бүгінгі ғылымға қойылатын басты талаптардың бірі – жүйелілік. Ғылыми білім қашанда белгілі бір жүйе ретінде қарастырылады. Ғылым үшін тәжірибелік фактілер, сараптамалар, тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстардың зор маңызы бар. Ғылымға қойылатын тағы бір критерий – қоғамда онымен айналысатын бір дарынды адамдардың және қажетті материалдар мен технологияның болуы.

«Шипагерлік баянды» өмірге әкелген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының ұстазсыз ұстаз екендігін мойындасақ, ғылымға бейімділік туа біткен қабілет мен ізденіс, терең білім мен ынталылықпен байланысып жататындығын аңғаруға болады. Шала сауаттылық пен ғылымға қыры жоқтық ғылым жүгін жеңілдете қоймайды, ілгері жылжуына мұрындық болмайды. Сондықтан да, ғылымға тек тазалық пен даралық керек.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ғылым туралы анықтама / https://kk.wikipedia.org/
2. Ғылым және оның қоғам өміріндегі рөлі. https://kitaphana.kz
3. Көбесов А. Әл-Фараби. –Алматы: Қазақстан, 1971. -8 б.
4. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар. II Т. –Алматы: Жазушы, -1968. -194 б.
5. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. Араб қарпінен көшіргендер: Елемес К., Мәсімхан Д. –Алматы: Жалын, 1996. – 15б.
6. Исақов М.Ә., Кенжалин Т. Әбурайхан Бируни, Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XI ғасырлары). Құрастырған: Исақов Б. –Алматы, 1964. 96 б.
7. Методы журналистского творчества. Применение методов частных наук в журналистике / https://mydocx.ru
8. Основы научных исследований (учебное пособие). Автор: Сафонов А.А., редактор: Александрова Л.И. –М.: -2000.

МРНТИ 17.07.31

Жутаева А.К.,
2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: assel.zhutayeva@gmail.com

Әбдиманұлы Ө.,
ф.ғ.д., профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ БЕЛГІЛЕРІ

Түйін. *Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністерінің детальдық және менталитеттік аражігі ажыратылып, олардың прозадағы көрініс тапқан сюжеттері қарастырылған. Жазушы лабораториясының негізгі мәселелері талданып, постмодерндік бағыттың басты идеясы талқыланады.*

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген шығармалар нысанға алынып, зерттелді. Постмодернизмнің әдебиетпен бірге қатарласа отырып үндесу мәдениеті жанрлық дүниелердің бірқалыпты болуына әкелетіндігі, ұлттық-генетикалық және «кірме» жанрлардың типологиялық біртектілігін анықтайтындығы сараланды. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетінің даму үдерісін, құрылымдық ерекшеліктерін анықтайды.

Түйін сөздер: *постмодернизм, концепт, интерпретация, иллюзия, адресат.*

Zhutayeva.A.K.,
2nd year master student
Almaty, Kazakhstan, e-mail: assel.zhutayeva@gmail.com

Abdimanuly O.,
professor, doctor of Philological sciences
Al-Farabi Kazakh National University

MANIFESTATIONS OF POSTMODERNISM IN KAZAKH LITERATURE

Summary. *This article identifies the differences in the detailed and mental picture of the post-modernism of modern Kazakh literature and also describes their manifestations in prose scenes. The author analyzed the main problems of the writer's laboratory and discussed the idea of a postmodernist trend.*

The object of the study were works, published after independence. The article highlights the combination of postmodernism and literature, which leads to the genre uniformity of the culture of harmony and determines the typological homogeneity of national-genetic or adopted genres. The research results determine the process of literary development and the structural specifics of modern Kazakh literature.

Key words: *postmodernism, concept, interpretation, illusion, addressee.*

Жутаева А.К.
магистрант 2-курса
г. Алматы, Казахстан, e-mail: assel.zhutayeva@gmail.com

Абдиманулы О.
д.ф.н., профессор
Казахский национальный университет им. аль-Фараби

СВОЙСТВА ПОСТМОДЕРНИЗМА В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Резюме. *В данной статье определяются различия детальной и менталитетной картины постмодернизма современной казахской литературы, также рассмотрены их проявления в прозаических сюжетах. Автор проанализировал основные проблемы лаборотории писателя и обсудил идею постмодернистского направления.*

Объектом исследования стали произведения, опубликованные после обретения независимости. В статье выделяется сочетание постмодернизма и литературы, которое приводит к жанровой равномерности культуры гармонии и определяет типологическую однородность национально-генетических или заимствованных жанров. Результаты исследования определяют процесс литературного развития и структурной специфики современной казахской литературы.

Ключевые слова: *постмодернизм, концепт, интерпретация, иллюзия, адресат.*

Кіріспе: Адамзат өркениеті дамып, сол өркениетпен бірге әдебиет пен мәдениет, философия мен жалпы ғылым қатар дамып отырады. Әсіресе әдебиет құрылымдық та, жанрлық та сипаты жағынан жыл сайын жаңашыл үрдісте даму үстінде. Қазақ әдебиеті де дәстүр мен жаңашылдық арасындағы өзара байланысты қамти отырып, бүгінгі әдебиетке тың ізденіс әкелуде. Әдебиеттегі ағым мен бағыттар жыл сайын өздеріне тән белгілері мен детальдық ерекшеліктерін шығарма желісінде көрсетуде. Соның ішінде әлем әдебиетінде де, қазақ әдебиетінде де өзіне сай элементтері бар постмодерндік бағыт көптеген пікір тудырып, ғалымдардың көзқарастарын танытуда. Постмодернизм адамзат өркениетінде ежелден бар құбылыс. Десе де теориялық тарихы жағынан XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алып, қазіргі өнер мен мәдениетте, философияда, әдебиетте және тағы басқа ғылым салаларында ең көп талқыланатын өзекті мәселеге айналып отыр. Тіпті постмодернизмді культті дүниелерде де кеңінен қолданады. Әлемдік сәулет өнері мен көркемсурет өнерінде де постмодернизм термині қолданылады. Әдеби шығарма негізінде деректер мен деректілік формасы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін фактілерді арнайы дәйектемелермен көрсете отырып түгел шығарманы тарихи оқиғаға құру шарт емес. Десе де шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі ақиқат оқиғалар құрамайынша, тарихи көркемдікті дұрыс бере алу тағы да қиын. Идеялық, көркемдік, тіпті тақырыптық болмысында тарихи деректіліктің атқаратын қызметі өте жоғары. Ал постмодернизм арнайы шектеулерді ысырып, жазушының жеке қиялы мен қоғамның жалпы көрінісіне баса көңіл аударады. Постмодернизм бағыты жазушының жеке-дара ішкі түйсігі мен таным деңгейін, сезіне алу қабілеті мен түйсіне алу қасиетімен ерекшеленеді.

Әдебиет төңірегіндегі постмодернизм ұғымын жіктеген тұста, тек қазақ әдебиеті ғана емес, жаһандық әдебиеттегі жаңашыл ізденістер мен көркемдік таным деңгейі постмодернизм төңірегінде зерттелуді қажет етіп тұр. Әдебиеттегі жалпы тенденция жекелей ұлттың әдебиетіне де өз әсерін тигізбей қоймайды. Өз алдына мемлекет болып, егемендік алып, жекелей қалыптасқан қазақ әдебиетінде де ауқымды өзгерістер болып, әдебиеттің өрісі кеңейді. Әлем әдебиетінде болып жатқан өзгерістерге қазақ әдебиеті де бей-жай қарай алмайды. Сол тұрғыда постмодернизм құбылысының қазақ әдебиетіндегі элементтерінің, шығармалардағы жекелеген көркемдік бейнелерде кездесуін, әрекет деңгейінде өзіндік байланысуын, автордың бұл құбылысқа деген көзқарасын қарастырамыз. Мақаламыздың зерттеу нысаны негізінде қазақ әдебиетіндегі постмодернизм элементтері кездесетін жазушылардың шығармаларынқарастырамыз. Олардың қатарына Асқар Алтайдың «Кентавр», «Түсік», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», Мұхтар Мағауиннің «Жармақ», Аслан Жақсылықовтың «Сны окаянных», Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» шығармаларын негізге ала аламыз. Аталған авторларды айтқан тұста қазіргі әдебиеттің жай-күйіне, дамуына тоқталмай кетуімізге болмайды. Қазіргі қазақ әдебиетінің зерттелуі процесі алғашқы онжылдығы 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбектің «Тәуелсіздік кезеңі» (1991-2001), екінші онжылдығы « XXI ғасыр әдебиеті» (2001-2011) атты ұжымдық еңбектерде қарастырылған, әлі де зерттелу үстінде. Шын мәнісінде шынайы, көркем шығарманың дүниеге келуі – күллі қоғамның рухани өміріндегі, белгілі бір әлеуметтік ортаның парасат дүниесіндегі бүтін бір оқиғамен тең. Кез келген шығарма сол кезеңдегі қоғамның айнасы екендігі айқын.

Бүгінгі әдебиетте қамтылатын тақырыптардың басым көпшілігі адамның ойы, арманы, мұраты, күші мен қасиеті сынды ұғымдарды құрайды. 1960-1980 жылдары ұлттық әдебиетімізге өзіндік үнімен, суреткерлік қолтаңбасымен, жаңашыл ізденісімен, ерекше образдар мен жаңаша сипаттар әкелген қаламгерлер І. Есенберлин, Т. Ахтанов, Қ. Жұмаділов, Ә. Кекілбаев, С. Жүнісов, О. Бөкеев, М. Мағауин, Д. Исабеков, Ә. Тарази, Т. Әбдіков, Д. Досжанов, С. Сматаев т.б. жатады. Аталған авторлардың қазақ әдебиетіне әкелген тың туындылары мен желісі өзгеше шығармалары әдебиеттің сол кезеңдегі ең үздік туындылар қатарын құрады. Осы буыннан кейінгі әдебиеттің бағыты тіпті басқа болды. Әдебиеттің дамуымен қатар қоғамның өзінде түрлі жағдайлар орын алды. Қазақ әдебиетіндегі ең үздік шығармалар саналатын көркем әдебиет XX ғасырдың 1960-1990 жылдарында түрлі тарихи

– қоғамдық өзгерістерді бастан өткергені белгілі. Кеңестік жүйенің ыдырап, Одақтың құлауы оның құрамындағы ұлттардың төл мәдениетін, тарихын, әдебиетін т.б. зерттеп, тануына зор мүмкіншілік жасады. Бүгінге дейін қазіргі қазақ әдебиетін зерттеуде бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Соның нәтижесінде, қазіргі қазақ прозасында жас қаламгерлер, орта буындағы қаламгерлер өте көп.

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңестік кезеңдегі саяси шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ әдебиетінде шығармалардың өмірге келуі азайып қалғаны рас. Қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, батыл ізденістерге барғанын зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Үшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда , шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық обьектілері көбейді.

Бүгінгі проза терең ойлануды қажет ететін материалдардан тұрады, бұл материалдардың біразы қым-қуыт байланысып жатыр. У.Бенжаминнің пікірінше: «Проза жеке адамның тыныс-тіршілігі. Проза ауызша әңгіме айтуға ұқсамайды. Ол кітапты қажет етеді. Проза жалғыздықтан жабырқаған адамның туындысы. Өз мәселелерін аршып айтудан қалған, онысын түсіндіріп те бере алмайтын, басқалардың ақылына құштар емес, басқаларға ақыл айтқысы келмейтін. Жан дүниесін толқын атып, кемерін керіп тұрған, сондай көңіл – күйге бой ұра беретін күй. Проза дегенің жан иесінің терең толғануға құштарлығы».

Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрамайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын. Өткен тарихи дәуір шындығын суреттейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында тарихи фактінің атқаратын қызметі өте жоғары. Документ, факт жазушыға шындықтың бар болмыс-бітімін, мәні мен мағынасын, сыры мен сымбатын ашып бере алмайды. Өмір шындығы мен өнер шындығы арасында жер мен көктей айырмашылық барын ірі суреткерлердің қай-қайсысы да айтады. Мысалы, Л.Н.Толстой, өзінің бар еңбегі өмірлік құбылыстарды іздеп, жинап, оларды көшіру ғана болса, онда оларды жариялауға ұяты жібермейтінін айтады.

В.Г.Белинский тарихи факт дегеннің шебер үшін кірпіш пен тас қана екендігін, олардан сәулетті ғимарат жасау тек суреткердің ғана қолынан келетін ғажайып іс екендігін жазады. Ал К.Паустовский өзінің “Алтын раушан” повесінде жазушы еңбегін зергерлік шеберханалардың шаң-тозаңы арасынан алтын үнтағының түйіршіктерін бір-бірлеп теріп жинаған, ақырында одан алтын раушан жасаған Шаметтің бейнетімен салыстырады. Адам ғұмырының шындық бейнесі мен әрекет-оқиғаларының қым-қуыт тіршілігінің арасынан керекті, типтік сипаты маңызды, мағыналы фактілерді көре білу үшін де зергерлік зерде қажет. Жазушының өмір материалдарының мол тобын іздеп тауып, оны байқап бақылауы да, танып пайымдауы да қиындығы мол, қаралымы көп жұмыс. Бірнеше емес, бір шығарманың материалдық негізін анықтау, бірнеше емес, бір жазушының өмір шындығын игеру үдерісіндегі өзі мен өзгелерге ортақ белгілер, сипаттар және өзгелерде жоқ, оның өзінде ғана бар бөлек ерекшеліктерді анықтап байқаудың, бағдарлап пайымдаудың өзі де оңай шаруа емес. Шындығында жазушының өмір материалдарынан өнер туындысын жасау процесінің басты сатыларын, қиын, нәзік иірімдерін, көпшілікке беймәлім қырларын анықтауға талпынып, оның қайсыбір жайларының мәнісін ұққан сайын, шығармашылық өнердің шын сырларының құпия, жұмбақ сипаты айқындалып, арта түседі. Әйтсе де жазушы еңбегінің терең сырларын тану мүмкіншілігін жоққа шығаруға болмайды, бірақ оның барша шетін, нәзік, терең иірімдерін жете білу мүмкін емес. Жазушының тарихи шындықты сұрыптап, екшеу, жинақтауының басты ерекшеліктерін анықтау осы бір өте күрделі, көп сатылы процестің кейбір маңызды негізгі деген қырларын тануға көмектеседі әрі әдеби шығарманың көркемдік-идеялық бітімін, поэтикалық жүйесін анықтауға жол ашады.

Жоғарыда айтылып өткен пікірлерге қарамастан, постмодернизмнің сыртқы формасына сай өзінің әңгіме-повестьерін жариялап жүрген жазушыларымыз баршылық. Олардың қатарына Төлен Әбдіков, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева т.б. жатқызуға болады.

Постмодернистік бағыттың белгі-көріністерін аталған жазушылардың шығармаларындағы детальдық көріністерден аңғара аламыз. Айгүл Кемелбаева екі оқиғаны бір желіге сыйғыза отырып баяндаса, Дидар Амантай ескілік пен жаңашылдықтың ортасына өзара байланыс (связка) жасайды. Асқар Алтай мифтік бейнелердің көрінісін бүгінгі қоғамның әрекетімен көрсетеді. Сонымен қатар Төлен Әбдіковтің адам бойындағы психологиялық факторларды физикалық құндылықтармен қатар беруі де постмодернизмнің кішігірім көріністерін аңғартады. [5, 1991, 25 6]. Кейінгі жас жазушылардың шығармаларында да осы секілді белгілер кеңінен кездеседі. Бұлардың барлығын түгелдей дерлік постмодернистік шығармалар немесе постмодернизмнің негізгі белгілері деп айта алмаймыз. Алайда көрініс беретін, кей концептілері сәйкес, фрагменттері тұтас осы бағыттың деңгейінде қарастыратын, сөздік немесе сөйлем ерекшеліктеріндегі құрылымдық яки құрылыстық қайта жасақталу номалары (деконструкция) да зерттеуді қажет ететін дүниелер деп айта аламыз. [4, 2001].

Әлем әдебиетіндегі постмодернизмдік шеңберге Кобо АБЭ, Кэндзабуро ОЭ, Умберто Эко, Габриель Гарсиа Маркес, Харуки Мураками сынды жазушыларды айта аламыз. Олардың шығармаларынан орын алатын мәселе адамдардың қарым-қатынасындағы қайшылықтар, мүдделердің қақтығысы туралы ғана емес, кең тұрғыдан алғанда, келешек үрпақ жайлы. Адам санасының ең биік ойлау шкаласын өлшеп білмей-ақ, әр адамның тең құқықты екендігін жеткізгісі келеді. Ал біздің қазақ әдебиетіндегі бұл бағыттың алар орнында өзіндік өзгеше мазмұн бар. Кейіпкерлердің ішкі әлемі, адам мен тылсым арасындағы байланыс, дәстүр мен жаңашылдық дейтін дүниелерге назар аударуымыз керек. Соңғы жылдары әдебиетте ой еркіндігімен, талғам биіктігімен танылып үлгерген бір топ жас буын өкілдері бар. Орта буын өкілдерінен шыққан Асқар Алтай, Жүсіпбек Қорғасбек, Талаптан Ахметжан, Нұрғали Ораз, Жаңабек Шағатай, Роза Мұқанова т.б. сынды суреткерлердің тәуелсіздік жылдары жазған әңгімелері мен повестері нарықтық тарихымызға да, қоғам өміріне де ықпалы болғандықтан, бүгінгі қазақ прозасының мағыналы мазмұнына айналды.

Әр жазушының өзіндік ерекшелігі, әдебиеттегі орны бар. Қазақ әдебиетінің тарихында еліміздің тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңі өзіндік даму бағытымен, көркемдік ізденістерімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік әкелген өзгерістерді, рухани әлеміміздегі желісі үзілмеген тарихи сабақтастықты, азат сана тудырған айшықты оралымдарды осы кезеңдегі ақындар шығармашылығынан айқын аңғарамыз. Тың тыныс, соны серпінді байқаймыз. Әрине, ұзақ жылдарға созылған азаттық таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестердің һәм олар туындатқан тарихи оқиғалардың төл поэзиямызға тигізген әсері ерекше екендігі сөзсіз. Үсынылып отырған зерттеу еңбекте тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының даму үрдістері, қазіргі поэзияның көркемдік тұтастығы мен бейнелеу құралдары, түрлік-пішіндік, идеялық-мазмұндық ізденістері жан-жақты талдау нысанына айналған. Постмодерндік бағытты ұстана отырып, постмодернистік сананың жетегінде жүрген елдердің көпшілігінде ұлттық дүние, моральдық ерекшеліктер мен ұят мәселесі екінші орынға ауысқан. Сол үшін де олардың кеңістік төңірегіндегі еркіндігі тым күрделі мәселелерді қамтиды. Батыс жазушыларының бұл бағытта ой өрбіте алуы қалыпты құбылыс. Себебі, олар әлдеқашан демократиялық қоғам құру үшін қан төгіп, күресіп, алты-жеті ғасыр бойы саналарын құлдықтан босатты. Сөйтті де, еркіндіктің қоғамдық көрінісі демократияға қол жеткізді. Осыған орай біртіндеп санада ірі-ірі жарылыстар жасалды. Ал біздің қоғам, соның ішінде Қазақстан тоталитарлық қоғамнан күні кеше ғана босап, бірден демократияға өтті. Ал сана әлі де сол коммунистік идеология сипатынан арыла алмай жүр. Сол үшін де постмодерндік бағытты толық қамтитын шығарма әлі де жоқ. Сонымен қатар әр ұлтқа сай таным мен түйсік деңгейі де біздің елдің менталитетімен ерекшеленеді. Шындығында қазақ әдебиетіне бұл бағыттың берері бар ма?

Постмодернизмнің әдебиетпен бірге қатарласа отырып үндесу мәдениеті жанрлық дүниелердің бірқалыпты болуына әкеліп, ұлттық-генетикалық және «кірме» жанрлардың типологиялық біртектілігін анықтайды. Өзімізге бұрыннан белгілі балладалар, поэмалар, толғаулар, сонеттер, эллегиялар, одалар сияқты жанрлармен қатар, бұдан сирегірек кездесетін жанрлар мен жанр түрлері (сонымен қатар, эпитафия, мадригал, эпиграмма, идиллия, дифрамб, рондо, секстина, сега, рубаят, хокку, спич, памфлет, гимн, реквием, күнделік, дәптер және т.б.) сияқты жанрлардың тілдік көркемдіктерінің өзгеріске ұшырау барысы оның пішіндік қалпын да түрлендіруге саяды.

Қазіргі қазақ прозасында саралау ол өз бейнелілігінің түп-тамырына барып қана қоймай, кері байланыста болуы мүмкін екенін мойындауға мүмкіндік береді: көркем түсініктер мен ұғымдар жаңаша бояулармен жаңғыртылып, кең көлемді метафоралар мен көріктеуіш құралдар қалыптастырып, қазір прозаның бейнелік қорын ғана емес, оның әлеуетті жанрлық – стильдік арсеналын да кеңейте отырып, образдылықтың бастапқы архетиптері өзектеліне түседі. [5, 1991]

Қазіргі қазақ прозасы өкілдерінің бір бағыт ұстанып, бір мектепке бірікпеуінің тарихи астарлы себептері де бар. XX ғасырдың соңы – қандай да бір қоғамдық құрылымдар жойылып, ортақ идеалдардан бас тарту заманы болды. Бірнеше адамның бір идеяны ұстануы сирек кездесетін құбылысқа айналды. Әр жазушы аласапыран дүниеден шындықты өзі ғана іздейді, әрі соны жалғыз ақиқат деп дәлелдеуге тырысады. Жазушылардың әрқайсысы өз субъективті пікірін ұстанады, өз дүниетанымын өзгелерге тануға ұмтылады. Бүгінде әлемдік сананың өзгеруі жаңа дүниетанымға негіз болды, жаңа кейіпкер типін жасауға, сол кейіпкер бойына өз субъективті қабылдаулары мен түсініктерін дарытуға әкеп соқты. Сонымен қатар бұл дәуірдің кезеңінде қазақ әдебиетіне еркіндіктен гөрі ұлттық идеяларды қамту негізге алынды. Осы тұрғыдан алғанда модернистік шығармалар кеңінен орын алды. Өзіндік моральдың шеңберінен шыға қоймады. Оқырман талғамы бірқалыпты үрдіспен шектелді. Автор жақсы дегенді жақсы, жаман дегенді жаман деп қабылдау керек деген түсінік қалыптасты. Бүгінгі әдебиеттің сарыны мүлдем басқаша. Оқырман автор ойымен келіспесе де, қабылдамаса да өз еркі. Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде постмодернистік сарын үлгісі басқа арналармен бірлескен. Постмодернизм көріністері қазақ әдебиетінде қалай көрініс табады?

Эксперимент: Н. Қожабекова қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкерлер туралы төмендегідей пікірде. Ең басты қатынас – өз-өзімен ішкі "менімен" қатынасы. Мұндай көріністе тән сипаттар постмодернизмге берген анықтамаға сүйенсек, М.Мағауиннің, Ә.Нұрпейісов, Т.Әбдіков, А.Алтай, Р. Мұқанова, Д. Амантай шығармаларынан байқалады. Осы орайда көрсетілген жазушыларымыздың шығармаларына әдебиеттің нормасына сай зерттеу жүргізер болсақ, әр деталь мен штрихты оңай аңғара аламыз. Ендеше, мақаламыздың алғашқы талдау шығармасы ретінде әдебиетте қалыптасқан өзіндік стилі қалыптасқан, сөздік қоры бай жазушы Айгүл Кемелбаевадан бастайық.

«Постмодернистік ойын» элементтерін шебер меңгерген қаламгер бірінші жақтық баяндау әдісін ұсынғанымен, оны сан алуан аралық мәтін арқылы (интертекст), сарқылмайтын реминенсценция мысалдарымен байытып, көркейте түседі. Осы бағыттағы өзге шығармалармен салыстырғанда «Мұнара» шығармасында іс – әрекет иелер тіптен аз. Шығарманың бас кейіпкері – Айжан есімді Москвадағы әдебиет институтында оқитын студенттің бес жылғы уақыт көлемі соңғы мерзімдерге арнайы тоқталу түрінде суреттеледі. Еске алу, шегініс жасау амалдары бар. Бір романда екі шығарманың көрінгеніне қарап, жазушы әлем әдебиеті үлгілерінде кездесетін, бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде де бой көрсетіп жүрген «интертекстуалдық» яғни әңгіме ішіндегі әңгіме, роман ішіндегі роман сияқты әдіс-тәсілді қолданғандығын байқаймыз.

Айгүл Кемелбаева өз шығармасына адам тағдырын арқау ете отырып, сол адамның ішкі-сыртқы танымын мінсіз көрсете алған. Оны оқырманға дәл жеткізу үшін шығарма кейіпкерлерін әр түрлі қоғамдық, әлеуметтік жағдайлармен беттестіріп қояды. Сонымен қатар шығарма желісіндегі өзге де кейіпкерлерді танымы бөлек адамдармен қарым-қатынасқа түсіреді, оны өмір тартысының әр кезеңінде жекелей формада суреттейді. Соған сай, «Мұнара» романында да Айжанның мінез көрінісі сан қырынан ашылады. Романның қысқаша мазмұнына тоқтала кетсек, ол былайша өріледі. Мәскеудің әдебиет институтында оқитын Айжан есімді қыздың оқу бітірер шағы елдегі Кеңес үкіметінің ыдырау уақытына түспа-түс келеді. Ресей мен Қазақстан арасында пошта байланысы тоқтап қалып, ата-анасынан келген ақша мен тамақты ала алмай, алып шаһарда аш құрсақ, көк тиынсыз қалған студент қыздың қиын күндерінен сыр шертеді. Автор романның бірінші бөлімінде санаулы кейіпкерлер арқылы адам өмірінің қиын кезеңін, психологиялық жан күйзелісін айқын көрсете алған. Бас кейіпкер Айжанның қатты аштықтан қамыққаны соншалық өзі оқыған шығармаларынан Гамсунның «Аштық» романын, Гогольдің «Өлі жандар» романындағы Чичиковтың дастархан үстіндегі сәтін көз алдына елестетіп: «...Соңғы күндері астан өзге ештеңе ойлауға қабілетім жоқ болып кетті, дұрыстап құнарлы ас жемей, еттен қағылған соң, аш қарын ештеңе мұқтаж емес...» дейді.

Осы қиындықтың кесірінен жұмыс іздеуге кірісіп, құрбысы Лиляның көмегімен бала күтушілікке орналасады. Бала күтушілігімен қоса, сол үйдің құдды бір күңі секілді барлық үй шаруасына жауапты болады. Рухани жағынан ештеңе бермейтін, байлаулы ит тәрізді күй кештіретін іш пыстырарлық тірліктер Айжанның төзімін тығырыққа тірейді. Кейде ойланып,

«Демек, бұл фәниде неге болса да шыдап, көніп бағудың арты жаман болмайды, алдамшы дүниеде не көрсең де Құдайдың басқа салғанына көнуден артығы жоқ болар. Өйткені кішірейтетін де бір Өзі, зорайтатын да бір Өзі» дегенінен Аллаға сенімін ешқашан жоғалтпағанын, мұсылмандық құндылықтарды да дәріптей отырып, ертеңгі күнге зор сеніммен қарайтынын байқауға болады.

Романның екінші бөлімі бірінші бөлімді одан әрі өрбітпейді. Қайтадан жаңа құрылыммен екінші әңгіме басталады. «Соңғы жолбарыс» аталатын шығарманың өн бойы аты айтып түрғандай жолбарыстың қасиетімен суреттеліп, оқырманға өзге ой салу арқылы өрбиді. «Соңғы жолбарыста» қарт аңшы Тарбақ арқылы Арқадағы аң-құстардың тыныс-тіршілігінен толықтай хабардар етеді. Бастысы Жолбарыстың мінез-құлқын, сыртқы бейнесін жан-жақты ашып, туған жерін адамнан да қатты сүйетінін, оған ерекше қамқор болып иелік еткен махаббатына оқырманды қайран қалдырады. Жазушы романын сәтті шыққан нағыз реалистік шығарма деп бағалауға болады. Өзі куә болған нақтылы құбылыстармен, сонымен қоса бір кейіпкер тағдырын суреттей отырып, бірнеше адамның басындағы әртүрлі әлеуметтік жағдайларға назар аударту тырысқан. Яғни, жеке мінездеуден типтік мінездеу тудырады. [6, 2009]

А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы – қазіргі қазақ романының үлкен жетістігі. Әдебиетші ғалымдар бүгінгі қазақ прозасында мәдениетті кейіпкер образының, яғни жаңа заманға сай, жаңа қазақ адамының қалыптасып келе жатқанын алға тартуда. «Мұнара» романындағы Айжан да мәдениетті кейіпкер, жаңа әлемнің адамы. Әр жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеген адам оның өмір шындығын көркем жинақтау, яки әдеби бейнелерді типтендіру әрекеті, көбінесе әр типке прототип табудан басталғандығынан шебер жазатындығына куә болады. Прототип шығарманы шынайы суреттеп, көркем бейнені нанымды етудің, шындықты шынайылаудың құралы секілді. Жазушы кейіпкер психологиясының, оның жасаған іс-әрекетінің әр-алуан бұралаң иірімдерін ғана емес, көркем бейнені жасауға керек материалдың өзін сұрыптап пайдаланады. Жазушы, әдебиет зерттеушісі Түрсын Жұртбай: «Әр жазушының жазушылық тағдыры, жазушылық психологиясы, жеке өмірі болады. Үшеуі бір-бірімен қашанда тығыз байланыста.

«Мұнара» романы Айгүлдің жан-дүниесінің ашылуы деп қабылдаймын. Өзінің тағдырын көркемдікке айналдырып, өз-өзінің ақылының түбіне жетеді. «Мұнара» натурализм мен сентиментализмнің арасында, өткен дәуірді бүгінгі дәуірмен қатар ала отырып баяндайтын көркем шығарма. Кішкентай трагедия болғанмен де, түсініп оқыған адамға астарында үлкен трагедия бар. Адамның жалғыздығы, әйел адамның жан күйзелісі, өзегінің үзілгендігі жатыр» дейді. Жалпы романның әдебиеттің басқа жанрларынан айырмасы, мұнда бір дәуірді, кезеңді өз заманындағы идеясы кең көрсететін кесек әрекет алынады. Автордың бұл шығармасында постмодернистік сипаттардың ерекшелігі басым. Мәскеуде үй күтуші болған автор Айжан есімді қыздың нарраторлық шеберлігі бірінші бөлімде жай ғана хабарлы сөйлемдермен жүзеге асады. Ішкі монолог пен ішкі түйсіктің қарым-қатынас негізімен әңгіме өрбиді. Ал екінші бөлімі алдыңғы бөлімнің мазмұндық ерекшелігіне қарамай-ақ бірден сонау мифологиялық жолбарыс бейнесінің ару санасындағы қадір-қасиетінің сипатталуымен ерекшеленіп кетеді. Екі бөлім іштей байланыс құра алғанымен, сырттай екі әлемді қатар, бір уақыттың еншісінде баяндайды. Бірақ кеңістік екі түрлі. Айгүл шығармаларындағы ерекшелік те осы. Ол адам санасының ең түңғиығына бойлай отырып, ішкі жан-дүниенің үйлесіміне баса назар аударады. Әдебиеттегі уақыт пен кеңістік қамтыла отырып, постмодерндік бағыттың терең үшқындары орын алады. Айгүлдің бұл шығармасына көптеген пікірлер айтылып, авторды модернистік және постмодернистік дүниелерді толық меңгерген авторлар қатарына жатқызды. Десе де оның бұл шығармасын модернистік бағытқа жатқызатындар да аз емес. [9, 2003]

Философ П. Гречко : «Модернистер дөрекі, алабажақ, түрақсыз, шындықты ар жағынан жоғары шындық, жоғары өмір, сабақтас әлем, іргелі тұтастық, өзгеше ой, тың ауқымды идея іздестірді. Өмір олар үшін көріксіз де, тазалық пен әсемдік өнерде ғана сақталмақ» дей келіп, модернизм мен постмодернизмнің айырмашылығын былайша көрсетеді: « Постмодернизм мұндай кемшіліктерден ада, олар, біріншіден, осы сәттегі тысқары нәрсеге назар аударады» деген екен. Қазақ ғалымы Б. Майтанов: « Модернизм көз алдында түрған шындықты місе тұтпаса, үлкен –кіші деп бөлмейді, кез-келген зат, құбылысты дүние санауға бейім. Ол техногенді, постиндустриалды қоғам негізінде бей-берекет тіршіліктен безер болудың орнына бәріне көнген, бекінген, қасіретін ішіне түйген қалыпта, ешнәрсеге қатты алаңсыз, жүйкесін сауытпен қоршап күн кешуді жөн санайды. Тығырықтан шығар жол іздеудің қажеті жоқ. Егер адамзат өркениеттің жар қабағында түрса, оған амал іздеу мүмкін емес. Әркім өзінде бар әлем, үлесіне тиген тағдыр мен сағат, сәттің түтқынына сол күйіне жасымай, зар төкпей тыныстауы қажет» деді. Шындығында Айгүлдің «Мұнара» шығармасы бірінші жақтан баяндала отырып, ондаған кейіпкердің шындық әлемін түрлі тәсілдер арқылы ашып көрсетеді.

Басы мен аяғы бар бүтін шығарма болғанымен, бейтарап автор, бейтарап оқырман, интертекстуалдылық сынды дүнилер орын алады. Айгүл Кемелбаеваға дейін де «Киллер сауысқан»,

«Атаукере», «Кербұғы», «Сайтанкөпір» шығармаларында мұндай көріністер аңғарылып отырды. Бірақ ұлттық дүниеде аталмыш шығармалардағы бейнелер дәстүрлі форманы сақтай алған. Сол үшін де біз оларды таза классикалық шығармалардың қатарына жатқызамыз. Ал Айгүл шығармасындағы жолбарыс бейнесі – атадан балаға деген сенімнің негізіндегі қиялдан туған күрделі бейне екені айқын. Автор осы бір кішігірім эпизодтың өзінде түс көру, елес қуу, эпитафия құбылыстарын ұтымды пайдаланған. Біздің түгел кездеспегенімен, кей шығармалардың өн бойынан көрініс тауып жатады дейтініміз де осының дәлелі. Сол бір соңғы жолбарыс арқылы туған жерге деген студент қыздың сезімін үштастырып әкеліп, оқырманға ұтымды сюжет, талғамды шығарма ұсынады. А. Кемелбаеваның «Мұнара» романын Б. Майтанов « Автор және мәтін – кентавр» деп аталатын бірнеше жазушылардың прозалары қарастырылған мақаласында: «Постмодернистік ойын» элементтерін әдемі меңгерген қаламгер...» деп бағаланған. Басқа да көптеген жазушылардың оң пікіріне іліккен, «Мұнара» романы талай зерттеулердің нысанасы бола беретіні хақ. [9, 2003, 149]

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңестік кезеңдегі қоғамдық шектеуден, социалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі абдырап қалғаны рас. Қоғамда «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, батыл ізденістерге барғанын зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Үшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда , шығармашылық толғанысы ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының болсын шығармашылық обьектілері көбейді. Бүгінгі проза терең ойлануды қажет ететін материалдардан тұрады, бұл материалдардың біразы қым- қуыт байланысып жатыр. У.Бенжаминнің пікірінше: «Проза жеке адамның тыныс-тіршілігі». «Проза ауызша әңгіме айтуға ұқсамайды. Ол кітапты қажет етеді. Проза жалғыздықтан жабырқаған адамның туындысы. Өз мәселелерін аршып айтудан қалған, онысын түсіндіріп те бере алмайтын, басқалардың ақылына құштар емес, басқаларға ақыл айтқысы келмейтін. Жан дүниесін толқын атып, кемерін керіп тұрған, сондай көңіл – күйге бой ұра беретін күй. Проза дегенің жан иесінің терең толғануға құштарлығы».

Образ тереңнен ойлау кез келген оқырманға яки кез келген жазушыға беріле бермейтін қасиет. Сонау тәуелсіздік алған жылдардың басында жапон жазушы Кэнзабуро Оэ Нобель сыйлығын иемденді. Ал сол жеңімпаз болған шығарма желісі – адамзаттың бүгінгі қасіретінің қатерлі көрінісі ақиқат пен аңыз астарластыра, асқақ құдіретпен сомдалған әлем келбетін жасағаны үшін берілді. Осы жерді әлем келбеті деген не? деген сұрақ туады. Шындығында ұлттық деңгейде жазылған шығарма сол ұлттың оқырман шеңберінде ғана қалып қояды. Ал ортақ мәселе ұлт, нәсіл, дін дегенді бөліп қарамай, түгел қауымдық ерекшелікке сай, адами құбылыстарға бағыттала отырып жазылса жер шарындағы біршама оқырманға жететіні де белгілі. Әлемдік деңгейдегі постмодернистік шығармалардың үздігі болып танылатын «Замандастар ойыны» шығармасында көне аңыз бен бүгінгі қоғамның шынайы бет-бейнесі бір байланыста, бір уақыт пен бір кеңістікте ғана суреттеледі. Оқырман оны оңай қабылдағанымен, роман соңында кімді жақтарын білмей дел-сал болады. Кейіпкер Күйретуші ойы ішкі сезіммен үндессе, халық билігінен де алыстай алмайды.

Шығарма бинарлық оппозиция тудыруымен қатар, бедел дағдарысына әкеліп соқтырады. Осы секілді ерекшеліктерді саралай келе, оқырман ретінде постмодерндік сарынның басты көріністерінің бірі – аңыз бен ақиқатты, жалған мен шынды, болмыс пен қасиетті сабақтастыра отырып, тың идея танытуы дер едім. Алайда аталған дүниелерді өз шығармаларында сабақтастырудан түркі әдебиетінде, өзіміздің қазақ әдебиетінде Әбіш Кекілбаев пен Шыңғыс Айтматовты атап өтпесек болмайды. Олар да өткір, әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, ол жерде баяндалған дүниелер арқылы өз елінен, өз қоғамынан арнайы кейіпкер тауып отырды. Жалпы алғанда, қазақ әдебиетінде постмодерді бағыттың сарынын түгел бір романға құйып қою еш мүмкін емес. Себебі, сана енді-енді әлемдік шеңберді қамти отыра, көп нәрсеге құлақ асуды үйреніп келе жатыр. Ал дәл осы жағдайда шағын ғана детальдар мен эпизодтар арқылы көз үйретіп, тақырыптық ерекшелікке бой үйретуі тиімді. Сол үшін де қазақ әдебиетіне бұл бағыттың немесе кей ғалымдар айтпақшы бұл ағымның керек екені рас. Осы постмодернистік бағытқа сай жазушыларымыз жеке-дара стиль қалыптастырып та үлгеруде. Нарраторлық шеберліктің де жан-жақты қырлары сараланууда. Автор мен оқырман арасында тұрақты қарым-қатынас орнап, талғам мен таным қалыптасты. Пастиш, ризома, субьект өлімі мен автор өлімі, ойын қағидасы мен

абстрактілі оқырма жүйесі бір ізге түсіп, жүйелене бастады. Ендігі бір – екі ғасырдан кейін адами сананың дамуы дәрежесінде фантазияға толы жаңа романдардың дүниеге келетіні заңдылық. Көне түркі дәуірінен беріге дейінгі уақытты қамтығанда жоғарыда көрсетілген терминдердің барлығы дерлік қазақтың фольклорынан бастап, бүгінгі әдебиетті қамти алады. Ежелгі салт-дәстүрдің негізінде де әрекеттердің көрінісі постмодернизмнің кей элементтерін айқындай алады. Ал сол ежелден көрініс тапқан кей терминдердің қазір жаңаша формада түрленуінің нәтижесінде әдебиетке жаңа есімдер, тың тақырыптар келді. Олар сол терминдерге сай түрлі тақырыпта ой қозғады. [10, 2009]

Нәтиже-талқы: Жоғарыда аталған шығармалардың басым көпшілігі бүгінгі әдебиеттің орта буын өкілдерінің шығармалары. Кейінгі толқыннан да Аягүл Мантай, Думан Рамазан, Сәуле Досжан, Арман Әлменбет, Лира Қоныс, Мадина Омарова сынды жас жазушылардың шығармалары бар. Бүгінгі қоғамның беткі көріністері мен заманның таза бейнесі соңғы шығармаларда тікелей ажыратылады. Әдебиеттің даму үдерісінде тың терминдер қазақ тіліне аударылып, шығармаларда көрініс ала бастады. Постмодернизм төңірегіндегі қолданыс табатын терминдердің бірқатарын жоғарыда атап өттік. Оларды қазақ әдебиетіндегі қолданыс ерекшеліктеріне сай талдай алуымыз қажет.

Қорытынды: Постмодернизмді бетке алған бір топ қазақ жазушысының пайда болуы, атап айтқанда Д.Амантай, Ә.Қодар (ақын), Р. Мұқанова, Ықсан және басқалары. Қазақ әдебиетінде мифологиялық желінің дамуы мифологиялық реализмнің қалыптасуын білдірді. «Сана ағымы», «жаттану», «көп дауыстылық», тәмсілдеу, символизм, үқсастық секілді баяндаудың модернистік формаларының қабылдануы үрдістің 20 ғасырдың соңында да әдебиетте жалғасқандығын көрсетеді. [10, 2009] Ал қазіргі 21 ғасырда әдебиет ағымы тым күрделі. Әдебиет тек прозамен шектелмейтіні белгілі. Әдебиетте поэзия, драматургиялардың алар орны бар екенін ескерер болсақ, постмодернизм әр салада жекеше көрініс табатынын да назарға алу керек. Бүгінгі жазушыларымыздың жазу шеберлігіндегі ойлау деңгейі мен ойды жеткізу шеберлігі бүгінгі күннің экосоциологиялық мәселелерді түрлі эмоциямен бейнелі, ал жалпы идеялық бірлікті астыртын түрде салыстырған идеологеманы құрайды.

Қорыта айтқанда, постмодернистік бағыт постиндустриалды қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Біздің қоғам әлі күнге дейін ұлттық болмыс пен ұлттық дүниелерден алшақтамауымыз керек деген пікірді ұстанады. Десе де әдебиеттің осыдан екі ғасыр бұрын қозғаған мәселелерін қазақ әдебиеті де өз деңгейіне сай саралай алуы қажет. Философиялық ойлардың жиынтығын әр оқырманның сана деңгейі мен сана ағымына сай бірлікке жіктей алуы шарт.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нагорная Н.А. Сновидения в постмодернисткой прозе. – Русская речь. 2003, № 3,14-16 с.
2. Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств – Харьков: Фолио, 2000, 256 с.
3. Гречко Л. К. Интеллектуальный импорт, или О периферийном постмодернизме // Общественные науки и современность. 2000, №. 2, С.166–179.
4. Ильин И. «Постмодернизм. Словарь терминов. – Москва: ИНИОН РАН – INTRADA/2001, 1-12 с.
5. Әбдіков Т. Таңдамалы: Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1991, 512 б.
6. Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009, 376 б.
7. Постмодернизм: Энциклопедия / Сост. А.А.Грицанов, М.А.Можайко. – Минск: Интерпрессервис; Книжный дом, 2001, 767 с.
8. Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. – М.: Интрада, 158 с.
9. Кемелбаева А. « Мұнара» – Алматы, 2003, 149 б.
10. Қасқабасов С. «Қазақ әдебиеті», №13, 10 сәуір, 2009 ж.

ӘОЖ 821.512.122(091)

Қалқабаева С.Ә.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Казақстан
salima25111961@gmail.com

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИКА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Түйін: *Бұл мақалада фольклорист-ғалым А.Ш. Пангереевтің фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеулері сөз етіледі. Әдебиет пен топонимиканың байланысын алғаш зерттеген ғалым деп тани келе, фольклорлық топонимиканың дербес жанр ретіндегі қалыптасу, даму ерекшеліктері мен оның жанрлық түрлері жайындағы зерттелуіне талдау жасалады.*

Түйін сөздер: *Топонимикалық фольклор, мифтік фольклор, гұрыптық фольклор, мифопоэтика, тарихи аңыз, топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются научно-исследовательские работы учёного-фольклориста А.Ш. Пангереева, посвященные на темы фольклора, мифологии, истории литературы и топономастики. Признавая учёного исследователем, который первый изучил связь литературы и топонимики, анализируются его исследования в формировании фольклорной как самостоятельный жанр, особенности его развития и жанровые виды.*

Ключевые слова: *Топонимический фольклор, мифический фольклор, ритуальный фольклор, мифопоэтика, историческая легенда, топонимическая легенда, топонимическая легенда, топонимическая история, топонимическая повесть, топонимический рассказ.*

Summary: *This article discusses the research work of folklorist scholar A. Sh. Pangereev, devoted to the themes of folklore, mythology, literary history and toponomastiks. Recognizing the scientist as a researcher, who first studied the relationship of literature and toponymy, his researches in the formation of folklore toponymy as an independent genre, especially its development and genre types are analyzed.*

Keywords: *Toponymic folklore, mythological folklore, ritual folklore, mythopoetics, historical legend, toponyms legend, toponymic legend, toponymic history, toponymic story, toponymic narrative.*

Адамзат өнері мен көркем ойлауының байырғы әдеби үлгілері болып табылатын фольклорлық туындылардың синкреттілігі мен көркемдік дәстүрдің негізі болуы ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттеушілер назарын аударып келе жатқаны аян. Бүгінгі таңда ғылымның көптеген салаларымен тығыз байланыстылығын айқындап, халықтың ілкі заманнан бергі дүниетанымы мен наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сақтап асыл дүниемізге айналған фольклордың алуан түрлі қырларын зерттеп құнды еңбектер жазған фольклорист-ғалымдарымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА академигі Пангереев Абат Шамұлы.

Фольклортанушы А.Ш. Пангереевтің ғылыми-зерттеулері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топономастика мәселелеріне арналады. «Үстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың марқасқа мамандарының кеңес беруімен іргелі зерттеулерді қолға алған А.Ш. Пангереев 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметовтың жетекшілік етуімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, ғылыми дәреже алды. Одан кейін де топонимиканың көркем әдебиеттегі қызметін зерттей келе, 2010 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» атты докторлық диссертация қорғады. Әдебиет пен топонимиканың байланыс-бірлігін деректі дәлелдермен ғылыми негізде тұжырымдап бергендігін ғалымның көптеген зерттеулерінен көре аламыз. Атап айтсақ, «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдары, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференция материалдарында, шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген көптеген ғылыми мақалалары да ғалымның тынымсыз ізденістерінің көрсеткіші. Жоғарыда аталған еңбектерінде, көрнекті әдебиетші-ғалым Құлбек Ергөбек айтқандай, «...табанды ғалым фольклор мен

топонимиканың аралығында, тарих пен топонимиканың тоғысында толайым жаңалықты ойлар толғап, гипотезелар айтумен келді. Қалай сүйсінбессің? Бұрын тіл ғылымында аз-аздап әңгіме арқауына айналған топонимиканы әдебиетке айналдырған, әдебиетте байырқаландырған Абат Пангереев жер-су атауларына байланысты ізденістерін протүріктік дүниетанымына дейін ойша сапар шегіп, ойын Орхон-Енисей тас жазуларындағы затты айғақтармен мықтап бекітеді. Тіпті «Орхон-Енисей руна жазулары» табиғатын алғаш ашып, оқыған Томсен, Малов ізімен жүріп те жер-су ұғымының ұлылығына ден қояды» [1, 12]. Әдебиет пен ономастика, фольклор мен топонимика саласында бірнеше маңызды еңбектердің жазылып, жариялануы ғалымның осы мәселеге аса ден қойып, нәтижелі еңбек еткенін аңғартады. Пангереев Абаттың бірнеше жылдар бойы Ақтөбе облысының ономастика комиссиясының мүшесі болып, қала, облыс аумағындағы елді мекен, көше атауларына ұлттық ұғымға сай атаулар беру ісіне де атсалысып, үлес қосуынан ел азаматы ретінде парызын сезіне білген тұлғалық болмысын танимыз.

А.Ш. Пангереев – ғылымға тың көзқарас, жаңаша ізденіспен келген ғалым. Ономастиканың бір саласы топонимика бұған дейін тіл білімі, география салаларының зерттеу объектісі ретінде ғана қарастырылып келсе, Абат Шамұлы топонимиканы алғаш рет әдебиет пен фольклор тұрғысынан қарастырады. Фольклор мен топонимиканың тығыз байланыстылығын, бір-бірін дамытып, толықтыратындығын айта келе, фольклорлық топонимиканы дербес жанр ретінде қабылдауға қажетті шарттардың бәрі бар екендігін айқындап береді. «Фольклор ұлттық тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшеліктерінен туындайтын құбылыс», – дейді автор «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегінде [2, 9].

А.Ш. Пангереевтің «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегі қазақ фольклористикасы мен топонимика ғылымына қосылған іргелі зерттеу. Фольклорға тән басты ерекшелік деп айтуға болатын жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтың танымы мен эстетикалық мұраты жайын зерттеуге арналған бұл еңбекте фольклордың топонимикамен байланысы, топонимдік фольклордың жанр ретінде қалыптасу, даму ерекшеліктері, жанрлық түрлері, олардың қоғамдық, ақпараттық, танымдық қызметтері, миф және басқа да ғылым салаларымен байланысы сияқты мәселелер жүйелі зерттеу обьектісіне айналған. Әдебиет пен фольклордағы жер-су атауларының баян етілуі халықтың байырғы тарихынан сыр тартып, танымы мен мекен еткен кеңістік аясын танытатын дерек көздері мен ақпараттық мәліметтер болып табылатындығын негізді тұжырымдармен дәлелдейді.

Қазақтың фольклорлық туындыларында жер-су атауларының мол кездесуі, олардың сюжет пен кейіпкерге қатысы, поэтикалық және танымдық сипатқа ие болуы сияқты факторлардың топонимдік фольклор жанрының туып қалыптасуына негіз болғандығын айта келе, ғалым топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы деп есептейді. Қазақ фольклорындағы топонимдік сюжеттердің атқаратын қызметтерінің маңыздылығына тоқтала келе, «фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға дәл баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді» [2, 9], – дейді. Сайып келгенде сюжеттер фольклор мен топонимиканы туыстастыратын негізгі мотив ретінде танылады. Топонимдік сюжеттерді мазмұнына, баяндау, ақпарат беру ерекшеліктеріне қарай топонимдік аңыз, топонимдік хикаят, топонимдік әпсана, топонимдік әңгіме деп бөлуді үйғарады. Топонимдік фольклор туындыларын жанрлық түрге осылайша классификациялай отырып, оның танымдық қызметін басты орынға шығарады.

Халықтық таным сипатында ауыздан-ауызға, үрпақтан-үрпаққа беріліп келген аңыз жанрының ішінде топонимдік аңыздың шоқтығы биік. Өйткені топонимдік әпсана, хикаят сюжеттерінің басым көпшілігі аңыздық сарындардан өрбіп, көркемдік сипаттауларға ие болып, басқа жанрлық формаға ауысады. Тарихи деп жүрген аңыздарда топонимдік мотивтердің кездесіп отыруының өзі жер-су атауының қойылуынан сыр шертетін аңыздарды елді мекендердің шежірелі тарихы деп қарауымызға негіз бола алады. Сол себепті фольклор туындыларында баян етілетін оқиғалардың тарихилық сипатын анықтауда топонимикаға жүгіну маңыздырақ. Мәселен, «Қарауылкелді», «Ақсақ Темір төбесі», «Ақсақ Темір орны», «Башмақ төбе» сияқты топонимдік атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, болған орны мен мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерін танып білуге, деректі етіп баяндауға септігін тигізеді. Зерттеу еңбектерінде осындай байламдар жасайтын фольклорист-ғалым Абат Шамұлының топонимдік әпсана жанрының ерекшеліктері жайлы талдауларынан дара ізденісін көреміз.

Әпсана ұғымына теориялық тұрғыдан жан-жақты түсініктеме бере келе, оны аңыздан айыруда уақыт пен кеңістік принципіне жүгіну керектігін, аңызда өткен оқиға баяндалса, әпсанада уақытқа шек қойылмайтындығын айтады. Әпсананы аңыз бен ертегі аралығындағы қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айналған түрі, бұның басты функциясы танымдық, мағлұматтық емес, болған немесе болды деген оқиғаны көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру деп айтқан белгілі фольклортанушы С.Қасқабасовтың пікірін тілге тиек етіп, өзінің де түжырымдарымен былайша толықтырады: «... егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса – әпсана болады» [2, 101]. Ал енді ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан топонимдік хикаяттың әпсанадан айырмасын – онда діни-кітаби сюжеттердің баяндалатындығы, астарында мифтік белгілердің болуы сияқты өзгешеліктерден байқалатындығымен түсіндіріледі. «Шайтанкөл», «Зәмзәм суының бұлағы», «Қазығұрт тауы» туралы хикаяттарда діни түсінік пен діни бейнелердің болуы осы жанр ерекшелігін түсіндіруге мысал бола алған.

Топонимдік фольклор жанрының типологиялық ерекшеліктерін жете білетін А.Ш. Пангереев жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, әпсана, хикаяттардың қатарына жаңа түр – топонимикалық әңгіме жанрын қосады. Сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін бұл туындыны топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарады. Топонимдік әңгімеде кеше, жақын арада ғана болған жағдай баяндалады. Әңгіменің бұл түріне шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленетін, өзіне дейінгі даяр модельдердің ізімен баяндалатын, халық ішінде кең тарап, ауызша айналымға түсіп кеткен фольклордың кенже түрі деген сипаттама беріледі. Алдыңғы түрлерге қарағанда өзіндік композициялық құрылымы бар топонимикалық әңгімеде экпозиция мен оқиға шешімінің орны маңызды. Экспозицияда әңгімеші алдымен оқиғаның қай жерде, қай мезгілде, кім туралы, кімнен естіді деген сияқты жайттардан хабардар етсе, оқиғаның шешілуі топонимнің шығу тарихын айқындаумен аяқталады. Тағы бір ерекшелік – оқиғаның дәл, анық баяндалып, кейіпкерлердің нақты бейнеленуі. Теориялық түйіндеріне дәлел ретінде «Қуандық бұлағы», «Байқоңыр», «Айша бұлағы», «Байбике» туралы топонимдік әңгімелер келтіріледі. Қазақ жерінің көптеген аймақтарында айтылатын мұндай әңгімелердің аңыз, хикаяттардан айырмасы ертеде емес, күні кеше болғандай әңгімелене беретіндігінде. Топонимикалық фольклор жанрларының жаңа түрі деп танылып отырған топонимикалық әңгімелер жайында айтылған ғалым мәліметтерін саралар болсақ, тарихилығы мен этникалық ерекшеліктердің басым болуымен қатар, оларға ауызша орындалуы, түсініктілігі, оқиғалылығы, тәрбиелік мәні, айтып отырған оқиғаның ойдан шығарылмағандығы, сөйлеу тілінің көркемдігі, топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі сияқты белгілер тән екен. Дара жанрлық түр деп тануға болар лық дәлелдерді келтіре отырып, топонимикалық әңгімені халықтың шығармашылық өнерінің дәстүрлі жалғасы ретінде қалыптасуына негіз бар екендігін айтады.

Пангереев Абат Шамұлының жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде ұлтық руханияттың негізі саналатын фольклорды этнография, этнология, ұлттық болмыс секілді салалармен байланыста қарастырады. Топонимикалық фольклорды ғылымның бірнеше жанрлық түрлерімен тығыз байланыстылығын тілге тиек ете келе, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін де аша түсуді мақсат етеді. Әріден тамыр алып тарамдалып жатқан топонимдік фольклордың мифофольклормен, ғұрыптық фольклормен байланысты тұстары мен ара-жігін аша түсетін жайттарға да түсініктеме беріледі. Топонимдік фольклордың негізгі жанры саналатын топонимикалық аңызға мынадай анықтама береді: «... топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [2, 87]. Ал мифтік сана мен мифопоэтиканың фольклорға сіңісуі нәтижесінде пайда болып дербес жанрлық түр ретінде қалыптасқан мифофольклорды «мифтік-сана мен ойлау жүйесінің, мифтік таным мен сенімнің фольклор нұсқаларында кездесіп, олардың астарында көркемделген форма мен мазмұнды пішінде көрініс табуы» [2,67] деп түсіндіреді. Мифтік фольклордың мифологиядан айырмашылығы көркемдік пішіннің тұрақтылығы мен ұлттық поэтиканың жоғарылығында екендігі айқындалады. Жалпы осы ерекшеліктермен қатар, негізінде наным, философия, дін жатқан мифтің әлі күнге дейін әдебиетімізде тарихи трансформаланған күйінде жалғасын тауып келе жатқанын қазіргі көркем шығармаларда көрініс алып жүрген мифопоэтикалық ағымдар үрдісінен де аңғарамыз. Жалпы миф қалай сақталады?

Бұл сұраққа автор ел арасындағы кейбір ғұрыптық, салттық, танымдық, діни қатпарлардың астарында сақталуы мүмкін деген болжамын айтады.

Абат Шамұлының зерттеулерінің бір бағыты топонимдік сюжеттердің эпикалық жанрлардағы қолданысына арналады. Жер-су атауларының эпикалық шығармалардағы атқаратын қызметіне уақыт пен кеңістік категориясы тұрғысынан қарастыруды жөн санайды. Өйткені фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі жанрлық түрлер арасындағы өзгерістерді айқындай түсіп, идеялық-мазмұндық жаңалықтар әкелетіні мәлім. «Эпостық жырларда кең қолданысқа түсетін топонимдік атаулар шығарма сюжетіне деректілік танытумен бірге кейіпкердің аймағының, туған жерінің келбетін қоса танытады. Сондықтан эпоста көрініс беретін мәселенің бірі – топонимдер арқылы танылатын туған жер идеясы» [2, 124], – деген ойларында жер-су атауын туған жер ұғымының заттанған бейнесі деп қабылдаушылық бар. Осылайша топонимді эпос табиғатының ішінен алып зерттеу арқылы жырдың генезисі мен типологиясының жаңа қырларын тани түсуге мүмкіндіктер ашады.

Ұлттық фольклорымыздың қойнауларында жатқан асыл арналар мен құнды деректерден сыр тартып, ұмыт болуға жақын қалған халқымыздың атамекен, жер-су атаулары туралы аңыз-әңгіме, әпсана-хикаяттарын жадымызда қайта жаңғыртып, ұлттық танымды кеңейте түсетін мұндай зерттеулер бүгінгі таңда аса қажет. Ата қоныс, мекен-жайдың тарихын баян ететін топонимикалық фольклордың мән-маңызы ешқашанда жоғалмақ емес. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аса маңызды бағдары – Ұлттық жаңғыру. Ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдірсе, халықтың тарихы мен тағлымы жатқан топонимикалық фольклорды замана сынынан сүрінбей өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық тауып келе жатқан рухани мұра деп танимыз. Жаңғыру осындай ұлттық-рухани тамырлардан нәр алып, оларды алдағы өркендеудің діңі ете отырып қадам басуға тиіс.

Мәдени-рухани құндылықтар санатына жататын қазақ фольклорының бір саласы болып табылатын қазақ топонимдік фольклорының қоғамдық, тарихилық, деректілік, ақпараттық, таным мен тағылымдық аспектілерін өзекті мәселе ретінде қарастырып, аса мәнді ғылыми негіздемелер мен жаңаша тұжырымдамалар жасаған фольклорист-ғалым Абат Шамұлы Пангереевтің ғылыми еңбектерін бүгінгі қоғам танымы мен руханият талабына сай ізденістер деп толық айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ш. Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019, 380 б.
2. Пангереев А. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері.–Алматы: Эверо, 2018, 216 б.

Қырғызбаева А.Д.
2 курс магистранты,
«6М021400 – Әдебиеттану»,
М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты
a.qirgizbaeva@gmail.com

Шегебаев А.М.
2 курс PhD докторанты,
«6D021400 – Әдебиеттану»,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
aibek.shegebaev@gmail.com

ҮМБЕТӘЛІ КӘРІБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Түйін. *Мақалада екі ғасыр тоғысында өмір сүрген Жамбылдың сүйікті шәкірттерінің бірі Үмбетәлі Кәрібаевтың ақындық шеберлігінің көркемдігі қарастырылады. Ақынның өлеңдері мен толғаулары көркемдік заңдылықтарға сәйкес зерттеліп, ұсынылып отыр.*

Кілт сөздер: *ақын, жыршы, фольклор, метафора, эпитет.*

Резюме. *В статье рассматривается поэтическое мастерство Умбетали Карибаева. Стихи поэта изучены и представлены в соответствии с художественными закономерностями.*

Ключевые слова: *поэт, жыршы, фольклор, метафора, эпитет.*

Summary. *The article deals with poetic skill, have Umbetali Karibayev. The poet's poems are studied and presented in accordance with the artistic laws.*

Key words: *poet, zhyrshy, folklore, metaphor, epithet.*

Халықтың асыл арманы мен биік мұратын бейнелер озық ой, сұңғыла сөз өлмейді. Асыл сөз азбайды, ескірмейді, не ықылым замандарды көктей өтіп, әрдайым келешек күндермен табысып отырады. Мұндай сипат қазақ ақын-жыраулары шығармашылығына да тән. Оларда да өз дәуірінің шежіресіндей, абзал ақылшымыздай, жан сарайымыздың айнасындай бағалы сөздер аз емес.

Қазақ халқы табиғатынан ақын, жыршы халық. Белгілі шығыстанушылар, білікті орыс ғалымдары мұны талай мойындап жазған. Есте жоқ ескі замандардан бергі ел тарихының көркем шежіресін үздіксіз жасаушылар – сөз зергерлері – ақындар, өлеңшілер, жырау, жыршылар.

Ұлы Абай айтқандай, «іші алтын, сырты күміс» жыр туралы Жамбыл, Нұрпейіс, Үмбетәлі, Иса тағы да басқа көптеген ақындар өздерінше жырлап келді. Жырдың қоғамдық ролі мен эстетикалық өресін олардың бәрі де жоғары бағалаған.

Ақын-жыршылардың әр кез шығарған өлеңдері, терме, толғау, дастандары күнделікті тұрмыстық тіршілік жағдайды дидактикалық, публицистік кейде лирикалық сарында бейнелейді. Өздері куәсі болған ел өміріндегі елеулі оқиғалар, жүректерін толқытып, көңілге қозғау салған құбылыстардың қай-қайсысына болмасын үн қатпай қалғандары кемде-кем. Бұл – олардың ақындық, азаматтық борыштарын терең сезінгендігінің куәсі. Жеке бастық сезім, толғаныс-тебіреністер жалпы халықтық, тіпті дүниежүзілік мәні, мағынасы бар кесек, ірі құбылыстарға жалғасып отырады.

Үлкен лирик ақынымыз, зерттеуші Ә.Тәжібаев жыршы мен тыңдаушының ішкі шығармашылық байланысы туралы толғамды түжырым жасайды. «Нағыз эпик жыраулардың дайын дастандарды айту мен бірге оған өз көңілінің шабытты күйін туралауы қызықты процесс. Мысалы, қырғыздың атақты манасшылары да қаумалаған қалың жұртқа жалт-жұлт қаранып алмай, олармен ішкі байланысын әбден түсініп болмай, жосылып кете бермейді. Манасшы тыңдаушылар еркін әбден билеп, өз жетегіне тартынбай еретін қып баураған соң ғана ұлы дастанның айдын жолына түседі. Оған дейін тыңдаушы болатын құлақтарды өзге көлденең дыбыстардан тазартып, тек өзіне қарататын әрекеттер жасайды. Содан соң басталады жойқын жорық» [1,290]. Бұл да жыр мен жыршылықтың күрделі өнер екендігін, эпикалық, фольклорлық дәстүрдің ерекшелігін тануға көмектесетін пікір деп білеміз.

Қайсыбір ақын болмасын өзінің ұстаздары, замандас ақын, жыраулары, ақындық, айтқыштық өнер жөнінде сөз қозғағанда, ағыла жөнелетін әдеті бар емес пе. Осы орайда Кенен Әзірбаевтың Үмбетәлі Кәрібаевтың ақындық шеберлігі туралы: «әнебір жылы қайтыс боларының алдында Үмбетәлі

келді. Төкпе жырдың қара жорғасы атанған жырау жүдеп қалған екен. Мен оны көңілдендірейін дедім де, домбырамен өзінің бір термесіне салып, төрден есікке дейін малдас құрып ырғала жылжып барып, отырған орныма қайтып келдім. Есіл ақын көзіне жас алды. Қайтсін, ақындық өнері, жас кезі есіне түскен ғой... Сол Үмбетәлі жырды осылай айтар еді» [2,13], – деп жазады өз естелігінде. Бұл пікірден, Үмбетәлі ақынның орақ тілді, арқалы ақын, өнер дегенде «ішкен асын» жерге қояр азамат екендігін аңғартады. Ұлттық тілдегі мақал-мәтелдерді, сөз тіркестерін жүйрік білген жыршының көптеген өлең жолдары бірте-бірте нақыл сөздерге айналып отыр:

Бағалы болсаң халыққа,
Басыңа талап, бақ қонар.

Ел болсаң, ем бол,
Ел сүйенер бел бол.

Тұрақсыз адам белгісі,
Құбылмалы қу болар.

Өнерлінің белгісі,
Отырған жері ду болар.

Жел сөзге біреу олақ, біреу ұста,
Үқсамас ажыратсаң алтын мысқа.

Жақсы жолдас сол болар,
Шашпай сырын жинаған.

Жаман жолдас сол болар,
Орынсыз жерде қинаған.

Тамаша жұлдыз жарығы,
Балқып нұрлы ай болмас.

Ақынның өлең-жырларында, айтыстары мен дастандарында «ойым – балық», «қырым – киік», «от – жалын», «Отан – қамал», «тілім серік», «ажал қиғақ – орақ», «тілің – шекер», «сөзің – бал», «талабым – тау», «өндірісің – көк теңіз», «ерін – қақпақ», «тілім – тиек» сияқты ассоциациялық тіркесімдер баршылық. «Көсемге» өлеңінде:

Етек – төсек, жең – жастық,

Талай мұзға түнедім – деген тіркестерде ақынның шебер екенін аңғартады. Бұлар шығарманың, өлең – жырлардың эмоционалдық – экспрессивтік мәнерлілігін, көркемдік әсерлілігін күшейтеді.

Сонымен қатар, Үмбетәлі халықтың ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын, тіпті, екінің бірінің аузында жүретін тұрақты бейнелі сөзтіркесінің «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «Көп асқан бір тоқсанға», «Жіңішке түйе жолы», «Тірі еткенді құр етпеспін», «Елу жылда ел жаңа», «Қабағынан қар жауып» тәрізді толып жатқан түрлерін қолданған. Ал бұлардың бәрінің де ақынның ойын білдіріп, мазмұнды тереңдетіп және ашық, айқын танытуға әсер етіп тұрғаны сөзсіз. Сонан соң бұлардың қысқа, аз сөз көп ойды білдіретін ұтымдылығы тағы ғажап.

Халықтық бейнелі сөздің ең бір өткірі, нысанаға дөп тиер пәрмендісі, ойды аз сөзбен терең жеткізудің бір жолы – мақал-мәтелдер болса, Кенен Әзірбаев бұларды да дәл осы мақсатта шебер пайдаланып отырған. Мысалы, ақын шығармашылығында «Ынтымақ – ырыс алды», «Ант ауса – ат жүгірмейд», «Ұрлықтың түбі қорлық», «Сын түзелмей, мін түзелмес», «Жалған сөз – жанға зауал» тәрізді мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Ақын бірде мақалды өзгертпей, халықтық нұсқасын сақтап пайдаланып отырса, бірде өлең өлшеміне, үйқас, ырғаққа бағындырып, инверсияға құрып, сөздердің орнын ауыстырып, шығарма мазмұнын әсерлі, ойын мәнерлі беру үшін, халықтық мақал-мәтелдерді өзгертіп, түрлентіп қолданған. Айталық халықтық нұсқадағы: «Ырыс алды – ынтымақ» деген мәтелді ақын бір жолға сыйғызып, «Ынтымақ – ырыс алды» деп алған. Сондай-ақ «Жалғыз шапқан ат жүйрік» деген белгілі мәтелді ««Ат жүйрік жалғыз шапқан» деп қоғамдық жаңа жағдайға, адамның жеке басының

қадір-қасиеті, адамдық парасат, ар-намысына байланыстырып, өзгертіп, инверсияға құрып қолданған. Бұл өлеңде халықтың бұрынғы, қазіргі, болашақтағы мәңгілік даму жолының кепілі адамгершілік-имандылық өлшемдері екендігі абыздық, азаматтық түйіндеулерімен жырланған:

Мысалы бұрынғыдан қалған мақал:
«Ат жүйрік жалғыз шапқан!» деген дейді.
Жәдігөй дүниенің ысытпасы,
Бекітіп қайыр жолын шегендейді...
Өмірден бір жақсылық күткендей боп,
Көңілім әлденеге елеңдейді.

Үмбетәлі халық шығармашылығын бұлай қолданылуын ақынның бір оқпен екі қоян алып отыр деп ұғынғанымыз жөн. Дәлел, біріншіден, Үмбетәлі халық мақалын өзгертіп қолданып, жаңа қоғамдағы жаңа жағдайға байланысты халықтық дәстүрді бүгінмен жалғастырып отырса, екіншіден, жаңашылдық жасағаны.

Үмбетәлі Кәрібаев шығармашылығында бейнелеу тәсілінің халықтық үлгісінен шешендік сөздердің нүсқасы да кездесіп отырады.

Ағайынның жаманы,
Алдыңа түсіп бас болмас,
Артыңа еріп дос болмас.
Ойлағаны қараңғы,
Кеуілің оған хош болмас.
Борышты тамақ ас болмас,
Болмас бала тырысқақ,
Болар бала жас болмас.
Балшық мың күн илесең,
Дүр бір жауһар тас болмас [3,48].

Мұндай дәстүр қазақ поэзиясында ертеден бар. Бұл да өмір сабағынан туған нақыл сөз. Ақын жақсылық пен жамандықтың , достық пен қастықтың, пайда мен зиянның , ақылды іс пен ақымақтықтың ара салмағын тіршілік сабақтарынан алады, оны жинақтай айта біледі.

Ақын шығармашылығында ең көп үшырасатын, ақынның әртүрлі жағдайда әр қилы қолданып көрген көркемдеу құралының бірі – бейнелеу сөз үлгілері. Мысалы, Үмбетәлі Кәрібаевтың «Жамбыл салтанатына», өлеңінде үстазына деген құрметі, шәкірттік ықыласты айту үшін бейнелі сөздің:

«Жамбылдың салтанатында»:
Дарынды Жамбыл сен едің,
Арындап аққан сел едің.
Айналаңда біз қайық,
Сен бір үлкен кеме едің, –

деген сөздер бейнелі теңеу үлгілерін қолданған. Бұлар жамаудай жабысып шығарма бойына жараспай түрған жоқ, қайта өлеңнің мазмұнымен қабысып, ақын ойын жеткізуге қызмет етіп түр.

Үмбетәлі Кәрібаев поэтикасы толық қалыптасып, өз стилін тапқанға дейін көркемдеу құралдарының өзінен бұрынғы халықтық үлгісін қолданған. Ақын мынау халықтық екен, фольклорлық екен деп таңдамай, талғамай қолдана салмаған, өз идеясын, ойын айқын, ашық жеткізу мақсатына бағындырып қолданған. Ал көркемдеу құралдарының халықтық үлгісі, бейнелі сөздің фольклорлық үлгісі, фольклорлық тәсіл Үмбетәлі ақында соншалық көп те емес. Мұның белгілі дәрежеде заңдылығы да бар секілді.

Үмбетәлі ақын табиғатында төкпе ақын, тасып төгілмесе, сөз таппай қысылғаны байқалмайды. Айтам дегенін жеткізіп, өткір, терең және түжырымды да шебер айта алған адам. Мысалы:

Тоқырама, тоқтама,
Қаншалық шама-шарқың бар [3,85].

Немесе:

Күлін көкке үшырдың,
Быт-шыт қылып денесін [3,69]

Немесе:

Төңкеріп, төгілтіп сөз, күй менен ән,
Түр елім бақыт құшып, шат боп шалқып [3,98], –

дейді. Осы жолдардағы сөздер біріншіден, Үмбетәлінің сөз қорының молдығын танытады. Өйткені мұнда мәндес сөздер басқаша айтқанда, синонимдер қолданылған.

Үмбетәлінің антоним сөздерді қолдануында өзіндік ерекше жайлары да бар. Мысалы, ақынның өлеңдерінде:

Достарың жүрсін сүйсініп,
Дұшпаның жүрсін қалтырап [3,85]

Немесе:

Білімсіз туған көп үлдан,
Білімді туғар бір артық [3,27]

Немесе:

Ақылды үзын, ашуды қысқа үста [3,45], –

деген ақынның өсиет, нақылға құралған өлеңдері антоним сөздерге құрылған. Мұнда антоним сөздер өлеңнің мазмұнының өзінде іштей образдық контраст жасап, рельстей жарысқан егіз, қарама-қарсылық жүйе ақын ойын, оның көңіл-күйінің бір толқынын өнер айнасына түсіріп, өмір шындығын өнер шындығына айналдырған.

Бұдан шығатын қорытынды синоним сөздер мен антоним сөздер, өнерде сөз ойнақылығын жасайтын оның бір ғана жылтырақ бояуы, жай бір деталь ғана емес, қолдана білсең, өнердің өзегі, тіпті өзегі емес, өзі екен. Ақынның шендестіре жырлаған «Алғаның жақсы жолықса» өлеңінде:

Алғаның жақсы жолықса
Қонақ қонса үйіңе,
Қоңыр қаздай байпаңдар.
Алғаның жаман жолықса,
Үйіңде мейман отырса,
Баласын ұрып қағытып,
Өз-өзінен сайтандар [3,36], –

деп ақын жақсы мен жаман бейнесін қарама-қарсы қою арқылы ұтымды антитеза жасаған.

Үмбетәлі Кәрібаев қазақ поэзиясында бар өлең түрлерін түгел игерген ақын. Ол халық поэзиясының жеті буынды жыр үлгісінен бастап, он бес – он алты буынды болып келетін көп буынды өлең түрлерін жазып, артына мол мұра қалдырған ақын. Ақынның қай өлеңін алып оқысақ та, өзіндік жеке сезімі мен тарихи шындық арасында үнемі біте қайнасып отыратын тамаша үндестік бар, сезімтал ақын күйіне де күрсіне де біледі. Ол ишарат сияқты аз сөзбен көп жайды аңғартады. Қай өлеңі де сазынан аумайтын домбырадай қашан қағып қалсаң да, жанға жайлы, жүрекке жылы тиеді де, шипа болардай әсем бір ағысымен ала жөнеледі. Ақынның көркемдік құралдарын пайдалануы да, тілдік қолданыстарды жаңалауы да, өлең құрылысына әкелген жаңалығы да өз алдына үлкен бір ақындық, әсемдік әлемін қалыптастырады.

Тарихты жасайтын – халық, оны ақындар жақсы білген. Сондықтан да олар халықты әр кез жоғары бағалаған. Халық үшін батырларды ертеден мадақтаған. Кенен ақын да осы дәстүрді өмірінің

соңғы жылдарына дейін сақтап келді. Жаңа құбылыстың жаңалығын ескі дәстүр үлгісінде жырлай бермей, жаңаша жырлау, дәстүрдің өзін жалғастырып, жаңартып отыру шарты бұл ақынның алдындағы творчестволық міндет деп санайды. Үмбетәлі ақынның «Ақыл салтанаты» деген өлеңінде:

Ленин бақ құлыпын ашқан кілтін,
Желді мініп, аспанның қуған бұлтын [3,71], – десе,

«Көктемде» деген өлеңінде:

Қылыш алған қыс кетіп,
Үскірік аяз, ақ қардан,
Әлсіреді күш кетіп
Жаһанның бәрін мәз етіп.
Арудай сұлу әлемге,
Бұралып көктем наз етіп [3,104] –

деп бейнелейді. Ақын жырларынан абстрактылы ойға нақтылы қимыл беріп, суретке айналған бейнелерді көру, сөз жоқ, ізденістің нәтижесі еді. Бұл тұстағы ақын жырларында дәстүрлі үлгілермен қатар осы алуандас ауыз түшытар сәтті, тапқыр жыр шумақтары мен жолдары аз кездеспейді.

«Даланың сайы, белі, тау-тасы, өзен көлі – қыр адамы кезінде бір көрініп қызықтайтын ғана көрініс емес, оның ғұмыр кешетін, малын бағып, орын теуіп отырған ортасы, мекен жайы. Сондықтан ол әр тасты, әр биікті, әр қырды, әр суды жақсы біледі, жазбай айырады. Айналасындағы табиғаттың әр сипат-белгісі оның ой-санасында ерекше орын алады» [4,31], – деген ғалым Зәки Ахметовтың пікіріне сүйенетін болсақ туған жер тақырыбы кез келген ақын затына жақын тақырып. Осы ретте Үмбетәлі ақын да өз туған жері туралы:

Құлпырсын жер,
Бөленсін ел,
Ну орманды,
Нұрлы қызыл гүлменен.
Менің тұңғыш,
Тұнық сулым,
Туған жерім Қарғалы [3,180], – деуі осының дәлелі.

Халық поэзиясының асылы мен шырайлысын Үмбетәлі Кәрібаев творчествосынан көптеп кездестіруге болады. Үмбетәлі Кәрібаев – ана тіліміздің өрісін кеңейткен, шекарасын жылжытқан, өрнегін байытқан сөз шебері.

Үшқан құс, жүгірген аң, шыбын-шіркей,
Жер анам еміп жатқан елім сауып.
Құрыш күш, алып дене бойды кернеп,
Күнде той, күнде думан, күнде сауық [3,152].

Қазақ шындығы мен ұғымына тонның ішкі бауындай етене жақын. Дала табиғатының сырларына үңілу, ерекшеліктерін аңдау, өзіне лайық белгілерін қырағы танып, ақындық ойға желі ету – эстетикалық құбылыс. Осы шумақтың соңғы екі жолына зер салайықшы. Жердің өзі бөбегіне бар асылын берген ана кеіпінде жырланып, «анасын емген бала» тәрізді етіп жер ана мен елдің яғни адамдардың арасын өте ұтымды көрсетеді..

Үмбетәлі жас кезінде өлеңді ауызша айтқаны белгілі. Кейіннен ақын бірте-бірте жазба әдебиеттің стиліне көше бастайды және бұл бетбұрыс табысты да болды. Сонымен қатар Үмбетәлі жазба әдебиетке ауыз әдебиетінің тамаша қасиетін де ала келді.

Айталық, сауыт, уәзір, қалқан, жабы, айтұяқ, қалқан, сауыт, қазанат, қоңы, ділдә, пұл, тамтық, шолғыншы, құйысқан, мүрит, өңге, т.б. архаикалық ескі сөздердің түйдегі ақын өлеңдерінде бар. Сонымен бірге, Үмбетәлі шығармаларында жергілікті елдің ауызекі сөйлеу мәнерінде кездесетін диалект сөздер де жоқ емес. Ақын шығармаларында кездесетін сөздің ендігі бір саласы неологизмдер (жаңа

сөздер). Қоғам құбылысының өзгерістеріне, ғылым, техника, өндіріс, ауыл шаруашылығы саласында қол жеткен жетістіктеріне байланысты: біргәдір, автобус, электр, фабрика, колхоз, совхоз, завод, машина, бұғалтыр, өндіріс, большевик, коммунист, радио, трактор, театр, комбайн, клуб, самолет, статья, т.б. жаңа сөздер түйдегі үшырасады. Мәселен «Киров» атты өлеңінде «Орындалмай қойсынба, ХТЗ-ы мен ЧТЗ-ы, Мінген соң түлпар құрышты», – десе, біре «Трактор ЧТЗ-дай терең түлпар» дейді «Жаңарды бүгін Жетісу» деген өлеңінде. ««Түлпар» – метафора. Ұлы Отан соғысы алдындағы бесжылдықтар түсында да, соғыс кезінде де Жамбыл бастаған ақындар трактордың, комбайнды , шөп машинасын жалпы «түлпарға» теңеді. Ал соғыстан кейінгі дәуірде «түлпар» ұғымын ақындарымыз трактор, комбайнның белгілі бір түрімен байланыстырып, соның төңірегінде ғана жалпыламай оның мағынасын кеңейтіп айтатын дәрежеге көтерілді» [5,76], – деп көрсетеді ғалым Т.Сыдықов. Ал Үмбетәлі ақынның «Киров» өлеңі соған дәлел.Ақындардың поезды, трактордың жорға атқа, түлпарға балауы әрі ескі, әрі жаңа. Ескі дейтініміз – жорға мен түлпар ежелгі ел әдебиетінде қалыптасқан көне обрздар. Жаңа дейтініміз – халық таланттары көне образдарды пайдалану арқылы социолистік қоғамның техника саласындағы табыстарын ұлттық ұрымға сай етіп берген. Соған орай, мұндағы дәстүрлі образдар жаңа тілдік, бейнелік сипаттарға ие болып тұр. Совет адамдарының қоғам өміріндегі, еңбектегі істерінен коммунизм нышандарын көріп, қызметшілердің жағымды да, жұғыды қасиетін жинақтап көрсете отырып, сөз кестелерін аянбай төгіп, оны еркін қолданып отырады. Мәселен комунистік қоғамға аяқ басқан кезде сәулетті келешекті, дәулетті болашақты өз қолдарымен құрушылардың белгілері тек жоғарыда келтірілгендей ұлттық тілдің құрамындағы «ер», «батыр» , «шолпан», «ұлы көш» , «түлпар» секілді теңеу сөздермен көрінбей, Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ поэзиясына еніп орын тепкен «герой», «геройша», «геройлар» және соңғы кезеңдерінде қолданысқа енген «спутник», «ракета», «космаос» деген сөздерменде мағынасы терең жымдасып, әбден кірігіп кеткен. Осы ретте Үмбетәлі ақынның «Ол ұшқан біздің космос ракетаны, Күнде ғашық болып тұр «дереу жет» деп», – деген жолдары дәлел.

Ақындар ана тіліміздің бай дәстүрін жалғастыра отырып, оның обрызды қырларын жетілдіріп, көркейтудің жолдарын бұған ұйытқы болатын осы сөздерден, бейнелерден бастайды. Ақынның қиял зердесі неғұрлым бай болса, соғұрлым ақындық тілдің бейнелеу, суреттеу құралдары көп болады. «Алтын» сөзі жиі қолданысқа ие екені бәрімізге мәлім. Мағынасы да әр түрлі болып келеді. Мысалыға, «алтын күз», «алтын шаш» тіркестеріндегі мағынасы сары түсті меңзейді. «Алтын» сөзі 1) түсті (алтын күз); 2) әдемілікті (алтын асықтай); 3) құтты мекенді (алтын бесік –туған жер); 4)сұлулықты (алтын айдар); 5) атақ-дәрежені (алтын жыға); 6) асыл-қымбатты, қазына байлықты (алтын сандық); 7) жаны таза, адамгершілігі мол кісіні (алтын қыз, алтын адам); 8) алғырлықты (саусағы алтын сұңқар) деген мағыналарда жұмсалады [6,92] деп қарастырады халық ақындар творчествасында. Осы ретте Үмбетәлі Кәрібаев «Не алтында» өлеңінде бәрін түшымды еділ көрсете білген:

Берекелі, бейілді,
Бетегелі белі алтын.
Иісі жұпар аңқыған,
Көкорай шалғын шөбі алтын.
Түбі терең, ең алыс,
Көз жетпейтін көп алтын.
Жүтса мейір қандырған,
Сылдырап аққан суы алтын.
Қарағай, қайың, тал, терек,
Тамылжыған нуы алтын.
Ақ мамықтай мақтасы,
Ақтарғаны ақ алтын.
Санағанмен сан жетпес,
Сай-саласы және алтын.
Қарсақпайдан шығып түр,
Сапасы ғажап сары алтын.
Тонналап поезд тиеген,
Қарағанды беріп түр,
Қақырғанда қара алтын.
Арпа, сұлы, тары мен,
Ақ бидайдың дәні алтын [3,163].

Үмбетәлі көзіне көрінген үсақ-түйектің бәрін жаза берген емес. Оның әрбір өлеңі өмірімен тығыз байланысты. Заманның өзгеруіне қарай туған оқиғаларға әрдайым үн қосып, оған өз көзқарасын, түсінігін білдіріп отырады. «Ақынға ақын болу үшін ең басты шарт – өзінен бұрын жасалған халық әдебиетін барынша жақсы білу» [7,147], – дейді ғалым С.Мұқанов. Осы пікірге сүйене отырып Үмбетәлінің толғау жырларына зейін қойсақ, ақын халық тілінің көркемдік құралдарымен қаруланғандығын бірден байқауға болады. Мысалы, ақынның «Жамбылға» атты толғауында:

Омыртқасы отаудай,
Түлпарға біткен түяғы.
Құлағы тік қамыстай,
Қаламның жонған қияғы.
Тақымыңда ойнайды,
Бұл жалғанның пырағы.
Тал бойында міні жоқ. [3,297.], –

деген жолдарында, немесе:

Танадай көзі жалтылдап,
Жібектей жалы жалпылдап.
Жебелей басып қарқындап,
Тебінгісі сартылдап.
Күмістей жүні жылтылдап,
Ойынды еті бұлтылдап.
Суға салған қайықтай, [3,297], –

деген жолдарында халық поэзиясының дәстүрлі үлгісіне жүгінеді.

Ақынның қиял қуатын, түйсік-зеректігін, салт-санасын, арманын, кәсібі мен халқының әдет-ғұрпын мәңгілік жандандырып тұратын құрал – тіл. Қоғамның қай салада болмасын тарихи оқиғалары мен жетістіктерін келешекке жеткізу де тіл арқылы жүзеге асады. Поэзияның көркемдік табиғатын шартты түрде жіктейтін болсақ төмендегідей болып шығады. Біріншіден, поэзия образдылық пен шындыққа негізделеді. Екіншіден, көркемдік безендірулер мағына мен мәнге үйлесім береді. Үшіншіден, өлең сөздері салмақты, ойлы, эстетикалық мәнге ие болуы керек. Осы аталған ерекшеліктердің барлығын бойына сіңіре білген Үмбетәлі Кәрібаевтың ақындық мұрасы өлеңдерге, толғаулар мен дастандарды қамтиды. Ақынның шығармашылығын зерттеу барысында өлең сөздерінің тереңдігі мен биіктігінің, сыры мен сипатының шегі жоқ екенін аңғардық. Бұны ғалым М.Жолдасбекотың: «Жамбыл жырларының ойнақы өткірлігі, айтқыштығы – Үмбетәліге дарыған» деген пікірінен анық аңғаруға болады. Әрине, жыр жампозы Жамбыл Жабаев «қаражорғам» деп талантын жоғары бағалаған ақын мұрасы тәуелсіз Қазақстан өз деңгейінде бағасын тапсы құба күп болар еді. Қорыта айтқанда, Үмбетәлінің ақындық өрімдерінен жаттандылық аңғарылмайды. Қандай тақырыптарда жырласа да қазақтың төл сөздерінің барлығы да жаңарған, жаңғырған мағыналы реңктермен түрлене құлпырады. Ақынның табиғат қоршаған тіршілік иелері туралы поэтикалық оралымдары мен бейнелілік өрнектері тыңдаушыларды рухани, эстетикалық таным тереңдіктеріне жетелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы; Бесінші том. –Алматы: Жазушы, 1981. –703 б.
2. Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар: Бірінші том. /Құраст. Төреқұлов Н, Әзірбаев Б. –Алматы: Жазушы, 1984. –360 б.
3. Кәрібаев Ү.Толық шығармалар жинағы. – Том 1. Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2014 ж.
4. Ахметов З. «Өлең сөздің теориясы. Алматы 1973-31бет
5. Сыдықов Т. Толғандырар тағдырлар. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 139 б.
6. Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты (Совет дәуірі). – Алматы: Ғылым, 1982. – 192 б.
7. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.

Лю Ц.
магистрант 1 курса филологического факультета
КазНУ имени аль-Фараби

Байелі Ә.Ж.
к.ф.н., и.о.доцента
кафедры Иностранной филологии и переводческого дела
КазНУ имени аль-Фараби

Сапарбаева Н.Б.
доктор Ph.D
кафедры Китаеведения
КазНУ имени аль-Фараби

Абаганова А.
доктор Ph.D
кафедры Ближнего Востока и Южной Азии
КазНУ имени аль-Фараби

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ И ПРИЁМЫ ПЕРЕВОДА КИТАЙСКИХ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

Аннотация. *Бұл мақалада қытай мақал-мәтелдерін орыс тіліне аударуда қолданылатын көркемдік образдар мен тәсілдер зерделенген.*

Түйін сөздер: *зоморфті түр, ақиқат, қытай фаунасы, мифологиялық кейіпкер, қытай менталитеті.*

Annotation. *This article explores artistic expressions and techniques used to translate Chinese proverbs and sayings into Russian.*

Keywords: *zoomorphic type, reality, chinese fauna, mythological creatures, chinese mentality.*

Аннотация. *В статье исследуются художественные выражения и приемы, используемые для перевода китайских пословиц и поговорок на русский язык.*

Ключевые слова: *зооморфный тип, реалии, китайская фауна, мифологические существа, китайский менталитет.*

Актуальность темы исследования: Тема данной работы актуальна потому, что с маштабным экономическим развитием Китая, число говорящих на китайском языке становится все больше и больше. Носителей китайского языка насчитывается больше миллиарда. Поэтому людей которым нужен перевод на китайский язык тоже немало. История китайского языка очень богата и насыщенна. Так как на протяжении многих веков китайский язык обогащался и не раз изменялся, впитывая в себя духовную и материальную культуру народов населяющих Китай. Выполняя перевод, с русского на китайский язык мы должны учесть многогранность языка. Лингвисты, переводчики, экономисты, банкиры стали интересоваться китайским языком. Ведь все страны хотят узнать и понять китайский народ и ход их мышления. Китайцы любят использовать в своих беседах пословицы и поговорки и не зная культуру китайского народа невозможно их понять, а тем более построить партнерские отношения.

В последнее время ученые хотят узнать душу народа, а душу народа можно узнать только через язык. Стал изучаться фольклор китайского народа, многие жанры фольклора, в том числе и афористические. Тем не менее многие аспекты китайского фольклора еще мало изучены, что обусловливает актуальность данной работы.

Научно-методологическая база исследования: при написании данной статьи нами были использованы теоретические методы исследования. Нами был проделан анализ и сопоставление источников. Также был использован историко-сравнительный метод современной фольклористики, что дает возможность проанализировать методы и приемы перевода китайских пословиц и поговорок.

Один из особенных элементов поэтики пословиц и поговорок – это образ. В нем можно увидеть единство формы и содержания художественного произведения. Под образностью и разнобразностью

пословиц и поговорок подразумевается их насыщенность тропами и поэтическими фигурами. Образы можно делить на 4 вида:

1. абстрактно-символические;
2. предметно-символические;
3. растительные;
4. зооморфные;

В данной статье особое внимание мы уделили зооморфным образам, так как в китайских пословицах и поговорках используются немало зооморфных образов [6, с. 25].

В китайских пословицах описывается жизнь и суждения народа, набранные жизненным опытом на протяжении многих веков. Изобилие китайской фауны повлияло на то, что в китайских пословицах и поговорках часто используются образы животных. Например образ дракона был придуман китайцами пять тысяч лет назад, китайцы верили что когда-нибудь они станут могущественными как дракон. И спустя тысячалетия так и получилось.

При написании данной статьи был проанализирован двухтомный «Сборник китайских народных речений, пословиц и поговорок» [1, с. 205] который является наиболее полным и объемным из изданных в Китае. Где было выявлено что в китайских пословицах и поговорках часто используются образы таких животных как: тигр, лошадь, петух, рыба, насекомое, дракон, змея, рак, лягушка, скорпион. Кроме этих животных в китайских пословицах и поговорках часто используются мифологические животные например дракон. В образе дракона используются части разных животных: рыбы, осла, коня и тд. И появляется образ непобедимого дракона. Также часто используются образы белого тигра и единорога. И эти образы наделяются основным характером и способностями которые присущи данным животным.

По космологической модели мира китайцы выделяют «пять священных существ цилинь, дракон, феникс, Белый тигр (Байху) и Божественная черепаха (Лингуй)» [4. С.383].

Корни этих образов лежат в древности. Первое упоминание о драконе мы видем в «Книге перемен» который относится к VIII-VII вв. до н.э. Упоменание дракона связано с небом и водной стихией. Дракон может летать в небе и плавать под водой он вездесущ. Дракон изображается со змеиными чертами, с пламенным ртом, с рыбьей чешуей, с когтями и рогами, который способен победить любого противника. Но в пословицах и поговорках не описывается облик животных. Дается лишь трактовка его образа и поведения.

Например, чтобы пояснить что затея очень опасна, иногда используются образы хищного тигра и дракона, который был похож на змею и был покрыт чешуей.

– 老虎口里夺脆骨, 蛟龙背上揭生鳞 [3, с. 611].

Из тигриной пасти вырвать хрящик, со спины водяного дракона сорвать чешую.

Это означает избежать опасность, не смотря на то что затея была опасной и невыполнимой. Идти на риск.

Далее можно рассмотреть

– 一锹挖不成井, 一笔画不成龙 [1, с. 877].

Одной лопатой не выкопать колодец, одной чертой не нарисовать дракона. В данной пословице говорится о том, как на самом деле трудно нарисовать дракона, так как его никто никогда не видел. И точно также очень трудно сделать то что невыполнимо. И то что в пословицах вместе с драконом используется колодец тоже не случайность, так как дракон издавна считался хранителем водоемов.

В китайских пословицах и поговорках также часто используются образы оленя, лошади, собаки, рыбы, осла и тд. Рассмотрим некоторые из них:

Называть оленя лошадью – 指鹿为马

В данной поговорке говорится о ситуации, когда кто-то умышленно искажает факты, пытаясь ложное выдать за истинное. Китайцы любят называть все своими именами, но чтобы не обидеть собеседника, они часто используют пословицы и поговорки чтобы кратко и двусмысленно выразить свою мысль.

Китайцы с древних времен почитали людей которые были выше умом, и знаниями. Конфуций говорил что «Один человек от другого может отличатся и быть выше только знаниями». То есть, человек ни чем другим не может быть выше от другого человека. Здесь не наблюдается материальный культ, который в наше время присущ многим народам. И для китайца весьма обидно, еси говорят что

он не понимает истины. Чтобы объяснить истину они обычно используют пословицы и поговорки а также изречения Конфуция. Китайцы уверены что лишь тот народ не сможет потерять свои корни, те которые не забывают свои истоки и историю. И конечно же мировоззрения предков лежат в основе китайских пословиц и поговорок. Итак давайте рассмотрим следующую пословицу

Залезать на дерево в поисках рыбы – 缘木求鱼

Данная пословица означает что невозможно добиться цели, если выбраны неправильные методы ее достижения. То есть сколько бы человек не бился, если поставлены не правильно задачи, то и цель не может быть достигнута. И это конечно же верно. Многие люди все время чего то желают, но не видя правильные пути достижения своей цели они лишь тратят свое время и силы. Что очень нецелесообразно по китайской философии.

Глаза рыбы выдавать за жемчуг – 鱼目混珠

Эта пословица используется когда человек пытается выдать ложь за правду. То есть китайцы тонко разграничивают ложь и правду. Если человек солгал, значит с ним не нужно иметь никаких дел. Так как для китайцев очень важна пунктуальность, честность и порядочность. Только с такими людьми они любят общаться.

Одной стрелой (убить) двух ястребов – 一箭双雕

Эту пословицу можно перевести как одной стрелой убить двух зайцев, то есть сделав одно дело иметь двойную выгоду.

Козёл в шкуре тигра – 羊质虎皮

Данная пословица означает что на вид человек может казаться грозным и сильным но на самом деле очень труслив. Это и есть сущность человека который на протяжении всей своей жизни притворяется и выдает себя за другого, кем он не является. Но когда приходит какая то проблема человек сразу же показывает свою суть.

Резать курицу на устрашение мартышкам – 杀鸡吓猴

Данная пословица показывает что порой люди наказывают кого – то лишь для устрашения других.

Чинить загон, (когда) овцы убежали – 亡羊补牢

Данная пословица означает, что человек не должен отчаиваться, если и случилось что-то плохое, то нужно из этого извлечь урок и предпринять все необходимые меры, для того чтобы избежать новых ошибок и потерь.

Богомол ловит цикаду – 螳螂捕蝉

螳螂捕蝉

táng láng bǔ chán

Эта пословица говорит о том, что человек видя быструю выгоду хочет ее заполучить и не видет того что он может потерять в будущем. Китайцы издревне считались очень дальновидными, ведь они любят наперед строить планы на будущее, и неустанно совершенствуются. То есть китайцы никогда не будут гнатся за призрачным явлением, поэтому что для них крайне важно то что они делают сейчас. Ведь то что они делают сейчас построет их будущее.

Богомол вздумал остановить телегу – 螳臂当车

Эта пословица говорит о человеке, который зная что не справится с этим делом, все равно за него берется. Хотя результат очевиден.

Собаки в Сычуани лают на солнце – 蜀犬吠日

Эта пословица говорит о том, что глупый человек удивляется малому, естественному. И это показывает кругозор человека. Издревне китайцы как уже говорилось выше ценили и уважали умных людей. Один человек от другого по изречениям Конфуция может отличаться лишь умом и знанием. Ни богатсво, ни что иное не может возвысить человека над другими. И если человек глупый, такого человека никто не уважал.

Мечом для забоя буйволов резать курицу? – 杀鸡焉用牛刀

Здесь говорится о человеке который тратит большое количество времени и сил для достижения маленьких целей. Так как эти цели считаются для этого человека очень важными. Наиболее близкий смысловой эквивалент в русском языке: «стрелять из пушки по воробьям».

Буйвол из царства Ву тяжело задышал при виде луны – 吴牛喘月

В этой пословице китайцы с иронией говорят о человеке который чрезмерно боязлив, и все время проявляет ее выдавая свою слабость. То есть как мы видем трусливость и слабость порицается во всех народах. Так и китайцы не любят выдавать свою слабость.

Тому, кто сидит верхом на тигре, трудно спуститься вниз – 骑虎难下

Означает что человеку начавшему большое дело и который находится в затруднительном положении, лучше всего закончить начатое дело.

Лучше быть разбитым нефритом, чем целой черепицей – 宁为玉碎，不为瓦全

В этой пословице говорится что для некоторых людей честь главнее всего и он лучше отдаст свою жизнь за правое дело, чем будет всю свою оставшуюся жизнь жить в унижении.

Птичка Цзинвэй засыпает море – 精卫填海

В этой пословице говорится о людях, которые для достижения своей цели, намерились не уступать ни перед чем и добиваться до конца своей цели. Таких людей в народе очень уважают и ценят ведь у таких людей наблюдается сильный характер. И они очень многого добиваются в своей жизни. Хотя иногда бывает что излишнее упорство в деле которое этого не стоит тоже отягащает жизнь человека. Данная пословица используется для поддержки другого человека.

Лягушка на дне колодца – 井底之蛙

В этой пословице говорится о людях с очень узким кругозором, которые в силу своих незнаний оценивают события только с одного ракурса, и не видят целостную картину.

Осушить пруд, чтобы взять рыбу – 竭泽而渔

Означает что иногда люди ради быстрой выгоды теряют долгосрочные планы. Бездумно делают ошибки. Не видя будущих горизонтов.

У хитрого зайца три норки – 狡兔三窟

Здесь говорится о том, что умный человек на случай опасности должен иметь несколько вариантов и мест чтобы найти убежище. Иначе когда настанут трудные времена человек может оказаться за бортом.

Лиса притворяется тигром – 狐假虎威

Эта пословица используется когда человек использует авторитет и силу другого человека чтобы добиться своих определенных благ и достичь своей цели.

В китайских пословицах и поговорках мы замечаем, часто используемые образы дракона и феникса. Одно из значений иероглифа «лун» – «знаменитый, великий, выдающийся» [1, с. 363]. Способности таких людей велики, что означает что у этого человека есть большие возможности и большое будущее. Поэтому образы дракона и феникса олицетворяют могущество и богатсво. Ведь к могуществу и богатству стремится каждый человек. Поэтому эти образы часто используются в китайских пословицах и поговорках.

– 老虎嘴里拔脱牙, 青龙头下拣明珠 [1, с. 611].

Из пасти тигра выдергивать зуб, с головы Зеленого дракона забирать жемчужину.

С головы Зеленого дракона забрать жемчужину считалось безрассудным действием, и оно считалось невозможным. Поэтому когда человек шел на такие действия люди использовали эту пословицу. Также образы дракона и феникса используются в китайском изобразительном искусстве, там дракон и феникс олицетворяют Ян и Ин а между ними находится яркая жемчужина, что означает встречу весны и лета. Данная композиция используется эмблемой в новогодних подарках.

В китайских пословицах значимыми частями тела дракона являются драконья голова и хвост. Так как их можно сравнить со змеиными.

Дракон вымышленное животное которое китайцы использовали для того чтобы дать людям надежду и веру в то что Китай в будущем станет могущественным как дракон. Поэтому в образе дракона сочетаются элементы разных животных.

Например в следующей пословице мы видем использование змеиных атрибутов:

– 龙头不要蛇尾 [1, с. 789].

Голове дракона не нужен хвост змеи. Что означает дракон очень умен и хитер и не нуждается в змеиных способностях, ведь он умнее змеи.

Вторым «священным животным» традиционной китайской культуры является феникс. Самым ранним упоминанием о фениксе мы встречаем на иньских гадательных надписях (ок. XVI в. до н.э.).

В китайских пословицах феникс изображается царем птиц. Благородный, прекрасный внешний облик олицетворяет благородного, достойного человека.

В результате исследования выявлено использование различных зооморфных фантастических животных. И лидер этих образов – дракон ставший символом могущественного Китая.

Использование мифологических образов подчеркивает особенность и красоту китайской культуры. А знание данных образов помогает понять суть мысли данных пословиц. Выявленные в китайских пословицах и поговорках мифологические образы определяют особенности использования эпитетов и сравнений. Внешне короткие пословицы и поговорки отражают внутренний мир китайского народа и окружающую их действительность.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Чен Юй. Сборник китайских народных речений пословиц и поговорок. – Пекин., 2001. – 3026 с.
2. Ошанина И.М. Большой китайско-русский словарь по русской графической системе в четырех томах. – М., 2001. – 584 с.
3. Ду Синь Тунг. Сборник китайских народных речений, пословиц и поговорок. -Пекин, 2001. – 3850 с.
4. Кравцова М.Е. Мировая художественная культура. История искусства Китая. – СПб., 2004.- 3026 с.
5. Позднеева Л.Д. Литература древнего Востока. – М., 2002.- 252 с.
6. Ли, Синьцзянь. Идиомы и пословицы.- Чжэнчжоу : Дасян чубаньшэ, 2007. – 185 с.

Мустафаева Ж.Д.
магистрант 2 курса,
специальности – переводческое дело,
КазНУ им. Аль-Фараби
эл.адрес – zhako-5@mail.ru

ВОСПРОИЗВЕДЕНИЕ ИДИОСТИЛЯ И АНАЛИЗ ПЕРЕДАЧИ СЛЕНГА В ПЕРЕВОДЕ РОМАНА КЕНА КИЗИ "НАД ГНЕЗДОМ КУКУШКИ" В. ГОЛЫШЕВЫМ

Аннотация: *В статье рассматривается понятие "авторский стиль", его соотношение с понятием "идиостиль", определяется специфика авторского стиля Кена Кизи, который своеобразен использованием манеры поколения битников и хиппи. Проводится анализ передачи сленга в переводе романа Кена Кизи "Над кукушкиным гнездом". В силу того что, перевод романа Кена Кизи "Над кукушкиным гнездом" В.Голышевым является современным относительно перевода В.Иванова, актуально рассмотреть воспроизведение авторского стиля этим переводчиком.*

Ключевые слова: *Кен Кизи, В.Голышев, авторский стиль, идиостиль, сленг.*

Аннотация: *Мақалада «авторлық стиль» ұғымы, оның «идиостиль» ұғымымен қарым-қатынасы талқыланып, Бит ұрпағы мен хиппилердің әдеби үрдісі мен әдісін қолданатын, Кен Кизидің авторлық стилінің ерекшелігін анықтау қарастырылады. Кен Кизидің "One flew over the cuckoo's nest" романының аудармасындағы сленгті аударуға талдау жүргізіледі. В.И. Ивановтың аудармасына қарағанда, аудармасы жылы жағынан соңғы болған, В.Голышев аудармасының автордың стилін жаңғыртуын қарастырған жөн*

Түйінді сөздер: *Кен Кесей, В. Голышев, авторлық стиль, идиостиль, сленг.*

Annotation: *The article discusses the concept of "author's style", its relationship with the concept of "idiostyle", defines the specificity of Ken Kesey's author's style, which is peculiar to using the manner of the beatniks and hippies generation. An analysis of the transfer of slang in the translation of Ken Kesey's novel "One flew over the cuckoo's nest" is being conducted. Due to the fact that the translation of Ken Kesey's novel "One flew over the cuckoo's nest" by V. Golyshev is up-to-date with respect to the translation by V. Ivanov, it is important to consider the reproduction of the author's style by this translator.*

Keywords: *Ken Kizi, V. Golishev, author style, idiot, slang.*

Проблема переводимости и адекватности перевода произведений художественной литературы является одной из значимых как в лингвистике, так и в литературоведении. Споры о способах, приемах и принципах

перевода, о требованиях к переводам и степени их соответствия переводимому тексту, об оригинальности переведенного текста, а также проблема межъязыковой коммуникации в целом все еще не теряют актуальности в современной науке.

Предметом данного исследования являются особенности приемов и принципов перевода произведения Кена Кизи "Пролетая над гнездом кукушки" с английского на русский язык. При этом вскрываются специфика передачи авторского идиостиля переводчиком, особенности использования средств художественной выразительности, характеризующих своеобразие творчества писателя. Идиостиль как своего рода «индивидуальный почерк» автора, как его манера проявляется уже в самом факте избирательности, предпочтении определенных лексических, морфологических, синтаксических, фонетических средств, становится базой для формирования более сложных и ярких образов. С учетом антропоцентризма современной научной парадигмы проблема индивидуального стиля становится одной из ключевых в лингвостилистике художественного текста. А потому одной из основных задач художественного перевода можно считать сохранение идиостиля создателя оригинала.

That all the world shall … I will do such things …

What they are yet, I know not; but they shall be

The terrors of the earth! [8, 2011, c. 52]

Умолчание и многоточие указывают на силу выражаемой эмоции, а контекст помогает определить, что это за эмоция. В данном случае – это гнев.

Квантование, или принцип сжатия текста концептуально совпадает с умолчанием, так как основывается на авторской недосказанности и дальнейшей активной деятельности читателя по заполнению информационных пробелов на базе контекста и личного опыта читателя. И.В. Арнольд утверждает, что квантование – это перманентный компонент художественного текста, который, помимо прочего, тем сильнее активизирует ментальную деятельность читателя, чем больший интервал квантования применяется автором [9, 2002, c. 48]. Другими словами, чем больше информационный пробел в тексте, тем активнее читатель в процессе достраивания концептуального мира произведения.

Л.П. Хартли в своем мистическом рассказе «WS» использует эту технику, оставляя за читателем право заполнить недостающее пространство согласно его, читательскому, воображению, его картине мира, создавая при этом обстановку мрачного предчувствия роковых событий в жизни персонажа:

Stainsforth's one arm shot out. "Then die!" he said.

The police found Walter Streeter slumped across the dining table. In view of what had happened previously, they did not exclude the possibility of foul play. But the pathologist could not state with certainty the cause of death. There was a clue, but it led nowhere. On the table and on the victim's clothes were flakes of melting snow. It had run down his neck, soaking his underclothes. It has even, in some way, got into his stomach and might have killed him for, on analysis, it was found to be poisonous. Perhaps he had taken his own life. But what the substance was, and where it came from, remained a mystery, for no snow was reported from any district on the day he died. [6, 1973, c. 391]

Несмотря на то, что автором не представлена сцена, действие которой находится между последним и предпоследним абзацем текста, нить повествования не теряется. На базе собственного опыта и памяти читатель самостоятельно воспроизводит картину событий, генерирует гипотетический вариант, либо несколько вариантов развития сюжета, которые в той или иной степени верифицируются с помощью последующего текста, завершающего произведение.

Между тем, такая форма повествования как монологическая речь нередко противопоставляется диалогической, так как по определению не требует наличия читателя, собеседника. В тексте такого рода доминирующая роль остается за автором, точнее за его образом, который посредством текста манипулирует процессом интерпретации читателя, «связывая» его чувственный мир со своим.

Это также является примером концептуальной диалогичности художественного текста. В монологичном тексте тоже можно наблюдать общение автора и читателя. В той или иной мере автор нацелен на реального или воображаемого читателя. Утверждение, что в данном случае речь идет только об односторонней вербальной связи – от писателя к читателю – в полифоническом аспекте является крайне неверным. В случае, если бы авторская интенция не подразумевала какую-либо аудиторию, получателя, то итоговый текст вряд ли бы поддавался интерпретации, декодированию.

Наряду с информативностью, когерентностью, когезией и интенциональностью исследователи текста Дресслер и де Богронд (4, R. de Beaugrande) рассматривают в своей концепции категорию

воспринимаемости текста как один из основных критериев текстуальности [4, 1981, сс. 3-10]. Согласно данному критерию автору текста необходимо учитывать индивидуальные особенности читателя при передаче и получении информации. Именно понимание является нитью, связующей автора высказывания и его адресата.

Так как каждый текст, согласно вышеуказанным критериям должен иметь определенную цель, то и ориентирован он должен быть на определенную публику, определенного читателя, воображаемую аудиторию. Другими словами, у каждого автора есть инвариантный читатель, согласно характеристикам и представлениям которого автор выстраивает смысл и структуру текста.

В некоторых случаях, непосредственно в тексте представляется описание целевой аудитории, определённого читателя. В романе Дэвида Митчела «Cloud Atlas» («Облачный атлас») персонаж Тимоти Кавендиш, выступает в роли рассказчика. Он повествует читателю о своих злоключениях в надежде на то, что это повествование в дальнейшем станет основой для фильма. По этой причине он даже обращается к своему идеальному читателю, ради которого ведет повествование: шведскому режиссеру по имени Ларс.

Basta! A Cavendish is down but never out. When The Ghastly Ordeal of Timothy Cavendish is turned into a film, I advise thee, Director dearest, whom I picture as an intense, turtlenecked Swede named Lars, to render that November as a boxer-in-training-for-the-big-fight montage. True Grit Cavendish takes his injections without a quiver. Curious Cavendish rediscovers language. Feral Cavendish redomesticated by Dr. Upward and Nurse Noakes. John Wayne Cavendish on a walker (I graduated to a stick, which I still use. Veronica said it lends me a Lloyd George air). Cavendish à la Carl Sagan, caged in a Dandelion Clock. As long as Cavendish was anesthetized by amnesia, you could say he was content enough.

Then, Lars, strike a chord sinister. [3, 2008, с. 368]

В связи с этим, он на правах писателя дает Ларсу советы по поводу съемок будущего фильма. Сюжет осложнен тем, что Тимоти Кавендиш одновременно является персонажем романа Дэвида Митчела, а также автором и персонажем в автобиографической книге. Следовательно, он обращается к читателю, его автобиографической истории, а не к аудитории Дэвида Митчела.

Более того, автор не только анализирует современную ему читательскую аудиторию, но и делает попытки предсказать характер будущих поколений. Поэтому мы можем говорить об эффекте воздействия гипотетического читателя на концептологию писателя. Другими словами, между писателем и читателем всегда ведется некий диалог, сопровождаемый таким когнитивным процессом как построение и верификация гипотез.

Процесс создания или кодирования строится на гипотезах автора относительно процесса восприятия текста читателем. В это время процесс понимая или декодирования строится на подтверждении либо отклонении гипотез по мере интерпретации текста. Демьянков В.З. замечает, что в зависимости от контекста та или иная гипотетическая интерпретация высказывания оказывается более правдоподобной [16, 1983, с.59]. Следовательно, автор, прогнозируя подобный итог читательских когниций в зависимости от своей цели может довести ход изложения до ожидаемого читателем результата. При этом существует противоположное действие, когда авторская интенция предполагает неожиданный для читателя поворот событий (эффект обманутого ожидания) или открытый финал, что активизирует внимание и мыслительные процессы читателя для создания и верификации гипотез на основе полученных данных.

Понимание не сводится к пассивному зеркальному отражению свойств вещи или явления: в интерпретацию мы вкладываем и часть своего внутреннего мира. Именно в этом и проявляется роль читателя как соавтора: на основе своей индивидуальной картины мира мы достраиваем и восполняем недостающие детали в повествовании для создания его целостной картины.

Помимо концептуальных основ взаимодействия автора и читателя, мы должны уделить внимание и самим процессам чтения и понимания.

И.Р. Гальперин отмечает, что задача по раскрытию основ концептуальной картины мира автора возлагается на такого читателя, который будет относиться к чтению творчески [15, 2006, с. 23]. Этот подход предполагает необходимость повторного чтения. Согласно теории Эббингауза (так называемой «кривой забывания») около 60% новой информации забывается практически через час. Поэтому повторное обращение к художественному тексту просто необходимо. Первое прочтение текста дает нам представление об общем сюжете, об общей структуре текста. При повторном изучении материала

идет процесс концептуального раскрытия текста, что способствует лучшему усвоению информации. Повторно мы фокусируем свое внимание на глубинном понимании текста, способах раскрытия того или иного концепта.

С другой стороны, учеными Вашингтонского университета в 2008 году было установлено, что краткий промежуток времени между первым, ознакомительным чтением и повторным практически не дает никакого результата [1, 2009, с. 37]. Другими словами, читателю необходим промежуток времени для рефлексии и анализа текста как неделимой единицы информации. Далее, повторный процесс чтения и интерпретации будет осуществляться на основе самого художественного текста и той модели мира, которая была выстроена читателем первоначально.

В. Ф. Асмус дополняет мысль И.Р. Гальперина о творческом подходе к чтению, где само чтение есть не пассивное состояние, а особый вид мыслительной работы, включающий наряду с воображением сочувствующее внимание и, разумеется, понимание. Он говорит об определенных условиях, установках, настраивающих на правильное чтение. Сверх того, «трудности понимания» приобретают сверхнегативную окраску, потому как, по его мнению, их причина кроется не в различиях концептуальной и языковой картины мира автора и читателя, а в читательской лени и недостаточном трудолюбии [10, 1961, с. 44].

Таким образом, детальное изучение взаимоотношения автора и читателя художественного текста с участием инструментов создания полифонической платформы, позволяет определить роль читателя как соавтора текста, его возможности взаимодействия с автором на уровне интерпретации и построения гипотетических дополнений текста на основе индивидуальной концептуальной модели мира. Авторская интенция предполагает ту или иную степень вовлеченности читателя, так как сам текст является своеобразной формой представленности коммуникативного акта «автор-читатель».

Успех процесса декодирования находится в тесной связи с творческим подходом к чтению. Он является необходимым условием проведения качественного анализа художественного текста, потому как определяет процесс понимания, интерпретации как активную мыслительную и творческую деятельность читателя. По этой причине, творческое чтение несет в себе функцию формирования и развития культурной, языковой и творческой личности.

Анализ полифонического аспекта художественных произведений английских и американских писателей позволяет сделать вывод о том, что любой художественный текст имеет полифонический, диалогичный характер поскольку он координирует как минимум две речевые партии: автора и читателя. Представленные в данной статье приемы, средства и техники составляют основной перечень полифонических инструментов наряду с интертекстуальностью, различными композиционными средствами и паралингвистическими приемами.

Исследования проблемы полифонии в художественном тексте несомненно являются актуальными для современного языкознания и для когнитивной лингвистики в частности, так как представляют собой новый, свежий подход к рассмотрению роли автора и читателя в художественном тексте в процессе его концептуального декодирования.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Callender A. A., McDaniel M. A. The limited benefits of rereading educational texts// Contemporary Educational Psychology. 2009, № 34, pp. 30–41.
2. Charles Dickens. The Old Curiosity Shop. – Cosimo, Inc., 2009, 430 p.
3. David Mitchell. Cloud Atlas: A Novel. – Random House Publishing Group, 2008, 528 p.
4. Dressler W.U., R. de Beaugrande. Introduction to Text Linguistics. – London, Longman, 1981, 270 p.
5. Katerina Clark and Michael Holquist. The influence of Kant inthe early work of M.M.Bakhtin / in Joseph P. Strelka (ed.) LiteraryTheory and Criticism. (Festschrift for René Wellek) – Bern: Peter Lang, 1984, 364 p.
6. Leslie Poles Hartley. The complete short stories of L. P. Hartley. – Hamilton, 1973, 760p.
7. O. Henry. The gift of the magi. Macmillan literature collections: American Stories. – Macmillan, 2009, 198 p.
8. William Shakespeare. King Lear Thrift Study Edition. Dover Thrift Study Edition. – Courier Corporation, 2011, 234 p.
9. Арнольд И. В. Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: Флинта: Наука, 2002, 384 с.
10. Асмус В.Ф. Чтение как труд и творчество. – Вопросы литературы, 1961, №2.

11. Барт Р. Б. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М.: Прогресс, 1989, 616 с.
12. Бахтин М. М. Собрание сочинений в 7 томах. Том 3. Теория романа (1930-1961 гг.) – М.: Языки славянских культур, 2012, 880 с.
13. Бахтин М. М. Собрание сочинений в 7 томах. Том 6. Проблемы поэтики Достоевского. Работы 1960-х – 1970-х – М.: Языки славянских культур, 2012, 800 с.
14. Бахтин М.М. Проблемы творчества Достоевского // Бахтин М.М. Собр. соч.: В 7 т. М.: Русские словари, 2000, Т. 2., 543 с.
15. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 4-е, стереотипное. М: Ком-Книга, 2006, 144 с.
16. Демьянков В. З. Понимание как интерпретирующая деятельность // Вопросы языкознания, 1983. № 6, С.58-67.
17. Комаров. А. С. Межличностное взаимодействие читателя, автора и персонажа художественного текста// Вестник МГИМО Университета. – 2012. №5(26), С.215-220
18. Эстетика. История учений. В 2 ч. Часть 2: учебник для бакалавриата и магистратуры / под общ. ред. С. Б. Никоновой, А. Е. Радеева. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2018, 386 с.

Рысберген Қ.Қ.,
филология ғылымдарының докторы, доцент
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Тлегенова Г.Б.,
PhD докторант,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы қ. Қазақстан, gulden_20.88@list.ru

КОСМОНИМДІК АТАУЛАРДЫҢ МИФТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түйін. *Мақалада космонимдік атаулардың мифтанымдық сипаты, оның лингвомәдениеттанымдық мәнін ашудың маңыздылығы сөз болады. Халық танымында ғасырлар бойы тәжірибе күйінде жинақталған әрі біртұтас ұғым ретінде категорияланған тілдік бірліктердің мән-мағынасын ашу халықтың ғылыми ойлау жүйесін тануға көмектеседі. Осымен байланысты мақалада аспан денелері, күнтізбе жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің мифтанымдық сипатын ашудағы кейбір лингвмәдениеттанымдық мәселелер қарастырылған.*

Тірек сөздер: *миф, тілдік таным, космоним, халықтық күнтізбе.*

Резюме. *В данной статье даются выводы о заключении картины мира в народном познании, особенностях накопления знаний об окружающей среде. В ходе исследования были определены космонимы, занимающие особое место в языковой картине казахского народа. Исходя из этого в статье анализируется история появления казахских космонимов и астронимов и связанные с ними легенды, поверияй, приметы.*

Ключевые слова: *миф, космоним, языковое сознание, народный календарь.*

Summary. *This article gives conclusions on concluding transactions with the fund in people's knowledge, the features of accumulating knowledge about the environment. During the research, cosmonims were identified that occupy a special place in the language picture of the Kazakh people. Based on this, the article analyzes the history of the emergence of Kazakh cosmonims and the associated legends, beliefs and omens.*

Keywords: *myth, linguistic consciousness, cosmonym, folk calendar.*

Кіріспе. Ғаламдану ғасырында ұлттың тарихи-мәдени дүниетанымын сақтап қалу аса маңызды. Өйткені, соңғы бір ғасырдың өзінде халық санасында үлкен тарихи өзгерістер мен қоғамдық-әлеуметтік салт ауысымы орын алды. Бұл, өз кезегінде, ғылыми әрі тәжірибелік жағынан негізделген халық білімінің жоғалуына әкеліп соқтырады. Мұндайда тілді мәдени белгілерді сақтаушы құбылыс ретінде тани отырып, ата-баба танымының негізгі түсініктерін ашып көрсетуіміз қажет. Ғалым А.Сейдімбек: «Әрбір ұлттың, я болмаса халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының бет-пердесі, бүгінінің кескін-келбеті. Адамзаттың ой-санасы толып, таным-түсінігі артқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мұралардың тереңіне бойлап зерттеп, оны игеруге деген қажеттілік күн өткен сайын арта түсетіні хақ. Бүгінгі ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өресі мен сауатын да, ойдың орамдылығы мен тілдің құнарлылығын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгей-дәрежесін де, ең арысы талғамның татымына дейін мәдениеттің аясына сыйғызады» дегенді айтады [1, 31б.]. Демек, космонимдік атаулардың қазақ әдебиетінде берілуі мен қолданысынан – халық даналығын, тіл иесі, этностың, өмірлік-философиялық ұстанымдарын, сондай-ақ болмыстың онтологиялық категорияларын көруге болады.

Он сегіз мың ғаламның бір бөлшегі саналатын космологиялық әлем тілден тысқары емес. Адамзат баласы жер бетін қаншалықты игерсе, жер үстін, аспан әлемін соншалықты игеру үстінде. Космологиялық әлемді (ғарышты) адамзат баласы ғарышқа ұшқаннан бастап қана емес, одан бұрын есте жоқ ескі замандардан бастап-ақ игере бастады десек жаңылмаймыз. Оған дәлел космонимдік атауларға байланысты көптеген тілдік деректердің (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, фольклорлық шығармалар, аңыз-әпсаналар, т.б.) қолданысынан көруге болады.

Көк түріктің ұрпағы саналатын қазақ халқы ежелден аспан денелерін киелі ұғымдардың бірі ретінде бағалағаны белгілі. Оның небір сырлы құпияларын танып білуде өз қызығушылықтарын танытқан. Оған дәлел Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ұлы ғұламаларымыз Әбу Насыр Әл-Фараби, Ғаббас Жауһари, Әбу Райхан Әл-Бируни, Үлықбек т.б. еңбектерінен аспан шырақтары туралы

көптеген ғылыми түжырымдарды кездестіруге болады. Түркі халықтарындағы аспан денелері туралы мәліметтерді көне жазба ескерткіштері мен М. Қашқаридің сөздігінен, XI-XIV ғасырлардағы кейбір жазба ескерткіштеріндегі аспан шырақтарының атаулары Ә. Құрышжановтың, З. Мұхамединованың еңбектерінен, қазақ халқындағы аспан шырақтарының атаулары мен олар туралы ұғым-түсініктерді Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, Ә. Диваев, Б. Куфтин еңбектерінен, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдерде Х. Әбішев, Ә. Маманов, М. Ысқақов сынды зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады.

Зерттеу әдістері. Қазақ космологиясының түп тамыры мифологиямен де сабақтасып жататындығын фольклорлық туындылар мен мақал-мәтелдерден көруге болады. Оған дәлел – қазақ (түркі) космологиясының аясына кіретін ұғым-түсініктер түрлі уақыт пен кеңістіктің өлшемімен (хронотоптың) өзгеріске ұшырағандығы. Қазақ халқында ерте замандарда өз өмірін жұлдызға «аманаттайтын» түсінік болған. Бұл түсініктің ар жағында әр адамның өзінің туа бітті «жұлдызы» болады, жер бетінде қанша адам болса, сонша «жұлдыз» болады деген аңыз қалыптасқан. Тіпті, ел арасында, тілдегі сөздік қорда «менің жұлдызым», «жұлдызың оңыңнан тусын», «жұлдызы жоғары/биік», «жұлдызы жанған», «жұлдызды сәт» секілді т.б. көптеген фразеологиялық тіркестердің ішкі мағыналық мазмұнынан көруге болады. Сондай-ақ, адамның жұлдызы жанған сайын сол жұлдыздың жердегі иесінің (адамның) мерейі үстем болады деп саналған. Ал, адам өмірден өтсе, «көктегі жұлдызы сөнді», «жұлдызы жерге ағып түсті» деген әпсана ел ішінде кең тараған болатын. Мұндай әпсаналық түсініктерді ежелгі анимистік танымнан туындап, қалыптасқан деуге болады.

Сонымен, космонимдік атаулардың аңыздар мен мифтік шығармаларда берілуінде аспан әлемі бейнесіндегі халықтың рухы мен ділін танытып, этностың әлемді (космосты) игеруінің мәдени-тарихи тәжірибесін және дүниедегі заттар мен құбылыстар арасындағы қарым-қатынасқа берген бағасы түйінделіп беріледі. Сондықтан космонимдік атаулардың мифтік шығармалардағы көрінісінде қарапайым тәлімдік-тәрбиелік мәселелерден бастап, этнотанымдық реалилердің тұтас жиынтығы, ауа-райы, климат, жан-жануар және өсімдік дүниесі, жер бедері сияқтыларды қамтитын космологиялық, метрологиялық, географиялық ортаның толық сипаттамасы, көне наным-сенім мен діни көзқарастар, қоғамдық құрылым мен қоғамдық қатынас жүйесінің айшықты суреттемесі көрініс тауып жатады. Сондай-ақ, тіршілік-тынысы табиғат аясында өткен, ғұмыры сайын сахарамен тығыз байланысты қазақ халқының табиғаттың (космологияның) жіті зерттеушісі болғандығын да көруге болады.

Зерттеу нәтижелері. Ұлттық дүниетанымымызда Ай мен Күнге байланысты аңыз-әңгімелер, ырым-жоралғылар, табу мен тыйымдар этномәдени ерекшелігімізді танытады. Аңыз бойынша, «Ай мен Күн егіз туған керемет сұлу екі әйел екен. Әсіресе, Ай сұлуырақ болып мақтанып, Күн оны қызғанып, Айдың бетін тырнап, оған дақ түсірген. Кесірлі Ай жазасын осылай тартқан. Ай бетіндегі «қарауытқан дақ осыдан қалған-мыс» екен деседі.

Айдың кеш туғанын және кемігенін тілімізде ай қорғалады тіркесі арқылы береді. Мұның этномәдени когнитивтік мәні Күнге жақындап барғанда Ай «қорғалап» бетін жасырады, ал қашықтағанда Ай толып, Күнді қызықтырып, бетін түгел көрсетіп, ереуілдейді дегенді білдіреді. Бұл ертедегі Ай мен Күннің өзара орналасуына байланысты жаңа Ай, ширек Ай, толған Ай болып Ай түрінің өзгеру құбылысын аллегориялық формада қисындырып түсіндірмек болғаннан туындаса керек. Ұлттық дүниетанымымыздағы түсініктерге сай Ай мен Күнді салыстыра келе, Айдың жүзіне көз тоқтатып қарауға болады – кісінің жүзі таймайды, ал Күн ащырақ, тура қарай алмайсың. Сондықтан Ай сұлуырақ дейді кейбіреулер. Ал, бірақ Күн мен Айды шын мәнісінде салыстыратын болсақ, әрине, нағыз сұлулық Күнде. Күн жарық пен жылылықтың сарқылмас көзі, ал астрономиялық тұрғыдан Ай өзі жарық шығара алмайтын қараңғы дене екен.

Қазіргі тілімізде ай және күн атауымен байланысты ай қорғалау, ай тұтыну, ай қарамысы, бетін айдай қылу, ай қарап отырма, айың оңынан тусын, күн тоқырады, күн жайлату, күн қайыру сияқты фразеологизмдер де орасан мол.

Тегінде қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі сөз қолданыстарға қарағанда Айдың қадірі Күндікінен артық болмаса кем түспейді. Мәселен, «ай десе аузы, күн десе көзі бар» немесе «айым да сен Ғалия, күнім де сен» деген сияқты толып жатқан теңеулерді және Айсұлу, Айбала, Айкерім, Айгүл, Айкүнім, Айжарық деген сияқты Ай түбірлі антропонимдік атаулардың этностың рухани дүниетанымында көп тарап кеткендігі дәлелдей түседі.

Айдың ортасы, яғни 15-інде Ай тура Күнге қарама-қарсы тұрады да, бізге толған ай болып көрінеді. Ақындар поэзия тілінде сұлу қыздардың бейнесін осы 15-тегі толған Аймен салыстырып соны теңеулер жасайды. Мысалы:

Жалғыз қызы Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді («Алпамыс батыр»).

немесе

Толған айдай толықсып
Ақ сазандай бұлықсып,
Бұралып кетіп барады
Неше алуан қылықсып («Қыз Жібек»).

Бір қызық нәрсе, Күнді күдірет түту салт-дәстүрінен рухани дүниетанымымызда ел ортасында із қалмаған. Мұны Шоқан Уәлиханов та өз жазбаларында растай түседі. Тіліміздегі «күн көру», «күнелту», «күні қараң», «маған да күн туар», «күнің маған түсер», «күнің өшкір» сияқты тұрақты тіркестер мен сөз қолданыстардың мазмұнынан күннің жердегі тіршіліктің көзі екенін халықтың дүниетанымдық көзқарасынан аңғаруға болады.

Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні бар. Үркер деп аталатын бір топ шоқжұлдызға қарап отырған қазақтар ауа райының құбылуын, әр бөлігін ажырата білген. Қазақтар Үркердің аууынан күн райы өзгереді деп біледі. Мәселен, Үркер ауып кетіпті, Той тарқарға салайық дегенді былай түсінуге болады: Үркер жаз ортасынан былай таң жарығында шығыста болады [2, 44б.]. «Маусымда Үркер таңмен аралас туады» дейді [3]. Сондықтан Үркер шығыстан туса, таң ататын уақыттың болғаны.

Үркер – жалпытүркілік лексикаға кіретін космонимдердің бірі. Қазақ, қарақалпақ тілінде – үркер, қырғызда – үркөр, түрікмен диалектісінде – хуркөр, Қазақстандық түріктер – үнкәрләр, якутша – үргел, үрга, түрікмен, түрік тілінде – үлкер, башқұртта – өлкәр, алтай, хакаста – үлгер, шор, леб, сағ, чувашта – елкер, т.б.

Қазақ тіліндегі Үркер космонимінің түлғалық нұсқаларына назар аударсақ, жалпы алғанда, бұл сөздің екі компоненттен тұратынын байқаймыз. Бірінші компоненттің үр немесе үл түлғаларында келетінін аңғару қиын емес. Бұл туралы Луи Базен, Э.В.Севортян, К.Брокельман, Дж.Клаусон, Ю.Немет, Н.Х.Максютова, Т.Жанұзақов сынды ғалымдар зерттеулер жүргізген. Солардың ішінен біз үркер космонимі үр етістігі мен -кер жұрнағының қосылуынан жасалған деген пікірді құптаймыз. Оған дәлеліміз мынау: «Халықтың көпшілігі Үркердің 6 жұлдызын, көзі өткір адамдар 9 жұлдызын көреді. Іңір қараңғысындағы орнына қарай айтсақ, Үркер күздің басында (қыркүйек) шығыстан, қыстың басында (желтоқсанда) шығыстан, көктемнің басында (наурызда) батыстан көрінеді, ал жаздың басында (маусым) мүлде көрінбейді. Халық оны «Үркердің жерге түсуі» дейді. Қырық күн шілде Үркердің осы көрінбейтін кезіне сәйкес келеді. Қазақ есепшілері Үркердің тууы мен батуын ұдайы қадағалап, бақылап отырған. Есепшілерден қалған тәжірибелік нұсқаулар мынадай: «Үркер жерге түспей, жер қызбайды», «Үркер жерге түсерде қой қырқылады», «Үркер туса, сорпа ас болады», т.б.» [3].

Үркер шоқжұлдызы турасындағы түркі халықтарындағы кейбір мифологиялық түсініктер венгер ғалымы Ю.Немет тұжырымының негізсіз еместігін дәлелдей түседі. Атап айтқанда, якут халықтарының түсінігінде Үргел мен Чолбон (Шолпан) жер бетіне үнемі суық айдайды, яғни үрлейді. Тува халқы үркерді кейде сооң ээзи – «суық иесі» деп айтады. Үркермен қатысты қазақ, алтай, тува, монғол халықтарындағы мұндай түсініктерді кезінде Г.Н.Потанин жазған еді [2]. Қазақтың «үркерлі айдың бәрі қыс» дегені де осы түсініктен шығады.

Тағы бір айта кетер жайт, космонимдерді түсіндіргенде қазақтың ежелгі таным-түсінігінен, наным-сенімінен, салт-дәстүрлерінен, халықтық білім жүйесінен мол этномәдени ақпарат беретін дереккөз ретінде жас ұрпаққа ұлттық мазмұндағы білім беруге бағыттау қажет. Мәселен, іңір қараңғылығы түскенде аспаннан біз әуелі Шолпан жұлдызын – Венера ғаламшарын көреміз. Ежелгі гректерде Венера махаббат құдайы саналған. Шолпан ғашықтарды желеп-жебейді, оларға бір-бірінен хабар жеткізеді-мыс. Бұл іңір жұлдызын Бақташы планетасы деп те атайды. Ал, Шолпанның қыста тууы қатты суықтың нышанын білдіреді. Соны алдын-ала ескертерде ол айрықша жарқырап көрінеді. Осыған байланысты оның Түлқатын деген тағы бір атауы бар. Тағы бір ескі наным бойынша, Венера планетасын әлі тумаған адамдардың жандары мекендейді. Оның құпия жарығына адамдардың құмар болатыны сондықтан шығар [4, 209б.]. Осындай мифтік аңыздарды дүниетану, география пәндерінің

оқу бағдарламаларында қамтылатын Шолпан ғаламшары туралы білім беруде пайдалануға әбден болады.

Космонимдік атаулар қазақ әдебиетінің жыраулар поэзиясында, ертегілері мен мақал-мәтелдерінде көптеп кездесетіні анық. Мәселен, қазақтың XVIII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны, Абылай ханның данагөй ақылшысы Бұқар жырау өз толғауларының бірінде Сүмбіле жұлдызы хақында былай жырлаған екен:

Тағы бір мезгіл болғанда
Сүмбілек туды жылтиып,
Ат семірді күнтиып [4, 208б.].

Сонымен қатар, қазақ мақал-мәтелдерінде космонимдік атауларға байланысты бірліктер көптеп кездеседі. Оның себебі қазақ халқының дүниетанымында бір кездегі көшпелі өмір салтында аспан әлемімен «тілдесу», сол арқылы өмір көшін бір арнаға түзеу салты қалыптасқан. Сондай-ақ, өздерінің малшылық, бақташылық өмір салтына байланысты, аспан әлемінің әрбір құбылысына (жұлдыздар, өзге де галактикалық құбылыстар) қарап, бағыт-бағдар алып отырған. Мәселен, Темірқазық жұлдызын қазақ халқы көшпелі түрмысында бағдар ретінде пайдаланған. Ол бағдар тек жол бағытын ғана емес, өмір көкжиегін дұрыс тануға дейін ұласады. Темірқазық жұлдызы атауының туындауы да атына сай, қазыққа қағылып байланған, бір орында тапжылмастан тұрады. «Темірқазық түнгі аспанның шырқау биігі – жоғарғы нүктесінде орналасқан. Кейде Солтүстік жарты шардың осынау орталық жұлдызын Алтын Қазық деп те атайды. Оған Тәңір өзінің аттарын байлайды. Темірқазықтың қасындағы қос жарық жұлдыз – Тәңірдің ақбоз тұлпарлары» [4, 210б.], – деген мифологиялық түсініктен темірқазықтың Тәңірге «бағынышты» туған космобейне екенін көруге болады. Сол секілді өзге де космонимдік атауларға қатысты қазақ тілінде көптеген төмендегідей мақал-мәтелдер қалыптасқан. Мәселен, Үркер құрғаққа түссе аңызғақ жел болады, суға түссе жаңбырлы болады, тасқа түссе қатты ыстық болады; Батыр ортақ, ер ортақ, Күн ортақ, ай ортақ; Таразы туса, таң суыр, Сүмбіле туса, су суыр; Айдың тік түрғаны, Өзіне жайсыз, халыққа жайлы. Шалқасынан туғаны, Өзіне жайлы, халыққа жайсыз; Сарыжұлдыз көтерілсе күн суиды (Юпитер); Қызылжұлдыз жоғарыласа, қыс қатты болады (Марс); Үшарқар айша туып, күнше батар, т.б. көптеген мақал-мәтелдердің жасалуына космонимдік атаулардың негіз болғандығын көруге болады [5]. Жоғарыда көрсетілген космонимдік атауларға негіз болған мақал-мәтелдер қазақ халқындағы аспан атауларының қазақы атауын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар образдық негізіне аспан әлемімен үнемі санасып отыратын, көшпелі шаруа өмірі алынады. Бұл мақал-мәтелдердің астарында қазақ халқының үлттық мәдениеті мен үлт өмірінің барлық саласы көрініс табады. Аталған мақал-мәтелдер этностың мекені мен тұрақ жайын реттестіруге, шаруашылық жағдайын бекемдеуге, ішетін тағамы мен киетін киімін алдын ала дайындауға, т.б. танымдық-тәрбиелік істерге бастамашы ретінде қолданылады.

Космонимдік атаулар тірек болған ауыз және жазба әдебиеті туындылары мифтік наным-сеніммен, дүниенің материалдық мазмұнымен, халықтың рухани, мәдени өмірімен біте қайнасып кеткен деуге болады. Мәселен, космонимдік атауларға негізделген қазақ мақал-мәтелдерінің жасалуында халық бала секілді бәріне сенеді, айға, күнге, жұлдызға, бұлтқа тіл қатады. Олардың метафизикалық әрекетіне сай тіршілік қамын реттейді. Алыстағы аспан әлемі денелерінің әрбіреуінің құрылысы жұмбаққа толы құпия, сиқырлы күш бар, олар әрі қасиетті, әрі киелі деп саналған және соларға табынған, жалбарынған, тілдік қолданыстан ерекше орын алған.

Космонимдік атаулардың ежелгі халықтар өмірінде үлкен мифологиялық таным мен жанрлардың қалыптасуына әсер еткенін ескерсек, мұндай атаулар туыстас тілдерде ортақ болып келеді. Жұлдыз атаулары мен ғарыштағы өзге де құбылыстарды байқап, соған шаруашылық өмірін бағыттап, бейімдеп отырған түркі халқы ғарыш әлемін терең игеру керек болды.

Шоқжұлдыздар әлем халықтарын қашанда қызықтырған аспан денелері болған. Оларға әртүрлі мифтер мен аңыздар арнап, ерекше күшке балап, кие тұтқан. Әр халықты әлемді өз таным көкжиегі негізінде танып қабылдайды. Сондықтан аспан денелерінің атауы әр халықтың лексиконында әр түрлі беріледі.

Мәселен, қазақтағы Жетіқарақшы шоқжұлдызы орыстарда «Конь» (Жылқы), көне рим тайпалары «Жүк арба», украиндар «Арба», қырғыздар «Жетіаркар», тувалықтар Чедихаан (жеті хан) деп атаса,

парсылар «Жеті ағайынды» немесе «Жеті тәж», үнділер «Жеті дана», моңғолдар «Жеті қарт, жеті құдай», хакастар «Жеті ит», қабардин халқы «Жеті ағайынды жұлдыз» десе, чуваш халқы «Жеті жұлдыз» деп қана атаған [6]. Еуропалықтар Жетіқарақшы шоқжұлдызын жүк тиеуші арба не жылқы күйінде елестетіп, соған сай атау берсе, азия халықтары бұл шоқжұлдыздың жеті жұлдыздан тұратындығын ескеріп, оны «жеті» санымен байланыстырып, танымына сай келетін әр түрлі атаулармен атаған. Азия халықтары түсінігінде «жеті» санының өзіндік киесі бар .

Сол сынды «Құс жолы» – Галактика түсінігі адамзатқа ежелден белгілі. Сондықтан жер шарындағы халықтардың лексиконында ең көп кездесетін космонимдік атау саналады. Бұл шоқжұлдыздар әлемі антикалық грек-рим мифологиясында «Арамаз құдайының әйелі Гераның емшегінен бөлінген сүттің дағы» деп сипатталады. Құс жолы ғылымға VII ғасырда белгілі болған. Ал, Г.Галилей XVII ғасырда телескоп арқылы сүт түсіне ұқсас сан мыңдаған түйіршіктерді көріп, мұның ұсақ жұлдыздар екенін анықтаған. Бұл шоқжұлдыздар жолы түркі халықтарында «құспен» байланыстырады: қазақтар «Құс жолы» не «Тырна жолы», башқұрттар «Кош юлы», қырғыздар «Кыр каззары юлы» (жабайы құстар жолы), татарлар «Киек каз юлы» (жабайы құстар жолы) деп атайды. Ал, христиан түсінігіндегі халықтар үшін бұл жұлдыздар шоғыры киелі саналады. Олардың түсінігінде адам қайтыс болған соң, оның жаны осы галактикалық жол арқылы о дүниеге аттанады деп пайымдаған. Сондықтан Құс жолын олар Иса пайғамбардың жолы, Бикеш Мария жолы, Ұлы Петр жолы, Иерусалимге жол, Ұлы Яков жолы, Жұмаққа жол деген ұқсас атаулармен атайды. Ал, Кавказ халықтары Құс жолын жануарлар әлемімен байланыстырып атайды: Керуен жолы, Табын жол. Шешендер оны «Аю жол» деп атаса, грузиндер «Қозылар өтетін көпір» деген атау таққан. Ал, үнділерде бұл шоқжұлдыз «Жылан өзені, жылан жолы» деп аталған. Моңғол халқы мұны «опырылып түскен аспан қалдығы» ретінде таныған. Ал африка халықтары «Жұлдыздар теңізін» көрсе, венгр, молдаван халықтары мұны «Сыған жолы» деп атаған [6].

Сонымен қатар, қазақ түсінігіндегі Үркер, Шолпан, Сүмбіле, Таразы, Есекқырған сынды космоним атаулары көне шумер, қытай, үнді жазбаларында кездеседі. Дегенмен, бұл космонимдерге қатысты білім қоры әр халықта әр түрлі көрініс тапқан. Мәселен, славян халықтарында Үркер – Плеяда, Жетіқарақшы – Большая Медведица аталғанымен, Сүмбіле, Таразы, Сұлусары, Босаға, Темірқазық сынды шоқжұлдыз атауының баламалары жоқ, тек ғылыми атауы ғана бар. Соған қарай отырып, қазақ танымында бар шоқжұлдыздардың славян мәдениетінде орны белгіленбегенін байқауға болады.

Демек, аспан денелерінің атауының кез-келген халық танымында ерекше орын алатындығын айтуға болады. Шоқжұлдыз атауы әр халықта әр түрлі болғанымен, кей кезде оның функциясына қарамастан, номинация беруде ұқсастық, баламалық орын алатындығын байқауға болады. Дегенмен, әр халық қоршаған ортаны өзінің танымдық ерекшелігі тұрғысынан танитындықтан, оған өзінің ойлау жүйесіне тән бейне негізінде атау беретін болады.

Қорытынды. Космонимдік атаулар мен оған тағылған түсінік халық танымында ежелгі, көне дәуірлерде қалыптасқан. Аспан денелері мен амал атауларын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер – белгілі бір халық, ұлт, этнос, социумның ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі мен дүниетанымының нәтижесі, аспан әлеміндегі нысандардың қозғалу жүйесін табиғат заңдылықтарымен сабақтастыра игеріп, астрономиялық білім-біліктің озық үлгісін көрсеткен ата-бабаларымыздың сараптаулары мен тұжырымдауларынан маңызды когнитивтік ақпарат беретін құнды да құнарлы дүниелер екені сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сейдімбек А. Сонар. –Алматы, 1989, 352 б.
2. Айтмұқашова А. Ғұрыптық фольклор лексикасынан // «Тіл білімі», Филология ғылымдар сериясы, 2006, №5, 41-45 бб.
3. Әбішев Х. Халық астрономиясы. –Алматы, 1959, 114 б.
4. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. –Астана: Аруна, 2006, 252 б.
5. Ақбердиева Б.К.. Лексика-фразеологиялық мифтік-танымдық құрылымдар. –Алматы, 2000, 28 б.
6. Ускенбаева Р.М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде) // Дисс. –Алматы, 2016, 149 б.

UDC 373.016:811.161.1

Seralieva N.Zh.[1], Chsherbovskikh I.G.[2], Bolgar Ch.A.[3]
[1]candidate of pedagogical Sciences, associate Professor,
[2]candidate of philological Sciences, acting associate Professor,
irina67_irina67@mail.ru
[3]master of pedagogy, lecturer,
ZhSU named after I.Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

SPECIFIC USE OF INFORMATION COMPUTER TECHNOLOGIES IN TEACHING PHILOLOGICAL DISCIPLINES

Summary: *The article is devoted to the use of information and computer technologies in higher education and their role in teaching philological disciplines. Analyzing the possibilities of ICT in the classroom and the organization of independent work of students, the authors consider multimedia training as an effective means of improving the efficiency of classes and enhance the independent cognitive activity of students.*

Key words: *information and computer technologies, multimedia training, interactivity, presentation.*

Сералиева Н.Ж.[1], Щербовских И.Г.[2], Болгар К.А.[3]
[1]канд.пед.наук, ассоциированный профессор (доцент),
[2]канд.филолог.наук, и.о.ассоциированного профессора (доцента),
[3]магистр пед.наук, преподаватель,
irina67_irina67@mail.ru
Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова,
г.Талдыкорган, Казахстан

СПЕЦИФИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО-КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

Резюме: *Статья посвящена вопросу использования информационно-компьютерных технологий в вузовском обучении и их роли в преподавании филологических дисциплин. Анализируя возможности ИКТ в проведении аудиторных занятий и организации самостоятельной работы учащихся, авторы рассматривают мультимедийное обучение как действенное средство повышения эффективности занятия и активизации самостоятельной познавательной деятельности студентов.*

Ключевые слова: *информационно-компьютерные технологии, мультимедийное обучение, интерактивность, презентация.*

Сералиева Н.Ж.[1], Щербовских И.Г.[2], Болгар К.А.[3]
[1]педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент),
[2] филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.,
irina67_irina67@mail.ru
[3]педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ., Қазақстан

ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: *Мақала университеттегі білім беруде ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану және олардың филологиялық пәндерді оқытудағы рөліне арналған. Аудиториялық және студенттердің*

өзіндік жұмысын ұйымдастыруда АКТ мүмкіндіктерін талдай отырып, авторлар сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың тәуелсіз танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралы ретінде мультимедиялық оқытуды қарастырады.

Түйін сөздер: *ақпараттық және компьютерлік технологиялар, мультимедиялық оқыту, интерактивтілік,презентация.*

An important and integral part of the educational process in a modern University is the use of information and computer technologies. At the present stage, the needs of students and their diverse interests can no longer be satisfied only with the materials of the traditional textbook and the word of the teacher.

Informatization of education is developing on the basis of the implementation of the possibilities of new information technologies. An important role is played by computer visualization of educational information, which allows to put the study of philological disciplines at the University to a new level. This makes it possible not only to increase the interest of students to study the subject, but also to reveal their creative potential.

As you know, multimedia learning encompasses several principles of learning with or through media. When one object-content contains text, auditory, graphic and video information, the material offered to the audience is assimilated to a greater extent, as verbal information is perceived and remembered better when accompanied by a visual picture.

By definition, Kaysina A. V., "multimedia – a special technology that enables the use of software and hardware to integrate the computer the various data types into a single document with certain levels of interactivity" [2, 2009, p. 84].

Today, ICT is widely used in almost all forms of educational work – in lectures, workshops, in the organization and control of the SRSP and the SRS. This research tool is very effective as a source of additional information on the subject, a way of self-organization of labor and self-education, the possibility of implementing a student-centered approach to learning. The most popular types of tasks such as electronic homework, presentation, etc.

The use of ICT is particularly important in the context of the introduction of the credit system of education, when the center of gravity moves from teaching to teaching as an independent activity of students in education. As rightly noted by S. A. Kosolapova and other authors, both the teacher and the future specialist "are aware of the need to change their role in the new environment, when the learning process is built on the use of dialogue between them as between equal participants with common goals" [3, 2010, p. 78].

Continuing to remain a traditional form of education at the University, in modern conditions needs to be updated lecture. The modern lecture is not only the presentation of the basic fundamental facts and analysis of the key problems of the studied topic. Its main goal is to awaken a keen interest, which will lead to an independent understanding and assimilation of the subject, to motivate further search and creative understanding of additional educational information. An important role in achieving this goal is the use of information and computer technologies in the classroom.

The use of multimedia presentations in the form of a reference lecture notes, including a demonstration of slides, video clips with text comments, can improve the efficiency and quality of education through the introduction of new information technologies, to individualize and differentiate the learning process, to form an information culture of students, to develop the skills of independent information processing in the process of collective and individual work.

Very effective is the visual disclosure of the content of the rules with the help of schematic tables and figures, as this form of visibility stimulates cognitive activity and independence of students.

In the classroom, we widely use various options for using Microsoft Power Point. First of all, it is a demonstration of presentations in the study of new material: replacing the usual teaching Board, a pre-created presentation captures the attention of students on certain concepts and illustrations. Very effective is the visual disclosure of the content of the rules with the help of schematic tables and figures, as this form of visibility stimulates cognitive activity and independence of students. Moreover, a visual demonstration of the process in the construction of diagrams, tables or diagrams is almost impossible without the use of interactive whiteboard.

In practical classes in the Russian language, historical and literary disciplines, methods of teaching Russian language and literature is often practiced by students preparing presentations on the results of individual and group projects. This can be a presentation to accompany the report in the performance of tasks of independent or research work, the creation of photo albums as a report on the research conducted by a group of students in the framework of the project activities or a report on the passage of pedagogical practice. The

joint study of additional educational and scientific literature can also take the form of a presentation that will introduce the results of the group to the rest of the student mini-groups. It can be a discussion of works of art based on multimedia encyclopedias, scanned graphic images, etc.

Microsoft Power Point presentations are widely used to adjust and control knowledge. In conducting additional classes with students lagging behind also undoubtedly assist equipped computer classes that provide the opportunity to study the material on the basis of presentations. Working with testing systems and simulators also contributes to the assimilation of educational material.

Thus, the main purpose of using presentations in teaching philological disciplines is to increase the efficiency of students ' learning of educational information. Moreover, as experience shows, the systematic use of presentations in the educational process leads to the activation of mental activity of students, the emergence of a stable positive motivation to study the courses taught, improving the efficiency of the use of educational time. It is also important that multimedia training allows students to systematize knowledge, increases the level of understanding of information (presentations help to understand terms and concepts here and now), which significantly reduces the share of mechanical memorization of educational material.

The use of information and computer technology allows you to make the lesson more interesting and effective, and a huge flow of information – available. The main advantages of the PC over other technical means of training are flexibility, the ability to adjust to different methods and algorithms of training, as well as individual response to the actions of each individual student. It is easy and natural to implement training at an individual pace.

Today, to help teachers and students developed a rich Arsenal of e-learning tools, including a variety of audio-visual information. These electronic manuals provide special assistance to students of distance learning, under the guidance of a tutor engaged in the independent development of educational material.

In our opinion, the primacy in the use of modern information technologies (primarily computer) in education is gradually beginning to move to the Humanities. They are widely used high-quality electronic encyclopedias of the company "Cyril and Methodius", covering topics such as masterpieces of music, painting, architecture, etc. In the same series is the electronic version of the encyclopedic dictionary Brockhaus-Efron and other materials.

The role of information and computer technologies in the system of distance learning, in which the main means of communication, training and information transfer is the Internet, is undeniable. Developed in 1991, the Web-technology becomes the environment where the most natural and effective fit distance learning. The necessary teaching materials in print, video, audio form are uploaded to the University website, which provides feedback, monitoring and evaluation of tasks.

With the introduction of the electronic journal, full-time students also have the opportunity to get acquainted with all the educational and methodological support of the discipline in electronic form (this is not only syllabus, but also the texts of lectures, assignments and guidelines for their implementation, training presentations).

In the teaching of historical and literary disciplines, we widely use presentations on the comparative characteristics of various literary and artistic directions. Thus, in the course of foreign literature of the 17th century, students are invited to fill in tables comparing the philosophical and aesthetic features of the main literary directions of the studied era – Baroque and classicism, Baroque and Renaissance realism, classicism and Renaissance realism. Depending on the level of preparedness of the audience and on the stage at which these materials are used, students are offered a completed table for analysis or a partially completed table as a sample and material for further work. The next step in this task can be drawing Venn diagram. In this case, the use of computer technology is very effectively combined with the use of interactive teaching techniques, the importance of which has been repeatedly proved by the authors of numerous publications. In particular, A. Baibosynova rightly emphasizes that the use of active teaching methods can change the role of the teacher in the educational process: from "translator of information" he turns into an organizer and coordinator of the educational process, which contributes to the formation of students ' complex competencies needed in future professional activities [1, 2017, c.231].

When analyzing the features of critical realism in the course of the history of foreign literature of the 19th century, it is very interesting to compare the studied literary and artistic direction with modern and previous art schools. First, the filling of such interactive table are updated by the already familiar to students information about the characteristics of romanticism and enlightenment realism Second, it motivates students

to search for new information associated with features of the similarities and differences of literary elements directions the 18 – 19th centuries.

In the process of studying the practical course of the Russian language students prepared presentations on the following topics: "Complex sentence", "Meaning of the word. Polysemous words", etc. Active participation in the performance of tasks of this kind was taken by foreign students who made presentations "My family", "My friend", "Our University", "My winter holidays", "Learn Russian", etc.

In the course of lectures on methods of teaching the Russian language is used of the presentation of the "survey on the lessons of Russian language", "Working with text on lessons of the Russian language". Elective course "Spelling and punctuation" is based on the use of electronic textbooks "Spelling workshop in the Russian language" and "Phrase" (training program-simulator in the Russian language), providing significant assistance in the development of the discipline.

Work with electronic textbooks on the Russian language in the Kazakh Department of non-linguistic specialties shows how the attitude of students to the study of the Russian language changes: indifferent and even conflict develops into constructive. But the main thing – students have a strong interest in learning, deepens the level of understanding of educational information (superficial gives way to meaningful).

Thus, classes using information and computer technology have a number of undoubted advantages. By increasing interest in the discipline, such classes develop research skills, the ability to work in a group, open space for creative cognitive activity of students and fruitful cooperation of the teacher and students.

REFERENCES:

1. Baibossynova A.A. Peculiarities of interactive teaching and learning methods// Bulletin of KazNPU named after Abai's. Series "Philological Sciences". – 2017. № 1(59). – P. 226–232.
2. Kaysina A.V. Media as a means of activization of educational activity of students// Bulletin of peoples ' friendship University. – Series "Informatization of education". – 2009. No. 2. – P. 84–88.
3. Kosolapova S.A., Kalinovskaya T.G., Kosolapov A. I. Independent work of students in the implementation of the competence approach// International journal of applied and fundamental research. – 2010. No. 1. – P. 78–80.

УДК 81’271:81’276

Серікбаева А.
кіші ғылыми қызметкер, гуманитарлық ғылымдар магистрі,
РМҚК «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» ҚР БҒМ ҒК,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: sd_aizhan@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН ЖАҢА СӨЗДЕР

Аннотация. *Мақала қазақтілді виртуалды коммуникациядағы ағылшын тілінен енген жаңа сөздерге арналған. Жаңа сөздердің түрлері жайында айтылады. Әлеуметтік желіде қолданылатын жаңа сөздердің мағынасына тоқталады. Қазақтілді виртуалды ортаға ағылшын сөздерінің ену себебін қарастырады.*

Түйін сөздер: *виртуалды коммуникция, әлеуметтік желі, жаңа сөздер, қазақтілді орта, ағылшын тілі.*

Аннотация. *В статье рассматривается новые слова в казахской виртуальной коммуникации, заимствованые с английского языка. А также рассматривается типы новых слов и значения новых слов, используемых в социальной сети. Изучается причины заимствования английских слов в казахоязычную виртуальную среду.*

Ключевые слова: *виртуальное общение, социальная сеть, новые слова, казахский язык, английский.*

Annotation. *The article deals with new words in the Kazakh virtual communication, borrowed from the English language. It also discusses the types of new words and the meaning of new words used in the social network. The reasons of borrowing of English words in the Kazakh-language virtual environment are studied.*

Keywords: *virtual communication, social network, new words, Kazakh language, English.*

Кіріспе

Тілдің өміршеңдігі тілдің динамикалық қозғалысы арқылы да байқалады. Тіл әрдайым сыртқы және ішкі түрткіжайттар, қоғамдағы жайттар, өзгерістер, тілішілік даму, кері кету және т.б. есебінен дамып не өзгеріске үшырып отырады. Тіл білімінің ең көп өзгеріске үшырайтын, өзгермелі саласы лексика болып табылады. Адам өмірінде пайда болған кез келген жаңа зат не құбылыс, ұғым тілде көрініс тауып, лексикалық қорға барып жинақталады. Кейбір сөздер қолданысқа еніп жатса, кейбір сөздер қолданыстан шығып қалып жатады. Ал кейбір қолданыстан шығып қалған сөздер, қайта «тіріліп», өзінің бастапқы семантикасы айналасында не алшақтап кетіп, қайта қолданысқа енеді.

Жаһандану үдерісі кезінде технологияның қарыштап дамуына байланысты қоғамның түрлі салаларында алуан түрлі жаңалықтар, жаңартпалар, жаңа дүниелер, құбылыстар пайда болып жатыр. Қоғамда пайда болып жатқан құбылыстардың барлығы тілде көрініс тауып, тілде тіркеліп отырады. Интернетте, әлеуметтік желілер арқылы уақыт өткен сайын жаңа ұғым, жаңа тілдік бірліктер әлем тілдерінің барлығында пайда болып отыр. Мұндай құбылыс қазақ тіліне де әсерін тигізіп жатыр. Қазақтілді әлеуметтік желілерде ағылшын тілі арқылы енген жаңа сөздер қалыптасып келеді. Мұндай сөздерді интернет қолданушысы күнделікті өмірінде белсенді қолданып, виртуалды коммуникацияның негізгі сөздеріне айналып отыр.

IT технологияның дамуы қоғамда виртуалды коммуникацияның күшеюіне жол ашты. Виртуалды коммуникация кеңістігі күннен күнге реалды коммуникацияның орнын басып келе жатыр. Виртуалды коммуникация реалды коммуникацияның тілдік нормаларын өзерте алатындай әлеуетке иеленіп келеді. Виртуалды коммуникацияның тілдік бірліктері реалды коммуникцияда нормаға айналған тілдік бірліктерді ығыстырып, нормадан ауытқыған қолданыстар виртуалды коммуникция үшін «қалыпты» жайтқа айналып барады. Сонымен қатар виртуалды коммуникацияның қарқынды дамуы нәтижесінде интернет, әлеуметтік желілер арқылы уақыт өткен сайын әлем тілдерінің барлығында жаңа ұғым, жаңа атау, жаңа сөздер пайда болып жатыр. Мұндай құбылыс қазақ тіліне де әсерін тигізіп отыр. Қазақтілді виртуалды ортада ағылшын тілі арқылы енген жаңа сөздер легі күннен күнге артып барады, яғни қазіргі таңда неологизмдену үдерісі тілдің қолданысының дәл осы асында қарқынды жүріп жатыр. Мұның нәтижесінде қазақ тілінің лексикалық қоры түрлі тілдік жаңартпалар <лат. innovation>, жаңа сөздермен толығып келеді [1, 260].

Негізгі бөлім

Жалпы жаңа сөздерді тіл білімінде неология саласы қарастырады. Неология сөзін ғылыми айналымға термин ретінде алғаш рет француз лексикографы Л.С. Мерсье 1801 жылы енгізгенімен [2, 288], бірақ қазіргі таңда неология тіл білімінде жас сала деп қарастырылады, неология қоғамның белгілі бір даму кезеңінде тілде пайда болған жаңа лексикалық бірліктерді, яғни неологизмдерді зерттейді, Неологизм жиынтығы неология немесе неологиялық лексика деп аталады. Неология тіл білімінің саласы ретінде ғылыми терминологиясы мен ұғымдық аппараты қалыптасып келеді.

Неология саласында дау тудыратын мәселе – неологизмдердің түрлері.

Неологизмдерді мына белгісі: сөз формасы, номинация тәсілі, жаңашылдық дәрежесі және сөйленімге қатынасы бойынша бөледі. Сөз формасы бойынша неологизмдердің үш түрі кездеседі: лексикалық (жаңа ұғымдар мен заттарды анықтауға арналған жаңа сөздер), семантикалық (бұрыннан бар сөздердің жаңа мәнге ие болуы), фразеологиялық (жаңа сөздер бір-бірімен байланысты тіркестер) неологизмдер. Соның ішінде семантикалық неологизмдердің синонимдік қатары мынадай: неосемантизмдер, семантикалық инновациялар, семантикалық окказионализмдер, лексикосемантикалық неологизмдер, семантикалық жаңалық, неологизмдер мәні, неологизмдер-мәндер [3, 7]. Номинация тәсілі бойынша неологизмдерді: 1) жаңа сөздер, ұғымдар, тіркестер және 2) әдеби тілге енген дайын тілдік бірліктер деп бөледі. Жаңашылдық дәрежесі бойынша 1) күшті неологизмдер (нақты неологизмдер, абсолюттік неологизмдер) және 2) бұрыннан белгілі сөздер, ұғымдар жаңа қолданысқа ие болған, актуалданған немесе жаңа салада таралған салыстырмалы немесе функционалдық неологизмдер.

Э.А. Тугуз сөйленімге қатысты неологизмдерді узуалды және узуалды емес (окказионалды) деп екіге бөледі. [4, 36]

Қазақ тіл білімінде Р.Сыздық [5, 359] окказионалды сөздерді жаңа сөздер, ұғым атауына жатқызбайды. Себебі окказионалды сөздер ол автордың жеке қолданысы, жеке шығармашылық нәтижесінде пайда болады. Осы тұста біз Р.Сыздықтың ұстанымымен келісеміз.

Неологизмдердің пайда болуын дәстүрлі түрде үш негізгі тәсілге бөледі:

1) шет тілінен енген сөздер, сондай ақ әдеби тілге енбейтін ауызекі сөйлеу тілі элементтері, аумақтық диалектілер, кәсіби және әлеуметтік жаргондар және т.б.; 2) қосымша жалғау арқылы жасалған тілдік бірліктер 3) тілде бар атаудың (ұғымның) семантикалық мағынаға ауысуы.

Мақаламызда виртуалды коммуникацияда жиі қолданылатын ағылшын тілінен енген жаңа сөздерді қарастырамыз. Ағылшын тілінен енген сөздердің мағынасы Oxford Dictionaries [6] сөздігінен алынды.

Apple Pay – Apple Inc ұялы төлем және сандық әмиян қызметі.

e-commerce бөлімі – интернетте тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату бизнесі бөлімі.

Playstation – теледидарда ойын ойнау үшін пайдаланылатын мәшина брендінің атауы.

PR маман (A public relations specialist) – қоғаммен байланыс жөніндегі маман – қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасайтын және қолдайтын көптеген функцияларды басқару және ұйымдастыру үшін жұмыс жасайтын жеке тұлға.

Push – қоңырау (Push – the bell) – деректер жеткізушіден тұтынушыға дейін берілген параметрлер негізінде келіп түскен кезде Интернетте ақпаратты (контентті) тарату тәсілдерінің бірі.

Айтишник (IT specialist) – ақпараттық технология мамандары көбінесе «АТ маманы» деп аталады, компьютерлермен және интернет желілерімен әртүрлі параметрлерде жұмыс істейді.

Ақпараттық қауіпсіздік (Information security) – ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан, әсіресе электронды деректерді немесе оған қолжеткізу үшін қолданылған шаралардан қорғалған күй.

Биг Дата (Big Data) – адамдардың мінез-құлқымен және өзара әрекеттесуімен байланысты заңдылықтарды, үрдістер мен қауымдастықтарды анықтау үшін есептеулер арқылы талдануы мүмкін деректердің өте үлкен массивтері.

Блокчейн (Blockchain) – биткоин немесе басқа крипто-валютада жасалған транзакцияларды жазу жүйесі бірнеше компьютерлерде жүргізіледі.

Бот (Bot) – 1. (ең алдымен ғылыми-фантастикалық) робот. 2. Желілердегі (әсіресе Интернеттегі) автономды бағдарлама жүйесі немесе пайдаланушылармен өзара әрекеттесе алатын әсіресе кейбір бейне ойындарда ойыншы сияқты әрекет етуге арналған.

Браузер (Browser) – жарияланымдар немесе веб-сайттар арқылы немесе сатуға арналған тауарларға кездейсоқ қарайтын тұлға.

Видеоконтент – бейне пішіміндегі мазмұн, фильм немесе бейнематериал; сайттарда сақталатын немесе желі арқылы берілетін бейне файлдар.

Видеоөнім (Video production) – бейне материалдарды шығару процесі 1. кинескоп түтігін суретке түсіру арқылы жасалған телевизиялық өндірістің кинофильмі 1.1 бейне таспаны жазу. Бейне және аудионың компоненттерін жазу (әсіресе фильм немесе теледидар бағдарламаларын жазу).

Дезинформация (Disinformation) – адастыруға арналған жалған ақпарат, әсіресе бәсекелес билікке немесе БАҚ-қа қарсы үкіметтік ұйым тарататын насихат.

Дрон (Drone) – қашықтан басқарылатын ұшқышсыз ұшақ немесе зымыран.

Еріктілер (Volunteers) – 1. кәсіпорынға қатысуға немесе өзіне міндет алуды еркін ұсынатын тұлға. 2. мекемеде ақысыз жұмыс істейтін адам.

Инет (Inet) – байланыстың стандартталған хаттамаларын пайдаланатын өзара байланысты желілерден тұратын, әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қамтамасыз ететін ғаламдық компьютерлік желі.

Кампинг (Camping) – демалысты шатырда өткізу.

Киберқауіпсіздік (Cyber security) – компьютерді немесе компьютерлік жүйені (Интернеттегідей) рұқсатсыз кіруден немесе шабуылдан қорғау үшін қабылданған шаралар.

Кликбейт (Clickbait) – (Интернеттегі) мазмұнының басты мақсаты келушілердің назар аударту және нақты веб-бетке сілтемеге басуды ынталандыру болып табылады.

Коммент (Comment) – пікір немесе реакцияны білдіретін ауызша немесе жазбаша ескерту.

Лайк саны (Likes) – (әлеуметтік медиа контексінде) белгілі бір белгі немесе сілтеме арқылы көрсетілетін біреуді немесе біреуге мақұлдау немесе қолдау көрсету туралы нұсқау.

Нюанс (Nuance) – мәннің, сөйлеудің немесе дыбыстың нәзік айырмасы немесе көлеңкесі.

Онлайн кеңестер немесе электрондық консультациялар (Online consultation or e-consultations refer) – бұл үкімет пен азаматтар арасында Интернет арқылы ақпарат алмасу. Бұл интернетте талқылау нысандарының бірі.

Подкаст (Podcast) – компьютерде немесе мобильді құрылғыда жүктеу үшін интернетте қол жетімді сандық аудио файл, әдетте жазылушылар арқылы автоматты түрде жаңа сериялардың алуға болады.

Портфолие (Portfolio) – 1. Суреттер немесе карталар сияқты бос парақтарға арналған үлкен, жіңішке, жазық корпус. 1.1 Адамның әлеуетті жұмыс берушіге қабілеттілігін көрсетуге арналған шығармашылық жұмыстардың жиынтығы. 1.2. Потенциалды жұмыс берушіге көрсетілетін үлгі немесе актердің суреттерінің әр түрлі жиынтығы.

Репост (Repost) – бір ресурстағы кез келген хабардың қайта жариялау посты.

Респект (Respect) – біреудің қабілеттеріне, қасиеттеріне немесе жетістіктеріне байланысты бірдеңеге терең таңдану сезімі.

Сегмент (Segment) – 1. бөлінуі мүмкін бір нарсенің бөліктері.1.1.Радиода немесе теледидарда нақты хабар тарататын элементке бөлінген уақыт бөлігі.

Сетевиктер (Networkers) – 1. үйден немесе сыртқы кеңседен компьютерлік желі арқылы жұмыс жасайтын тұлға. 2. Кәсіби немесе әлеуметтік байланыстар желісін пайдаланып, өз мансабын жалғастыратын адам.

Скроллинг (Scrolling) – әр түрлі бөліктерді көру үшін компьютер экранының жоғары, төмен немесе көлденеңінен көрсетілетін мәтінді немесе графиканы жылжыту әрекеті.

Смарт-сағат (Smart watch) – білекке киюге арналған сенсорлы дисплейі бар мобильді құрылғы.

Спикер (Speaker) – 1. сөйлейтін адам1.1 сөз немесе дәріс оқитын адам; 1.2 әдетте модификаторлар немесе комбинациясы бар, белгілі бір тілде сөйлейтін адам.

Срач (Shitstorm) – (вульгарлы сленг) Зорлық дау туындаған жағдай.

Стартап (Start-up) – әрекет немесе бір нәрсені қозғалысқа келтіру процесі.

Стикер (Sticker) – жабысқақ жапсырма немесе хабарлама, әдетте басып шығарылады немесе суреттеледі.

Супер қаһарман (Super hero) – супермен сияқты аса күшті күштермен лайықты фантастикалық сипат.

Таргет жарнама (A targeted ad) – интернеттегі маркетингтегі мақсатты жарнама, нақты демографиялық, топ немесе жеке адам болуы мүмкін нақты аудиторияға қызмет етеді.

Телеөнім (TV product) – телевизиялық станция және оның бағдарламалары

Тренд (Trend) – бір нәрсе дамитын немесе өзгеретін жалпы бағыт.

Троллер (Troll) – әдейі қорлайтын немесе арандатушы пост онлайн жасайтын адам.

Факт чекинг (Fact-check) – фактілерді тексеру мақсатында тексеру.

Фейк ньюс (Fake news) – жаңалық болып көрінетін жалған оқиғалар интернетте немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып таратылады, әдетте саяси көзқарасқа әсер ету үшін әзіл ретінде құрылады.

Фоллоуер (Follower) – белгілі бір тұлғаны немесе идеялар жиынтығын қолдайтын және мақтан ететін тұлға.

Фрилансер (Freelancer) – бірнеше жерде жұмыс істейтін адам.

Фронт – офис (Front office) – кәсіпорынның немесе басқа ұйымның бас әкімшілік кеңсесі.

Хайп (Hype) – агрессивті және интрузивтік жарнама, оның мақсаты тұтынушылық преференцияларды қалыптастыру болып табылады.

Чатбот (Chatbot) – адамдармен, әсіресе интернеттегі адамдармен әңгімелесуді модельдеуге арналған компьютерлік бағдарлама.

Челлендж (Challenge) – блогер бейне камерада тапсырманы орындайтын және желіге орналастыратын онлайн бейнелердің жанры, содан кейін бұл тапсырманы өзінің таныстығына немесе шектеусіз қолданушылар тобына қайталауды ұсынады.

Келтірілген мысалдар қазақтілді виртуалды ортада белсенді қолданылатын сөздер тізіміне еніп отыр.

Қорытынды

Қазіргі таңда виртуалды коммуникацияда жаңа сөздердің легі ағылшын тілінен еніп отыр. Ағылшын тілінен енген сөздердің белсенділігі артып келеді. Ағылшын тілінен жаңа сөздердің көбі аударылмай сол қалпында қазақтілді виртуалды ортаға еніп жатыр. Себебі қазақ тілінің лексикалық қорына ағылшын сөздерінің енуі жаһандану үдерісі жылдам жүру нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Қазақтілді виртуалды ортаға еніп жатқан жаңа сөздердің басым бөлігі жоғары технологияға байланысты пайда болып жатқан атау, ұғымдар екені байқалады. Виртуалды коммуникцияның бір ерекшелігі ауыл және қала лексикасы деген ұғымдар арасындағы шегараны «бұзып», әлеуметтік аспектіде екі әлеуметтік топтың (ауыл және қала) лексикасын үйыстырушы (консолидацирующий) қызметін атқаруда, яғни ауыл және қала тұрғындарына интернет лексикасы ортақ, түсінікті болып табылады. Бұл қазіргі таңда тілде орын алып жатқан құбылыстың біріне айналып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Фазылжанова А., Серікбаева А. Қазақтілді виртуалды ортаның тілдік ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі (Астана), 2018. №3 (58), С. 260-263.
2. Липатов А.Т. Лексикографическое наследие В.И. Даля и современная отечественная неология. // Владимир Даль и современная филология: Материалы Международной научной конференции. – Н. Новгород, 2001. Том I.
3. Котелова Н.З. Первый опыт лексикографического описания описания русских неологизмов // Новые слова и словари русских слов.— Л.: Наука, 1978, С.5–26.
4. Тугуз Э.А. Лингводискурсивные особенности неологизмов в спортивном дискурсе (на материале английского языка). Дисс. ...к.филол.н. Краснодар, 2014, 271 с.
5. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014, 410 б.
6. Oxford Dictionaries. https://en.oxforddictionaries.com

Совет Е.
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс докторанты,
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ,
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы
Erxanat.sovet.86@mail.ru
Ғылыми кеңесші: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Қожағұлов С.Қ.**

С. БАҚБЕРГЕНОВТІҢ ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНДАҒЫ «ҚАН ТОЗАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР МЕН ТЕРГЕУШІ БЕЙНЕСІ

Түйіндеме: *Мақалада детектив жанрының теориясы, оны зерттеген галымдар, детектив жанрының түрлері жайында сөз қозғай келіп, Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы детектив жанрындағы прозалық туынды екендігі айтылған. Т. Кестхейннің «Анатомия детектива» еңбегіндегі детективтерді бірнеше топқа жіктеген. Соған сәйкес «Қан тозаң» романы тарихи детектив екендігі дәлелденген. Негізгі бөлімінде көркем туындыдағы тергеуші, із кесуші, қылмыскер, тыңшы бейнесіндегі кейіпкерлерге анықтама берілген. Сол бойынша тергеуші Мұқан Бертаев пен Афанасий Иванович Сорокиннің зеректігі, мейірімділігі, адами құнды қасиеттері суреттелген. Сонымен қоса, романдағы тыңшы-қылмыскер М. Майдель, Н. Жаванов, Р.Сенсуова, М. Майзельдің бейнелері жан-жақты талқыланып, талай жылғы жасалған құйтырқы әрекеттері мен қылмыстары ашып көрсетілген.*

Түйінді сөздер: *детектив, тергеуші, із кесуші, тыңшы, қылмыскер, шытырман оқиға.*

Аннотация: *В статье по произведению Саурбека Бакбергенова «Қан тозаң» поднимается проблема теории детективного жанра, исследовательская работа ученых, разновидности детективного жанра. Роман в жанре детектива как прозаическое произведение. Т.Кестхейн в своих трудах «Анатомия детектива» классифицирует детектив на несколько групп. Согласно этому, роман «Қан тозаң» относится к группе исторических детективов. В основе литературного произведения образам следователя, сыщика, преступника, шпиона дана яркая характеристика. Поэтому следователи Мукан Бертаев и Афанасий Иванович Сорокин в романе мы видим людьми внимательными, доброжелательными, с высоким человеческим потенциалом. Образы шпионов- преступников М.Майделя, Н. Жаванова, Р.Сенсуова, М.Майзеля показаны с разных сторон, их многолетняя шпионская деверсия и преступная деятельность полностью раскрыты.*

Ключевые слова: *детектив, следователь сыщик, шпион, преступник, остросюжетные события.*

Annotation: *In the article on the work of Saurbek Bakbergenov, "Kan Tozan", are raised the problems of the detective genre theory, the research work of scientists, and a variety of the detective genres. The novel is found as a prose of detective genre. In the novel "Detective Anatomy" the writer T.Kestahein classifies the detective story into several groups. According to this, the novel "Kan Tozan" belongs to the group of historical detectives. A vivid characteristic is given for the main characters of the novel, investigator detective, criminal and spy. Therefore, the investigators Mukan Bertaev and Afanasy Ivanovich Sorokin was described as attentive, friendly persons with high human potential. Characters of spies-criminals M. Maidel, N. Zhavanov, R. Sensuov, M. Maisel are shown from different sides, their many years of espionage deviation and criminal activities are fully revealed..*

Keywords: *detective, investigator, detective, spy, criminal, action events.*

Қай заманда да адамзат баласы табиғаттың түсініксіз тылсым дүниесін, жұмбақтың құпиясын шешуге құмартқан. Ал, жұмбақтарды шешіп, шытырман оқиғалардың шатасқан иірімдерін тарқату ойы терең, ақылы алғыр, байқампаз адамның ғана қолынан келген. Адам баласының ақыл ойының арбасуы, бірі айласын асыруы, енді бірінің айланың алдын алуы немесе айқындауы көркем әдебиетте детектив жанрын құрады.

«Detect» сөзі ағылшын тілінен аударғанда ашу, айқын ету деген мағынаны білдіреді. Детектив дегеніміз–қылмысты ашу процесін бейнелеу.[1,102] Демек, құпияның белгісіздік сырын әшкерелеу. Детектив – қазақ әдебиетінің проза саласында аз зерттелген, кенже қалған жанрдың бірі. Оған басты себеп ретінде әдебиеттанушылар тарапынан бұл жанрға мән бермеушілік пен батыстық әдебиеттің жемісі деп түсінушілікті айтуға болады. Зерттеуші С. Динамов детективті «буржуазиялық қоғамның негізінде қалыптасқан жалғыз жанр» дейді. [2,23] Үлкен Кеңес энциклопедиясында (1952) жанр туралы: «...авантюралы шытырман оқиғалы әдебиеттің бір түрі. Детективті әдебиеттің негізі көбінесе қайырымды із кесушінің қылмыскер ізін аңдып, көптеген оқиғалардан соң табысқа жетуімен, яғни бржуазиялық өмір салтының үстемдігінің көрінісімен аяқталады», – делінген. [2,23]

Қылмыс тақырыбы әдеби шығармалар бетінен ерте кезден -ақ орын алған. Қылмыс туралы ертедегі аңыз –хикаялардың негізгі мазмұны әлдекімнің істеген нәрсесі үшін одан кек алу, зұлымдықтың жазасын тарттыру айналасында болған. Осылайша детективтің түпкі тамыры тым әріде жатса да, ол нағыз жанр ретінде өзін мойындата білген деген әр қилы қалыптасу сатылары мен даму жолдарынан өткен. [1,103]

Детектив табиғатын түсіндіруге талпынған ғалымдардың арасында жанрдың генеалогиялық ерте дәуірдегі әр халықтың әдеби ескерткіштері мен библиялық миф аңыздарынан табылатын протоэлементтерімен байланыстырады деген концепция қалыптасқан. Оның тамыры трояндықтардың Еленаны ұрлап алып кеткен оқиғасында жатыр дейтін пікір де кең тараған.

Ғылым дамыған сайын адамзат баласының ойлау деңгейі тереңдеп, дами түседі. Адамның ойлау деңгейі артқан сайын қылмыс шытырманы қиындайды. Осындай күрмеуі қиын істердің жұмбағын шешу оңай шаруа емес. Соңдарынан шам ала түсетін із кесушілерге айлакерлерден асып түсетін қырағылық пен үшқыр ой керек.

Ой – Алла тағаланың тіршілік иелерінің ішінде адамзат баласына берген ерекше сыйы. Ой ізін жасыруға тырысқан қылмыскерде де, қылмыскерді жазалаушы із кесушіде де бар. Демек, ой-жақсылықтың да, жамандықтың да анасы.

Қазақтың ұлы философы Абай Құнанбаев: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиесті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», –деген. Детективті прзада із кесуші немесе тергеушіде ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек бар да, қылмыскерде күш–қуат пен логикалық ойлау болғанымен, мейірімділік жоқ. Әлемнің екінші ұстазы Әл – Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім–адамзаттың қас жауы», – деген. Осыдан келіп, қай заманда да қатыгездік – тәрбиесіздіктен болатыны хақ деген түжырым жасауға болады.

Детектив жанрында алғаш қалам тербеген Эдгар По деп есептелінеді. Оның 1840 жылдары жазылған туындылары жанрдың іргетасын қалады деседі. Алайда, детектив элементтері одан да бұрынғы авторлардың туындыларында кездесіп отырды. Мәселен, Уильям Годвиннің 1794 жылы жазылған «Калеб Вильмстің бастан кешкендері» романы әуесқой-ізкесушінің бейнесін көз алдымызға келтіреді. Сонымен бірге, Э.Видоктың 1828 жылы жарыққа шыққан «Жазбалар» туындысы да детектив жанрының озық үлгілерінің қатарынан табылады. Алайда, әдебиет жазушы Еремей Парновтың айтуынша алғаш рет нағыз ізкесуші бейнесін жасаған ол – Эдгар Аллан По болды. Оның атақты «Морг көшесіндегі кісі өлімі»туындысындағы Дюпен бейнесі, одан келіп Шерлок Холмс, Браун, Лекок және мистер Каффаның ұмытылмас образдары туындады. Нақ сол Эдгар По сюжетке алғаш жеке ізкесуші мен қауіпсіздік қызметкерін қатар қосады. Мұнда әрине жеке ізкесуші әрдайым жоғарғы орыннан көрінеді.

Детектив жанры Англияда У.Коллинздың «Ақ киімді әйел» және «Айлы тас» романдарынан кейін кең танымалдылыққа ие болды. Ал жалпы детективтің алтын ғасыры болып XX ғасырдың 30-70-жылдары саналады. Осы кезеңде А.Кристи мен Ф.Бидингтің туындылары жарыққа шыға бастады. Олар өз кезегінде жанрды одан әрі дамытты. Батыс зертеушілері детектив жанрын өзіндік сипатына байланысты топтастырып келеді. Т. Кестхейн «Анатомия детектива» еңбегінде детективті мынадай топтарға саралайды:

Жұмбақ детектив және құпия (Конан Дойл);
Тарихи детектив (Д.Карр);
Әлеуметтік детектив (Д. Сейерс);
Полиция туралы хикая (Эдгар Уоллес);
Реалистік детектив (С. Денил Хэемметт);
Әдеби детектив (Жорж Сименов) .[3, 177]

Осының ішіндегі тарихи детектив – детективтік интрига арқылы жазылған тарихи туынды. Өткен күндерде болған немесе осы күні тексеріліп жатқан өткен күн оқиғасы суреттеледі. Эко Умбертоның «Роза есімі», Агата Кристидің «Өлім соңында келеді» немесе «Бес торай» туындылары тарихи детектив.

Ал қазақ әдебиетінде детектив жаныры аңыз – әңгімелер, ертегілерден бастау алады. Бишешендердің қылмысты, дауды шешудегі тапқырлықтарын нағыз кемеліне жеткен із кесушілерге жатқызуға болады. С.Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит», М. Әуезовтің «Бүркітші» шығармаларында детектив сарыны кездеседі. Қазақ әдебиетінде «детектив жанрының жақұты» аталған Кемел Тоқаевтың Шығармаларын тілге тиек етеміз. Өзіміздің Отандық детектив жанры туралы орнықты көзқарас

еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шындап орныға бастады. Жанрдық ерекшеліктері мен өзіндік сипатын, қазақ прозасындағы орны мен дамуын, күнгейі мен қалтарыстарын, болашақтаға көкжиектерін зерделеген мақалалар көптеп жариялана бастады. [2,23.]

Коллективті өмір үрдісін ұсынған кеңестік идеологияға жекеменшіктің қайсы түрін насихаттау болса да қайшы келгендіктен, әдебиеттің мұндай үлгілерінің табысқа жетуі нәтижесіз болған. Осындай көзқарастардың салқыны кеңестік кезеңде жарық көрген көптеген туындыларға да ықпалын тигізді, көркем туындының өзіндік шығармашылық ерекшелігінің танылуына мүмкіндік бермеді. Сондай танылмаған, оқырманға беймәлім күйде қалған шығарманың бірі – Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы еді.

Осы еңбектерде жанрдың халық шығармашылығындағы көріністері, қазақ прозасындағы нышандары, соңғы жылдардағы табыстары айтылғанымен, әлі күнге дейін Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» туындысының осы жанрлық түрге қосқан үлесі, қазақ детективінің алғашқы романы екені айтылмай келеді.

Демек, Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы–тарихи детективке жатады. Роман үш бөлімнен тұрады және әр бөлім бірнеше тараудан құралған. Тарау аттарының өзі сюжеттік оқиғаның құпиялылығымен, жұмбақтығымен және шытырман бір жайытқа қатысты екендігімен назар аудартады. Мысалы: «Шытырман сұрақтар», «Құпия кімдікі», «Түнгі қарауыл», «Жаңа жұмбақ» және тағы басқалары. Бұдан байқалатын әр тараудың өзі бір құпияның шешіміне жетелеп, оқырманын жұмбақтың сырына бойлатып отырады.

Жанры жағынан – тарихи детектив. Себебі, тергеуші әрі тарихшы Мұқан Бертаев Тентек көшесі нөмірі 13 үйдегі табылған заттардың кімге тиесілі екенін тергеу барысында өткен күнде болған, ашылмай қалған қылмысты зерттеп ашады.

Детективтің жанрлық түрлерінің соншалықты молдығы оның кейіпкерінің де ерекшелігін талап етеді. Образ жасаудағы детективтің қандай ерекшелігі бар, кейіпкердің саны шектеулі ме? Осы сұрақтар төңірегінде қарастыратын болсақ, детективте нақты мынадай образдар бейнеленеді:

Із кесуші – тергеумен айналысатын кейіпкер. Із кесуші әр түрлі адам бола алады: қауіпсіздік қызметкері, жеке із кесуші, туысқандар, достар, зардап шегушінің танысы, кейде тіпті кездейсоқ адам т.б.

Сәуірбек Бақбергеновтің детектив жанрындағы «Қан тозаң» романындағы басты кейіпкері – шекара сақшылары да, чекистер де емес, қауіпсіздік комитетінің қызметкері – Мұқан Бертаев. Міне, осы тергеушінің ізденіс сапары мен жол барысындағы ой – толғамдары, әр түрлі құбылыстар мен адамдардың іс–әрекеттері туралы аналитикалық талдаулары осы романның сюжеттік желісін құрайды.

Адамдарды тани білетін ойы үшқыр генерал Манап Төлеуов өз кабинетінде қабылдаған Мұқан Бертаевқа берген мінездемесі романда былай суреттеледі: «Амандықтан соң алдында қырындап отырған балаң жігіттің өңіне, тосын кісі алдында өзін-өзі ұстауына бағыныштыбасшы адам алдында отырған шағындағы кескін келбетіне, іштен шығып, кейде тура бетке шабатын көңіл дүниесіне, ондағы құбылысына, оның тебініп түрған жас жігеріне зер салып, зерттей қараған. Алғашқы әмән да алдамшы келеді. Дегенмен, жас жігіт балаңдығына, мына ортаға жаңа келгеніне қарамай сабырлы, ой тоқтатқан адамға ұқсады. Орта бойлы дембелше, әрі шымыр, әрі мығым. Қимылы жай. Сөзі баяу». [4, 9]

Манап Төлеуовтың тапсырмасымен Мұқан Бертаев Қосаралдағы Тентек көшесі нөмері 13 үйден табылған қағаз, мыс, күміс, алтын ақша құпия карта, екі жүз оғымен екі маузердің кімге тиесілі екенін анықтауда сол өңірдің шекарашысы Андрейдің, шопан Жарболдың, Николай Ширяевтің әңгімелерінен ақпарат жинап, Семей, Омбы, Ташкент, бүкіл Орта Азия республикаларының архивтерін ақтарып, құжаттарды жинақтап, табылған деректерге талдау жасайды. Ақыры Тентек көшесі нөмірі 13 үйден табылған заттар Иван Майдельге тиесілі екенін және оның бүкіл шеттегі қызметтерімен таныс болады.

Романның «Шындық таласта туады» бөлімінде кеңеске түскен үш-төрт адамның тергеу бойынша сұрақтарына нақты, анық, тәпіштеп сенімді түрде жауап бергеніне бастығы генерал Манап Төлеуов риза болады.

Мұқан Бертаевтің байқағыштық қасиеті «Құрмет тақтасындағы сурет» бөлімінде суреттеледі. Туфлиі жыртылып етік шеберханасына барып, аяқ киімін жөндетіп шығып бара жатқанда, құрмет тақтасында түрған суреттегі адамды біреуге ұқсатады. Көзі алдамапты. Ол сурет соғыс кезінде із-түзсіз жоғалған Чобанов деген жасырын атпен жүрген қылмыскер Н. Жаванов екенін анықтайды. Басында өзіне жақсылық жасаған, құрмет тақтасында түрған Човановты жамандыққа қимады. Алайда, өкінішке орай тергеу нәтижесі Човановтың адам қанын мойнына арқалаған қылмыскер Н. Жавановтың өзі

боп шығады. Мүқан Бертаев осының бәрін анықтағанда жеркеніштен Н. Жавановтың жөндеп берген туфлиін шешіп лақтырып жібергісі келді. Осыдан Мүқанның жамандыққа жаны қас адам екенін білуге болады.

Романда тағы бір тегеуші – Афанасий Иванович Сорокин. Ол– бұрынғы офицер. Көп жылдар армияда қызмет еткен. Бірақ отставкада болса да, ел тыңдайтын беделі бар жігіт. Сороки өлген Иван Майдель емес, подпоручик Романовский екенін сол кезде анықтаған болатын. Сорокин жауап алу кезінде Гэда Павловнаның аузынан «Хауа» деген сөзі оқыстан шығып қалғаннан күдіктенеді. Кейін қабірді ашып, өлген Майдель емес Романовский екенін анықтайды. Алайда ер адам әйел адамның әдемілігінің алдында әлсіздік танытады. Сорокиннің бастығы Страхов Гэданың сөзін сөйлеп шыға келеді. Бұл оқиға романның «Өлген кім? Кеткен кім?» тарауында Сорокиннің шекарашы Николай Ширяевқа айтқан сөзімен былай беріледі:

– Мәссаған. Әлі баласың. Көрмейсің бе, қаншық көрген төбеттей боп, Страхов әйелдің әуеніне төңкеріліп отырған жоқ па? Сол әйелдің сөзіне қарап, сені де жазаламақ. Себебін тауып Майдель екенін дәлелдемесем, мені де жазалаудан қашпайды, бұл нағыз иттер ғой. [4, 62] Ол солай да болады. Сорокин Майдельдің өлігін ашқызғаны үшін Страхов оны карцерге салып қояды да Майдель (Романский) жерленген жерді күзетке алғызады.

Сорокиннің сертке адал адам екені архивтен табылған 1920 жылы мамыр айында Ширяевке жазған хатынан байғауға болады. Бұл хатта Ширяевке берген уәдесі бойынша қылмысты ашқанын, әлі де мүмкіндік болса тергеу жүргізетіндігі айтылған.

Ал, романдағы И. Майдель, Н.Жаванов, Р.Сенсуова, М.Майзельдер кім? Бұлар – ақылды да алғыр, әккі қу тыңшы-қылмыскерлер. Иван Майдель 1895 жылы Балтық бойында, Данцигте туған. Ақ патша Армиясының офицері. Россияның шығыс шекарасында қызмет істеген. 1920 жылдың аласапыраны кезінде қайда кеткені белгісіз.

Майтіл-паша көп уақыт Қашқарда Англия мен Германия барлау орындарында өте көп қызмет көрсеткен. Жай тыңшылық қана емес, талай-талай жорықтарға, баспаншы топтарына қатысып бүлдіру әрекеттерін жүргізген. Кейін Ауған жерінде боп, Бальдур Майзель деген атпен Англия барлаушыларының тапсырмаларын орындаған.

Штабс-капитан Иван Майдель өз мақсатына жету, арам пиғылының ізін жасыру үшін адам қанын мойнына жүктеу– түкке тұрғысыз іс. Подпоручик Романовскийді бетін кісі танымастай етіп талқандап, өз киімін кигізіп, қалтасына құжаттарын салып кетеді. Шекарада кездескен Жарбол мен Николай Ширяевті мылтықпен жаралап, Хауа деген әйелмен Қашқарға өтеді. Сол жақта жүріп тыңшылық әрекеттерін жүзеге асыру үшін қазақ, өзбек тілдерін еркін меңгереді, шашын алып, сақалын өсіреді. Тіпті сүндетке де отырады. Шығыс халықтарының дінін, салт-дәстүрін толық зерттейді. Консуль Эссертонның сынап берген қомақты ақшасымен Хауамен бірге қашып кетпей, айтқанын істеп сыр алдырмайды. Майдельдің асқан мергендігі романда әйелі Гэда тергеуші Сорокинге берген жауабында:

– Шын ба, көргенің? Қателесіппін, мүмкін бекер шығар деп айта алмайсың ба? Ол шын Майдель болса саған оқ дарыта алмауы мүмкін емес. Ол өмірі бір нысанаға екі оқ атпаған, қылдың үстінде отырған бүргеге оқ дарыта білетін мерген емес пе еді. Саған екі оқ тиген де, қойшыға атылған екеуі де далаға кеткен. Бұл да күдік,[4, 59] – дейді. Үнемі сақ жүретін Майдельдің Қашқардағы тыңшылық іс әрекеттері жиырмасынша ғасыр отызыншы жылдардағы Ала аяқ сойқанына қатысуы, соғыс басталар кездегі зымияндық пиғылдары, сонымен қатар штабс – капитанның өзі қатыспаса да, оның ықпалы болған бірнеше оқиғалардың куәгері болады. Мысалы: Атаман Аненковтың қырғыны, баскесер Ергештің жорықтары, әнші Әсет трагедиясы, Ақтентек оқиғасы. Майдельдің тыңшылық сапары Қашқардан Түркияға дейін жалассады.

Романда аяушылық сезімінен ада, қатыгез, баскесер Ергеш сомдалады. Ергеш– Майтіл-пашаның (Майдель) Хауа арқылы тапқан қолшоқпары. Оған айналада болып жатқан саяси ойындар қызық емес. Ақша болса болғаны. Өмірдің мәні ақша мен күш деп ойлайды. Майтіл-пашаға қолынан ісі келетін, жақсылықты да, жамандықты да істейтін, қызба, атаққұмар, тұрақсыз, бастысы ақылдан кенделеу Ергеш таптырмайтын адам. Егер ойлы, сезімтал болса, түпкі жасырын ойды біліп отыруы мүмкін. Алайда тым ақылсыздау емес, айлалы, аяғын аңдып басатын адам. Әділдікті күш деп білетін, Құдайдан да қорықпайтын, жауыз Ергеш романда өзі жайлы:

– Мен қоқан даткаларынан, бай мен манаптан, ақ патшаның сары ала шекпен киген ченовниктерінен сан рет қорлық көрген адаммын. Адам өлтіргенім үшін өлім жазасына кесілгенмін. Маған бай дүре

соққан. Менің арқама датка қыздырып темір басқан. Бір манап менің жон арқамнан қамшылық таспа тіліп алған. Ханның бас алғыштары тілімді кесіп алмақ болғанды «Құдай бір, пайғамбар хақ» деп қақсап түрып алдым. Жүз рет мың рет қайталадым. Хан не істерін білмей, өкімін тоқтатып зынданға қайта салды. Содан қашып шыққаныма төрт апта,[4, 115]-деп Майтілге әңгімесін айтады. Ергештің қолына қару түссе, бірінші ісі өзін жазалағандардан кек алмақшы. Бірінші ниетте өз мүддесіндегі қылмысты істемек ойда. Сонан кейін ғана берілген қылмыстық тапсырманы орындамақ. Сол үшін өзі тектес түрмеден қашқан адамдардан жасақ құрып, тапсырмаларды орындайды.

Романда журналист ретінде Алматыға Геманиядан келген тыңшы Мартин Майзель образы сипатталады. Мартин Майзель 1932 жылы, Анкарада Англия елшісінің қорасында туған. Әкесі–отыз жеті жасында көрген перзенті. Мартин Майзель Анкарады, одан соң Стамбулда, кейін Батыс Германияда білім алған. Мамандығы –журналист. Бір қызығы осы Мартин Майзельдің әкесі – Иван Майдель.

Мартин Майзель журналис атын жамылып, 1941 жылы 22 мамыр күні шекарада болған оқиғаны, Тентек көшесі нөмірі он үшінші үйді және ондағы қалған заттарды білмек болып келеді. 1941 жылы 22 мамыр күнгі оқиғаны шекарашы Андрей Николаевич тергеуші Мұқан Бертаевқа айтқан болатын. Сол күні шекарадан екі адам арғы бетке өтпек болған. Алайда қаша алмады. Бастығы құтылмасын біліп, өзінің серігін және өзін атып өлтіреді. Қолдарынан сол өңірдің картасы табылады. Бірақ қандай мақсатта аспақ болғаны белгісіз күйінде қалған. Оыз жылдан соң Мартин Майзельдің Райса Сенсуоваға айтқан әңгімесі бойынша кемінде екі не үш агент Тентек көшесі нөмірі он үшінші үйдің шатырындағы заттарды алып Бескөл қақпасынан өтіп, жуық арада соғыс басталатындығы туралы тыңшыларға хабар беруі керек болға. Мартин Майзель сол оқиғаның немен біткенін білу үшін, Қашқардан келген Райса Сенсуованы пайдаланады. Райса Сенсуова арғы беттен өту үшін советтік паспорты бар Қарабаевқа тұрмысқа шығады. Қазақстанға өткен соң күйеуінен құтылу үшін түрлі әрекеттер істейді. Кейін белгісіз себептермен күйеуі қайтыс болып, өзінің Сенсуова фамилиясына қайта ауысады. Бір баласы бар. Жұмыста озат, алғыр келіншек. Райса Сенсуоваға Мартин Майзель Қосаралдағы Тентек көшесі номері он үшінші үйдің суретін беріп, сол үйдің бар–жоғын білуді тапсырады. Ал, Райса Сенсуова Меркури Чобановқа аңдытып қояды. Кейін Мартин Майзель шекарадан жасырын өтпек болған бұрынғы Райса Сенсуованың танысы Махметхан арқылы Меркури Чобановтан (Н. Жаванов) құтылмақ болады. Алайда шекарашы Рудовский мен қауіпсіздік комитетінің қызметкері Мұқан Бертаев аңдып жүріп, Райса Сенсуованың тапсырмасы бойынша Махметхан Меркури Чобановты өлтірмек болған кезде қылмыс үстінде қолға түсіреді.

Н. Жаванов соғыстың алғашқы 1954 жылынан жоғалғандардың тізіміне енеді. Кейін 1944 жылы Карпат өңіріндегі жаудың бір штабы түгелдей қолға түскенде, штаб документтерінің арасынан Жавановтың төрт суреті шыққан. Алайда жау армиясымен кеткені немесе өліп қалғана белгісіз болып келген. Карпан лагерінде адам айтқысыз үлкен қылмыс істеген. Түтқын лагерінің басшылары Жавановты «Мерген» деп атаған. Себебі ол түтқынға түскен кеңес әскерінің адамдарына кесілген үкімді орындайтын. Сол лагерден аман құтылған солдаттар Жавановтың көзден ататын жауыздығын айтқан. Лагерден аман қалған бір түтқын тергеушілерге берген жауабында:

– Оны адамдарды атып жатқанда көрген адамның ұмытуы мүлде мүмкін емес. Мен оны ең алдымен бетіне маска киіп алған ба деп ойладым. Өйткені қоңырқай жүзі жып-жылтыр, қимылсыз, шіміркенбейді. Көзін алғашқыда әйнек пе деп қалдым. Шынында көзінің ішіне әйнек киюі де кәдік қой. Әйтеуір не керек, көзі торғай, немесе, тышқан арбаған мысықтың көзіндей өткір, қимылсыз екен. Шекесі қушық, қырым етсіз. Жағы пышақ жанығандай қалақ, жұқа. Оның түсі күні бүгінге дейін көз алдымда,[4, 203] –деп еске алады. Осы әңгімеден қандай жауыз адам екенін білуге болады.

Өзі әбден машықтанған оғы мүлт кетпейтін мерген өзінің айлалығымен атын Чованов деп өзгертіп, тіпті соғыс мүгедегі, озат еңбек адамы ретінде суреті құрмет тақтасына ілінеді. Өкіметтен бір емес, екі қайта көлік те алады. Осылай талай жылдар ізін жасырып жүреді. Тергеуші Бертаев Меркури Чобановтың Балтық жағалауында соғысқанына күдіктенеді. Ол– іздеуде жүрген Карпат лагеріндегі Жаванов еді. Демек, ол ізін жасырып, Балтық жағалауында өлген адамның құжатын пайдаланған деген тұжырымға келеді.

Барлық халықтың аңыз – әңгімелері мен ертегілерінде қанша айлалы болса да, зұлымдықтың жеңіліс тауып, әділдік орнайтыны сияқты детективті прозада да қылмыскер айласын асырған қу болса да, түбі тұтқындалады.

Детектив жанрындағы басты кейіпкерлері із кесуші мен қылмыскердің бір-бірімен арбасуы бейнеленеді. Құды бір шахмат ойынының ойыншылары сияқты қылмыскер өз ізін жасырып, із

кесушіні шытырманға түсіріп адастырмақ болады. Ал, із кесуші логикалық топшылаулар мен тұжырымдарға, фактілерге сүйене отырып құпияны әшкерелейді. Қылмыс әлемі мен көркем ойлаудың образды түрде астасуын шытырман оқиғалар арқылы ашып көрсеткен Сәуірбек Бақбергеновтің «Қан тозаң» туындысында тергеуші Мұқан Бертаев талай жыл жасырын жатқан құпияның түйінін шешіп, қылмыскерлердің қылмысын әшкерелейді.

Оқырман романды оқу барысында шытырман оқиғаларға еніп кетіп, тергеушімен бірге тергеу ісіне араласады. Алдын- ала ой қорытып отырады. Солай оқырманның логикалық ойлау деңгейін дамытады. Детективті прозалық туындылардағы кейіпкерлер образы арқылы тәрбиелі, білімді, мәдениетті тұлға тәрбиелеуге ықпалы зор. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі детективті проза арнасын кеңейту – заман талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әбдіқадырқызы Д. Детектив жанрының шығу тегі мен даму тарихы //Қазақ тілі мен әдебиеті. 2005, №3, – 102-110 б.
2. Шотаев М. Детектив жанры және С. Бақбергеновтің «Қан тозаң» романы //Яссауи университетінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2002, №1, – 23-26 б.
3. Кестхейн Т. Анатомия детектива. – Будапешт: Корвима, 1989, – с. 262.
4. Бақбергенов С. Қан тозаң: Роман. –Алматы: Жазушы, 1982, – 288 б.

ОӘЖ 37.016:821.512.122-31

Сүйіндік Ж.А.,
2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
miss_jazi@inbox.ru

Серикова С.Ж.,
PhD, оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
samalserikova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ ТАБИҒАТЫ (ЫРЫСБЕК ДӘБЕЙДІҢ «ЖЫЛҚЫ АТЫЛҒАН ЖАЗ» РОМАНЫ БОЙЫНША)

Түйін. *Мақалада қазіргі қазақ романының жанрлық ерекшелігі қарастырылды. Қазіргі қазақ романы талқыланып, оның басқа жанрлардан ерекшелігі, сондай-ақ жазылу ерекшелігі мен көркемдік стилі жан-жақты сипатталды. Сонымен қатар қазақтың көрнекті қаламгері Ырысбек Дәбейдің классикалық түрғыда жазылған «Жылқы атылған жаз» романы талданады.*

Түйін сөздер: *сөз, роман, әдебиет, жазушы, кейіпкер, драматизм.*

Резюме. *В статье рассмотрены жанровые особенности современного казахского романа. Рассматривается современный казахский роман, его отличие от других жанров, а также всесторонне описывается особенности написания и художественный стиль. Также будет проанализирован классический роман известного казахского писателя Ырысбека Дабея «Жылқы атылған жаз».*

Ключевые слова: *слово, роман, литература, писатель, герой, драматизм.*

Summary. *The article discusses the genre features of the modern Kazakh novel. A modern Kazakh novel is discussed, its features from other genres, and also features of writing and artistic style are comprehensively described. There will also be analyzed the classic novel by the famous Kazakh writer Yrysbek Dabei "Zhylky atylgan jaz».*

Key words: *word, novel, literature, writer, hero, drama.*

Қазақ әдебиетін қалыптастыру және дамыту тарихының барлық сатыларының жұмыстары адам өмірінің шындықтарын көрсететін жүйенің мазмұны мен түрінде көрініс табады. Эпостық жұмыс қазақ халқының әлеуметтік және әлеуметтік оқиғаларының тарихи тақырыбына жеке мемлекет ретінде, сондай-ақ заманауи оқырмандар әлеміндегі көрнекті адамдардың өмірлік шындықтарының фактісі бойынша жұмыс істеп жатқаны анық.

Қазіргі қазақ романдарында халық тарихындағы ең маңызды кезеңдер уақыттың бай фактілері негізінде жазылған. Ғасырлар бойы басқыншылық соғысқа, отаршылдыққа, қасақана ұйымдастырылған аштыққа, қастандық жасауға, саяси қуғын-сүргінге және тағы басқаларға әкелді. Қазақ халқының әдеби шығармаларында көркемдік шындық туралы айтатынымыз анық, олар әлі күнге дейін негізгі ұлттық менталитетті сақтап қалды.

Көркем өнер туындысының заңдылығын шешуші элементтің бірі –драматизм болып табылады, ал көркем ойлаудың қозғалысы өнер саласында күрделі болып табылады. Прозадаға драматизмді ойлағанда әрқашанда ойымызда драматизмді жан-жақты зерттеген ғалым Р.Нұрғали тұратыны анық. Көрнекті ғалым Р. Нұрғали әдеби сын туралы драмалық санатты жан-жақты зерттеудің бастамашысы болғаны белгілі.

Ғалым Р. Нұрғали әдеби-эстетикалық категория – драматизм туралы 1980-жылғы «Вопросы литературы» журналының №7 санында жарияланған «Движение жанров» атты мақаласында «... Алайда, бүгінгі қазақ прозадағы сөздің кең мағынасында драма рөлін күшейтетінін ерекше атап өткім келеді – жанрлық форманы білдірмеймін, бірақ қазақ прозасының жазушыларының қызығушылығын тудыратын көрінісі – өмірдегі ең өткір, драмалық құбылыстар» –, деп аталмыш категория туралы өзіндік пікірін танытқан [1, 104]. 1971 жылғы «Жұлдыз» журналында «Сөз – жанр жайлы» атты мақаласы жарияланды [2]. Ғалымның мақаладағы жанр категориясындағы өзара тоғысу, жанр табиғаты туралы көтерілген өзекті мәселелері прозадағы драматизм категориясының табиғатына арналып айтылған

ой-пікірлерінің бастамасы еді. Үшқындаған ой желісі ғалымның: «Драматизм эстетикалық категория ретінде өнердің барлық саласына, әдебиеттің күллі жанрларына қатысты жалпылық, жинақтаушылық сипаты бар ұғымдардың қатарына жатады. Қазақ халқының прозасында тағы да бір ерекше көңіл аударатын жайт ол – қаламгерлердің шығармалары жайлы жазылған еңбектерде анық ойды бағалай отырып, зерттеудің жаңа объектілерін қарастыру керек. Осы тұрғыдан алғанда, прозадағы драматизм мәселесінің зерттелуі – жанрлардың өзара байланысы, байыту феномені және қазіргі заманғы өнер ұғымын ашып беруге мүмкіндік тудырады. Заманауи әдебиетке деген жоғары талаптардың бірі – драматизм» [3,142]. Суретші өз шығармашылығында эстетикалық білім мен драма рухын суретшінің жанрлық талаптарын сай әрі тиімді пайдаланады. Мәселе мынада, әлемнің өнері мен күрделілігі өнердің негізі болып табылатын драматизмнің элементтерін тиімді қолдана білуінде.

Әдебиет саласын біз әрқашанда өнер деп қарастырамыз. Ал енд, біз үнемі әдебиеттің қозғалыста болатынын және әрқашанда дамып, өсіп отыратынын білеміз.

Басты мәселе мынада: қаламгерлердің қандай сюжетте болмасын немесе қандай жанрда жазса да олар әрқашанда адамның ішкі жан дүниесінен, оның болмысынан келіп туындайтын әдеби-эстетикалық категория –драматизмді қолдану арқылы бүкіл сезімдерін таныта білді және әр адамның тағдырын сол өмір сүріп жақан дәуіріне сай етіп ашып, бейнелей білді. Сонымен қатар, оқиғаның аяқталу желісін, жаман мен жақсыны ажыратуды суретші оқырманның қалауына қалдырып отырған кездері де болды. Сонымен бірге бұл романдарда адам мінездеріндегі қилы-қилы құбылыстар қоғамдық құбылыстың ішкі қайшылықтарынан туындап, дәуір тынысы анық бояуын тапқан.

Барлығына белгілі болғандай, кез-келген жерде ауқымды оқиғалар роман желісіне арқау болады. XX ғасырдың алпысыншы жылдарында әдеби процеске қатысқан адамдардың аттары қоғамның «жылымық» табысы үшін терең ризашылығын білдірді. Адам ойында, яғни қаламгердің ойында серпіліс пайда болды. Қазіргі қазақ романдары – қазақтың көркемдік мұрасының өткен және кейінгі көркемдік дәстүрлерінің жалғасы, сондай-ақ әлемдік өркениеттегі әдеби процестердің бірі. Үлттық өнердің тарихын, тарихи қазбаларды және тарихи әдістерді қоса алғанда, өнер туындыларын эстетикалық бағалай білу үлттық мұраның дәстүрлерін терең бағалайды және таниды.

Жалпы адамзат баласының санасы өмірдің аса іргелі категорияларына назар аудара бастады. Қаламгер де адам. Яғни, өнер адамының санасындағы өзгерістер жалпы адамзаттық проблемалардан туындаған болатын. Ал өнерді жасаушы – адам. Өнер адамы. Ақын. Жазушы. Демек, соның санасындағы өзгеріс. Олжа саған өнер туындысында драмалық коллизиялардың асқынған түрінің, көбірек бейнеленуіне алғышарттар жасады. Яғни, қаламгердің авторлық концепциясы мен оның төл туындысындағы драматизм табиғатында белгілі бір дәрежеде заңдылық деген ұғымның бар екенін ерекше айтқан жөн. Бұл шығармаларда дәл солай болуының негізгі бастауы қоғамның шынайы келбетіне, саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайларға әр қаламгердің өз уақыты биігінен үңіліп, зерделеуінде, соның нәтижесінде қалыптасқан авторлық концепцияда жатыр дегеніміз жөн.

Ы. Дәбейдің «Жылқы атылған жаз» атты романын біз өзіміздің мақаламызда зерттеуге ала отырып, бұл романнан XX ғасырдың отызыншы жылдары қазақ халқының басынан кешкен ауыр халін танып біле аламыз. Роман негізгі кейіпкерлер Есбергеновтер әулеті жайында. Роман өзінің сол замандағы шындықты суреттегенімен, шым-шытырық оқиғаларымен және ержүрек кейіпкерлерімен ерекшеленеді. Романда Есберген қажының бейнесі өте керемет суреттеліп, оқыған оқырманның сүйікті кейіпкеріне айналады. Автор романда көркемдік сөз құралдарын өте шебер қолданған және солар арқылы оқырманның жүрегінен орын таба алған.

«Жылқы атылған жаз» романында біз драматизм категориясын кездестіре аламыз. Драматизм категориясын автордың концепциясымен байланыстыра отырып, біз автордың романдағы ішкі ойларымен таныса аламыз. Қаламгер драматизмнің формаларын (монологтік, диологтік, интригалық, т.б.) қолдана отырып, оқырманға қаһарманның ішкі әлемінен хабар береді.

Драматизм категориясын қаламгер концепциясындағы өрілген оймен байланыстыру себебіміздің өзі, драматизмнің формалары (монологтік, диалогтік, интригалық т.б.) қаһарманның ішкі әлемінен хабар беретіндігінде. Демек, қаһармандағы ішкі бұлқыныс, сезім шырғалаңы, түйыққа тірелу, ар азабын кешу сәттерін психологизмге тән десек те осының өзі драматизмнің көрінісі. Қаһармандағы рухани өзгерістердің автор үшін, әрине, идеялық мәні бар. Ал идея қалыптасқан қаламгердің концепциясынан бастау алатыны мәлім.

Біз қарастырып отырған романдарда, шынайы құпия драматизмі кейіпкерлер арқылы оқырманның ақыл-ойын жандандырады. Бұл драматизм кейде кейіпкердің психологиялық көңіл-күйінде не-

месе автордың өз өмірлік циклын қабылдауда және бағалауда, яғни романдағы драматизм арқылы кейіпкердің бейнесін түсіндіруге әкелетін ашық ойлау мен әрекеттерге қол жеткізеді. Жалпы алғанда, жазушының позициясы әлем авторы мен адамның тұжырымдамасы көркемдік екенін дәлелдейді. Қаламгердің сана мен қаһармандық эстетикалық қарым-қатынасы тығыз байланысты. Эстетикалық санаты драма, адам өмірінің мәні және оның рухани негізі туралы өзінің тұжырымдамасымен қатар, оның көркемдік шеберлігі үшін танылуы мүмкін.

Қазақ романдары табиғатының өзіндік болмыс-бітімін айқындаудағы басты қадамы трагизмге толы ұлт тарихының шиеленісі кезеңдеріне үңілуі болды. Қаламгер Ы.Дәбейдің «Жылқы атылған жаз» романы адамға, солардан тұратын қоғамға Уақыт пен Кеңістік категориялары тұрғысынан үңілуімен, қазақ халқының ұлттық болмысын жеке кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы шебер аша білгендігімен ерекшеленеді. Романның суреттелген уақытына келсек, ХХ ғасырдың отызыншы жылдары болған тарихи оқиғаны арқау еткен. Автор сол кезеңдегі қазақ ауылының түрмыс-тіршілігін, тағдыр тауқыметін характерді шебер сомдауы арқылы бейнелеген.

Драматизм қоғамдағы жағымсыз оқиғалардың куәсі болғандардың тағдыры арқылы құрылған романның шындығын және көркемдік шешімдерін дәлелдейді.

Кейіпкердің ішкі әлеміндегі өзгеріс пен табиғат көрінісіндегі құбылыстарды автор шебер үндестіре алған. Ғалымжанның сұрапыл соғыстағы сәті мен табиғат көрінісін автор жақсы келістіре білген. Ғалымжанның соғыста жүріп, өзінің туып өскен, кіндік қаны тамған өлкесін сағынуы, анасынан тірідей айырылғаны, Есберген әулетінің ашаршылықтан қырылып, өз қолымен туысқандарына көр қазған сәттерін ойлаған кездеріндегі кейіпкердің басынан кешкен трагедиялық оқиғалары табиғат көрінісімен сабақтаса кетеді.«Жауынгер жазбасы» атты романның бөлімінде Есберген әулетінен қалған жалғыз тұяғы Ғалымжан, өзінің жанашыры, арқа тірер тауы болған көкесі Тарғынбекке арнап хат жазады. Кейіпкердің осы жазбасы арқылы автор драматизмнің категориясын (монолог) жақсы пайдалана біледі. Сол бөлім арқылы автор сол кездегі Ғалымжанның басынан кешкен сұрапыл соғысты тереңдей бейнелей отырып, соғыс алаңы Ғалымжанның өлім мен өмір арасындағы майдан ретінде бейнелейді. Бір Алласына сенген Ғалымжан екі соғыстан да тірі қалады [4,165].

Роман соңына қарай Ғалымжанның Украина еліне барып қоныстануы, ол елді, жерді жатсынуы, сол жерде өзінің баласын христианша жерлегені жанына қатты батқандығы суреттеледі. Романда драматизм қаһарман санасындағы қайшылық пен қоршаған ортаны жатсынуда, түйыққа тірелу сәтінде белең алған [4].

Драматизм қаламгердің көркемдік ізденісінен соны серпінді талап етеді. Өмірдің ағымы, заманның тынысы уақыт көшінде өзіндік қат-қабат тартысқа толы. Сол себепті де әр роман жаңаша тәсілді, жаңаша ізденісті қажет етеді. Ырысбек Дәбейдің 2017 жылдың 11 қазанында жарық көрген бұл романы классикалық роман деуімізге әбден болады. Қазіргі қазақ романдары көптеген бағыттарда жазылып жатыр. Мысалға модернистік немесе постмодернистік бағытта жазылып жатқан романдарымыз көп деуімізге болады, алайда қазақ әдебиеті классикалық бағыттан алыстап қойған емес және алыстамайды да.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Нургали Р. Движение жанров // Вопросы литературы. –Алматы, 1980, №7.
2. Нұрғали Р. Сөз – жанр жайлы // Жұлдыз. – Алматы, 1971, №1.
3. Нұрғали Р. Сырлысөз, Әдеби сын зерттеу, Біртомдық. – Алматы, 2000.
4. Ырысбек Д. «Жылқы атылған жаз» романы.- Алматы, 2017.

УДК 81.2



Тажибаева С.Ж.
д.ф.н., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттық университеті

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫ ӨҢДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫ БАЗА

Түйін. *Мақалада Қазақстанда тұратын түркі этностарынан алынған әлеуметтік-лингвистилық сауалнаманы өңдеуге арналған электронды базаны жасау тәжірибесі берілген. Сауалнамалар қағаз түрінде, сондай-ақ веб-формада on-line режимінде де толтырылды.*

Түйін сөздер: *түркі тілдері, әлеуметтік-лингвистилық зерттеу, мәліметтердің электронды базасы, мәліметтер жинау, мәліметтерді сақтау, көрнекілендіру.*

Резюме. *В статье представлены результаты создания базы данных для проведения социолингвистического исследования тюркских языков и культур Казахстана. Анкетирование было проведено как на бумажных, так и электронных носителях.*

Ключевые слова: *тюркские языки, социолингвистическое исследование, электронная база данных, сбор данных, хранение данных, визуализация данных.*

Summary. *The article presents the results of creating an electronic database applied to sociolinguistic survey of Kazakhstani Turkic ethnicities with respect to their languages and ethnicities. The survey was conducted both in paper-based and electronic form.*

Keywords: *Turkic languages, sociolinguistic survey, electronic database, data collection, information storage, information processing, data visualization.*

Кіріспе

Мақалада біз әлеуметтік-лингвистилық сауалнаманы өңдеу бойынша жасалған электронды базаны ұсынғалы отырмыз. Зерттеу материалы ретінде 2800-ден аса сауалнама бойынша мәліметтер алынды. Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама 2014 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттық университеті түркология мамандығының оқытушылары, студенттері, магистранттарының, сондай-ақ халықаралық жобаға қатысушылардың күшімен Қазақстанның барлық аймақтарында алынды [1, 2014]. Сауалнама нәтижелері жобаны орындаушылардың бірі бағдарламалаушы Жанар Бейсеева жасаған мәліметтер базасында өңделді және үйлестірілді. Мәліметтер базасының ерекше құндылығы оның ашықтығы мен қызығушылық білдіргендердің барлығына қолжетімділігі. Халықаралық жобаның әлеуметтік-лингвистилық мәліметтері жобаның мына вебсайтында орналасқан: [2-эл.рес.].

Қазақстанның түркі әлемі

Қазақстан – 126-дан астам түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатқан полиэтникалық және поликонфессионалдық мемлекет х2, 2010]. Қазақстанда түрлі генеологиялық семья мен типологиялық топқа жататын 126 тіл қызмет ететін ерекше әлеуметтіклингвистикалық ареал [3, 2007].

Қазіргі кездегі Қазақстанның лингвистикалық картасын тілдері Ресей Федерациясында, Түркіменстанда, Молдова Республикасы, Моңғолия, Қытай, Әзірбайжан Республикасында, Өзбекстан Республикасында қолданылып отырған 24 түркі этникалық топтары құрайды.

Түркі этностары өкілдерінің Қазақстан аймағына қоныстануы түрлі жағдайларға байланысты болды [4, 2006, с. 104-105; 5, 2012, с. 219-220]. Олардың ішіндегі атап айтарлық жағдайлар мыналар:

1.1937 жылғы жаппай коллективтендіру кезіндегі түріктер, әзірбайжандар, құмықтардың көшірілуі.

2.1944 жылы қырым татарлары, қырымшақтар, қарайымдар, қарашайлар, балқарлар, ноғайлардың депортациялануы.

3. Индустриализация кезіндегі шор, чуваштардың қоныс аударылуы.

4. Үлтаралық некелердің күшеюі (алтайлықтар, хакастар, якуттар).

5. Пост-кеңестік кезеңдегі еңбек миграциясы (қырғыздар, қарақалпақтар, өзбектер, түріктер).

Түркі тілдерін қолданушылар кеңестік кезеңде түрлі факторларға байланысты оқшауланды. Бұл, ең алдымен шағын жинақталған диаспораларға қатысты болды. Қазіргі кезде олар бір-бірімен және қазақ тілімен өсіп-өркендеп отырған Қазақстан жағдайында қарым-қатынас жасап отыр. Ол бірнеше факторлармен анықталған:

Біріншіден, тәуелсіздік жылдары қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде орнықты. Оның қолдану аясы бірте-бірте кеңеюде, сонымен қатар оның қоғамдағы беделі де өсіп келеді. Дәл осы жағдай Қазақстандағы басқа да түркі тілдері мен қазақ тілінің бір-бірімен қарырым-қатынасын объективті түрде белсендіріп отыр.

Екіншіден, этникалық және тілдік туыстық факторы, екінші жағынан өздерінің табысты экономикалық және әлеуметтік дамуы. Қазақстан соңғы жылдары Түркі репсубликасы мен Ресей Федерациясының құрамындағы түркі ұлттық автономиясы халықтарының еліктеу объектісіне айналды. Астанада Қазақстанның Түркі Академиясының құрылуымен бірге Қазақстанның ғылыми қоғамының РФ түркі автономиясы, сондай-ақ түркі тілді мемлекеттермен байланысы нығайды.

Елдің үкіметі Қазақстандағы барлық ұлыстардың ұлттық мәдениеті, тілі мен дәстүрлерінің сақталуы мен дамуына жағдай жасап отыр. Осы мақсатта 1995 жылы Мемлекет басшысы жанындағы мемлекеттік консультативтік-кеңесші орган «Қазақстан халқы Ассамблеясы» құрылды.

Қазақстанда Қазақстандық қоғамдағы орны мен олардың даму болашағы бойынша Қазақстанда тұратын түркі этностарын мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Белсенді дамып келе жатқан ірі диаспоралар;

2. Теріс демографиялық трендке қатысты ірі диаспоралар;

3. Аз санды диаспоралық топтар [3, 2007, с. 24-25].

Белсенді дамып келе жатқан ірі диаспораларға өзбектер, үйғырлар, түріктер, әзірбайжандар, қырғыздар және қарақалпақтар жатады. Олардың тілінің Қазақстаннан тысқары жерде өздерінің территориясы, қолданушыларын бар, яғни мажоритарлы.

Теріс демографиялық трендке қатысты ірі диаспоралар құрамына қазан татарлары, башқұрттар, чувтар, түрікмендер, қырым татарлары, қарашайлар мен балқарлар кіреді.

Үшінші топ – аз санды диаспоралық топтар. Осы топқа гагауздар, ноғайлар, құмықтар, қарайымдар, қырымшақтар, хакастар, алтайлықтар, якуттар, шорлар, тывалықтар, долгандарды жатқызамыз.

Дерекқор базасын жасау

Жобана орындау барысындағы ең бастысы әлеуметтік-лингвистикалық зерттеуді жүргізу болды. Осы мақсатта келесі бөліктерден тұратын сауалнама жасалды:

– төлқұжат бойынша өзіндік таным, этникаға және ұлтқа жату;

– қлтаралық некедегі ұлтын анықтау;

– жанұя тарихы (жанұясының көші-қон тарихы);

– тілдік құзыреттілік, түрлі жағдайларда тілді қолдануы;

– түркі этностарының тіліне мемлекеттік қолдау көрсету (мектепте оқыту, бұқаралық ақпарат құралдарында және т.б.);

– білім дәрежесі және т.б. [6, 2015a; 2015b]

Жоба аясында сауалнама кезінде алынған деректердің электрондық корпусы құрылды, ол түркологтардың барлығына, сондай-ақ осы проблемалар қызықтыратындардың барлығы үшін Интернеткорларда қолжетімді. Осы жерде айта кететін жайт, бұл әлеуметтік-лингвистикалық мәліметтердің алғашқы электронды базасы.

Сауалнаманы жобаның басты бетінде өз бетінше толтыруға болады. Қазақстанның түркі этностары өкілдерімен сұхбат кезінде, сондай-ақ өз бетінше толтырылған мәліметтердің барлығы деректердің электронды базасына енгізіледі. Сауалнама нәтижелері сүзгіні қолдана отырып, графика мен диаграммалар түрінде сайтта жарияланған.

Деректер қорын құру төрт кезеңнен тұратын жоспарлы жұмыстан тұрады: мәліметтерді жинау, ақпаратты сақтау, ақпаратты өңдеу, мәліметтерді көрнекілендіру.

Сауалнама жүргізу сайты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ақпараттық жүйелер кафедрасының студенттері мен магистранттары әзірлеген веб-форма пайдаланыла отырып жасалды. Сайттағы веб-форма сауалнама, бланк және сұрау парағының қағаз түріндегі формасының аналогы болып табылады. Формаларда толтыруға арналған өрістер, сонымен қатар пайдаланушыға бір немесе бірнеше элементтерді таңдауға мүмкіндік беретін тізімдер мен ауыстырғыштар бар. Форма веб-сервердің қолдауымен ғана өз жұмысын іске асырады. Веб-форманы пайдалану, әдетте, дерекқор сайтын да пайдалануды көздейді.

Сауалнамаға 10-нан 98 жасқа дейінгі респонденттер қатысты. Ақпараттың толық болуын қамту үшін сауалнамаға барлық жас категориясындағылар қатыстырылды. Олардың ішінде ең көп қамтылғандар 20-75 жас аралығындағылар. Қалған жастар бойынша сауалнама алынған респонденттер саны анағұрлым аз. Ең үлкен респонденттің жасы 98-де болса, ең жас респондент 10 жаста. Зерттеу бойынша сауалнамаға қатысқан респонденттердің жас алшақтығы 88 жыл. Бұл дегеніміз, бір ғасырға жуық уақыт аралығындағы әлеуметтік-лингвистикалық өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік болғанын көрсетеді.


Дерекқор базасының бағдарламалық ортасы ретінде Google қосымшасы, Google Drive бұлтты серверінде сақталатын кестелер пайдаланылды.

Деректер банкінің негізгі мақсаты – электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты сақтау және көрнекілендіру. Жобаның деректер базасы әлеуметтік-лингвистикалық ақпараттарды сақтау мен өңдеудің екі түрлі мүмкіндігін береді:

– деректер базасы EXCEL форматында кесте түрінде сақталады.


– Сауалнама мәліметтерін диаграмма, графика түрінде көрнекілендіруге болады, себебі сүзгіден өткен нәтижелерді кесте түрінде беру оны көрнекілендіре алмайды.

Зерттеушінің сұранысы бойынша Excel форматындағы дерекқор базасындағы мәліметті беру сүзгілеу көмегімен жүзеге асырылады. Ол мәліметтерді тез табу мен онымен жұмыс жасауда жеңілдетеді. Осы жағдайда берілген шарттағы жолдар ғана көрінеді, ал қалғандары 1-ші суретте көріп отырғандарыңыздай, жасырынып тұрады.



Сурет 1. Сүзгіден өткізу

Мәліметтер базасымен жұмыс істеу барысында бірнеше сүзгілерді қатар қолдануға болады, осы ретте әрбір қосылған келесі сүзгі алдыңғы сүзгідегі мәліметтерге қосылады және мәліметтерді алдын ала тарылтады. Текспен берілген мәліметтер тізіміне сүзгі жасау шартына қарай тексік белгіні қоюға немесе алып тастауға болады [1-эл.рес.]. 2-ші суретте төлқұжатында түрік деп жазылған респондент-тер санын анықтау сүзгісі бойынша мәлімет көрсетілген.



Сурет 2. Респонденттер жауабын сүзгіден өткізу

Осылайша, сүзгіден өткен мәліметтерде берілген шартқа сәйкес келетін жолдар ғана көрініп, қажет емес жолдар жасырылады.

Әлеуметтік сауалнама мәліметтерін диаграмма, графика түрінде көрнекілендіруге болады, себебі сүзгіден өткен нәтижелерді кесте түрінде беру оны көрнекілендіре алмайды. Осы мақсат үшін Java Script бағдарламалау тіліне негізделген Google Chart API құрылғысының көмегімен мәліметтерді көрнекілендіру жасалды.


Барлық мәліметтер көрнекілендіруді ыңғайлы ету үшін 6 топқа бөлінді. Егер төлқұжат бойынша этникалық топқа жату деген түймені бассаңыз, онда www.tyurki.weebly.com сайтының диаграммасын автоматты түрде шығаратын сүзгіні қолдануға болады.

3-ші суретте Java Script бағдарламалау тілі мен Google Chart API құрылғысының көмегімен жасалған мәліметтерді көрнекілендіру «сыртқы түрі» көрсетілген.




Сурет 3. Сайттың сыртқы түрі

Барлық мәліметтер көрнекілендіруді ыңғайлы ету үшін 6 топқа бөлінді (сурет 4). Егер ұлты деген түймені бассаңыз, диаграмманы автоматты түрде шығаратын сүзгіні қолдануға болады.




Сурет 4.1 топты көрнекілендіру – Төлқұжат бойынша этникалық топқа жату

Келесі суретте (5) «Өзіндік таным бойынша этникаға жату» сұранысы бойынша мәліметтерді көрнекілендіру берілген.



Сурет 5. Респонденттердің «Өзіндік таным бойынша этникаға жату» және «Анасының ұлты» сауалына берген жауаптарын көрнеілендіру

Диаграммалар «Балаларының ұлты», «Туған жері», «Діни нанымы», «Қызмет орны немесе кәсібі», «Өзге ұлт өкілдерімен тілдесу кезінде қолданылатын тілі», «Қоғамдық көлікте, дәрігердің қабылдауында және т.б.» деген сұраныстарға байланысты жауаптар көрнекілендіріледі, мысал ретінде 6 суретте көрсетілінген.



Сурет 6. Сұраныс бойынша мәліметтерді көрнекілендіру

Қорытынды

Жасалған электронды ақпараттық жүйе ашық және жаңа мәліметтерді өңдеуге және жүктеуге болады. Осылайша, Қазақстанның түркі әлемі түркітанушы-зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырады. Мәліметтер базасын жасау тілдік және этнографиялық материалды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама мәліметтері түркологтар үшін құнды материал болып табылады және Қазақстандағы түркологиялық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің жаңа көкжиегін ашуға мүмкіндік береді.

Сайтта барлық респонденттің, сонымен қатар жекелеген пайдаланушының мәліметтерінің көрнекілендірілген нүсқасын көруге болады.

Сауалнамада ашық және жабық сұрақтар болды. Ашық сұрақтарда жауаптар нұсқасы берілген жоқ, ол респондентке сұрақтың жауабын еркін түрде беруге мүмкіндік берді.

Электронды базада сақталатын ақпараттар әлеуметтік-лингвистикалық және этнографиялық материалды қызығушылық білдірген барлық тұлғалардың пайдалануына қолжетімді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Невская И.А., Тажибаева С.Ж. Современная тюркология и международное сотрудничество на евразийском пространстве. // Global-Turk. International Journal for Information and Analytics. – Turkic Academy. – №1, 2014. – с. 19-34.
2. АРКС Агентство Республики Казахстан по статистике. Архив: Национальный состав населения Республики Казахстан и его областей (том 1) Численность населения по областям, городам и районам, полу и отдельным возрастным группам, отдельным этносам на 1 января 2010 года.
3. Сулейменова Э.Д. Шаймерденова Н.Ж. Аханова Д.Х. Языки народов Казахстана. Социолингвистический справочник. – Астана: Изд-во «Арман-ПВ», 2007. – 304 с.
4. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. –Алматы: Экономика, 2006. – 415 с.
5. Аманжолов А.С. Опыт изучения тюрских языков. – Астана: Изд-во «Фолиант», 2012.- 395 с.
6. Nevskaya I., Tazhibayeva S. 2015a. Turkic Languages of Kazakhstan: Problems and research perspectives. In: Lars Johanson (ed.) Turkic Languages. Volume 16, 2014. Numbers 1/2. – Harrassowitz Verlag. Weisbaden, 2015 –- P. 289-302.
7. Nevskaya I., Tazhibayeva S. 2015 b. Sociolinguistic situation of Oguz Turks in post-Soviet Kazakhstan In: Oguzlar. Dilleri, Tarihleri ve Kulturleri – Ankara, 2015 – P. 321-334.

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР

1. https://support.office.com/ru-ru/article
2. http://tuyrki.weebly.com

Шохаева Қ.Н.,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің докторанты
shohaeva1976@mail.ru

ІСКЕРИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ СӨЙЛЕУ СТИЛІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Түйін. *Мақалада іскери қарым-қатынас кезіндегі сөйлеуге қойылатын талаптар қарастырылып, соның негізінде стилистикалық ерекшеліктер анықталады. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу коммуникативтік, проффесионалдық, функционалдық талаптарға жауап бергенде ғана жүзеге асатыны көрсетіледі. Коммуникативтік талаптан туындайтын стилистикалық көрсеткіштерге этикалық нормадағы тілдік қолданыстар жатқызылады. Кәсіби (профессионалдық) талаптан туындайтын стильдік көрсеткіштерге кәсіби сөздер мен терминдердің дұрыс қолданылуы жатқызылады.*

Резюме. *В статье рассматриваются речевые требования при деловом общении, на основе которых определяются стилистические особенности. Отмечается, что разговор в деловом общении возможен только при соблюдении коммуникативных, профессиональных, функциональных требований. Стилистические показатели, вытекающие из коммуникативного требования, включают использование языка согласно этическим нормам. Стили, вытекающие из профессиональных требований, включают правильное использование профессиональных слов и терминов.*

Summary. *The article deals with speech requirements in business communication, on the basis of which stylistic features are determined. It is noted that the conversation in business communication is possible only if the communicative, professional, functional requirements are met. Stylistic indicators derived from the communicative requirement include the use of language according to ethical standards. Styles resulting from professional requirements include the proper use of professional words and terms.*

Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу қызмет жүйесіндегі адамдардың ауызша формада тілдесуі, пікірлесуі, ойын айтуы процесіндегі заңдылықтарды қарастырады. Н.А. Ильясова: «Сөйлеу процесі өмірде адаммен байланысты болып жатқан нақты жағдаяттардан, халықтың күнделікті қызметінен, тыныс-тіршілігінен болып жатқан уақиғаны хабарлаудан түрды»,- дейді [1, 10 б.]. Сөйлеу әртүрлі жағдаятта жүзеге асады. Оған рухани-танымдық, қоғамдық, материалдық қажеттіліктен туындайтын әртүрлі факторлар арқау болады. Осыған орай, адамдар әртүрлі сөйлеу жағдаятына түсіп, ойын білдіреді, пікірлеседі. Адамның отбасындағы сөйлеу жағдаяты мен көшедегі сөйлеу жағдаяты бірдей болмайды. Сол сияқты қызмет барысында сөйлеу отбасындағы сөйлеуден, көшедегі сөйлеуден, той-думандағы сөйлеуден т.б. әлдеқайда бөлек болады. Сөйлеудің бұл түрін іскери қарым-қатынастағы сөйлеу деп атаймыз. Сөйлеудің бұл түрінде белгіленген шарттағы коммуникативтік, кәсіби, функционалдық талаптар болады. Осы талаптардың негізінде іскери қарым-қатынастағы сөйлеуге тән стильдік көрсеткіштер анықталады.

Коммуникативтік талаптардан туындайтын стильдік көрсеткіштер қатарына этикалық нормаларды айқындайтын тілдік қолданыстарды жатқызуға болады. Мысалы: «Қайырлы күн!», «Құрметті әріптестер, т.б.!», «Сәлеметсіздер ме?!», «Мархабат», «Рұқсат болса! Рұқсат етсеңіз!», «Кешірім сұраймын!», «Кешіріңіз», «Танысқаныма қуаныштымын!», т.б. Мұндай тілдік қолданыстар іскери қарым-қатынас барысында позитивті жағдай туғызуға, әдептілікті сақтауға, ізеттілік көрсетуге бағытталады.

Кәсіби талаптардан туындайтын стильдік көрсеткіштер іске, кәсіпке байланысты білімін, шеберлігін, танымын көрсететін тілдік қолданыстар арқылы айқындалады. Бұл әрбір салаға тән ерекшеліктерге байланысты анықталады. Мұнай-газ саласынан мысал келтірсек: Есепті жылы Атырау мұнай өңдеу зауытында хош иісті көмірсутегілер өндірісі кешені пайдалануға енгізілді, бұл бүгіннің өзінде жоғары октанды бензиндердің өндірісін айтарлықтай үлғайтуға мүмкіндік беріп отыр. Бензол параксилолы – өзіндік құны жоғары өнімдердің және бұдан арғы мұнай-химиялық шикізатты қайта құру үшін ең маңызды компоненттердің өндірісі жолға қойылды («Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ 2016 жылға арналған жылдық есебінен. http://www.kmg.kz) деген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Фрэнк Куйлаарстың сөзіндегі «октантты бензиндер», «бензол параксилолы», «мұнай-химиялық шикізат» деген тілдік қолданыстар іске, кәсіпке, қызметке байланысты тілдік қолданыстар.

Іскери қарым-қатынаста әркім өз саласына қатысты осындай кәсіби сөздерді орынды пайдалана алуы іскери қарым-қатынастағы кәсіби стильдік көрсеткіштерді анықтайды.

Функционалдық талаптан туындайын стильдік көрсеткіштер сөйлеу барысында әдеби тілдік заңдылықтардан яғни, сөздерді дұрыс байланыстыру, дұрыс сөйлеу, дұрыс айту, нормаларынан туындайды. Осы нормалар дұрыс сақталса ғана тыңдаушылар ақпаратты дұрыс қабылдайды, түсінеді. Жоғарыдағы есептен бір мысал келтірсек: Мемлекет басшысының Қазақстанның шағын және орта бизнесін қолдау бойынша тапсырмаларын орындау мақсатында ҚМГ отандық тауар өндірушілері мен қызмет көрсетушілерін қолдау бойынша кешенді жұмыстарды жүргізіп жатыр. 2016 жыл қорытындылары бойынша ҚМГ сатып алудағы жергілікті қамту көлемі 76%-тен асты (1 трлн. 871 млрд. теңге). Отандық тауар өндірушілерімен, жұмыстарды орындаушылармен және қызмет көрсетушілермен 1 триллион 465 млрд. теңге сомасына жасалған 1808 ұзақ мерзімді шарт қолданылып жатыр, мұнай-газ жабдығы саласында бірлескен кәсіпорындар құрылып жатыр. Сөйлеу функционалдық талапқа сай емес. Стильдік қатені дәлелдейтін қаншама қолданыстар бар. Ілік септігі мен тәуелдік жалғау арқылы байланысқан сөздерді, шылауды (бойынша) орынсыз қолданғандықтан ой жүйесіз, шашырыңқы шығып қабылдауға аса қиындық келтіріп тұр. Осы сөзді таңдаған адамда мынадай екіүшты түсініктер мен күмән қалыптасады: біріншіден, Қазақстанның шағын және орта бизнесін қолдау тапсырмасын басқа елдің басшы берген бе, бизнесті қолдай ма, әлде отандық тауарды өндіріп жатқан өзінің қызметшілерін қолдай ма сияқты түсініксіз проблемалар туындайды.

Сөйлегенде сөздер ойдың дұрыс жетуіне қызмет атқаратын функционалдық (семантикалық) талаптарға сай қолданылуы керек. Сонда ешқандай күмән туындамайды. Жоғарыда айтылған сөзді функционалдық талапқа сәйкестендірсек, былайша болар еді: Қазақстанның шағын және орта бизнесін қолдау бойынша мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау үшін ҚМГ кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр. 2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ отандық тауарды өндірушілерді, қызмет көрсетушілерді қолдау мақсатында 76%-тен астам жергілікті өнімді сатып алды (1 трлн. 871 млрд. теңге). т.т.

А.Байтұрсынов «Тіл қисыны» атты еңбегінде пікірді дұрыс жеткізуді «сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері» деп атайды. Оны үй салудағы сәулет өнерімен салыстыра отырып, жан-жақты талдайды. Пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөз, ол топырақтан иленіп жасалған кірпіш сияқты деп түсіндіреді. Кірпіштен қалап үй жасаған сияқты, сөздерді қалап әңгімелер айтылады. Кірпіштің қалануына байланысты үйдің әртүрлі болуы сияқты, сөздің қалануына байланысты әңгіме де әртүрлі болатынын айтады. «Жақсылап үй сала білу үшін сәулетші ұсталатын заттардың сыр-сыйпатын, қасиетін жақсы білуі тиіс, оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білуі тиіс... Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын білуі тиіс. Сондай-ақ, тілдегі сөзден құрастырып, қисынын келтіріп, жақсылып бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білуі керек»,- дейді ұлы ғалым [2, 349 б.]. Іскери қарым-қатынаста да әрбір коммуникант тілдік бірліктерді функционалдық талапқа сай қолдана білуі керек. Себебі іскери қарым-қатынастағы сөйлеу статустық деңгейдегі сөйлеуге жатады. Статустық сөйлеу мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық жауапкершілікті мойныңа ала отырып, солардың алдына сөйлеу деп танимыз.

Іскери қарым-қатынас барысында сөйлегенде айтылатын ой, лебіз, пікір нақты фактілер, аргументтер арқылы дәлелденіп отырады. Сондықтан нақтылық тән.

Іскери қарым-қатынастағы сөйлеуге тән стильдік көрсеткіштерді жинақтай келгенде ресми стильге жатқызуға болады. Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу ауызша формадағы тілдік қатынасқа жататындықтан оның стильдік ерекшелігін ауызша сөйлеу стилімен байланыста қарастырамыз. Ауызша сөйлеу стилін диалогтық сөйлеу, монологтық сөйлеуде қолданылатын тілдік заңдылықтар арқылы анықтаймыз. Атақты психолог ғалым Б.М.Тепловтың сөйлеуді ауызша диалогтық сөйлеу, ауызша монологтық сөйлеу, жазба сөйлеу түрінде үшке жіктейтіні белгілі. Ғалым: «Владеть речью – это значит уметь передать свою мысль возможно более совершенным образом, передать, не только основное содержание, но и тончайшие оттенки её. Иначе говоря, владеть речью – значит уметь быть до конца понятным для другого. Это достигается различными путями в устной диалогической, в устной монологической и в письменной речи. Психологическое различие между этими видами речи очень велико; примером этого может служить тот факт, что многие крупные писатели были слабыми ораторами и, наоборот, многие мастера устной речи далеко не являются хорошими писателями. Диалогическую речь называют иногда речью поддержанной. Это значит, что в разговоре речь каждого из участников

всё время поддерживается вопросами, ответами, возражениями собеседников; если эта поддержка прекратится, то или речь превратится в монолог, или человек замолчит. В противоположность этому и монологическую и письменную речь можно назвать неподдержанной речью» деген [3,70]. Диалогтық сөйлеу екі немесе бірнеше адамның тілдесуі, монологтық сөйлеу бір адамның әңгіме, баяндама, дәріс т.б. басқаларды айтуы болып саналады Диалогтық сөйлеу мен монологтық сөйлеу – ой, пікір, әңгімеге қатысушы адамдардың көз бе көз, ауызба-ауыз тілдесу барысын білдіретін сөйлеу түрі. Сөйлеудің бұл түрінде өзара пікіралысу, сұрақ қою, жауап беру, бірін-бірі қостау сияқты тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыратын формалар, сонымен қатар сөйлеушінің эмоциялық реңкін білдіретін, коммуникативтік мағынаның жігін ашуға қызмет атқаратын интонация, мимика, ым-ишаралар айқын көрініс табады. Іскери қарым-қатынаста осындай амал-тәсілдерді өзіндік орнымен қолданып, тілдік қатынастың сапалы түрде жүзеге асуына қызмет атқаратын стильдік жүйе болуы тиіс. Бұл жүйені іскери қарым-қатынастағы диалогтық сөйлеудің прагмастилистикасы, іскери қарым-қатынастағы монологтық сөйлеудің прагмастилистикасы түрінде екіге жіктейміз.

Қазақ тілінің прагмастилистикасын зерттеуші ғалым Д.Әлкебаева: «... Стилистика тілдің жұмсалу аясының түрлі қоғамдық салаларда қолданылуын, қатысымдық әрекетінің функциясын атқарады. Стилистика мәселесі өте күрделі, өзінің функциональдығымен қарым-қатынас әрекетіндегі тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін ретке келтіретін сала. Стилистика сөйлеу коммуникациясы процесіндегі тілді пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді. Стилистика түрлі қоғамдық салаларда тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық қызметті оқып үйретеді», – дейді [4, 5, 6]. «Прагмастилистика» ұғымын стилистика мен прагмалингвистиканың тоғысындағы сәйкестіктер арқылы түсіндіруге болады. Адамзат қана коммуникация жасау үшін тілдік таңбаларды қолданатынын айтқан және оны «прагматика» деп атаған американдық ғалым Ч.Морристың тұжырымдары негізінде «прагмалингвистика» ғылымы дүниеге келгенін ескерсек, оның негізгі нысаны адам және оның тілдік таңбаларды қолдануы, болып табылады. Прагмалингвистика тілдің коммуникативті қызметімен байланысты қарастырылатын ғылым саласы болғандықтан төмендегідей негізгі үш бағыт ерекше назарға алынған:

1. Конверсациялық бағыт.
2. Функционалды бағыт.
3. Психолингвистикалық бағыт.

Конверсациялық бағытта коммуникативтік интенциямен байланысты қарастырылатын сөйлеу актісіне қатысты мәселелер қарастырылады. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде сөйлеу актісі (лат. actus) орыс. акт речи – белгілі қоғамдық ортада қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, арнайы мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу актісінің негізгі белгілері: белгілі бір мақсат көзделгендігі; қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипат болатындығы [5, 308 б.] деп көрсетілген. Сөйлеу актісі «локутивті акт», «иллокутивтік акт», «перлокутивтік акт» деп аталатын құрылымдардан тұратыны белгілі. Локутивті акт сөйлеу барысында сөйлеу әуезділігін сақтау яғни, дұрыс дыбыстау, сөздерді дұрыс іріктеп қолдану, грамматикалық жақтан дұрыс байланыстыру, сөйлеу нысанын дұрыс анықтау талаптарын қарастырады. Осы талаптар дұрыс болса локутивті акт жүзеге асады. Адам сөйлеу актісіне түскенде алдына белгілі бір мақсат қояды, өзінің діттемі (интенциясы) болады. Сол мақсаты, діттемі тыңдаушыға, қабылдаушыға жетіп түсінікті болса, иллокутивті актінің жүзеге асқаны. «Иллокутивтік акт белгілі бір нәтижеге әкелмесе ол сәтті жүзеге асты деп айта алмаймыз», – дейді сөйлеу актісі теориясының негізін салған ғалым Дж. Остин [6, 96 б.]. Перлокутивті акт тыңдаушының ойында, сезімінде болатын өзгерістер, реакциялар арқылы анықталады. М.М. Бахтин «перлокутивтік тиімділік» деп те атайды. Бұл мәселені ғалым былайша түсіндіреді: «Тыңдалатын сөз мағынасын пассивті түрде түсіну – бұл түсінудің жай ғана абстрактілі кезеңі. Жауап та соған сәйкес жүзеге асады. Сөйлеу актсінде үнемі белсенді түрде жауап қайтару болмайтын кездер де болады: мысалы, бұйрықты естігенде белсенді түрде жауап берілмейді, оны түсіну бұйрықты орындауда көрініс табады. Кейде түсіну үшін белгілі бір уақытқа дейін үнсіздік орнап, одан кейін жауап болуы мүмкін. Бұл жауап түрлері ақырын әсер ету әрекетіне жатады: соңында естілгені және түсінілгені естіген адамның кейінгі сөзінен немесе әрекетінен байқалады» [7, 260 б.].

Функционалды бағытта тілдік таңбаларды стильдік нормаға сай қолдану заңдылықтары, қоғамдық салаға, сөйлеу жағдаятына байланысты қолданылатын тілдік амал-тәсілдерге, академиялық шешендікке, т.б. байланысты мәселелер қарастырылады.

Психолингвистикалық бағытта қолданысқа түскен тілдік таңбалардың сезімге әсер етуі (қабылдаушыға, тыңдаушығы әсері, ықпалы) мәселелері қарастырылады.

Осы мәселелерді назарға ала отыра, іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилі конверсациялық, фунционалдық, психолингвистикалық ерекшеліктерге ие деп танимыз. Осы ерекшеліктерге байланысты оларды өз ішінде диалогтық сөйлеуге тән прагмастилистикалық ерекшеліктер, монологтық сөйлеуге тән прагмастилистикалық ерекшеліктер түрінде жіктеуге болады.

Іскери қарым-қатынастағы диалогтық сөйлеу интраиндивидуалды, интериндивидуалды актуализацияға негізделеді деп танимыз. Интраиндивидуалды, интеринвидуалды актуализация деп бір адамның проблемалық өзекті мәселені көтеріп сөйлеуі мен сол мәселені талқылауға басқа адамдардың да араласып, өзара пікіралмасуын айтамыз. Актуализацияның бұл түрінде назар аударту, сұрақ қою, жауап беру, қостау, мақұлдау сияқты коммуникативтік әрекеттер айқын көрініс табады. Сөйлеу әрекеті ешбір дайындықсыз, спонданды түрде жүзеге асады және уақыт мөлшері өте шектеулі болады. Сондықтан барынша синтаксистік жақтан ықшамдалған, қысқа да нұсқа сөйлемдер мен оралымдар қолданылады. Локутивті акт түрғысынан алғанда, жай сөйлемдер, ықшамдалған сөйлемдер, сөз сөйлемдер және қаратпа сөздер мен қыстырма сөздер қолданылады. Синтаксистік ышамдалу (эллепсис) заңына негізделген мұндай сөйлемдерді қолдану аз уақытта ақпараттың тез қабылдануына, тыңдаушының тез түсінуіне, тез жауап беруіне мүмкіндік беріп, иллокутивті, перлокутивті актінің жүзеге асуына ықпал етеді. Олай болса, іскери қарым-қатынастағы диалогтық сөйлеудің прагмастилистикалық ерекшелігі ауызша тілдік қатынаста өзара тілдесуге, түсінісуге, тез қабылдауға икемді ықшамдалған сөйлемдерді қолдану болып табылады. Сөйлемдердің мазмұны тыңдаушылардың қызығушылығына әсер ететін, олардың мүқтажын өтейтін нақты тақырыпта болуы керек. Сонымен қатар, қолданған сөйлемдер қарабайыр, ауызекі сөйлеу деңгейінде емес, шешендікке негізделген, тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйінін көрсететін ұтымды сөздерді пайдалануға негізделуі керек. Сонда тыңдаушының сезіміне ерекше әсер етіп, тілдік қатынас сәтті өтеді.

Іскери қарым-қатынастағы монологтық сөйлеу – бір адамның бірнеше адамға өз ойын сендіре жеткізуі. Сөйлеуші ой-пікірін сендіре жеткізу үшін аудиторияның мінез-құлқын, көтерілетін мәселе бойынша тыңдаушылардың әлеуетін жақсы білуі керек. Монологтық сөйлеу алдын – ала дайындықты қажет етеді. Сөйлеудің бұл түрі негізінен, саясатта, бизнесте, ғылыми ізденісте орын алады. Сөйлеуші сөйлеп түрған тақырыбын терең білуі тиіс; сөйлеген сөзі коммуникативтік мақсатқа негізделуі керек; тілдік материалдар мен фактілер коммуникативтік мақсатқа сай іріктелуі керек; сөйлеу алдын-ала жоспарлануы керек; дауыс ырғағы, интонациялық компоненттер дұрыс қойылып, ой ашық, түсінікті түрде жетуі керек; әрбір сөйлемдегі айтылған ой логикалық жақтан үндесіп, бірізділікке негізделуі керек. Бір ойдан екінші ой туындайтын сабақтастық сақталуы керек. Тыңдаушыларды сендіру үшін айтылған ой аса маңызды аргументтермен дәлелденіп, нақтыланып отыруы тиіс; ерекше назар аударуды талап ететін негізгі тірек сөздерді, сөйлемдерді қай жерде, қалай пайдалануды саралай алуы керек; өзінің алға қойған коммуникативті мақсатына, интенциясына мейлінше аз уақытта қол жеткізуге болатын қарапайым, рационалды тәсілдерді пайдалануы керек. Ол үшін сөйлеуші өзіне мынадай прагматикалық талаптар қойып алғаны жөн: біріншіден, кіріспе сөз сөйлеп, көтерілетін тақырыптың тыңдаушылар үшін маңызды, қызықты екенін дәлелдейтін тілдік амал-тәсілдерді қолдану. Бұл тыңдаушылардың ынтасын аударуына, қызығушылығын оятуға ықпал етеді, тілдік қатынастың әрі қарай сапалы өтуіне мүмкіндік береді. Тыңдаушылардың ынта-жігерін өзіне аудартып алған соң негізгі мәселені көтереді, шешімін айтады немесе ой тастайды.

Монологтық сөйлеуде тыңдаушылардың қабылдауына, түсінуіне кері әсер ететін кемшіліктер болмауы керек. Ондай кемшіліктерді Т.П.Матюшкина былайша жіктеп береді:

1) Логикалық сабақтастықтың бұзылуы;
2) Теориялық пайымдауларға толып кетуі;
3) Дәлелді негізгі ережелердің жоқтығы;
4) Қарастырылатын негізгі сұрақтар мен проблемалардың көптігі [8, 67-68 с.]

Іскери қарым-қатынастағы монологтық сөйлеудің прагмастилистикалық ерекшелігі шешендік сөздің прагматикасына негізделеді. Шешендік сөздің прагматикасы деген ұғымды Т.Жанұзақовтың тұжырымы негізінде түсіндіруге болады: «Шешен сөзі қазақ тілінде өте ертеден қолданылып келеді. Бұл сөздің мағынасы алдында шешіліп сөйлейтін түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес. Шешен сөзі қазақ тілінде сөзшең, айтқыш, тапқыр, суырып салма,

ділмар, қызыл тілге жүйрік дейтін сөздермен қатар қолданыла береді. «Шешен» сөзін халықаралық терминмен айтсақ, «оратор» деген сөз. «Оратор» латынның «очаче» – «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. Дальдың түсіндірмелі сөздігінде «оратор» вития (ділмар), краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшең адам) мастер говорить (сөйлеудің шебері). Осының бәрінде де шешен (оратор) «әсерлі, әдемі, бейнелі, көркем, ойлы сөйлей алатын адам деген мағынаны білдіреді» [9, 915 б.]

Іскери қарым-қатынас – белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін жасалатын қарым қатынас түрі. Е.Э.Сапожникова атап кеткендей, іскери коммуникация басқа мақсаттарға қол жеткізудің құралы болса [10], сол мақсатқа жету үшін сөйлеушінің сөзі табысты болуы тиіс. Сөздің табысты болуы үшін, ораторлық шеберлікке жету үшін сөйлеушінің ғылым мен техникадан, әдебиет пен өнерден, саясат пен барлық салаға қатысты заңдардан хабардар болып, эрудициясын, оқыған-тоқыған білімін сөйлеген сөзіне жинақтап қолдана білуі керек. Сонда ғана іскери қарым-қатынастағы монологтық сөйлеудің прагмастилистикалық қызметі өз деңгейінде болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ильясова Н.А. Қазіргі қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер: когнитивтік аспектісі. Докт. Диссерт. Алматы, 2010, 275 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл қисыны /Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімалар, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу. / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы, Жалын, 1991, 464 б.
3. Теплов Б.М. Психология. УЧПЕДГИЗ, Москва, 1953, 121 с.
4. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007, 244 б.
5. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: «Сөздік-Словарь, 2005, 440 б.
6. Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 17, С.22-129.
7. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979, 423 с.
8. Матюшкина Т.П. Культура и деловое общение: учебное пособие. – Белгород, 2012, 68 с.
9. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, 968 б.
10. Сапожникова Е.Э. Сопоставительный анализ национально-культурных особенностей языки делового общения (на материале переговоров английском, испанском и русских языках) дисер. Канд. Филол. Наук. Москва. 2004, 252 с.

УДК 82:801.6; 82-1/-9

Щербовских И.Г.[1], Болгар К.А.[2], Сералиева Н.Ж. [3]
[1]канд.филолог.наук, и.о.ассоциированного профессора (доцента),
[2]магистр пед.наук, преподаватель,
irina67_irina67@mail.ru
[3]канд.пед.наук, ассоциированный профессор (доцент),
Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан

СИСТЕМА ОТРАЖЕНИЙ В ЛИРИКЕ Ф.И. ТЮТЧЕВА

Резюме: *Статья посвящена изучению системы отражений в поэтических произведениях Ф.И.Тютчева. Авторы анализируют образ зеркала и его роль в создании характерного для поэта образа «двойной бездны». Подробно охарактеризованы случаи употребления слова «зеркало» в разные периоды творчества поэта. Особое внимание уделено поэтическим образам, принявшим на себя функции зеркала. Анализ отдельных стихотворений Ф.И. Тютчева демонстрирует проявление мотива отражения на разных уровнях поэтики.*
Ключевые слова: *образ зеркала, отражение, параллелизм, бинарность, поэтика.*

Chsherbovskikh I.G.[1], Bolgar Ch.A [2], Seralieva N.Zh.[3]
[1] candidate of philological Sciences, acting associate Professor,
[2]master of pedagogy, lecturer,
irina67_irina67@mail.ru
[3] candidate of pedagogical Sciences, associate Professor
ZhSU named after I.Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

THE SYSTEM OF REFLECTIONS IN THE POETRY OF F.I.TYUTCHEV

Abstract: *the Article is devoted to the study of the system of reflections in F. I. Tyutchev's poems. The authors analyze the image of the mirror and its role in the creation of the poet's characteristic image of the "double abyss". The cases of using the word "mirror" in different periods of the poet's work are described in detail. Special attention is paid to the poetic images that took on the functions of a mirror. The analysis of some Tyutchev's poems demonstrates the manifestation of reflection at different levels of poetics.*
Key words: *mirror image, reflection, parallelism, binary, poetics.*

Щербовских И.Г.[1], Болгар К.А.[2], Сералиева Н.Ж. [3]
[1]филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.,
[2]педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
irina67_irina67@mail.ru
[3] педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент),
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған қ., Қазақстан

Ф.И. ТЮТЧЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ БЕЙНЕ КӨРІНІСІНІҢ СИПАТЫ

Түйін: *Мақала Ф.И.Тютчев шығармаларындағы айнадағы бейне жүйесінің поэтикасын зерттеуге арналған. Авторлар айнадағы бейненің көрінісін және оның ақын шығармаларындағы «шыңыраудағы көрінісінің» бейнесін жасаудағы орнын талдау арқылы айқындайды. Ақынның әр жылдардағы шығармашылық кезеңіндегі*

«айна» сөзін қолдануы нақты дәйектелген. Поэтикалық бейнені өзіне қабылдап көрсететеін айна қызметіне ерекше көңіл бөлінген. Ф.И.Тютчевтің жекелеген шығармаларындағы мотивтің пайда болуының әр деңгейдегі көріністері сипатталған.

Түйін сөздер: *айна образы, бейне көрінісі, параллелизм, бинарлық, поэтика.*

В историю русской и мировой литературы Ф.И.Тютчев вошел не только как тонкий и проникновенный лирик, но и как поэт–философ, создавший уникальные образцы поэтических раздумий о бытии вселенной и человека. Говоря об особенностях поэзии Ф.И.Тютчева, исследователи в первую очередь подчёркивают её философичность.

Характерной особенностью тютчевской поэтической мысли является сопоставление двух начал, двух образов, нередко противоположных, на что давно обратили внимание исследователи творчества поэта. О «страшном раздвоенье» ещё в начале прошлого столетия писал А.Г.Горнфельд, называя двойственность обычным мотивом поэзии Тютчева [2, 1909, с.450]. Двойственность Ф.И.Тютчева подчеркивал и В.Я.Брюсов, противопоставляя «дневную» и «ночную» лиру поэта [1, 1987, с.229]. Авторы современных работ также акцентируют двойственность, лежащую в основе тютчевского мирообраза (Б.Я.Бухштаб, Л.А.Озеров) и традиционно выделяют пары таких «трагических двойников–антиподов», как День и Ночь, Сон и Смерть, Вера и Неверие и т.д.

Наиболее часто привлекает внимание исследователей образная пара День – Ночь. В своё время ещё Л.В.Пумпянский отмечал, что полярность дня и ночи развилась у Ф.И.Тютчева в большой тематический цикл [3, 1928, с.30]. О важности этой «особой парной темы» у Ф.И.Тютчева говорит и Н.Я.Берковский. Обращаясь к анализу стихотворения «День и ночь», М.М.Гиршман и В.Кормачёв отмечают, что это не просто название отдельного произведения, – это и сквозной образ, и один из самых устойчивых семантических комплексов всей лирики Ф.И.Тютчева, и магистральная тема. Анализируя отдельные скрытые «образно-поэтические параллели» к идеям и сценам романов Ф.М.Достоевского, В.В.Савельева акцентирует звёздную тему в «Братьях Карамазовых» и связанную с нею поэтизацию ночи «как пути приобщения человека к тайне мироздания». Автор устанавливает связь данной темы с величественным образом «звёздной славы» у Тютчева, в творчестве которого тема ночи звучит как «тема величия вечности, противопоставленной земле, тленной и мертвенной в своём ночном сне» [4, 1987, с.126].

Ф.И. Тютчев изобразил две беспредельности, две бездны – внутри человека и вокруг него. Эти особенности мировосприятия Ф.И.Тютчева во многом определили своеобразие его поэтики: создавая на поэтических страницах бинарно устроенный миропорядок, воплощая в образной системе свои представления о мире и человеке, он всё это выразил с помощью неповторимого поэтического языка и формы своих произведений.

Весьма ярким проявлением тютчевской поэтической бинарности является мотив отражения, представленный на самых различных уровнях – в раскрытии поэтической темы, системе группировки образов, своеобразии поэтической речи и художественной структуры. Можно назвать отдельные стихотворения поэта, в которых представлена целая система отражений.

Созданию картины отражённого бытия способствует ряд повторяющихся образов, ключевую роль среди которых играет образ зеркала. Этот образ особенно притягателен ещё и потому, что самое слово «зеркало» используется поэтом крайне редко, и в большинстве случаев изображения двойной бездны, двойного бытия оно не названо (его функции выполняют, например, водная гладь или ледяная поверхность). Но, не произнося слово «зеркало», не фиксируя материальную, словесную оболочку таинственного образа, обладающего удивительной способностью, проникая вглубь, постигать иное, отражённое бытие предмета, поэт создаёт весьма выразительный поэтический образ, удваивающий изображаемое пространство, рисующий второе бытие поэтического явления.

Впервые зеркало упоминается уже в одном из самых ранних стихотворений Ф.И.Тютчева («На новый 1816 год»), где оно выступает в функции метафоры: «О время! Вечности подвижное зерцало!». Чуть позже, в начале 1820–х годов, поэт говорит о зерцале истины («Песнь радости»). Затем зеркало встречается в стихотворении «Двум сёстрам», где с его волшебными свойствами сравнивается способность памяти воскрешать уже минувшие картины. А написанное в том же 1829 году стихотворение «Последний катаклизм» гласит: «Всё зримое опять покроют воды, // И божий лик изобразится в них!» – «изобразится» как в зеркале, но само зеркало здесь уже не названо. В этом стихот-

ворении впервые функции зеркала выполняет водная гладь. В созданном в это же время стихотворении «Байрон» вновь возникает торжественный образ «кроваво–тусклого зерцала», отражающего «и мир и жизнь», а в отрывке из «Эрнани» упоминается не менее величественное «зерцало грозное для совести царей». В стихотворении «MALA ARIA» прозрачные воды источника сравниваются со стеклом, что сразу же рождает ассоциации с зеркалом; напоминает зеркало и созданный поэтом образ дремлющего озера в стихотворении «Осенней позднею порою...» («И белокрылые виденья // На тусклом озера стекле»). И только в самом конце 1850–х годов появляется образ зеркала, которым названы воды Женевского озера: «Тот же месяц, но живой // Дышит в зеркале Лемана». Здесь, наконец, при упоминании водной поверхности, зеркало уже названо прямо, а не присутствует ассоциативно, как ранее – в многочисленных стихотворениях, где изображена водная гладь, выполняющая функцию зеркала. Интересно, что, употребляя во всех указанных выше случаях устаревшую форму – «зерцало», Ф.И.Тютчев при обращении к зеркалу воды меняет стилистическую окраску слова.

С зеркалом сравниваются и речные струи в стихотворении 1868 года: «В небе тают облака, // И, лучистая на зное, // В искрах катится река, // Словно зеркало стальное…».

В уже упомянутом выше стихотворении «Байрон» поэт создает красочный образ «двойной зари», со всех сторон осеняющей лебедя, плывущего в предвечерний час по зеркальной поверхности воды. Он легко скользит по той недоступной взору грани, которая отделяет одну от другой две стихии: зарево заката в небе и – его отражение в румяной волне. Водная поверхность стала и той зеркальной гладью, которая отразила не только закатное небо, но и саму птицу, окруженную «двойной зарёю» и любующуюся своим отражением. В том же 1829 году в стихотворении «Сны» поэт изображает «пылающую бездну», окружающую человека со всех сторон: это горящее звёздной славой небо, отражённое в водной глубине. А спустя 10 лет образ неба, таинственно глядящего из глубины водной стихии, получит, наконец, более адекватное, более ёмкое и глубоко символичное обозначение – «двойная бездна». Между «двойной бездной» застыл погруженный во «всезрящий сон» лебедь. Со всех сторон его обступает безбрежность ночного неба, отражённая в водной глади: бездна в вышине и бездна в глубине. Зеркало воды удваивает бесконечность небесной стихии, глядящей одновременно с высоты небес и из глубины. Интересно проследить развитие образа: «пылающая бездна» («Сны») → «двойная заря» («Байрон») → «двойная бездна» («Лебедь»).

Подобрав в стихотворении «Лебедь» нужное определение, поэт не будет далее называть «двойную бездну», но к её изображению он ещё вернется – и не раз. Не говоря непосредственно о двойной бездне, поэт словно намекает на её существование целой системой отражений: с поразительным постоянством Тютчев отражает звёздное небо, сияющие лучи солнца или пылающий зарёю Восток в зеркале воды, в слезах или ледяной коре, сковавшей горные вершины.

Создавая второе, «отражённое», бытие своих образов, Ф.И. Тютчев чаще всего использует в качестве зеркала водную гладь. В воде отражаются золотые кровли («Тихо в озере струится…»), «радужные горы // В лазурные глядятся озера» («На возвратном пути»), но наиболее часто в зеркало воды глядит небо – как дневное, залитое солнцем, так и ночное, усеянное звёздами или посеребренное луной.

Трудно сказать, какой картине поэт отдает большее предпочтение – «дневной» или «ночной»: отражение в воде дневного неба на протяжении всего творчества Ф.И.Тютчев изображает почти столь же часто, как и отражение неба ночного. При этом почти всегда поэт называет то дневное или ночное светило, которое осеняет своими лучами водную поверхность: отражается не просто небо, а обязательно – «зажигающие» его заря, закат, солнце, луна или звёзды.

Спускаясь вниз и отражаясь в воде, солнечные лучи оживляют изображаемую поэтом картину: «по сребру зыбей свет солнца золотой // Играет и скользит» («Послание Горация…»), он вызывает улыбку и смех («Что ты клонишь над водами…», «Ты волна моя морская…», «Сияет солнце, воды блещут…»). Лучи солнца играют в зеркале речных просторов, заставляя их сверкать и искриться («Небо бледно-голубое…»). «Огнецветная пыль» фонтана вобрала в себя солнечное пламя, сияя его отражённым светом («Фонтан»).

В разные периоды творчества отражая в воде сияние солнечных лучей, Ф.И.Тютчев не только повторяет в деталях создаваемые им картины, но также обращается к использованию одних и тех же слов: «И блещет всё в торжественном покое: // Лазурь небес, и море голубое» – 1828 г.; «Но струя бежит и плещет, // И на солнце нежась, блещет, // И смеётся...» – 1835 г.; «Сияет солнце, воды блещут, // На всем улыбка, жизнь во всем» – 1852 г.; «Солнце светит золотое, // Блещут озера струи» – 1866 г.

Если под лучами дневного неба вода неизменно «блещет», то, отражая сияние ночных светил, Тютчев создает более разнообразные картины: отражённое в бесконечности водной стихии ночное небо искрится, сияет, но чаще – «горит» и «пылает». И здесь невольно напрашивается следующее сравнение «дневного» и «ночного» отражений: создаётся впечатление, что дневные лучи достигают лишь поверхности воды, которая их отражает (воды «блещут» – здесь чувствуется что-то праздничное, полное жизни, но в то же время – поверхностное, быстро проходящее), слава же ночных лучей достигает самой глубины, проникая в сердце ночной пучины.

Рисуя ночное небо, отражённое в воде, Ф.И.Тютчев чаще обращается к образу звёзд, нежели луны: «Лишь по задумчивой Неве // Струится лунное сиянье»; «С неба звёзды нам светили, // Снизу искрилась волна»; «И опять звезда играет // В лёгкой зыби невских волн». При этом именно звёздное небо Тютчев погружает в воду, создавая величественный и таинственный образ пылающей «двойной бездны»:

Безбрежное море лежит под стопами,
И в светлой лазури спокойных валов
С горящими небо пылает звездами…

(«Урания»)

Небесный свод, горящий славой звездной,
Таинственно глядит из глубины, –
И мы плывём, пылающею бездной
Со всех сторон окружены.

(«Сны»)

Если поэт одинаково часто отражает в воде как дневное небо, так и ночное, то этого нельзя сказать в отношении неба рассветного и закатного. Предрассветное небо отражается в водной глади, пожалуй, всего единожды – в стихотворении «Восток белел. Ладья катилась…» («Как опрокинутое небо, // Под нами море трепетало»), зато зарево заката румянит зеркало воды не один раз: «Уж солнца раскалённый шар // С главы своей земля скатила, // И мирный вечера пожар // Волна морская поглотила» («Летний вечер»); «Не лебедем ты создан был судьбою, // Купающим в волне румяной крыла, // Когда закат пылает над потоком, // И он плывёт, любуясь сам собою, // Между двойной зарёю» («Байрон»). В стихотворении «Под дыханьем непогоды...» Тютчев создает красочную картину отражения в водном потоке пламени вечерней зари; создаётся двойственное впечатление: не сразу удаётся понять, спускается ли закатный луч с небес в воду или светит изнутри, из глубины потока.

Ф.И.Тютчев так часто отражает небо в воде, что постепенно начинает о небе говорить как об «опрокинутом» в него море: «В бездонном небе звёздный сонм горит» («Как сладко дремлет сад темно-зелёный…»), «Деревья радостно трепещут, // Купаясь в небе голубом» («Сияет солнце, воды блещут…»), «звезда // Уж тонет в небе голубом» («Я знал её ещё тогда…»), орёл «во глубь небес нырял» («Байрон»). Невольно возникает ощущение, что небо – это отражение морской глубины.

Весьма показательны случаи, когда в пространстве одного произведения Ф.И.Тютчев создаёт целую систему отражений (и на образном, и на синтаксическом уровне), и когда функции зеркала выполняют сразу несколько художественных образов. В этом отношении интересно стихотворение «Восток белел. Ладья катилась…». Подробный анализ его текста, с учётом вариантов, представленных в различных автографах ранней редакции, предложен в нашей статье «Композиционно-семантическое своеобразие стихотворения Ф.И.Тютчева «Восток белел. Ладья катилась...» [5, 2016, с.94-98].

В каждой строфе стихотворения между первым и вторым двустишиями, отграниченными тире, складываются своеобразные отношения. Наряду с тем, что первое двустишие в каждом случае фиксирует движение времени, оно рисует и определённый эпизод, соответствующий этому отрезку времени. Вторые же двустишия не только изображают то, что происходило внизу, в ладье, в момент тех или иных изменений предрассветной стихии, но и создают столь характерную для Тютчева картину отражения: I строфа – небо отражается в воде: море уподоблено опрокинутому небу; II строфа – небо, озарённое лучами восходящего солнца, отражается в очах, во взгляде: «Восток алел» – «Во взорах небо ликовало»; III строфа – вспылавший Восток отражается в слезах: «И по младенческим ланитам // Струились капли огневые». Подобную роль играют и повторяющиеся слова («Восток», «она»), которые, к тому же, тесно взаимосвязаны («Восток», алеющий и вспылавший, отражается в её взорах и слезах).

Таким образом, система отражений в данном стихотворении представлена на самых различных уровнях:

Бүгінгі мәдени-тарихи жағдайда Қазақстанда ұлттық дәстүрлерді сақтау мәселесі өзекті болғандықтан: а) дәстүрлі музыка мәдениетін қолдау бойынша әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін құру, ә) дәстүрлі музыканттардың мемлекеттік білім алу жүйесін сапалы жаңарту қажет. Бұл қорытынды, жоғарыда атап өткеніміздей, келесі жағдайларға негізделеді:

1 . Көшпелі қазақ мәдениетінде музыка дәстүрінің орындалып, қызмет ету және бұқараға жайылу, тарату механизмдері ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған. Музыканың болмысын, оның үзіліссіз, табиғи дамуын қамтамасыздырған – көп ғасырлар бойы сақталынған тарихи орта.

2 . XX ғасырда тарихи жағдайлардың өзгеруіне орай дәстүрлі музыканың

орындалып, қызмет ету және музыканттарды оқытудың құрылымдық жүйесі бұзылды. Алайда, әлеуметтік-мәдениөзгерістерге қарамастан, XX ғасырдақазақ музыкасыөзінің өркениеттік қорын жәнеғасырлық өздігінен даму инерциясын пайдалана отырып, әрі қарай өмір сүруде.

3 . XXI ғасырда өзгеше жағдайлар туды. Ұлттық мәдениет және музыкадан алшақтау үдерістері тек қазақ халқының қалаландыруымен (урбанизация) ғана емес, ғаламдық тәртіп (глобализация) және мәдениеттік прессинг(батыстың бұқаралық мәдениетін БАҚ арқылы насихаттау) факторларына байланысты бұдан әрі үдей түсті.

Сонымен аталған тақырыптағы мақаланы қортындылай отырып, жалпы ұлттық музыканың бүгінгі функцияларын талдай отырып, мына ойларды ортаға саламыз:

1. Дәстүрлі қазақ музыкасының функциясының өзгеруіне әсер еткен әлеуметтік-мәдени үрдістің ең маңызды беталыстары кеңестік кезеңде басталды.

2. Қазақтың дәстүрлі ортасында қалыптасқан жырау, ақын, сал-сері, күйшілер бүгінгі күнде тек қана жыршы, әнші, орындаушы ретінде танылып отыр.

3. Ұлттық өнерпаздардың қазіргі заманда атқаратын негізгі функцияналдық қызметі тек қана насихаттаушы болып қалып отыр. Қазіргі қоғамда мынадай түсінік бар: «Дәстүрлі өнерпаздар – кешегінің сарқыншағы, болмаса, өткен ғасырда қалып қойған» деген. Зерттеуде бұл түсініктің қате екенін түжырымдай отырып, ұлттық өнерпаздардың ұлттық музыка өнерін туындатушы, дамытушы екенін айқындаймыз.

4. Бүгінгі таңда қазақтың дәстүрлі музыканттарын: әнші, жыршы, күйшілерді оқытудың қисынды жүйесін құру мәселесі де өте маңызды. Музыканттарға кәсіби білім беру жүйесінде бүгінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі музыканы жалғастыру (тарату) әдіс-тәсілдерін пайдаланатын біртұтас оқу бағдарламасы құрылуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Күзеубай А.Ұ. Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша). Философ. докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2016, 149 б.
2. Омарова Г.Н. Тип культуры и традиционная музыка казахов /Традиционная культура кочевников. - Алматы, 2002, С.134-149; Omarova G.N. Type of Culture and Traditional Music of the Kazakh / Asia-PacificTraditional Arts Forum/Conference. - Taipei, 2000.
3. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов. – Алматы-М., 1995, 320 с.
4. Проблемы истории и культуры кочевых цивилизаций Центральной Азии. В 3–х томах. Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 2000, 319 с.
5. Кочевая цивилизация Великой степи: современный контекст и историческая перспектива: Сборник статей. - Элиста: Джангар, 2002, 376 с.
6. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 168 с.
7. Омарова Г.Н. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили: автореф. … док. искусств. – Ташкент. 2012, 46 с.
8. Күзеубай А.Ұ. Дәстүрлі ән өнерінің сақталуы және бүгінгі көрінісі / Абай атындағы атындағы ҚазҰПУ. «Хабаршы», тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2014, №3 (42),142-146 бб.
9. Омарова Г. Музыкальное искусство в системе современной культуры и образования // Омарова Г.Н. Кобызовая традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки: Монография. – Алматы, 2009, 447-455 бб.
10. Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк Пресс, 2002, 544с.
11. Күзеубай А.Ұ. Ұлттық музика өнеріндегі үстаз-шәкірт сабақтастығы // Оқу үрдісін және білім беру мазмұнын жетілдіру тәжірбиесі: заманауи беталыс / Халықаралық оқу-әдістемелік конференция. – Алматы, 2017, 169-173 бб.
12. Омарова Г.Н. Современность и музыкальное наследие /Мысль. 2009, №11, С.71-76.
13. Омарова Г.Н. Язык традиционной музыки и современное культурное пространство /Материалы международной научной конференции в рамках фестиваля «Мәңгілік сарын». - Алматы, 2008, 190 с.

14. Омарова Г.Н. Перспективы сохранения и развития традиционного казахского народного творчества в современных условиях: Сборник научных докладов и выступлений «Круглого стола» Мин-ва культуры РК. – Алматы, 2010, 95 с.
15. Омарова Г.Н. тюркских народов: своеобразие и вопросы популяризации: Сборник статей и мат-ов междунар. науч.-прак. семинара. – Алматы: Алейрон, 2011, 146 с.
16. Омарова Г.Н. Традиция в современной культуре и искусстве: сборник научных статей, посвященный 70-летию А.И. Мухамбетовой. - Алматы: КазНАИ им. Т. Жургенова, 2012, 344 с.
17. Омарова Г.Н. Традиционная музыка казахов и народов Центральной Азии: современное состояние, изучение, перспективы развития: Мат-ы Междунар. науч. конференции, посвящ. 5-лет. кафедры традиционного муз. искусства КазНАИ и 115-летию Т.Жургенова. – Алматы: КазНАИ им.Т.Жургенова, 2013, 256 с.



Серкебаева Г.Х.
Концертмейстер
«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
Астана қ., uekyfhf61@mail.ru



Булгбаева А.З.
Өнертану ғылымының кандидаты, доцент
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,
aizada-bultbayeva@mail.ru

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БИЛЕРІНІҢ ХОРЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТЫЛУЫ ЖАЙЛЫ

Аннотация: *Мақалада сүйемелдеушінің «Қазақ халық билері» деп аталатын балет класындағы жұмыс ерекшелігі қарастырылады. Нота материалдарымен қатар сүйемелдеуші фортепиано аспабының әртүрлі әдістері, балалармен атқарылатын жұмыс түрлер және фортепиано туындылары ұсынылады.*

Тірек сөздер: *Сүйемелдеуші, шығармалар, өлшем, тағзым, ырғақ, аккорд, педаль, аккомпанемент.*

Аннотация. *Рассматриваются вопросы специфики работы концертмейстера в балетном классе «Казахские народные танцы». Предлагается нотный материал и работа над различными пианистическими приёмами предлагаемых фортепианных произведений.*

Ключевые слова: *Концертмейстер, произведения, размер, вступление, темп, ритм, аккорды, педаль, аккомпанемент.*

Abstract. *The issues of the concertmaster' s work in the ballet class «Kazakh people' s dances» are considered. The work offers musical notation and work on various pianistic techniques, offered in piano pieces.*

Keywords: *Concertmaster, works, size, introduction, tempo, rhythm, chords, pedal, accompaniment.*

Пианистер арасында ең көп тараған мамандық – сүйемелдеуші болып табылады. Сүйемелдеушіге жұмысы барысында түрлі мамандық иелерінің өкілдерімен серіктес болуға тура келеді, сол себепті ол жан-жақты, сауатты музыкант болуы тиіс. Қызметінің ерекшелігі де осы. Ал хореография саласындағы пианистің концертмейстерлік қызметі – одан да ауқымды. Демек, концертмейстерге келесі талаптар қойылады: білімді, кәсіби шеберлігі жоғары және оны үнемі шыңдап отыруды қажет, тәжірибесі мол, фортепианолық репертуары кең және т.б. Яғни, концертмейстер – таза шығармашылық көзқарасымен жұмыс істейтін маман екеніне алғашқы минуттан-ақ көзіңіз жетеді.

Ұлттық педагогикалық репертуардың маңызды міндеттерінің бірі – халық музыкалық шығармасында құрылуы. Мұндай ұлттық репертуар жас ұрпақты ана тілін құрметтеуге, елін сүюге, адамгершілік пен басқа ұлттар арасындағы достық қарым-қатынасты дәріптеуге тәрбиелейді.

Биші оқушылар «Қазақ биі» сабақтарында қазақ халқының музыкалық шығармаларының табиғатын, стилистикалық ерекшеліктерін, музыкалық тілінің ерекше ұлттық ырғағы мен сұлулығын жақсы сезінеді. Қазақстандық композиторлар шығармаларын жазу барысында халық әндері мен күйлерді қосып,

тыңдармандардың қызығушылығын одан әрі арттыра түседі. Бұндай шығармашалар оқу барысында студенттердің көркемдік көзқарасын кеңейтіп, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырары сөзсіз.

Осы тұрғыдан алғанда хореографиялық пәндер арасында негізгі пәндердің бірі болып табылатын қазақ биіндегі халық билерінің орындалуына назар аударған жөн. «... Қазақ биінің тамыры өте тереңде, оның шығу тегі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен және тұрмысымен тығыз байланысты және алғашқыда ол ешбір ережесіз импровизация түрінде орындалған. Ерте заманда халық арасынан туған хореографиялық пластика бүгінгі таңда да өз құндылығын жоғалтпайды. Бидегі музыка әрбір қимылды айқындайды және толықтырады» [1].

Әр бидің образын ашу үшін «Қазақ биі» пәндерінде ұстаз оқытушыға қазақстандық композиторлардың өңдеуіндегі халық әндері мен күйлерін ұсынып отырады. Қайталанбас ұлттық бояуы бар музыкалық шығармаларда әртүрлі елдің музыкалық мәдениеті мен қазақ ұлттық мәдениетінің синтезінің негізінде туындаған ұлттық өңдеудегі жаңа стильдік үрдістер алмасады.

Музыкалық тілді талдау барысында әннің басты тақырыбының әуеніне үлкен көңіл бөлу керек. Себебі, музыкалық шығарманы ұғыну қашан да әуеннен басталады. Әр қазақ композиторының шығармашылығында қазақ фольклорының әр түрлі элементтері кездеседі. Бірақ олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болады. Әрбір тыңдаушы ең алдымен әуенді қабылдайды, ал интонацияның көрнектілігін, оның барлық «иірімдері» мен «бұрылыстарын» есті білу, әдетте орындаушының мүмкіндігіне байланысты. Интонацияның өткірлігі диссонансты үйлесімді кеңінен қолданған кезде күшейеді. Орындаушының алдында шешімін талап ететін бірнеше мәселе тұр. Мысалы, дыбыс диссонанстары, төменгі регистрдің қалың, тығыз аккордтары, өткір, «мысқылды», «зұлым», «ызаландырушы» дыбыстардың гармониялық үйлесіміне жету міндеттері [2]. Кейде композиторлар музыкалық образдың әсемдігін көрсету үшін көркем гармониялық таңбаларды қолданады. Мәселен, кейде жас қазақстандық композиторлар фольклорлық мәнерде немесе сирек кездесетін интервалдар қатарын, дәлірек айтқанда - тритондар, үлкен және кіші септималар, ноналар және басқа да диссонанстық интервалдар қолданады. Әрине ондай музыканы еуропалық классикалық музыкаға құлағы үйренген студенттерге қабылдау қиынға соғады.

«Қазақ биі» сабағы: станок жанындағы экзерсис, зал ортасындағы экзерсис және қазақ би өнерінің мұралары мен этюдтар көрсетілімінен тұрады.

Хореографиялық сабақтарда оқытушы мен концертмейстер түрлі міндеттерді шешеді, бірақ мақсат біреу − балет әртістерін тәрбиелеу. Оқытушының үнемі сабақта беретін комбинациялары музыкалық фразировкаға және ең бастысы тактінің өлшеміне бағынуы тиіс.

Мысалға, Күрманғазының «*Қызыл қайың»* күйін алайық. Бұл күйге Д.Әбіров «*Қоштасу»* биін қойған. Би – ұзатылатын қыздың той алдындағы құрбылары мен туыстарымен қоштасу сәті. Кіріспесі 2 такт. Аккордпен ойнаған кезде дыбыстардың біруақытта шығуына мән бере, қолдар бос, дыбыс адуынды, бірақ жұмсақ және нақты болу керек. Отыз екінші нота ойнағанда қысылып шықпау керек, жеңіл, қолдың бір қимылымен орындалады. Қолдар байсалды және біркелкі қимылдау қажет, қолдың буыны саусақтармен тығыз байланысады, белсенді саусақтар қол буындарының босап кетпеуін қадағалайды. Алмасу кезінде − қол қимылдары көлденең. Аккордтар алдын-ала клавиштерді басып көрместен, сәйкес пернелерді басу үшін ауада дайындалған саусақпен алынады. Аккордтарды алмастыру кезінде қолдарды саусақтар жүргізеді, керісінше емес. Орындаған кезде жарқын кульминацияға, люфт паузаға және ферматаға назар аудару қажет.

Күрманғазының күйі «*Айжан қыз»*. Кіріспесі 2 такт. Музыкада нәзік жас қыздың образы анық бейнеленеді. Бұл бидегі әуен мен әсем қимылдар тыңдаушыны биде жүргендей сезімде баурап алады. Октавалар мінездемесі орындау құралын нақты анықтайды. Он алтылық жеңіл октавалар төменгі қолдың буындарымен, сегіздік ауырлары – бүкіл қолмен ойналады. Тік сызықпен қолдарды клавиш үстінен позицияға алмастыру сол қолда. Белсенді пассажды орындағанда шаршаңқылықты болдырмау қажет. Өзіңді еркін әрі бос сезіну үшін қол буындарының қалпын жоғарыдан төменге және керісінше ауыстыру керек.

Сонымен қатар, би қимылдарын игеруден бөлек сабақта концертмейстермен бірлесе музыкалық материал таңдау жұмыстары жүргізіледі. «Хореография режиссурасы» мамандығының бірінші курс студенттеріне жүргізілетін «Қазақ биінің композициясы» пәнін қазақстандық композиторлар шығармаларының мысалында қарастырып көрелік.


"Қызыл қайың"
- Қоштасу
Құрманғазы
Moderato
simile
a tempo
rall.
ff


"Айжан қыз"
Құрманғазы
Moderato
Ped.
simile.
f
ff

Қазақ биінің станок жанындағы экзерсисі:

Тағзым – өлшемі ¾, баяу, әсем, жеңіл вальс - 8 такт. Шығарманы орындау барысында аккомпанементке назар аудару. Бас – терең, қанық, бесінші саусағынан біріктіретін қозғалыспен ойнап, арпеджиоздың үздіксіз әуенді желісі болуы керек.



Plie – «Гаухар тас» - Сегіз сері, Е.Бабакованың өңдеуінде. Өлшемі шаршы емес, сондықтан концертмейстер алдымен қарап шығып оларды шаршыға айналдыру керек, себебі өлшемі үнемі 2/4 - 3/4 және 4/4 аралығындаауысып отырады. Жан толғандыратын, байсалды, әуенді оң қолда кантиленді, басқыш кешіктіріліп жүреді. Әуенді легатода орындау, ән айту сипатының ауысуы қиындық тудырады. Мұнда әуенмен жұмыс істеудің негізгі ережелерін есте сақтау қажет, яғни ұзақ дыбыс шыққаннан кейін әуенді желіні жалғастыру, саусақ бастарымен ойнау, икемді білек, әуен мен сүйемелдеу арасындағы баланс. Сүйемелдеу мүқият жұмыс жасауды талап етеді: аккомпанемент әуенді нақты үстап тұрады, оң қолмен бірге «тыныс береді», оны толықтырады, сол қолыңыздағы октаваның қозғалысы кезінде статикалық күйде болуға мүмкіндік бермейді. Есту қабілеті сезімтал болу керек, бірнеше фразаны бір үлкен ауқымда біріктірсе, келесімен – бірлікті сақтай отырып, мотивтер мен интонацияларға бөледі. Орындау кезінде толқындар үмтылған кульминацияның орнын анықтау керек. Сүйемелдеу әуенді өшірмей, музыканың жұмсақ шығатын поэзиялық әсемдігін бұзбау керек.



Battements tendus – *Жаяу Мұсаның әні "Ақсиса",* кіріспесі 4 такт (қайырма). Өлшемі 2/4; Музыкалық фрагмент үшін шаршы болғаны жөн, дегенмен ән қазақ әндеріне тән түрлі өлшемдерде жазылған. Ырғақты суреттемесі, метро ырғақты жіктелу мүмкіндіктерінің маңызы зор. Шаршы емес.

Кіріспе жігерлі мінезді, Allegro con brio темпінде бастау қажет. Көңілді, өмірге құштар, мысқылшыл әуен, музыка характері айқын, сергек. Аппликатура мен қысқа, тік басқышқа назар аудару

керек. Пьесаның характері ойнақы қимыл есебінен. Музыкалық үлгі импровизацияның үйлесімді дағдыларымен үсынылған, яғни құлаққа жағымды іріктелген және құрастырылған. Импровизация жасау көптеген концертмейстерлерге қиын соғады. "… Есту қабілетіне сүйеніп ойнау концертмейстерге толық еркіндік , назарын босатуға (нотаға қарамауға), бишілерді назарда ұстауға, аяқ қимылдарын қарауға мүмкіндік береді" [3]. Импровизацияға дағдысы жоқ көптеген пианисттер, автор қолданған "*Тағзым" және* "*Ақ сиса*" үлгілері сияқты әуенді үйлесімді жазып алуға тырысады.



Battements jete – «Құсбегі – дауылпаз» С. Мұхамеджанов. Музыкалық өлшемі 6/8, триолді қосқандағы есебі 2/4. Кіріспесі 2 такт. Музыкалық сүйемелдеу өткір, екпінді және айқын ырғақты суреттемесі болу керек. Қимылдың шапшаң мінезіне музыкадағы staccato-ны орындау әсер етеді. Бастапқыда орынды, байсалды темпте орындалады, Battements tendus секілді, содан кейін темп жылдамдайды. Октавалық орындау бір әуендік фразаны 4 тактіге біріктіреді, қолды бір сермеумен, көрнекі түрде музыкамен бүркіттің үшқаны мен аңшылық кездегі қанатының сермегенін орындайды. Сол қолмен әлсіз үлестен зор үлеске өтуді ойнап үйрену. Басқыш қысқа.



Rond de jambe par terre – қазақтың халық әні «Қараторғай» Дубовскийдің өңдеуінде – берілген шығармада полифония элементтері бар, ол орындау кезінде белгілі бір қиындықтар тудырады. Қазақстан композиторларының шығармаларындағы фактурада ұлттық негіз бар. Инструменталді екі дауыстан орындау барысында қиындық тудыратын вокалды және имитациялық полифония элементтері пайда болды. Фактураның мұндай ерекшеліктері орындаушыдан өз құралының тембр ресурстарына ие болуын талап етеді. Пьесаны үйрену кезінде партияны екі қолға салуға болады, дауыс пен әуеннің сұлулығын тыңдап, содан кейін бір қолмен ойнап көруге болады. Шығарманың бөліктері бір-бірімен қарама-қарсы болмағандықтан, пьеса формада құралып, жақсы тыңдалу үшін динамика мен образдың түрлісін іздестіру қажет. Бірінші бөлім – лирикалық, екіншісі қозғалысты, динамикасы айқынырақ. Әуеннің фактурасы тығыздалады, әуенді тыңдайтын жерге дауыстар, аккордттар қосылады. Характері салтанатты, эмоционалды бола бастайды. Мұнда өрескел сипат болмау үшін өлшемді сақтау және динамиканы төмендетпеу маңызды болып табылады" [4].

Battements fondues – қазақтың халық әні «Бір бала» Е.Бабакова өңдеуінде, вокальды шығарма. Пианистикалық техникамен жұмыс барысында көрнекі түрде ұсына білудің анықтығы, қоболжу тереңдігі сияқты музыкалық даму компоненттері талап етіледі. Бас – основа гармония негізі және обертондық бояудың қайнар көзі. Басты қанық орта дауыста орындау керек.



Аккомпанемент – әуеннің үйлесімді ғана емес, ырғақты да тіреуші, оның соғысы кантиленді ауада ұстап тұрады. Әуен музыканы алға кульминацияға тартады, ал аккомпанемент қимылдың метрикалық нақтылығын ұстай отырып, оны артқа тартады. Екі тартылыстың шиеленісін тоқтату ырғаққа өміршеңдік пен серпінділік береді. Б.Ерзаковичтің өңдеуіндегі «Бір бала» әнін автор Battements fondues қимылын орындауға ұсынады. Вокальді қатарын екі қолға салу қажет. Кіріспесі 2 такт, өлшемі 2/4; темпі – moderato; әуеннің характері байсалды. Кіріспесі 2 такт, әннің соңғы қатары. Қайырманың алдында би қимылдарына шаршы шығу үшін 1 тактіні өткізіп жіберу. Аккомпанементті толықтай сол қолға өткізіп, октавада орындауға болады. Ойнау барысында қиындық тудыратын – қимылдарды бір тактіге біріктіріп, кульминацияның дамуы, октаваны legato-да ойнау. Әуен мықты үлестен басталып, әуеннің қимылдары әннің бастамасы мен қайырмасында болады. Аккомпанементтегі үзік-үзік ырғақты бірден емес жұмсақ орындау. Бас терең, регистрдің тереңдігін көрсету, аккомпанемент жеңіл. Аккомпанементті анық және ашық орындау керек. Басқыш тік бір такті.

Adagio – қазақтың халық әні «Япырай» Е.Бабакованың өңдеуінде**,** вокальды шығарма, әуенді октаваға салуға болады. Әуен затактіден басталады. Музыка характері байсалды, жайлы; орындалу

темпі adagio tranquillo. Кіріспесі 2 такт. Әнде ырғақ 2/4, 3/4 және 4/4-ке дейін үнемі ауысады, сондықтан ұзын ноталарда өлшемді шаршыға қайта жасап, аккомпанементте 4/4 ойнауға тырысып, үнемі шаршыны үстап түру қажет. Бұл пьесада шаршы, әуеннің ырғақты суреттемесі сияқты шешуші орынды атқарады.



Аккомпанементте он алтылықпен жеткізу әуеннің қимылына байсалдылық, бас арқылы жеткізу шығармаға тембр қалыңдығын береді. Әуен оң қолда – түрақты. Аккомпанемент әуеннің қимылына толықтай бағынып, оның дыбысын толықтырып және дамуына көмектесе, аралық метрикалық опорасыз мақсатты шығу керек. «Қолдың тыныс алуын» бөлу, қисынды әуендік қимылға ұмтылу үшін о бастан қозғалыс өлшемін дұрыс санау қажет. Әлсіз үлесте diminuendo «бір деммен ойнап шығу» үшін арпеджиялық аккомпанементке, секіртпелі жеткізуге назар аудару керек. Толқын тәрізді арпеджиолар әуенді сызыққа контраст пен қимыл береді. Екінші бөлімде әуен оң қолдан баяу сол қолға ауысады, он алтыншы арпеджио арқасында өріс алған және тоқтай алмайтын қозғалыс басталады, үшінші бөлімде негізгі тақырыптың әуені ашық болады және терең бастан тереңірек болады, басқыш кешіктіріледі" [5].

Battements tendus jetes – *("Аяқ қалпы - молдас"),* кіріспесі 2 такт, характері – жігерлі, ұстамды. Өлшемі 2/4; темпі - moderato, анық үзік-үзік ырғақты суреттеме, екпін мықты үлеске түседі. Бастапқыда шаршының маңызы бар, анық ырғақты акцент «кәне»-ге. Әуен мықты үлестен басталады, төрттікке дейін метроритмикалық жіктеу болуы мүмкін.

Қазақтардың билері көшпенді халықтың ерекшелігін, олардың ішкі әлемінің байлығын, жылдамдығын, жеңілдігін, қуанышын, күш пен қуаттылыққа тән мәдениеттің байлығын көрсетеді. Бұл пьесада автор пьеса бойы сақталатын үзік-үзік ырғаққа назар аударады. Жауынгерлік образды ашу үшін кіріспенің 2 тактісін екі қолмен әртүрлі регистрлерде ойнау ұсынылады. Триольдар жүп тактіде дыбыс шығарады және әуенге ұстамдылық пен серпінділік береді. Әуенді оң қолда «түрақты» және таза дыбыста ойнайды. Ырғақты суреттемелер мен триольді анық ұту үшін мықты саусақ бастарымен , басқыш қысқа, түзу етіп portamento штрихында ойнау керек. Саусақ пен білекке арналған staccato ойнау қимылдары мен тактіні сезіну нақтылығын талап етеді, бұл ойнау аппаратының дамуына әсер етеді. Сол қолда төрттіктер түзу, жеделдетілмей орындалады. Басқыш тік, қысқа.



«Өкше қимылы» – "*Сүгірдің термесі",* кіріспесі 2 такт; өлшемі 2/4; темпі con moto. Бұл ерлердің биі, non legato қысқа-қысқа ұзақтықты анық және ұсақ ырғақтан тұрады, синкоптар ерлік сипатын береді. Ырғақты жіктеу бастапқы кезеңде темп баяу кезде талап етіледі. Алғашқы бөліктің дәлдігі бастапқы кезеңде ғана маңызды.

Термеде эмоционалды әсерді күшейту үшін үнемі музыкалық дыбыстың және қайталанудың ырғақты формалары қолданылады, әндер үлкен ынта-жігермен, эмоциялық қарқындылықпен айтылады. 4 тактіде 4 рет қайталанады, айқын ырғақ, әрбір қайырмасын эмоциялық қарқын үшін әртүрлі регистрлерде ойнауға болады.



Grant battements jetes – халық әні"*Қара жорға",* жануарларға еліктейтін би: сәйгүліктің биі, жорға жүгірісі, өлшемі 2/4; кіріспесі 2 такт, затактіден басталады; шығарманы орындағанда ырғақты суреттме маңызды рөль атқарады; музыкалық фрагменттің характері – ширақ, анық үзік-үзік ырғақтың арқасында екпінді, темпі vivo patetico; «Қара жорға» биі кең далада шауып келе жатқан еті тірі жабайы атты бейнелейді.

Кейбір басылымдарда «Қара жорға» биі атауы орындаушының атқа салт мініп жүру өнерін игерген, епті, шапшаң және өжет шабандоз жігіттің бейнесінен алған. Бастапқы кезеңде анық шаршы

керек. Көлемді үзақтыққа жіктеу бастапқы кезеңде орындаушылардың техникалық икемділіктеріне байланысты баяу темптен жылдам темпке ауысуы мүмкін. Басқыш түзу, қысқа. Ең қиыны әуеннің орта дауыста бөлінуі, сондықтан назарды тиісті саусақтарға аудару қажет. Екінші бөлімде сол қолда ырғақты ұстап тұратын және темпті жылдамдатуға мүмкіндік бермейтін төрттік және арпеджиялық аккордтар пайда болады. Мұнда бөлу әдісімен жұмыс жасау керек. Алдымен дыбыстар қолдың салмағы жинақталған тиісті саусақтардан шығады, толық дыбыста аккордты алғанда әуеннің дыбысы мен сезімін сақтау қажет.

Сабақ барысында студенттер халық музыкасының ең үздік үлгілерімен танысады, қойылымдық жұмыс барысында музыканы сезінуге көмектесетін жалпы музыкалық мәдениет қалыптасады, музыкалық есту қабілеті, ритм және образды ойлау қабілеті дамиды.



«…Орындаушылық техникасы жинақталған оқушылар бірте-бірте өздері оқытушының нұсқауынсыз белсенді түрде музыканың мазмұны мен интонациясын эмоциональді қабылдап, музыка мазмұнымен еркін жұмыс жасау үшін концертмейстермен қосымша репетициялар қоя бастайды. Шамасын сезу, қатаңдық, қарапайымдылық, табиғилық, сезімтал икем және музыкалық талғам әр оқушының бойынан табылу керек. Оқушылардың тақырыптың мазмұнын, үндестілігін, жанды ырғақты музыка тынысын ұғына білуіне және би пластикасы арқылы, яғни, бүкіл дене қимылымен «музыканы сезінуге» ұмтылуына қол жеткізу керек. Сонымен қатар, әр оқу үлгісінің хореографиясы мен музыкасы бір-біріне сәйкес болғаны жөн» [6].

Егер де оқушы музыканың мазмұнын дұрыс ұғынбаса, ол мазмұнның бидің көркемдік компоненті екенін, актерлік шабыт пен сезімнің жоғары игі поэзиясы және адам арманының көркем әлемі екенін түсінбесе, онда ол шынайы суретші, яғни, балет әртісі болуға әлі дайын емес немесе мүлдем бола алмайды дегеннің дәлелі.

Тұжырымдылай келе айтарымыз, композиторлар ашқан әрбір қайталанбас образдардың даралығын жеткізу үшін, музыкант-орындаушы, концертмейстер немесе балет әртісі болсын, әр кезде халықтың эмоционалды-психологиялық болмысын, әдеби және музыкалық мәдениеті мен өнерін, музыкалық шығармашылығы мен сана-сезімін білу қажет. Композитордың ойын іске асыру үшін оқытушы және сүйемелдеуші шығарманың интонациялық ерекшеліктері мен гармония өзгешелігін, музыканың жарасымды және метроритмикалық түрлілігін ашып, оқушыға жан-жақты түсіндіруі қажет. Әрине ондай терең талдау мен қомақты жұмыс хореография сабақтарында оқушыларға шығарманы ұғынуға жеңілдік туғызып, өз нәтижесін көп күттірмей-ақ берері сөзсіз.

Сүйемелдеуші жұмысының ерекшелігі жөнінде былай айтуға болады: «... Концертмейстер шеберлігі тереңде жатыр, ол одан сырттай табыс, яғни, қол соғу, гүл беру, құрмет пен атақ әкелмейтін өз мамандығына деген үлкен махаббатты талап етеді. Концертмейстер үнемі «көлеңкеде» қалып қояды, оның жұмысы бүкіл ұжымның жалпы еңбегінде көрінбей қалады және оның еңбегі өз бағыты бойынша оқытушының еңбегімен теңбе-тең» [7].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кульбекова А.К., Изим Т.О. Теория и методика преподавания казахского танца. – Алматы, 2012г.
2. Крючков Н. Искусство аккомпанемента как предмет обучения. – М., Музыка, 1961г, 68с.

3. Виноградов О., Боярчиков Н., Мессерер А., Сергеев К., Кондратьева М., Семенов В., Комлева Г. Концертмейстер в балете – профессия или место работы //Советский балет. – М.: Известия, 1988, №2;
4. Сборник О роли концертмейстера. Составитель Романова А.
5. Звездочкин В.А Классический танец. Учебное пособие для студентов высших и средних учебных заведений искусств и культуры. – Ростов на-Дону: Феникс. Серия Учебники и учебные пособия, 2003.
6. Сборник современных фортепианных пьес, обработок и переложений для 4-х рук и 2-х роялей. – Алматы, 2007.
7. Тарасов Н. Классический танец. Школа мужского Исполнительства. – М.: Искусство, 1984.

Тлеубаев С.Ш.,
доктор философских наук, профессор,
заведующий кафедрой «Культурная и социальная работа»,
ЮКГУ им. М.Ауэзова,
г.Шымкент, tleubayev63@list.ru

Тлеубаева Б.С.,
кандидат педагогических наук, доцент,
заведующая кафедрой «Өнер», ЮКГУ им. М.Ауэзова,
г.Шымкент
bal_67@list.ru

ЭЛЕМЕНТЫ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ В ТАНЦЕВАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ

Түйін. *Бұл мақалада заманауи би мәдениетінің дамуы, қазақ халқының дәстүрлерінің сабақтастығы талқыланды. Халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, халықтың өндірістік қызметінде өмірдің мұқтаждықтарынан туындайды. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда халықтың, ұлттық бейнесі бейнеленген: адамгершілік, өмір, мәдениет. Жалпы танылмалы әрекеттер: жас ұрпақты тәрбиелеуде қолданылатын құралдар мен әдістер.*

Резюме. *В статье рассмотрены вопросы развития современной танцевальной культуры, преемственности традиций казахского народа. Народные обычаи и традиции возникают из потребностей жизни в процессе производственной деятельности людей. В традициях и обычаях отражен национальный облик народа, их носителя: нравы, быт, культура народа. Общепризнанные приемы: средства, методы, которые используются в воспитании подрастающего поколения.*

Summary. *The paper deals with the development of modern dance culture, the continuity of traditions of Kazakh people. Folk customs and traditions arise from the demands of life in the course of productive activities of people. Traditions and customs reflect the national image of the nation, their temper, mode of life, culture. Universally recognized techniques: tools, methods that are used in the education of the younger generation.*

В статье Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" Президент Н.А. Назарбаев подчеркнул важную роль традиций в жизни каждого народа: «…Первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук. Но это не значит консервацию всего в национальном самосознании – и того, что дает нам уверенность в будущем, и того, что ведет нас назад. Новая модернизация не должна, как прежде, высокомерно смотреть на исторический опыт и традиции. Наоборот, она должна сделать лучшие традиции предпосылкой, важным условием успеха модернизации» [1].

Национальное самосознание современного казахстанского общества характеризуется большим интересом к своей истории и культуре, изменением отношения людей к духовно-нравственным и эстетическим ценностям. Поэтому в последнее время в образовательной и социальной среде усилилась тенденция к пониманию роли национальной хореографии.

Исследуя казахские народные традиции, многие исследователи однозначно называют танец определенной нации народным танцем. Как справедливо считает исследователь танцевальной культуры С.Ш. Тлеубаев [2,с.52-54], интерпретация указанного феномена не ставит знака равенства между содержаниями понятий «нация» и «народ», ибо последнее меняется на разных исторических этапах. Народный танец, по мнению автора, основан на этнопластических константах, сформированных на самых ранних этапах зарождения этноса и составляющих инвариантную основу танцевальных традиций того или иного народа. Танец как культурное явление выступает своеобразным текстом, отражающим тип и особенности культуры данного этноса в определенную культурно-историческую эпоху с помощью своего особого пластического языка.

Самобытная танцевальная культура казахского народа непосредственно связана с традициями, музыкальным фольклором, свадебными обрядами, сопровождающимися играми-состязаниями и др. «Хотя многие канонические формы древних плясок не дошли до нас, в памяти народа остались их

сюжетная тематика, традиционные увлечения многих поколений, идеалы танцевальной пластики, ибо этот вид искусства у казахов никогда не ограничивался определенной, раз и навсегда выработанной системой жестов, движений и «механикой» танца, - пишет С. Тлеубаев. - Изучение фольклора, памятников материальной культуры, письменных источников, лексикона самого казахского языка дает основание утверждать, что танцы, будь это — шаманские, плясовые или игровые состязательные, сопровождали весь процесс развития казахского общества с глубокой древности до наших дней, обогащая его духовную культуру» [там же, с.64].

Говоря о народных традициях, отметим: проблема выявления сущности традиций как сложнейшего, закономерного социального явления и их влияния на все стороны жизни общества нашла свое отражение в исследованиях известных отечественных и зарубежных ученых. Каждый из них внес свой вклад в теорию и практику проблемы использования традиций в том или ином виде народного творчества.

Как показывает анализ исследований, проведенной казахстанской ученой А.С. Магауовой [3,с13-17], понятие **«традиции»** многогранно. Исследователем выявлено три основных подхода к проблеме выяснения сущности традиций в философской литературе. Представители первого подхода (Э.А. Баллер, Э.С. Маркарян, В.Д. Плахов и др.) понимают традицию в широком смысле, отождествляя её с социокультурной преемственностью, социальными законами, групповыми стереотипами. Представители второго подхода (С.А.Арутюнов, Ю.В. Бромплей, И.В. Суханов и др.) ограничивают объем понятия «традиция» сферой общественного сознания. Согласно мнению представителей третьего подхода (Л.П. Буева, В.Б. Власова, В.А. Кочетов и др.), традиция является средством социализации и творческим фактором практики повседневной жизни, выражением предметного мира человеческих отношений и деятельности.

Проблемам исследования народных традиций, их места и роли в современной культуре, взаимодействия унаследованных ценностей и духовных инноваций, соотношения традиций и новаций, связи традиций и творчества посвящены работы казахстанских ученых Н.С. Сарсенбаева, Б.С. Сайдахметова, С.А. Узакбаевой, Ж.К. Хайрушина и др.

Б.С. Сайдахметовым дается соотношение понятий «обычаи» и «традиции». **Обычаи**, **– в определении ученого, -** «…есть исторически сложившиеся более или менее устойчивые нормы общественного поведения людей, их образа жизни и быта, которые передаются от поколения к поколению и охраняются силой общественного мнения. Обычаи есть исторически сложившиеся устойчивые нормы общественных отношений в быту людей…**Традиции –** это исторически сложившиеся устойчивые и наиболее обобщенные нормы и принципы общественных отношений людей, передаваемых из поколения в поколение и охраняемые силой общественного поведения» [4].

Народные обычаи и традиции возникают из потребностей жизни в процессе производственной деятельности людей. Устанавливая более или менее устойчивые нормы и принципы общественного поведения людей, они имеют большое познавательное значение. В традициях и обычаях отражен национальный облик данного народа, их носителя: нравы, быт, культура народа, общепризнанные приемы, средства, методы, которые использовались и используются в воспитании детей и молодежи.

Таким образом, анализ источников показал, что понятие «традиции» шире, чем понятие «обычаи». Ученые рассматривают понятие «традиции» в различных значениях: 1) средство социализации личности; 2) часть социально – педагогической среды; 3) фактор формирования личности; 4) форму передачи новым поколениям способов реализации сложившихся взаимоотношений.

Направлению нашего исследования импонирует последнее определение. Об этом свидетельствуют дошедшие до нас из глубины веков традиционные казахские народные танцы, в которых прослеживаются мотивы жизненного уклада степного народа.

Традиционные народные танцы казахов по сюжетной направленности, характеру и манере исполнения подразделяются на следующие группы:

Ритуально-обрядовые — «Бақсы ойыны», «Айқосақ» (пляски баксы), «Жезтырнақ» (пляска ведьмы), «Буынби» (танец суставов), «Жар-жар» (пляска с одноименной ритуальной песней), «Қоштасу» (прощание невесты с подругами), «Айда, былпым» (танец молодухи), «Келіншек» (танец молодухи с парнем), «Шалқыма» (танец на каблуках);

Воинственно-охотничьи — «Сайыс» (поединок), «Ақат» (танец по мотивам древней мужской пластики), «Қлышпен-би» (танец с саблей), «Мерген» (танец с луком), «Қоян-бүркіт» (заяц и беркут), «Құсбегі — дауылпаз» (танец с ловчей птицей и дауылпазом);

Бытовые подражательные — «Өрмек-би» (танец ткачей), «Ортеке» (танец козла-прыгуна), «Қаражорға» (бег иноходца), «Тепен-көк» (бег скакуна);

Массовые — «Алқа-қотан» (бок о бок), «Алтынай», «Кербез-би», «Ырғақты», «Қаз-қатар», «Балбрауын», «Үтыс-би», «Кокпар», «Қосалқа», «Шашу» и др.

К самобытным, наиболее характерным особенностям казахского танца относится их исполнение под аккомпанемент домбры, кобыза, дангры, Традиционность проявляется и в экспрессивности исполнения, резкости движений, подвижности суставов. Обязателен собранность корпуса в мужских, гибкость талии, пластика рук — в женских танцах. Не каждый джигит мог ловко исполнить специфичную пляску на коне. Такое мастерство было доступно лишь наиболее одаренному танцовщику, джигиту-наезднику. Для казахского народного танца традиционны ночные хороводы вокруг костров у алтыбакана — переносных качелей и т. д.

В арсенале казахского музыкального фольклора так называемых «би-күйі» — танцевальных ритмов, бытует традиционная терминология народного танца. На казахском языке слово «би» означает — танец, «билеу» — танцевать. Тенденции в развитии традиционной танцевальной культуры казахов были одинаковы во все времена существования человеческого общества, и по тому развитию, которое нам известно, из результатов исследований многих этнографов и историков, мы смело можем судить о ее доисторическом развитии.

Из литературных источников и воспоминаний современников известно: искусством народного танца в прошлом владели в совершенстве многие певцы-импровизаторы. В их числе - известный певец Беркибол Копенов, прозванный Ағаш-аяқ (деревянной ногой), за умение танцевать на ходулях, Шашубай Кошкарбаев, Жунусбек Жолдинов, Карсак Копабаев и многие другие. Певцы-импровизаторы были желанными на всех празднествах, ярмарках, где устраивались театрализованные танцы с пением, танцы-игры, показывающие силу и ловкость плясунов, представления, сопровождаемые пантомимой и шутками[5, с.12-16].

Казахстанский ученый О.Исмагулов писал: “Генетические связи казахского общества со своими предшественниками..., пожалуй, ни в чем другом не находят более полного подтверждения, как в факте сохранения у казахов археологически прослеживаемого антропологического типа, элементов материальной и традиционной культуры, искусства, ремесел своих предков. На основе палеоантропологических исследований установлена преемственность антропологического типа в Казахстане на трех тысячелетиях” [6, с.1].

Казахское танцевальное искусство представляют собой:

1. Ритуально-обрядовые танцы;
2. Воинственно-охотничьи танцы;
3. Трудовые танцы;
4. Бытово-подражательные танцы;
5. Празднично-торжественные танцы;
6. Массово-тематические танцы.

Они отличаются друг от друга по идейной направленности, манерой исполнения, разнообразием выразительных движений, жестов, пластики.

Узбекали Джанибеков, рассказывая об известном в павлодарском Прииртышье народном акыне Жунисбеке Жолдинове, восхищался его движениями и мимикой, который в танце мог изобразить устремленный полет и охоту беркута — древнего символа мужества и благородства, его гордо посаженную голову, грозный взгляд, стальные когти, размах крыльев. Жолдинов прекрасно выполнял пластические рисунки и основные движения многих других традиционных старинных танцев, таких как «Айқосақ», «Жезтырнақ», «Қлышпен-би», «Бала-бүркіт», «Казахско-калмыкский танец», «Қусбегі», «Алқа-қотан» и др.

Характеризуя традиционность казахского народного танца, знаток этнической культуры и искусства казахов У. Джанибеков, в своих воспоминаниях особо подчёркивал, что в отличие от некоторых других мусульманских народов, казахи имели в прошлом парные танцы, исполняемые юношей и девушкой. Например, «Келіншек», «Коян-бүркіт», плясовую песню «Кто знает, о чем вы» и др., хотя специальных школ по танцам в степях, разумеется, не было. Как свидетельствуют письменные источники, отдельные роды, племена имели своих мастеров-танцовщиков (күлар) на положении придворных шутов, забавников — комиков, трюкачей типа узбекских «маскорапазов».

Не менее интересно его воспоминание об услышанном однажды в Шымкенте, на вечере-диспуте из уст самого Мухтара Ауэзова про искусство исполнителей народного танца «Ортеке», бытовавшего, по всей вероятности, у казахов и их предков с незапамятных времен и исполнявшегося странствующими танцовщиками — ортекешілер, изображавшими диких козлов, попавших нечаянно в овраг. Сюжетная линия этого танца прослеживается и на некоторых наскальных рисунках, в легендах и преданиях, дошедших до наших дней.

Таким образом, изучение воспоминаний современников, фольклора, памятников материальной культуры, письменных источников, лексикона самого казахского языка дает основание утверждать, что народные танцы, сопровождали весь процесс развития казахского общества с глубокой древности до наших дней, обогащая его духовную культуру и, сохраняя традиции, развивают современную танцевальную культуру.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Назарбаев Н.А. Статья "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" [Электронный ресурс] //Официальный сайт Президента РК: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/ (12 апреля 2017 г., Астана).
2. Тлеубаев С.Ш. Танцевально-игровая культура народов Центральной Азии Монография. – Москва: издательство «МГУКИ», 2013, 87 с.
3. Магауова А.С. Прогрессивные традиции народной педагогики и их роль в развитии личности //Вестник университета «Семей».- №, 1997, с. 12-17.
4. Сайдахметов Б.С. Народные традиции - основа воспитания // Профессионал Казахстана. Научно-методический журнал. - Алматы, 2008, №1 (56), с. 39-41.
5. Абиров Д. История казахского танца. Учебное пособие – Алматы: Санат, 1997, 157 б.
6. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности.- Алма-Ата, 1970, с. 1.

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
БИОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
BIOLOGICAL SCIENCE

УДК 582.998: 577.112.3

Ахтаева М.Б.
PhD докторант,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., e-mail: marzhanaktaeva90@gmail.com

Азимбаева Г.Е.
х.ғ.к., профессор м.а., химия кафедрасының доценті,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

ОТАНДЫҚ КӘДІМГІ ШАШЫРАТҚЫ ӨСІМДІГІНІҢ ЖЕР ҮСТІ БӨЛІГІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АМИНҚЫШҚЫЛДАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Алматы таулы аймағында өсетін кәдімгі шашыратқы (Cichorium intybus L.) өсімдігінің жер үсті бөлігінің (гүлі, сабағы, жапырағы) құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері «Карло-Эрба-4200» (Италия- АҚШ), газды-сұйықтық хромтографында анықталған. Зерттеу нәтижесінде Cichorium intybus L. жер үсті бөлігінің құрамында барлығы 20 аминқышқылдары бар екені көрсетілді.*

Түйін сөздер: *Cichorium intybus L., кәдімгі шашыратқы, газды-сұйықтық хромтограф, амин қышқылдары, элюирлену, ББЗ.*

Аннотация. *В данной статье представлены аминокислотный состав растений (Cichorium intybus L.) цикорий обыкновенного произрастающие в горной зоне Алматы, анализ был проведен на приборе («Карло-Эрба-4200» (Италия-США), газо-жидкостный хромтограф. В результате исследования показано, что в надземной части Cichorium intybus L. содержится всего 20 аминокислот.*

Ключевые слова: *Cichorium intybus L., цикорий обыкновенный, газо-жидкостный хромтограф, аминокислоты, элюирленование, БАВ.*

Annotation. *This article presents the amino acid composition of plants (Cichorium intybus L.) chicory common growing in the mountainous area of Almaty, the analysis was carried out on the device ("Carlo-Erba-4200" (Italy-USA), gas-liquid chromatograph. The study showed that the aboveground part of Cichorium intybus L. contains only 20 amino acids.*

Key words: *Cichorium intybus L., gas-liquid chromtograph, amino acids, eluyrlenation, BAS.*

Кіріспе.

Қазақстан мәдени өсімдіктерге оның ішінде ерекше маңызды, пайдалы болып саналатын дәрілік өсімдіктерге өте бай. Олардан жасалатын препараттардың жылдан-жылға қолдану аясы кеңейіп, тиімділікке айналғаны белгілі. Дәрілік өсімдіктің құрамын анықтау шикізатты фармакологияда пайдалануға іріктеп алу сапасын жоғарылатады. Адам ағзасында кездесетін физиологиялық процестерде амин қышқылдарының алатын орны ерекше. Яғни амин қышқылдарының мөлшерін қалыпты ұстап тұру үшін дәрілік өсімдіктерден алынған препараттардың маңызы зор. Сондай өсімдіктердің бірі күрделігүлділер тұқымдасына жататын (Cichorium intybus L.) кәдімгі шашыратқы. Cichorium intybus L. әлемдік ғылыми деректер бойынша – биологиялық белсенді заттарға бай өсімдіктер қатарында [1].

Жалпы Cichorium intybus L. өсімдігінің жер шарында 1000-нан астам түрі болса, Қазақстанда тек 1 түрі ғана өседі. Cichorium intybus L. (кәдімгі шашыратқы) Қазақстанның барлық жерінде дерлік кездесіп, жер талғамай өседі [2].

Кәдімгі шашыратқы (Cichorium intybus L.) – дүние жүзінде қоңыржай және субтропиктік аймақтарда өсетін 8-10 түрі белгілі. Шашыратқының отаны Жерорта теңізі аймақтары болып есептеледі. Өсімдік Еуразия, Солтүстік Африкада, Оңтүстік Америкада, Аустралияда, Солтүстік Америка және Жаңа Зеландияда кездеседі. Қазақстанда барлық облыстардағы шалғынды жерлерде, жолдардың жиегінде, тоғайларда, ашық алаңдар мен егістік жерлерде өсетін 1 түрі – кәдімгі шашырақты бар. Шашырақты – биіктігі 1,5 метрге дейін жететін, көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Тамыры – жуан, ұзындығы 1 метрден асады. Сабақтары тік өседі, оны сиректеу түк басқан. Дәрігерлер шашыратқыны ғылыми түрғыдан зерттеу барысында оның шипалық қасиеттерін анықтады. Өсімдікте кездесетін қант

түрлері денедегі пайдалы микробтарды арттырып, ішектегі ауру тудыратын бактерияларды азайтады. Құрамындағы заттардың іш қату, жүрек және қан тамырлары ауруларын емдеуде әсері мол. Тағы бір пайдасы бауырды уланудан сақтайды. Бұл қасиет осы өсімдіктің құрамындағы tetracholoride carbon атты затқа байланысты. Ғылыми зерттеу деректері бойынша шашыратқы тамырының құрамында ащы илік заттар, нәруіз, май, инсулин, аскорбин қышқылы, қант, В дәрумені болады. Шашыратқының жер үсті бөлігінің (гүлі, сабағы, жапырағы) құрамындағы макро-микроэлементтеріне байланысты жаңа, болашағы зор дәрілік препараттарды табиғи өсімдіктерден бөлу және өндірудің әртүрлі әдістері іздестірілуде. Салаттық көкөніс және тамыр жемістілер ретінде өсіріледі. Шашыратқы тамырын кептіріп, қуырып және үнтақтап үгітілген күйінде кофе сусынын әзірлеуге пайдаланады.

Бүгінгі күнде ауыл шаруашылығы, медицина, фармацевтика, диеталогоия, тамақ өнеркәсібінде қолданыста жоғары, тиімді өсімдік шикізат көздерінің бірі. Қазіргі уақытта біршама ғалымдардың зерттеулері бойынша аталмыш өсімдік әртүрлі фармокологиялық, биологиялық, физиологиялық белсенділіктері жан жақты зерттеулерден өтуде. Дегенмен Cichorium intybus L.– биологиялық белсенді заттар қоры, ал, құрамы толық анықталмаған өсімдіктердің қасиеттерін, құрамын зерттеу–бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі [3, 4].

Биологиялық белсенді заттар – жануарлар мен адам ағзасының патологиялық өзгерген функцияларын қалыпқа түсіретін, дәрілік заттар алудың ықтимал көздері болып табылатын, әртүрлі жолмен алынатын заттар, биологиялық белсенді заттардың ең маңызды құрамдас бөлімі – амин қышқылдары.

Тіршілік үшін аса маңызды қосылыс белок молекуласы аминқышқылдар қалдықтарынан құралатындықтан, олардың маңызы өте зор. Табиғитта аминқышқылдардың 150-ден астам түрі бар. Олардың 20-сына жуығы белоктар түзілісінде аса маңызды қызмет атқаратын мономер блок-топшалар.

Аминқышқылдары барлық ағзалардың зат алмасу үдерісіне қатысады. Адам мен барлық жануарлар аминқышқылдарын өздері түзе алмағандықтан, оларды дайын түрінде ішіп-жейтін қорегінен алады. Қазіргі кезде адам және жануарлардың тамағына қосылатын аминқышқылдары биотехнологиялық синтездеу әдістерімен (химия және микробиология) игерілуде. Сонымен қатар олар өнеркәсіптік полиамидтер – бояулар мен дәрі-дәрмек шығаруда да үнемі пайдаланылатын өнімдер болып табылады [2-4].

Белок молекуласындағы маңызды аминқышқылдарының бірі аргининнің әсерімен ағзадағы кальций алмасуы үшін жауап беретін қалқанша маңы бездерінің қызметі жақсарады. Аргинин ісіктердің, соның ішінде қатерлі ісіктердің өсуін баяулатады. Бүйректегі азоттық алмасудың қалдық заттарын шығарып тазарту қызметін арттыруда да қолданылады [3, 5].

Адам организміне қажетті аминқышқылдары азықпен бірге қабылданды. Олардың ішінде валин, лейцин, изолейцин, метионин, треонин, фенилаланин, лизин, аргенин, гистидин және триптофан ерекше қажет. Азық-түліктің құрамында осы аминқышқылдарының болуы азық-түліктің қоректік құндылығын арттыра түседі [6-7].

Аминқышқылдарының адам ағзасында алатын орны ерекше. Мысалы, аминқышқылдарының ішінде ең алғаш өндірілген – глютамин. Жапония ғалымы Киносита табиғаттан ерекше микрококкус глютамикус деп аталатын микробты тауып, одан осы қышқылды енгізді. Бұл микроб қоректік ортаға қосылған глюкозаның 50%-не жуығын глютамин қышқылын түзуге жұмсай алады екен. Қазір Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында арнаулы зауыттарда бұл қышқылды жылына жүздеген мың тоннадай өндіреді. Глютамин қышқылы тамақ өнеркәсібінде азық-түлікке қосылады, оның сапасын жақсартады. Глютамин қышқылын медицинада жүйке ауруларын емдеуге де қолданады.

Белок молекуласындағы маңызды аминқышкылдарының бірі – лизин. 2,1 кг жасанды лизинді бір тонна азыққа қосып шошқаны сырағанда, оның қосқан салмағы орта есеппен 13,6%, ал протеин шығынын 20—25%-ке дейін кемітеді. Бұл аминқышқылы рационның ең құнды, қажетті құрам бөлігі болып есептеледі [5].

Ал лизинді қосқанда нанның құнарлылығы артады. Лизинді көп мөлшерде – бактериум аэрогенес, бактериум протеус, спора түзушілерден – бациллус субтилис, ашытқы саңырауқұлақтарынан – торула утилистен өндіреді.

Егер де ультракүлгін сәулемен әсер етсе микрококкус глютамикус едәуір мөлшерде лизин түзе алады. Қазір бұдан өнеркәсіптік жолмен лизин өндіру қолға алынды.

Лизинді қазіргі кезде Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа да елдерде жылына ондаған мың тоннадай мөлшерде өндіреді. Бүкіл одақтық өнеркәсіптік микроорганизмдер генетика-

сы мен селекциясы ғылыми-зерттеу институтында лизинді мол беретін микроорганизмдер табылды. Осының негізінде Арменияда жылына 1000 т кристалл лизин өндіретін зауыт іске косылды [3, 8].

Адам организміне қажетті аминқышқылдары азықпен бірге қабылданады. Олардың ішінде валин, лейцин, изолейцин, метионин, треонин, фенилаланин, лизин, аргинин, гистидин және триптофан ерекше қажет. Азық-түліктің құрамында осы аминқышқылдарының болуы азық-түліктің қоректік құндылығын арттыра түседі. Сонымен қатар белок биосинтезіне осы жиырма шақты аминқышқылдары қатысады [4, 5, 6, 9].

Зерттеудің мақсаты: Cichorium intybus L. өсімдігінің жер үсті бөлігінің (гүлі, сабағы, жапырағы) құрамындағы аминқышқылдарын анықтау.

Зерттеу нысаны: Алматы қаласы, Медеу таулы аймағының 2016-2017 жылғы қыркүйек-қазан айларында жинап алынған Cichorium intybus L. (кәдімгі шашыратқы) өсімдігінің жер үсті бөлігі (гүлі, сабағы, жапырағы) алынды.

Кәдімгі шашыратқы өсімдігінің құрамындағы амин қышқылдарының мөлшері «Карло-Эрба-4200» (Италия-АҚШ), газды-сұйықтық хромтографында анықталды.

1. Брандт В. Воспоминания. М.: Новости, 1991. - 528 с.
2. Брандт В. Демократический социализм. Статьи и речи. – М.: Республика, 1992.
3. Абрасимов П.А. Западный Берлин вчера и сегодня. М.: Междунар. отношения, 1980. -216 с.
4. Ворошилов С.И. «Малая коалиция» у власти в ФРГ. Л.: Знание, 1972. - 32 с.
5. Восленский М.С. Договоры между СССР и ФРГ, ПНР и ФРГ и соглашения по Западному Берлину важные факторы разрядки и напряженности в Европе // Современные проблемы европейской безопасности: Материалы науч. конф. / АН СССР. -М., 1972.-С. 122-128.
6. Восленский М.С. «Восточная» политика ФРГ (1949-1966). М.: Наука, 1967. - 428 с.
7. Григорьянц А.А. Европа: переломный рубеж. М.: Междунар. отношения, 1973. - 56 с.
8. История Германии: учебное пособие: в 3 тт. / Под общ. ред. Б. Бонвеча, Ю. В. Галактионова. Т.1: С древнейших времен до создания Германской империи. Т.2: От создания Германской империи до начала XX века. Т.3: Документы и материалы. — М.: КДУ, 2008.

ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОСОФСКАЯ НАУКА
PHILOSOPHICAL SCIENCE

Кадиров М.
2 курс магистранты,
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МОРМОНДАР ШІРКЕУІ

Аңдатпа. *Бұл мақалда секта туралы баяндалған, олар XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ-та протестантизмнің күшеюімен қатар басқа да қарқынды дамыған діни идеялармен қатар пайда болған секталар көп. Осындай діни үйымдардың бірі – «Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос шіркеуі». Ол сонымен қатар Мормондар шіркеуі деген атаумен де белгілі.*

Кілт сөздер: *дін, морман, христос, қылмыс,заң.*

Abstract. *This article describes a sect, in the first half of the nineteenth century, in the US, along with the strengthening of Protestantism, there are many sects that have developed along with other intense religious ideas. One such religious organization is "The Church of Jesus Christ of Latter-day Saints". It is also known as the Mormon Church.*

Keywords: *religion, mormon, christianity, crime, law.*

Резюме. *Эта статья описывает секту, в первой половине девятнадцатого века, в США, наряду с усилением протестантизма, существует много сект, которые развились наряду с другими интенсивными религиозными идеями. Одной из таких религиозных организаций является "Церковь Иисуса Христа Святых последних дней". Он также известен как церковь мормонов.*

Ключевые слова: *религия, мормон, христианство, преступление, право.*

Қазақстанда евангелистердің шіркеулері көптеп бой көтеріп жатыр. 2004 жылғы көрсеткішке сүйенсек, елімізде осы уақыт аралығында 1017 протестанттық бірлестіктер тіркеліпті. Ал, бүгінгі таңда Алматының бір өзінде жалпы саны 200-ден астам діни бірлестік тіркелсе, оның 41-і ғана мешіт, қалған 144-і – протестанттық шіркеулер екен. Алматы облысында 23 мешіт тіркелсе, 70 пайыз мұсылмандардан қалысқысы жоқ протестант-тық бірлестіктер саны да – 23. Жалпы Қазақстан бойынша протестанттық шіркеулер елімізде 21 пайызды құрайтын Орыс православие шіркеуінің өкілдіктерінен де көп. Қазіргі жағдай мынадай: Қазақстанда православие дінін 21 пайыз орыс халқы үстанады да, елдің 1 пайызы ғана протестант дініне иланады. Яғни, *барша Қазақстанды евангелизациялау жоспары* ойдағыдай жүзеге асып жатыр деген түйін жасауға болады. Қазірше бұл процесте мұсылмандар «қорғаныстың» амал-әрекеттерімен шектеліп отыр. Ал, діни экспансияның шабуылы өте қатал: 90-шы жылдардың басында келген шетелдік миссионерлердің айла-амалдарымен қазіргі миссионерлердің амал-әрекеттерін салыстыруға келмейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында олар халқымыздың түрмыстық қиыншылығын пайдаланып, қаржылай көмек көрсету арқылы адамдарды өз сенімдеріне тартып жатты. Балаларға киім-кешек, ата-аналарға тиын-тебен мен діни кітаптар үлестіріп, уағыз жүргізді. Қазіргі миссионерлер халықтың әл-ауқатының өскенін біледі. Сондықтан олар қазіргі заманның талабына сай діни-экспансиялық әрекеттер жасап келеді. Біріншіден, бүгінде олардың көзі жоғары элита мен орта тапқа түсіп отыр. Қазір байқасаңыз, Алматыдағы протестанттық шіркеулердің дені – элиталық аудандарда орналасқан. Әл-Фараби даңғылы, Төле би көшесі, Наурызбай көшесі сияқты орталық көшелердің қиылысында әйтеуір бір протестанттық шіркеу табылады. Бір қызығы, бұл шіркеулердің көбі – дәстүрлі англосаксондық протестант дініне жатпайды. Секталық шіркеулер жетіп артылады: Иегова куәгерлері, мормондар шіркеуі, тағысын тағылары… Мәселен, «Ритц-Паластың» артында екі қабатты үлкен шіркеу бар. Бұл шіркеу – біз қарастырған өздерін мормондар деп атайтын, Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос шіркеуі. Ал бұл сенім өкілдері мормондар Ресейде «тоталитарлық секта» ретінде танылған. Ресейлік психолог Юрий Кондратьевтің «Тоталитарлық секталарға» қатысты баяндамасында жазылғандай, мормондар көпқұдайлыққа сенеді, оның үстіне «Құдайдың әу бастан адам болғанына, тіптен адамның да Құдай деңгейіне жететініне» үміт артады екен. Яғни, Қазақстандағы православие дінінің үстанымдары түгіл өзге де протестанттық ағымдарға кереғар секта Алматының қақ төрінде «Ритц-Паластың» тура жанында ұяшығын ашып, діни уағыз жүргізіп отыр. Шіркеуге Америкадан миссионерлер жиі келіп тұратын сияқты. Мәселен, таяуда Америкадан Мэтсон және Миллер деген жас миссионер балалар келді. Ресми мақсаты – ағылшын тілін үйрету. «Астыртын мақсаты» – тіл арқылы адамды мормондық сенімге иландыру сияқты. Өздерін өте сақ үстайды. Сірә, қылмысы немесе қандай да бір сыры бар адамдар ғана осылайша сақтық сақтап жүретін шығар.

Өздерін католиктер мен православтарға және протестанттарға да қоспайтын, бірақ христианбыз деп есептейтін «Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос шіркеуі» — XIX ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Америкада пайда болған діни үйым. Сол уақыттағы аталған діни үйымның пайда болуына көптеген экономикалық және саяси факторлар әсер етті. Мормондық үйымның тарихы біздің көзқарасымыз бойынша, АҚШ-тың дамуының негізгі кезеңдерімен тығыз байланысты болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында АҚШ-та протестантизмнің күшеюімен қатар басқа да қарқынды дамыған діни идеялар пайда бола бастады. Осындай діни үйымдардың бірі – «Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос шіркеуі». Ол сонымен қатар Мормондар шіркеуі деген атаумен де белгілі. Бұл атау «Мормон кітабынан» алынған. Аталмыш үйым - батыстық діни үйымдардың ішіндегі аса ірі және бай үйымдардың бірі болып табылады. Американың діни ортасы XIX ғасырдың басында осындай түрлі, өз алдына бөлініп шыққан діни үйымдарға есігін айқара ашты, олардың ішіндегі жолы болғаны осы мормондар. Жолы болған дейтініміз, діни ілімнің өз ішінде кездесетін қайшылықтарға қарамастан, бұл үйым осы күнге дейін өз ерушілерін жоғалтқан емес. Мормондар шіркеуі өздерінің шіркеулерін ғана «қайта қалпына келтірілген» ең шынайы христиандық шіркеу дей отырып, басқа христиандық деноминациялардың басым көпшілігін жоққа шығарады.

Алдымен, мормондар қауымының пайда болу тарихы туралы айтып өтейік. Мормондық сенімнің бастауы мормондық ортада пайғамбар атағына ие болған Джозеф (Иосиф) Смиттің есімімен байланысты. Ол 1805 жылдың 23 желтоқсанында АҚШ-тың солтүстік-шығысындағы Вермонт штаты, Шарон елді-мекенінде, Джозеф пен Люси Мак-Смиттің кедей отбасында бесінші (кейбір деректер бойынша төртінші) бала болып дүниеге келген. XIX ғ. бірінші жартысында діни ізденіс Құрама Штаттарының азаматтарының басым бөлігіне тән құбылыс болды.

Болашақ пайғамбардың жастық шағы Нью-Йорк штаты, Пальмир қаласында өтті. Сол кездегі Пальмирде протестантизмнің 3 деноминациясы (баптистер, методистер және пресвитериандар) болды, олардың әрқайсысының өзінің қауымы болды. Джозеф Смиттің отбасы мүшелерінің басым бөлігі пресвитериандық қауымының мүшелері болатын. Джозефті осы деноменациялардың әртүрлілігі қызықтырды да, ол аз уақыт Методистік шіркеуге барып жүреді. Бірақ ол бұл шіркеулердің қайсысының шынайы екендігін түсіне алмай дал болады. Осындай протестанттық жолайырықта түрған жас Джозеф Інжілді мұқият оқиды да, Иаков кітабының 1 тарау, 5-шумағында жазылған: «Егер де сіздердің біреулеріңіздің ақылы жетпей жатса, онда барлығына сұрағанын беретін Құдайдан сұрасын - ол жауабын алады» деген шумаққа келіп тіреледі. Бұл шумақтан ол орманға барып дұға жасауы керектігін түсінеді [1].

1820 жылдың ерте көктемінде үйіне жақын жердегі орманда Джозеф Смитке алғашқы аян келеді. Дұға жасау кезінде аспаннан жарық сәуле түсіп, оған Құдай-Әке мен Құдай-Бала көрінеді. Джозеф олардан діни үйымдардың қайсысының шынайы екендігін, олардың қайсысына сену керек екендігін сұрайды. Мормондық ілімге сәйкес, Иисус Христос оған «олардың ешқайсысы ақиқат еместігін және ешқайсысына қосылмауын» және «олардың барлық ілімдері сыртынан Құдайдың сөзіндей көрінгенімен Оның құдіретін мойындамайды, сондықтан да олар Оның көзінше жиіркенішті» екендігін айтады. Джозеф Смиттің Құдай-Әке мен Иисус Христоспен кездесуінің нәтижесі төмендегідей: біріншіден, 14-жасар жас бала адамдар арасында күшін жоғалтқан Інжіл мен шынайы Иисус Христос шіркеуін қайта қалпына келтіруге тандап алынған болатын; екіншіден, Оны Құдай-Әке мен Иисус Христос олардың пайғамбары болуға шақырды [2].

Джозеф Смиттің айтуы бойынша, 1823 жылдың қыркүйек айының 21-нен 22-не қараған түні ол Құдайдан бар пейілімен ақиқат жолын көрсетуін сұрайды. Осы кезде оның бөлмесіне көз шағылыстырар жарық түсіп, Джозеф өз төсегінің қасында ауада қалқып түрған аппақ қардай мантия киген адам бейнесін көреді. Екеуі тілдеседі. Ол Джозефті атымен атап, өзінің есімі Мороний - Құдайдың атынан келген хабаршы екендігін және Құдайдың ісін Джозефке тапсыруға келгендігін айтады. Бірінші күні жас жігітке алтын жапырақтарға жазылған Інжілдің толық нұсқасы бар Мормон Кітабының шежіресі туралы хабар айтады. Мороний - Христостың туылуына дейінгі V ғасырда Америка құрлығының бұрынғы түрғындары жайлы шежіре жазып, оны Құдайдың бүйыруымен Кумора жотасында (Нью-Йорк штаты), бетіндегі қалқанына бекітілген арнайы аударма құралдары - Урим мен Туммим сиқырлы тастарымен бірге тығып қойған ең соңғы Нефийлік тарихшы болған. Мормондық ілімге сәйкес, бұрынғы заманда Урим мен Туммим тастарына ие болған адамдарға көріпкелдік қасиет дарыған, ал ол тастарды Құдай кітапты аудару үшін дайындап қойған делінеді [3].Екінші күні Джозеф Смит аян

берілгенде айтқан жерге барып, аталғанның барлығын тауып алады. Бірақ оларды ала алмайды, себебі Мороний Періште әлі уақыт келмегенін, оны 4 жылдан кейін ғана ала алатынын айтады. Сонымен қатар, періште Джозефке Құдайдың Патшалығы қалай салынатыны жайлы айтып береді. Бірақ бұл көргендерін ешкімге айтпауын бұйырады.

Мороний періште айтқандай, дәл 4 жыл өткен соң, яғни 1827 жылдың 22 қыркүйегінде ғана пайғамбар Джозеф Смитке алтын тақтайшаларды ағылшын тіліне аударуға үкім беріледі. Мормондық тарих бойынша мәтін түрі өзгертілген көнеегипеттік тілде жазылған болатын. Алаяқтардың алтын тақтайшаларды ұрлағысы келген әрекеттерінен кейін Джозеф әйелі Эммамен бірге Пенсильвания штатындағы Гармониядағы қайын атасы Исаак Хейлдың үйіне көшіп келеді. Мәтіндерді аудару кезінде түпнұсқаның мәтіні Құдайдың бұйыруымен үш куәгерге көрсетіледі. Одан соң тағы да сегіз куәгер ежелгі қолжазбаны көргендіктерін жазбаша мақұлдайды.

1829 жылдың жазында кітаптың бірінші аудармасы аяқталып, 1830 жылдың 26 наурызында Нью-Йорк штатының Пальмир қаласында «Мормон кітабының» баспа нұсқасындағы алғашқы даналары пайда болады. Осы оқиғадан соң бірнеше аптадан кейін 1830 жылдың 6 сәуірінде Джозеф Смит бес ізбасарымен бірге АҚШ-тың Нью-Йорк штаты, Фейет қаласында «Иисус Христос Шіркеуін» құрады. 1878 жылы бұл атау «Соңғы күннің әулиелері» сөздерімен толықтырылады. Мормондар ілімінің қалыптасуы осылайша өрбіген болатын.

Мормоншылдықтың қалыптасуының алғашқы қадамынан бастап Джозеф Смит көнеінжілдік арғыаталардың (Авраам, Иаков, Давид және т.б.) бірнеше әйелдері болғанына назар аударады. Осы мәселе бойынша Джозеф Смит Құдаймен тілдесе отырып, одан мынадай жауап алады: біріншіден, белгілі бір уақыт кезеңінде және арнайы мақсатта Құдай, аспан заңдарына сәйкес, жердегі көпәйелділікті мақұлдайды және марқабат етеді; екіншіден, жақын арада Құдайдан соңғы күннің әулиелерінің бір бөлігінің таңдаулы екендігі және олардың біреуден артық әйелдері болатыны жөнінде хабар келетіндігін біледі.

Протестанттық ортада пайда болған жаңа үйым тек қана Нью-Йорк штатында ғана емес, сонымен қатар елдің Шығысы - Огайо, Миссури және Иллинойста да тез таралды. 1839 жылдан бастап Наву қаласы мормондардың рухани орталығына айналды (Иллинойс штаты). Пайғамбардың қабылдайтын шешімдерінің беделі жоғары болғаны соншалық, Джозеф Смит қаланың әкімі болып тағайындалады. Жақтаушылары оның кандидатурасын АҚШ-тың президенті постына да ұсынды. Бірақ бұл ағымнан бөлініп шыққан бір топ пайғамбардың жақтаушыларының көпәйелділік туралы көзқарасын айыптады. Әкімнің бұйрығымен газет жабылып, типография талқандалды. Бұл іске Иллинойс штатының губернаторы араласты. Сөйтіп, Джозеф Смит өзінің достарымен бірге түрмеге жабылады. 1844 жылдың 27 маусымында Картидж қаласының түрмесіне қаруланған топ шабуыл жасап, Джозеф Смит пен оның ағасы Хайрамды атып кетеді [4].

Осы қайғылы оқиғалардан кейін мормондар арасында мұрагер жөнінде мәселе көтерілді. Құдайдың пайғамбары ретінде Джозеф Смиттің орнын Бригам (Брайем) Янг (1801—1877) басты. Бірақ пайғамбар Джозеф Смиттің отбасы мүшелерінің бұл шешімге көңілі толмай, өздерінің «Қайта құрылған Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос Шіркеуі» үйымын құрады. Бұл аталған діни үйымның екіге жіктелуіне әкеліп соқты. Бірақ соңғысының қатары бас мормондық үйымның санынан әлдеқайда аз болды және діндарлар арасындағы ықпалы да жоғары болмады. «Қайта қалпына келтірілген шіркеудің» рухани орталығы қазіргі күнге дейін Индепенденс қаласында (Миссури штаты) орналасқан.

Жаңа пайғамбардың басшылығымен 1847 жылдың 24 шілдесінде 15 мың мормондар тыныш, бейбіт өмір сүру үшін Үлкен Тұзды көлдің жағалауындағы адам тұрмайтын шөл далаға көшіп кетеді. 1850 жылы АҚШ-тың федералды билігінің өкімімен Бригам Янг қайта құрылған Юта территориясының басшысы болып тағайындалды. 1857 жылы мәжбүрлі түрде жұмыстан босатылса да ол Юта мен оған қарасты аймақтың шаруашылық және мәдени дамуын жалғастыра берді. Бригам Янгтың модернизацияланған, протестанттық еңбек этикасымен күшейтілген керемет ұйымдастырушылық қабілеттерінің арқасында мормондар шөл даланы гүлдалаға айналдырды. Діни ілім айтарлықтай таралған жерлерде ғибадат үйлері салынды. Мормондардың культтік ғимараттары масондық архитектураның ықпалына ұшырады. 1877 жылға қарай Бригам Янгтың тікелей қатысуымен 350-ден астам мормондық елді-мекен құрылды.

Бірақ Үлкен тұзды көлдің айналасындағы аймақ қағаз жүзінде Мексикаға тиесілі болатын. Алғашында АҚШ-тың Конгресіне аталған аймақты штатқа қосу жөніндегі ұсыныс қабылданбады. Оған себеп мормондардың көп әйел алуы болды (ресми түрде мормондарға 10 әйелге дейін алуға

рұқсат етілетін). 1880 жылдың соңында АҚШ-та қосымша заңдар қабылданды, ол заңдарға сәйкес көп әйел алған азаматтар дауыс беру құқынан айырылатын және сот атқару қызметіне тағайындалмайтын. «Соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос Шіркеуі» үшін бұл заңдар шіркеудің меншігінің көлемі мен құқығын едәуір шектеу дегенді де білдірді. 1890 жылдың 6 қазанында мормондардың Бас конвенциясында көп әйел алу тәжірибесін тоқтататын Манифест қабылданған болатын. Содан кейін көпнекелік заңды бұзғаны үшін түтқындалған мормондар, босатылады да оларды қуғындау негізінен тоқтатылады. АҚШ үкіметі мен мормондардың әрекеттерінің арқасында 1896 жылы Солт-Лейк-Сити айналасындағы аумақ Юта штаты ретінде АҚШ-қа қосылған болатын [6].

Мормондардың ілімі бойынша, адам туыла сала күнәлі болмайды, яғни оның туыла сала тұқым қуалайтын күнәсі болмайды. Мормондардың түсінігінде күнә - адамның «прогресс негіздеріне» қарсы түруы болып табылады.

Мормондардың ілімі бойынша Иисус Христостың құрбандығы барлық адамдарға өлімнен кейін өмір береді. Иисус Христостың араға түсуі арқылы жеке адам, егер өзі тырысса, күнәларынан арылуы мүмкін. Күнәнің өтелуі - Құдай мен адамның біріккен жұмысы болып табылады. Өлген соң адам 3 деңгейлі атаққа ие болады: 1) жерастылық; 2) жерлік; 3) аспандық.

Мормондар болашақтағы әлемдік оқиғалардың орталығы Америка деп есептейді, себебі, мормондар өздерін «соңғы уақыттағы Құдай Өсиетінің халқы» – «жаңа Израиль» деп есептейді. Мормондардағы «мәңгілік сөзі - үдерістің жалғасы» болып табылады.

1843 жылы Джозеф Смитке көпнекелілікте ерлі-зайыпты кеңестің мәңгілік жалғасы туралы «аян» келеді: «Бекітілген неке өлімнен кейін де өзінің тіршілік етуін тоқтатпайды, ол рухани патшалықта өз жалғасын табады». Бекітілмеген неке өкілдерінің барлығы мәңгілікте, яғни о дүниеде қызметші рухтар болып қалады да, некеге отыра алмайды. 1851 жылы көпнекелікті Бригам Янг ресми түрде енгізген болатын, бірақ американдық үкіметтің қысымымен мормондар оны 1890 жылы жұмсартты. Осы күнге дейін мормондар полигамияның дұрыстығына сенеді, бірақ оны ұстанбайтынын ресми түрде мәлімдейді. Дегенмен де, қазіргі уақытта да мормон қауымдарында көпнекелілік кездеседі.

Мормондардың ілімі бойынша, қол қоюмен Қасиетті Рухтың сыйы беріледі. Қол қоюды дін қызметшілері жасайды. Қол қою рәсімін олар конфирмация деп атайды.

Мормондар өздерінің сырт келбетіне аса зор мән береді: таза және ұқыпты киінеді, өздерінде жақсы мінездерді қалыптастырады, олар интеллигентті, сыпайы, білімді. Олар осы қасиеттерін одан ары жетілдіруге тырысады және де мормондардың ең түпкі мақсаты - прогресс жолымен жоғарыға қарай жүре отырып, өзін-өзі жетілдіру арқасында ең жоғарғы деңгейге жеткенде Құдай дәрежесіне теңелу, яғни, бірте-бірте аспан Патшалығына үмтылу. Олардың түсінігінше, адам – «ұрық ішіндегі құдай» болып табылады.

Мормондар өтірікке, менменшілдікке, дүниеқоңыздыққа қарсы, олар еңбектің құндылығын бағалайды, заңды құрметтеуге үйретеді және мемлекет пен оның басшыларына адал қатынаста болуға шақырады.

Протестантизмнің дәстүріндегідей мормондар Мария Қыз, икона және әулиелердің шірімей сақталған мүрделерін қасиет тұтуға қарсы. Жиналыстарында насихаттар оқылады және хормен әнұран айтады [7].

Мормондар Христостың құрбандығы тек кейбір күнәларды ғана өтейді деп есептейді. Бригам Янг айтады: «Адамдарға осы өмірде кешірілмейтін де күнәлар бар... ол үшін олар өз қандарын да төгуге дайын. («Journal of Discourses», 4:53). Мормондардың сеніміне сәйкес, Христостың күнәларды өтеуі бәріне ортақ құтқарылуды береді, бұл құдайға сенетіндер мен сенбейтіндердің қайта тірілуі. Үшінші «Сенім символы» бойынша: «Ізгі Хабардың барлық заңдарын орындайтын болса, Иисус Христостың күнәларды өтеуімен барлық адамзат құтқарылуы мүмкін». Сонымен, кешірілмейтін күнә жасамаған барлық адамдар аспанға - мормондардың теологиясындағы бірінші деңгей «аспан мен жер ортасындағы сферасына» барады. Мормондардың сенімімен жүрмеген адамдар екінші деңгей – «жер сферасына» түседі. Адал Ізгі хабардың барлық ғұрыптары мен заңдарына бағынған Соңғы күннің Әулиелері - үшінші, ең жоғарғы деңгей, «аспан сферасына» барады.

Мормондарда канондалған дұға мәтіні жоқ. Дұға жасау кезінде адамның Құдайға сиынуы кезінде ерекше сенгіштігі байқалады.

Мормондарда шоқындыру рәсімі суға үш рет толық батырумен және үшбірлік дұғаны айтумен жасалады. Егер дененің қандай да бір бөлігі суға батпай қалса, онда рәсім қайталанады немесе рәсім

орындалмады деп есептеледі. Мормондар сәбилерді шоқындырмайды. Мұның себебін, сәбилерде әлі таңдау құқығының болмауынан деп түсіндіреді. Яғни, адамдар қандай да болмасын дінге өз қалауымен, таңдауымен, саналы түрде келуі керек деп есептейді. Жазалау ретінде, мормондық қауымнан қуылған немесе шығып кеткен адамдар шоқындырылмайды.

Мормондарда Құдаймен қатысу рәсімі Құдай мен адамдардың және жалпы мормондық ағайындықтың жаңарған бірігуі ретінде көрінеді. Ереже бойынша Құдаймен қатысу рәсімі жексенбі күндері жасалады. Шарап орнына тазарушыларға қауымның президентімен қасиеттендірілген су беріледі.

Шоқыну күнәлардың кешірілуі мен шіркеуге мүшелікке қабылдауды білдіреді. Шоқындыру сегіз жастан бастап жасалады, бірақ шоқынушы Жаратушымен Кеңеске отырады. Ол құдайдың өсиеттерін орындаймын деп ант беруі міндетті.

1840 жылы пайғамбар Джозеф Смит қайтыс болғандар үшін шоқынуды көпшілікке жария етеді. Мормондарда өлгендердің орнына шоқыну қабылданады. Олар тек шоқындыру ғана құтқарылуға жеткізеді деп сенеді. Егер шоқынып үлгермеген адам қайтыс болып кетсе, онда оның орнына шоқынуға болады деп есептеледі.Қайтыс болған ата-бабаларының орнына шоқынудан басқа қол қою мен бекіту рәсімдері жасалуы мүмкін. Бұл актілерді жасау үшін қайтыс болған адамдардың нақты мәліметтері керек. Бұл жерден түсінетініміз, мормондар осы арқылы өздерінің генеалогиялық шежіресін зерттейді. 1894 жылдан бастап американдық Солт-Лейк-Сити қаласында мормондар қалыптастырған Отбасылық Тарих Кітапханасы (Family History Library), бұрын жер бетінде өмір сүрген адамдардың есімдері жазылған метркелік кітаптар, халық санағынан және басқа да құжаттардан мәліметтер жинап өңдейді. Бұл есімдерді мормондар «бөтен», яғни, мормон еместерге кіруге болмайтын өз ғибадатханаларында құпия қатарларына қосады.

Мормондар сырттай үлтына, дініне, сеніміне қарамастан өз қатарларына қайтыс болып кеткен адамдарды да қосады. Бұл сүйегі баяғыда кеуіп кеткен миллиондаған өлілермен өз қатарларын көбейту үшін жасалады. Бұл мормонеместерден жасырын жұмыс мормондардың бірыңғай «Әлемдік Генеалогия Орталығын» құру бойынша кеңауқымды қызметімен байланысты болып келеді. [7, 63 б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дворкин А. Сектоведение. - Нижний Новгород, 2008. - 816 с.
2. Ссылка: http://reeed.ru/lib/books/bibliya/
3. Бидль Дж.Г. Жизнь мормонов в Юте или преступления мормонизма http://askforbiblie.by.ru/mormon/bidl/chap1.htm
4. Карнацевич В.Л. 50 знаменитых сект. - Ростов-на-Дону, 2008. – 508 с.
5. Антонинко С. Эдем и Сион на берегу соленого озера // Родина. 2009. №8.
6. Грант Ф. Религия на службе американского капитала. - Москва, 1928. - 322 с.
7. Антонинко С. Путь длиной в столетие // Родина. 2009. №8.
8. Иванов В.А. Религии в Казахстане. - Алматы, 1999. - 262 с.
9. Иванов Я.Ф. Трафимов В.А. Христианство в Казахстане. – Караганда, 2006.
10. Түркістан газеті. №38. 2006.
11. Иванов В.А. Возникновение и становление нетрадиционных религии в Казахстане.// Религия и право, 2004, №4, 24 с.
12. Шауенов Д. Тәуелсіздікке дейінгі қазақ қоғамындағы діни жағдай. //Иассауи жолы, 2005, №2, 13 б.
13. Ордабеков С. Шоқанның Әулиеатаға сапары. //Ақиқат, 2008, №11, 16 б.
14. Ы.Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1991.



МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
JUBILEE



МЕРЕЙТОЙ

Профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖҒА) академигі,
ҚР ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
Ғылым мен білім беру саласына еңбек сіңірген қайраткер (РЖА)

МАРАТ ҚҰЛБЕКҰЛЫ

70 жаста

ҒЫЛЫМДА «ҚҰЛБЕК САҚИНАЛАРЫ» ДЕГЕН ЖАҢА ҚҰБЫЛЫСТЫ АШҚАН ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ



«Жақсы ғалым болып қалыптасу жолында жетекші ұстаздар мен ғылыми мектептің мәні зор. Менің бұл бағытта жолым болды» –деп ойлаймын. Себебі атақты да, тәжірибелі ұстаздар мен қызықты да келелі пән аралық мәселелерді зерттеуді мақсат тұтқан жақсы ғылыми мектептен өттім» - дейді биыл 70 жасқа толып отырған көрнекті ұстаз, белгілі ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖҒА) академигі, Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ғылым мен білім беру саласына еңбек сіңірген қайраткер (РЖА), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қалыптасуы мен дамуына сіңірген «Айрықша еңбегі үшін» берілген алтын медаль иегері Марат Құлбекұлы аға жас ғалымдармен болған кездесуінде.

Марат Құлбекұлы 1949 жылы мамырдың 28 күні Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында дүниеге келген. 1956 жылы алғаш қазіргі Бәйдібек ауданының Жүзімдік ауылындағы бастауыш мектеп табылдырығын аттап, 1966 жылы Алматы қаласындағы Республикалық №2 мектеп-интернатын үздік бітірген. 1971 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетін бітіріп, 1971-1973 жылдары Кеңес қарулы күштер қатарында офицерлік қызмет атқарған. 1973-1985 жж. Алматы құрылыс материалдары ғылыми және жобалау институтында (НИИстромпроект) ғылыми қызметтер атқарып,. полифазалық жүйелердегі жылуфизикалық және физика-химиялық процестерді зерттеумен және қор үнемдегіш көп функциялы жаңа керамикалық материалдарды жасау проблемаларымен айналысады. М. Құлбек 1981 жылдан жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметпен де айналысып, Қазақстан Республикасында жоғары білімді, білікті мамандар дайындауға да өз үлесін қосып келеді. 1985 жылдан бастап қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі ретінде қызметтер атқарып келеді.

Университетте профессор М.Құлбекұлының жетекшілігімен "Қолданбалы жылуфизикасы және жаңа технология" ғылыми-зерттеу және оқу зертханасы ұйымдастырылып оның материалдық техникалық базасы жасалды. Аталған зертхана базасында полифазалық жүйелердегі жылу, масса алмасу процестерін зерттеу және көп функциялы жаңа эффективті керамикалық материалдардың қор үнемдегіш технологиясын жасау бағытында жұмыстар жүргізіліп келеді. Зертханада жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша жылуфизикасы, қайтымсыз процестер термодинамикасы, жаңа материалдар технологиясы салаларында арнайы (эллективті) курстар мен физикалық практикумдар және семинарлар дайындалып оқу процесіне еңгізілді, сонымен қатар, курстық, дипломдық, магистрлік және докторлық жұмыстар орындалып қорғалып келеді.

Ғылыми зерттеулермен қатар, М.Құлбекұлы жалпы физика курсы және жылуфизикасының негізгі бөлімдері бойынша 40-тан астам оқу құралдары мен оқу-әдістемелік жұмыстарды, негізінен қазақ тілінде дайындады. Мысалы, оның «Молекулалық физика және термодинамика», «Жалпы физика» т.б. оқу құралдары еліміздің жоғары оқу орындарының студенттері мен ұстаздарының игілігіне айналып отыр.


М. Құлбектің негізгі ғылыми жұмыстары құрамында отын бөлшектері бар полифазалық керамикалық материалдардың күйдіру теориясы мен практикасын жасауға бағытталған. Бұл мақсатта ол ең алғаш болып қайтымсыз процестер термодинамикасы мен жылу және масса алмасу теориясының озық әдістерін жемісті пайдалана білді. М. Құлбекұлы әлемдік практикада ең алғаш Қазақстанда ойлап табылып елімізде, шетелдерде өндіріске кеңінен енгізілген жаңа керамикалық "золокерам" материалдарының қор үнемдегіш технологиясын жасаушы негізгі авторлардың бірі.

М.Құлбекұлы тәжірибелік жолмен золокерамикалық материалдардағы жаңа көлемдік-беттік концентрлі-зоналық түрлі түсті эффектілерді алғаш болып ашты. Ғылым әлемінде белгілі «Ньютон сақиналары» физикадағы (оптикадағы) интерференциялық құбылыспен түсіндіріледі. Бұл құбылысты ең алғаш болып 1675 жылы атақты ағылшын ғалымы Исаак Ньютон анықтап сипаттаған болса, осыған ұқсас золокерамикалық материалдарда кездесетін бұл құбылыстарды қазақ ғалымы М. Құлбекұлы ашып отыр. Бұл құбылыстар «Құлбек сақиналары» – деген шартты атқа ие болды. «Құлбек сақиналары» ғылым әлемінде белгілі «Ньютон сақиналарына», «Лизеганг сақиналарына», сондай-ақ табиғатта өзінің түрлі-түсті жолақ сызықтарымен кездесетін тастарға (Яшма, Агат, Сердолик, Кремень т.б.) ұқсас келеді. Мұндай құбылыстардың табиғаты әлі күнге дейін толық ашылмай отыр, олар зерттелу үстінде. Марат ағамыз осы бағыттағы ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тәжірибелік жолмен осындай құрамында отын бөлшектері бар полифазалық керамикалық үлгілердегі жаңа көлемдік - беттік жолақты түрлі – түсті бояулық эффектілерді ашқан болатын. Кейіннен бұл ашылған бояулық эффектілер керамикалық материалдардың жаңа ерекше сәнді түрлерін, атап айтқанда түрлі – түсті жолақты бояулық бедерлері бар плиткаларды (тақтайшалар) жасаудың жаңа әдістерін, яғни технологиясын ойлап табуға жол ашты. Бүгінде бұл жаңа технологиялық әдістердің барлығына дерлік өнертапқыштық туындылар деңгейінде авторлық куәліктер мен инновациялық патенттер алынды. Осындай жаңалықтардың мысалы ретінде 1-4 суреттерде зертханалық жағдайда әртүрлі жолдармен жасалған түрлі – түсті бояулық жолақтары бар керамикалық плиткалардың үлгілері келтірілген. Бұл үлгілер зертханалық жағдайда күл мен лай қоспаларынан пластикалық әдіспен арнайы цилиндр пішіндегі темір қалыптардың көмегімен қалыпталып, кептірілгеннен кейін арнайы режимдермен электронды басқарғыш тетіктері бар электр пештерінде күйдіру арқылы дайындалған. Цилиндрлік үлгілердің бастапқы өлшемдері d=50мм, h=100мм. Үлгілердегі беттік – көлемдік жолақты бояулардың бір –бірінен ерекшелігі прктикалық түрғыдан олардың құрамы мен күйдіру режимдерінің әртүрлі болуымен түсіндіріледі.

Мысал ретінде 1-суретте келтірілген керамикалық тақтайша үлгісінің дайындалу технологиясына қысқаша тоқтала кетейік. Құрамы 85%-ы ЖЭС күлінен, ал 15%-ы монтмориллонитті лай шикізатынан тұратын қоспадан жоғарыда айтқанымыздай пластикалық жолмен дайындалып кептірілген үлгі электр пешінде мынадай арнайы режиммен күйдірілді: бөлме температурасынан 850^0С-ға дейін 17^0С/мин орташа жылдамдықпен қыздырылып, осы температурада, 70 минут бойы изотермиялық жағдайда ұсталады (қақталады), содан соң 1050^0С-ға дейін 20^0С/мин жылдамдықпен қыздырылып, осы температурада изотермиялық жағдайда 35 минут бойы ұсталады. Осындай режиммен күйдірілген үлгі суытылғаннан кейін көлденең қимасы, яғни диаметрі бойынша қалыңдығы 10-15 мм тақтайшаларға кесіледі. Осындай тақтайша – үлгілердің бетінде (бүкіл көлемі бойынша) мынадай жолақты түрлі – түсті бояулық эффектілер байқалады (1– сурет): үлгінің центрінде диаметрі 25 мм болатын қою қоңыр түсті дөңгелек, оның айналасы ені 1,0-1,5 мм ақшыл сұр сақинамен көмкерілген, оның сыртында ені шамамен 5 мм болатын қызғылт – күлгін жолақ сақина орналасқан. Бұл сақинаның сырты да ені 1,5-2,0 мм болатын жіңішке ақ сұр шеңберімен қоршалған. Үлгі бетінің ең сыртқы бөлігі сарғылт – қоңыр түспен боялған, оның ені шамамен 3,5-3,7 мм. Басқа үлгілердің бетінде де осы сипаттағы түрлі түсті жолақты бояулық эффектілер байқалады. Бұл түрлі – түсті бояулық жолақтардың тағы да бір ерекшелігі олар еш уақытта өшпейтін іс жүзінде мәңгілік болып табылады. Өйткені олар үлгінің бүкіл көлемі бойынша тереңдей орналасқан.




1 – сурет




2 – сурет

«Құлбек сақиналарының» кейбір нүсқалары



3- сурет



4-сурет

Авторлық куәліктері бар жаңа технологиялық тәсілмен
дайындалған сәнді керамикалық тақтайша үлгілері

М.Құлбекұлы кейінгі жылдары «Инверсиялық үдерістер», «Фазалық түрленулер теориясы» тақырыптарына да ғылыми мақалалар жариялап, ол алғаш болып қылтүтіктікуысты материалдар технологиясында инверсиялық эффектілердің орын алу жағдайын зерттеуде. М.Құлбекұлының осы жылдарда еліміздің, шетелдердің баспаларында 380-нен астам ғылыми еңбектері жарыққа шықты (монографиялар, кітаптар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар, өнертабыс жаңалықтарына берілген авторлық куәліктер мен патенттер). Мінеки, техника ғылымдарының докторы, профессор М.Құлбекұлы ағамыз биылғы жылы 70 жасқа келсе де, өзін әлі тың сезінеді, шәкірт тәрбиелеу, оларға білім беру ісін атқарып, өзінің ғылымдағы «Құлбек сақиналары» атты жаңалығының сырын толық ашу жолында аянбай еңбегін жалғастыруда.

ДОСАН БАЙМОЛДАҰЛЫ,
физика ғылымының PhD докторы, Абай атындағы
ҚазҰПУ-нің профессоры, Қазақстанның Ұлттық
Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының
кооpеспондент мүшесі



ПІКІР
РЕЦЕНЗИЯ
REVIEW



Мауленов Г.С.
доктор юридических наук, профессор
Рецензия на учебник «Криминология», подготовленный доктором
юридических наук, профессором Алаухановым Е.О.



В 2013 году в юридической науке нашей республики произошло знаменательное и историческое событие – в г. Санкт-Петербурге (Российская Федерация) в издательстве «Юридический центр Пресс» был издан учебник «Криминология» (38 п.л., 608 стр.) известного казахтанского ученого-криминолога, доктора юридических наук, профессора, члена Союза писателей и журналистов Республики Казахстан Есбергена Оразулы Алауханова. Учебник стал очередным шагом, ранее им издавалась в России монография, тема: «Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений» (2005 год). Рецензентами учебника выступили выдающиеся ученые в области уголовного права и криминологии – доктор юридических наук, профессор О.Н. Ведерникова (судья Верховного суда Российской Федерации) и доктор юридических наук, профессор К.Р. Абдрасулова (заведующая кафедрой криминологии Ташкентского юридического института).

По устоявшейся традиции структура учебника представлена в двух частях: Общая и Особенная. В содержание Общей части учебника включены: предмет, система, методология криминологии, история ее становления и развития, преступность и ее основные характеристики, причины преступности, личность преступника, организация и методика изучения преступности, прогнозирование и предупреждение преступности, понятие и общая характеристика виктимологии, как одного из направлений криминологии (девять глав).

В Особенную часть учебника вошли шестнадцать глав, рассматривающих криминологическую характеристику отдельных видов и групп преступлений, в т.ч. организованная, коррупционная, женская, воинская, корыстно-насильственная, экономическая, пенитенциарная, неосторожная и др., отдельная глава рассматривает международное сотрудничество в области борьбы с преступностью, особенности организации сотрудничества стран СНГ в борьбе с преступностью.

Следует особо отметить, что наш коллега проявил авторский и порой оригинальный подход к решению некоторых проблем криминологии, изложенные в настоящем учебнике. Так, например, затрагивая проблему причинности в криминологии автор, на наш взгляд, справедливо отмечает, что она является общефилософской проблемой и студенты должны ее освоить не по учебнику криминологии, а по специальной литературе.

Совершенно справедливы высказывания автора и о том, что каждый ученый видит проблему преступности и преступника соответственно своей специальности и создает «свою» теорию о ней, ее причинах и людях, совершивших преступления.

Исследуя развитие криминологии в СССР, в т.ч. и в Казахстане, профессор А.О. Алауханов подчеркивает, насколько труден и непрост был путь развития и признания криминологии, как науки – от полного непризнания, отвержения, объявления лже наукой до признания в качестве теоретической основы, как для законотворчества, так и для практики борьбы с преступностью.

При раскрытии криминологической характеристики преступлений автором приводятся статистические данные по республике о состоянии, структуре, динамике различных преступлений, конкретные практические рекомендации по их предупреждению.

Кроме того, свое логическое отражение в учебнике профессора Е.О. Алауханова нашли труды, как зарубежных, так и отечественных ученых и экспертов, среди них, Н.М. Абдиров, Н.А. Агыбаев, У.С. Джекебаев, С.Х. Жадбаев, Е.И. Каиржанов, И.И. Рогов, Г.Р. Рустемова, Н.Н. Турецкий и др.

Безусловно, отдельные положения научного труда, на наш взгляд, порой наталкивают специалистов на проблемы творческой дискуссии, в частности, соотношение социального и биологического в личности преступника; социально-психологический механизм совершения конкретного преступления; роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступле- ния; понятие и классификация виктимности.

Но, как нам представляется, актуальность затронутых автором сложных криминологических вопросов является ярким достоинством самостоятельности профессора Е.О. Алауханова, как ученого, как автора более чем 20 монографий и учебников в области криминологии.

Особо выделим то обстоятельство, что рецензируемая работа автором посвящена его учителям и наставникам – доктору юридических наук, профессору, академику АЕН РК, Заслуженному деятелю науки и техники РК Елегену Изтлеуовичу Каиржанову и доктору юридических наук, профессору Юлдашу Мустафаевичу Каракетову.

В целом, учебник дает глубокие теоретические знания и пропагандирует криминологи- ческие знания. В целом, труд написан по-настоящему творчески, является фундаментальным и привносит значительный вклад в уголовно-правовую и криминологическую науку современного Казахстана.

Издание учебника профессора Е.О. Алауханова «Криминология», в большой степени, выдвигает авторитет казахстанской криминологии на международный уровень и станет всеобщим признанием заслуг многих поколений казахстанских криминологов, сложившихся за последние тридцать лет.

Следует только приветствовать выход Е.О. Алауханова на международную арену и пожелать ему в год его 55-летия со дня рождения продолжить неустанную работу по пропаганде криминологических знаний в нашей стране, не забывая слова знаменитого поэта «…И вечный бой, покой нам только снится!».

Не случайно в предисловии к учебнику наши уважаемые коллеги – российские ученые – доктора юридических наук, профессора З.С. Зарипов и С.Я. Лебедев отмечают, что учебник отличается логической завершенностью идеи, новизной взглядов и перспективой дальнейшего исследования.

Безусловно, изданный учебник, подготовленный профессором Е.О. Алаухановым для студентов и магистрантов (докторантов), преподавателей юридических факультетов, специалистов в области уголовного и пенитенциарного права, криминологии, а также всех заинтересованных лиц найдет широкое применение среди ученых и практиков.

Агыбаев А.Н.
доктор юридических наук,
профессор КазНУ им.аль-Фараби,
"заслуженный деятель Казахстана"

ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЙ ТРУД ПО КРИМИНОЛОГИИ



Недавно в Санк-Петербурге издателством «Юридический центр-Пресс» издан учебник доктора юридических наук, профессора Е.О. Алауханова «Криминология» с объемом 42 п.л. Работа посвящена 20-летию независимости Республики Казахстан. Преступность и причины, ее порождаю щие всегда явились объектом пристального внимания человечества, которое постоянно ищет пути и средства эффективной борьбы с этим социальным явлением. На этой стезе особая надежда возлагалась на государство. Однако со временем стало понятно, что государство самостоятельно не в состоянии решить все возникающие сложные проблемы, что ведущая роль принадлежат обществу и его гражданским институтам. В своем выступлении на заседании Совета Безопасности Республики Казахстан 18 июня 1993 года Президент страны Н.А. Назарбаев отмечал, что «нужно … поднять на борьбу с преступностью трудовые коллективы, широкую общественность, весь народ, средства массовой информации. Такой опыт у нас был накоплен». Люди разных профессий во все времена задумывались над истоками преступности, над тем, какие внутренние или внешние силы заставляют человека нарушать уголовно-правовые запреты, даже под угрозой наказания. Естественно, что все они осмысливали вопросы преступности в контексте своего времени и его требований, на том уровне знания, который они застали или которого достигли собственными усилиями.

Как известно, непременным условием успешной борьбы с преступностью является понимание ее детерминантов. Криминология – это наука о борьбе с преступностью, ее детерминантов, которая должна опираться на современные реальности и возможности предупреждения преступлений.

Автор учебника, известный ученый, много работавший в области уголовного права и криминологии, в своем труде постарался изложить разные взгляды и позиции, но при обязательном условии, что они важны, даже необходимы для понимания того, что такое преступность и как с ней бороться.

В учебнике на базе современных подходов к структуре и содержанию криминологий рассматриваются предмет, система, методология и история криминологии, задачи и перспективы ее развития. Анализ преступности, личности преступников, причин и условий преступлений дается как в общем плане, так и применительно к конкретным видам преступлении.

С тех же позиций рассматривается проблема предупреждения преступности. Специально исследованы определенные виды преступности:

преступления против здоровья человека, корыстно-насильственная, организованная, коррупционная, экономическая, рецидивная, женская, пенитенциарная, воинская преступность, преступность террористического характера, преступный оборот наркотиков, международное сотрудничество в области борьбы с преступностью.

Учебник отличает оригинальный подход автора к решению некоторых проблем криминологии, в ней приводятся статистические данные и привлекается огромное количество научных и литературных источников. Книга написана доступным, образным языком и рекомендована для студентов, магистрантов, преподавателей юридических вузов и специалистов в области криминологий, а также для работников суда, прокуратуры и других правоохранительных органов, интересующихся проблемами предупреждения преступности. Настоящий учебник является фундаментальным трудом в области криминологии.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз)
2009 жылдан бастап басылым ай сайын шығады.

Международный научный журнал
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.)
Периодичность издания ежемесячно.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет үсынған **заңтану, филология, педагогика, өнертану** ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

Мақалада отандық (Қазақстандық) авторлардың еңбектерін міндетті түрде қолдану керек.Сонымен қатар «Қазақстанның ғылым мен өмірі» журналының алдыңғы сандарында жарияланған авторлардың мақалаларына сілтеме жасауға кеңес беріледі.

Автор мақала жазу барысында өз еңбектеріне сілтемені азырақ жасап, басқа маңызды ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасағаны жөн.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10» июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы. Материалы редакцией не возвращаются.

В статье необходимо использовать труды отечественных (Казахстанских) авторов. При этом рекомендуется содержать ссылки на статьи авторов, опубликованных в предыдущих номерах международного журнала «Наука и жизнь Казахстана».

Самоцитирование в статье при написаниии автором научной работы допускается в наименьшем количестве. Рекомендуется обратить внимание на значимые научные труды ученых мира.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
Халықаралық ғылыми журнал
№4 (81) 2019 жыл

Бас редактор: «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов

Басуға 06.05.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/8. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Көлемі 48,37 б.т. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №2571.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: www.nauka-zan.kz, e-mail: nauka-zan@mail.ru




В ведущих учебных заведениях России презентованы научные издания - учебники, монографии, вышедшие в Казахстане под редакцией «Заслуженного деятеля Казахстана» д.ю.н., профессора Е.О. Алауханова.

Презентация прошла в Московской государственной юридической академии, в Московском университете МВД России и Рязанской академии права и управления ФСИН МЮ РФ, Правовой академии МЮ РФ, а также 28 мая 2009 г. в МГУ имени М.В. Ломоносова с участием проф. Е. Каиржанова. Есберген Оразович - зав.кафедрой Судебной власти и уг. процесса КазНУ им. аль-Фараби, член союза писателей Казахстана, член Российской криминологической ассоциации, гл. редактор международного журнала "Наука и жизнь Казахстана". Профессор О.Старков отметил, что новый учебник "Криминология" отличает оригинальный подход автора к решению некоторых проблем криминологии, приводятся статистические данные и привлекается большое количество научных и литературных источников. Книга написана живым, образным языком. В том числе в книге "Криминология", подготовленной под редакцией профессора И.Рогова и профессора Е.Алауханов, появились новые главы -"Бытовая преступность", "Медицинская преступность" и "Криминотеология", чем отличается от других учебников стран СНГ. Ученые России отметили, что подобные презентации учебников, посвященных криминологической науке казахстанских ученых, не проводились уже на протяжении двух десятков лет. Своими трудами, подчеркнули они, профессор Е. Алауханов укрепляет международное научное сотрудничество.





















Журналға “Қазпочта” бөлімшелері арқылы жазылу индексі 74191











